

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ  
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ  
120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«ХІХ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,  
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«ХІХ САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 120-ЛЕТИЮ  
АКАДЕМИКА К. И. САТПАЕВА**

**ТОМ 5**

**ПАВЛОДАР  
2019**

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58  
Ж66

**Редакция алқасының бас редакторы:**

Ахметова Г.Г., филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

**Жауапты редактор:**

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.Қ., Эрназаров Т.Я., Бергузинов А.Н., Муқанов Р.Б., Каюмова М.С., Мажитова А.Ә.

**Жауапты хатшылар:**

Абдырова А.О., Амангельдинова М.М., Гасымова Т.Г., Еликпай С.Т., Ельмуратова Б.Ж., Жамбулова Б.Т., Жумабаева Г.М., Жумабекова Д.К., Жумадилов Н.Ж., Искакова З.С., Калиева А.Б., Капәнова М.М., Касенова А.Ж., Каскабасова А.А., Кашканова Р.С., Коспаков А.М., Мажитова А.Ә., Мамытова С.Н., Молдабаева С.К., Мусабекова Н.М., Мусина А.Ж., Оғузбаев А.Е., Рахимов Е.К., Садық Н.Е., Сембаева Н.Т., Сергазинова З. М., Тайбулатов К.М., Титков А.А., Торайғыров Е.М., Улихина Ю.В., Ысқақ Б.Ә., Юн А.А.

**Ж66** «XIX Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының : халықар. ғыл. конф. мат-дары Академик Қ. И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019.

ISBN 978-601-238-907-4  
Т. 5 «Оқушылар». – 2019. – 354 б.  
ISBN 978-601-238-912-8

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-912-8 (Т. 5)  
ISBN 978-601-238-907-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,  
филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі**

**Құрметті «Сәтбаев оқуларына» қатысушылар!**

Сіздерді игі дәстүрге айналған «XIX Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Бүгін қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың ізін басқан жастарға қош келдіңіздер дейміз! Ғылыми шараны халықаралық деңгейде ұйымдастыру біз үшін зор мәртебе, үлкен мақтаныш!

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мақсаты – асыл азамат, ірі тарихи тұлға, академик, ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, сол арқылы үлгі, өнеге көрсету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашанырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың ізбасарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашанырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашан да дарынды, білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға дайын.

Әрине, мен конференция қатысушыларына нәтижелі диалог құруларына, оның нәтижесі Қазақстандағы зерделенетін мәселелердің жай-күйі мен келешекте жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты ғылыми қорытындылар шығаратынына жүректен тілектеспін.

**С. Торайғыров атындағы  
ПМУ ректоры**



**Г. Ахметова**

10 Секция. Тарих  
10 Секция. История

**АЛАШТЫҢ РУХЫН КӨТЕРГЕН – НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ**

АЙДЫНБЕКОВА Н., ДҮЙСЕНОВА А.  
9 сынып оқушылары, № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
УЗБЕКОВА С. Б., БАЙҒАЛИЕВА Қ. К.  
тарих пәнінің мұғалімдері

Қазақстан Республикасы – қазақ халқының тәуелсіз ұлттық мемлекеті. Оның құрылуы қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің түпкі және заңды нәтижесі.

XX ғасырдың басында Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінде маңызды рөл атқарған қазақ зиялыларының күрес тарихы екі кезеңнен тұрады. Бірінші, ұлттық демократиялық бағыт ұстанған Алаш қайраткерлерінің, ал екінші, кеңес дәуіріндегі жаңа буын өкілдері жүргізген күрес кезеңі. Алаштың жетекшілері: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев, Х. Досмұхамедов, Ә. Ермаков, М. Шоқаев және тағы басқалары өз заманының білімді, озық ойлы адамдары еді. Ал, кеңес дәуіріндегі саяси тұлғалар: Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Сәдуақасов, Н. Нұрмақов және басқалары болды.

Осы екінші буын өкілдері еліміздің дамып, өркендеуіне, халқымыздың тәуелсіздігі мен теңдігіне, әлеуметтіліктің салтанат құруы жолындағы саяси қоғамдық қозғалыстарға белсене қатысты. 20-30 жылдарда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының ең ауыр кезеңдерінде Н. Нұрмақов басшылық қызметтерге араласып, ерте танылды. Н. Нұрмақов кеңес құрылысының алғашқы 20 жыл уақыты ішінде Қазақстанның жауапты органдарында қызмет атқарады. 1911 жылы Романовтар әулетінің патша тағына отырғанына 300 жыл толуына орай Омбы қаласында ауыл шаруашылығы көрмесі өтеді. Осы көрмеге Қу болысының атақты байы Ақайдың Қасені қатысады. Ол өзімен бірге хатшылыққа ұлттық дәстүрдің қыр-сырын түсіндіретін аудармашылыққа орысша жетік білетін Н. Нұрмақовты ала келеді. Осы көрмеде Ш. Уәлихановтың серігі Григорий Потанинмен, Омбыдағы мұғалімдер семинариясының қызметкері, халықшыл-демократ Александр Седельниковпен танысады, кейін олар оның Омбы семинариясына түсуіне себепші болды. Омбы семинариясында оқып жүріп, сондағы білім алушы жастар С. Сейфуллин, М. Жұмабаев,

Ә. Досовтармен бірге «Бірлік» атты мәдени-ағарту ұйымын құрды. Ұйым мүшелері Ресей үкіметінің қазақ даласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен қатар, Омбы тұрғындарын қазақ халқының мәдениетімен таныстыру мақсатында әр түрлі кештер өткізіп тұрды. 1915 жылы Н. Нұрмақов Қарқаралыдағы өзі оқыған орыс-қазақ училищесіне оқытушы болып қызметке орналасты. 1917 жылы күзде «Дала одағы» ұйымын құрды. Ұйым патшаның қазақтарды қара жұмысқа алу туралы жарлығына қарсы үгіт жұмыстарын жүргізді. Көп кешікпей Колчак үкіметінің орнауына орай кеңес таратылып, ол бір топ жолдасымен тұтқынға алынды. 18 ай түрмеде отырып, талай қиындықты басынан өткерген ол 1919 жылы желтоқсанда босап шықты. 1920 жылдан бастап Қарқаралыда, сонан соң Семейде уездік, губерниялық атқару комитеттерінде бірқатар жауапты қызметтерде істеп, «Қазақ тілі» газетінің, «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы болды. 1922 жылы Орынборға ауысып, Қазақ өлкелік партия комитетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. Сол жылы қазан айында өткен Бүкілқазақтық кеңестердің 3-ші съезінде Қазақ атқару комитеті төралқасының құрамына сайланған оған Жоғары революциялық трибуналды басқару жүктелді. Қазақ трибуналы 1923 жылы ақпанның 19-ында РКФСР Жоғарғы сотының қазақ бөлімі болып құрылған тұста төрағалыққа тағы да Н. Нұрмақов бекітілді. Ал 1923 жылдың мамырында оған Әділет комиссары міндеті жүктелді және сол жылдың күзіне дейін Сот төрағасы қызметін қоса атқарды. Ол әділет комиссары ретінде прокуратура және сот құрылысы ережелерін енгізді. Прокуратура және сот қызметкерлерінің білімін арттыру, білікті жаңа кадрларды қалыптастыру, оларды қызметке тұрақтандыру, жалақыларын өсіру, тұрмыстық жағдайларын жақсарту мәселелерін шешуде де оның табандылығының арқасында біраз жұмыстар атқарылды. Н. Нұрмақовтың басшылығымен сот-тергеу органдарында қазақ тілінде іс жүргізу қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылды. Сот қызметкерлерінің барлық санының 60 пайызға жуығын қазақтар құрады. 1924 жылдан өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Сол жылдардағы өмірге жолдама алған мемлекеттік маңызды құжаттардың бәрінде Н. Нұрмақовтың қолы тұрды. 1924 жылы Қазақ АКСР-і астанасын Орынбордан Қызылордаға, ал 1929 жылы Алматыға көшіру туралы шешімдерді қабылдауға тікелей қатынасып, ұйымдастыру жұмыстарын басқарды. Ол еліміздің тұңғыш конституциясы жобасын әзірлеу комиссиясының мүшесі, қазақ әліпбиін құрастыру комиссиясының төрағасы болды. Н. Нұрмақов

Ф. Голощекиннің қазақ даласында «Кіші Қазан төңкерісін» жасау керек деген арандатушылық пікіріне және халық малын тәркілеуге бағытталған шараларына үзілді-кесілді қарсы болып, оған ашық қарсы шықты. Ф. Голощекинмен арадағы пікір қайшылығы оның үкімет басшысы қызметінен босап, Мәскеудегі БК(б)П ОК жанындағы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберілуімен аяқталды. Мәскеуде ол Бүкілодақтық атқару комитеті хатшысының орынбасары және аз ұлттар бөлімінің меңгерушісі болды.

«Қанды науқан басталған 1937 жылдың көктемі мен жазында Мәскеудегі Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов басқа да қазақ қайраткерлері «халық жауы» атанып шыға келді.

Ұлттың біртуар ұлы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Н.Нұрмақов небары 42 жасында, 1937 жылы жазықсыз жаламен қуғынға ұшырап, қазақтың асыл перзенттерімен бірге Мәскеуде «халық жауы» деген сұмдықтың құрбаны болып, атылып кетті. 1937 жылдың 27 қыркүйегінде өткен айыптау сотында Н. Нұрмақовқа «1921 жылы пантүрікшіл орталықтың басшылық құрамында болды әрі Қазақстандағы партияға қарсы зиянкестік әрекеттермен айналысты» деген айыптар тағылды.

Тарихи XX съездің жеке адамға табыну зардаптарын жою жөніндегі шешімдерінен кейін Нығмет жөніндегі үкім 1956 жылы күшін жойды, басқа да ақталған арыстармен қатар оның абзал есімі халқына қайтарылып берілді. Нұрмақов Нығмет (1895–1937) – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Қарағанды облысында дүниеге келген. Бастапқыда ауылда ашылған орыс мектебінде білім алып, кейін Қарқаралыдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін бітірген.

Нұрмақов Нығмет – Ресейдегі 1917 жылы болған Қазан төңкерісінен соң, қазақ даласында жаңа өмір құруға белсенді қатысқан тұлға. 1920–29 жж. аралығында ол Қазақстанда Жоғарғы Ревтрибунал, Жоғарғы сот төрағасы, Бас прокурор, ал 1924–29 жж. үкімет басшысы (премьер-министр) болды. Жас Қазақ Республикасын құрып, оны дамытып, нығайту, көркейту, жолдарында атқарған еңбектері әртүрлі ресми құжаттарда, әдебиет көздерінде, бұқаралық ақпараттарда жазылып, архивтерде сақталған. Менің жүрегімде Нұрмақовтың репрессияға түсу себептері ресми құжаттарда аталған себептерден әріде жатыр деген ой тұрақты ойландырады. Ол, әрине, терең зерттеуді қажет ететін дүние. Дегенмен, оны тұтқындаудың бір себебі – ол аталған жоғары лауазымды саяси қызметтерді атқару жолында қатар жүрген қазақтың алдыңғы қатарлы зиялыларымен бірге сол жылдарда

Қазақстанда партия басшысы болған Голощекиннің қазақтарға тізесін қатты батырып, оларды қорлау саясатына ашық қарсы шығуы.

«Шындықты кімге болса да көзіне тапжылмай айту – ол кісінің мінез ерекшелігі болушы еді», – деген сөздерді уақытында қуғын-сүргін ассоциациясының алғашқы президенті Бекболат Мустафин ақсақал мен қарт большевик А. Бутиннің айтуынша бұндай батылдық, әрине, Голощекин мен оның жеңдеттеріне ұнамайды. Сондықтан оның үстінен орталыққа (Мәскеуге) жолданған шағымдар үсті-үстіне түсіп жатты. Бірақ оның білімділігі мен біліктілігін, ұйымдастырушылық жұмысқа деген қабілетін білетін және нақ қазір жұмысынан алып жазалауға тікелей себеп жоқ екеніне көзі жеткен Сталин бастаған орталық «Нұрмақовты қызметтен босатуды қоя тұрындар. Ол кезекті съезге дейін істейді» деген хабар жолдайды. Оған қарамай шағымдар тоқтамайды. Сол себептен 1929 жылы Нұрмақовты Мәскеуге ауыстыруға мәжбүр болды. Ол туралы деректі құжатта «Москва. Отзыв в ЦК» деп жазылған. «Ондағы ойлары Нұрмақов біздің көз алдымызда жүрсін деуі ғой» деп айтатын Бекболат ақсақал. Мәскеуде Нұрмақов 1937 жылға дейін КСРО ЦИК-інің Президиум мүшелігіне кандидат, Бүкілроссиялық ЦИК-тің (ВЦИК) Президиумының мүшесі, ВЦИК Президиумының хатшы орынбасары және қатарынан оның екі (ұлттық және ақпарат) бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Сол қызметтерінде жүрген Нұрмақов 1937 жылдың июнь айында репрессияға ұшыраған алғашқы арыстардың бірі болып тұтқындалды. Ресейдің бұрынғы «КТБ», кейінгі «ФСБ» органынан алынған құжатта оған «1920 жылға дейін «Алашорда» партиясының белсенді мүшесі, ұлтшыл, Кеңес үкіметіне ашық қарсы шыққан және оның басшыларын жоюға әрекет жұмыстарын ұйымдастырушы, Жапония мен Германияның тыңшысы» деген дөрекі айып тағылады. Сол жылдың қыркүйек айында Нұрмақов Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановпен бір күнде атылып, бір жерге (Мәскеу, Дон зираты) көмілген (бұл жерде жерленгені деп жазуды жөн көрмедім). Нұрмақов ұсталғаннан кейін, репрессиялық аппарат оның туған-туысқандарын жоюға кірісті. Нұрмақовтың семьясы қуғын-сүргін зардабын толығымен басынан кешірген отбасы деуге болады. Оған дәлел бола алатын мына фактілерді келтірейін. Нығметтің ауылда тұратын жасы жетпістен асқан әкесі Нұрмақтың саясатқа еш қатысы жоқ болса да, 1938 жылы «үштіктің» шешімімен Қарағанды түрмесінде атылды. Жұбайы Зүфнүн, балалары Ноян мен Тамара, інілері Құрманғали мен Жәмел репрессияға ұшырап, әр дәрежелі жаза тартты. Мысалы, Мәскеуде Нығмет ұсталған соң, бір ай өтпей

жұбайы Зүфнүн тұтқындалды. Оған әуелі ату жазасы қолданылсын деген шешім шығарылады, соңынан балаларының жасын елеген болу керек, ол жазаны он жылға лагерге жіберілсін деген шешімге ауыстырады. Зүфнүн жеңеміз басында Бутырка түрмесіне (Мәскеу) камалып, одан соң Карелия, АЛЖИР (Ақмола) лагерлеріне айдалады. Әлихан Бөкейхан Нығмет Нұрмақовпен бірге Мәскеуде жерленген.

Қорыта келгенде Нығмет Нұрмақов - қазақтың XX ғасыр басындағы саяси ерік-жігерін ұлт қызметіне арнаған, осы ұлы мұратта жанын пайда еткен аяулы күрескерлерінің бірі. ««Кіші қазан» авторы Ф. Голощекиннен бір жыл бұрын Қазақстан билігіне келген Нығмет Нұрмақов сынды ұлтжанды тұлғаларды биліктен шеттету - қанқұйлы Сталиннің Голощекинге жүктеген негізгі тапсырмасы болатын», - деді Мәмбет Қойгелді өз сөзінде. Оның айтуынша, Мәскеуде Қазақстанға «Кіші қазан» төңкерісін жүргізіп, байларды көмпескелеу туралы мәселе қойылып, бұл мәселе талқыға салынғанда, Голощекиннің бастамасына бірден-бір қарсылық көрсеткен басшылардың бірегейі Нұрмақов болған екен. Осы жиында сол кездегі қазақстандық атқарушы билік өкілдерінің бірі болған Ораз Исаев Голощекиннің сөзін толық қолдаған. Жалғыз тұрып, айға шапқан арыстандай болған «Нұрмақов мәселесі» осы тұстан бастап қозғалған сияқты. Өйткені, сол жолы Голощекин Сталинге Нұрмақов сияқты байшыл, ұлтшыл адаммен бірге қызмет істеудің қиын екенін айтып шағымданады. Сөйтіп, байларды тәркілеу ел экономикасын құрдымға апаратынын айтып көндіре алмаған Нығмет Нұрмақов өзін қызметтен босату туралы И. Сталинге өтініш жазады. Алайда, Сталин бұл мәселені Қазақстанда, өз араларыңда шешіп алындар деген екен. Сөйтіп, Қазақстанға Сталиннің тікелей қолдауын арқаланып келген Голощекин Нұрмақовты қызметінен алмай, қайта барлық көмпескелеу жұмыстарын соның қолына тапсырады.

«Нығмет Нұрмақовтың өнер саласына көрсеткен қамқорлығының өзі бір төбе. Сонау Семейдегі қызметі жылдарында (1921 жылдың күзінде) Александр Затаевичті Семей өңірін аралатып, белгілі музыка зерттеушісінің жанында болған екен. Халком кеңесінің төрағасы болғанда астанада өтетін әншілердің жиынына А. Затаевичті жиі-жиі шақырып отыратын. Сондай-ақ, Қазақстан Халық әртісі Затаевичтің Мәскеудегі мүшкіл халіне көңіл бөліп, Н. Нұрмақовтың тағы да араласуына тура келді. Қажетті ақшалай жәрдемді бөліріп қана қоймай, Халық Ағарту халкомы құрамында тұрақты еңбекақысын алып тұратын қызметке тіркетті», - деді Болат Қабдөшев өз сөзінде. Жас журналист ретінде Семейде болған көрнекті жазушы Николай Анов та өз естеліктерінде Нұрмақов

жайлы кезінде ашық жаза алмағанына өкінеді. «Крылья песни» атты романының негізгі кейіпкерінің бірі - «Әміре Қашаубаевты Нұрмақовтың Парижге жібергені шындық», - деп ұзақ жылдар бүгіп келген құпиясын бертініректе ашып айтқан екен жазушы. Қазақтың кеменгер жазушысы Мұхтар Әуезов Ленинградта студент болған жылдары Қазақ үкіметіне жазған хатында Семей губатқару комитетінде қызметтес болған Нығметтің өзін жақсы білетіндігін айтып, ақшалай көмекке зәру екендігін айтады. Көп кешікпей, ол үкімет тарапынан белгіленген арнайы стипендияға тіркелген. Әдеби-лингвистика бөлімінің III курс студенті Мұхтар Әуезовті Нығмет Нұрмақов, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов секілді қазақ қайраткерлері сол кезде-ақ болашағынан зор үміт күттірген ұлтымыздың жазушысы деп мойындап, жас кезінен қамқорлықтарын аямаған екен.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Білім айнасы газеті Республикалық газет 2,614 қаралған 2018-02-06
- 2 Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ф. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009.
- 3 Жак Росси Справочник по ГУЛАГу. Ч.1. М., 1991. - 548 с.
- 4 История политических и правовых учений / Под ред. В. С. Нересянца. М., 1988. - 816.
- 5 Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ – НКВД. Док и матер. Т.1. 1918-1922 / Сост. В. Данилов и др., М., 2000.- 864 с. (С. 14).

## КЕШЕГІ АЛАШ ИДЕЯСЫ – БҮГІНГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

БАЙАНБАЙ Ү. С.  
11 сынып оқушысы, № 2 Ертіс ЖОББМ  
ДОСМАҒАМБЕТОВА Ү. Т.  
жетекші, тарих пәнінің мұғалімі

*«Алаш арыстары бізге мемлекеттілік идеясын ту етіп  
көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған  
Қазақстан республикасы атты мемлекет –  
сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы.»*

**Н. Ә. Назарбаев**

Тарих дегеніміз тек өткеннің сабағы ғана емес. Ол – едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі. Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танысың, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың. Бабаларың қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алады деген халқымыз... Алаш арыстарының халқы үшін істеген істері ешуақытта санамыздан өшпейді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің және оның қайраткерлерінің қазақ жері мен мемлекеттілігі және ұлттық идея мен рухани-мәдени сананы қалыптастыру жолындағы қызметтерін тарихи арнада талдау, зерттеу.

Алаш қозғалысына байланысты құбылыстар, тарихи оқиғалар, тұлғалар келбеті, сан салалы еңбектер туралы тындаушыларымыздың тарихи түсінігін қалыптастыру;

Алаш қозғалысына қатысқан тарихи тұлғаларды тану;

Жастарды Алаш тұлғаларының мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық қызметі арқылы отаншылдық қасиеттерге баулу;

Жастардың, құрбыларымыздың бойында тәуелсіздік, ел, жер, ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық намыс, ұлттық сана категорияларын Алаш қозғалысы тарихы арнасында қалыптастыру;

қазақ мемлекеттілігінің тәжірибесі санатындағы Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Алаш автономиясы және Түркістан автономиясы сияқты тарихи құбылыстар туралы зерттеу;

Алаш тұлғаларының отандық ғылым мен білімнің бастауындағы мұраларын зерделеу;

Ел тарихын, жер тарихын білу әр адамның міндеті деп ойлаймын. Өз еліңнің шежіресі асыл қазына, таптырмас рухани байлық. Мен бұл жобаны жазудағы мақсатым өз құрбыларыма халқымыздың өшпес ерліктері, жоғары патриоттық рухтары туралы айта отырып, Алаш зиялыларының мақсаты – тәуелсіз ел болу екендігін, ол арманның қазір орындалғаны туралы айтқым келеді. Қай заманда болсын тарих жолы тылсым да қатерлі. Біздің тарихымызда да өрлеу мен құлдырау кезеңдері аз болған жоқ, халқымыз талай тауқымет пен ауыртпалықты бастан кешірген қаралы, қайғылы шақтар да болды. Сонау бағзы заманнан осы күнімізге дейін дербес мемлекеттігіміз жолында қасықтай қанын, шыбындай жанын қиған ардақтарымыздың ісі мен есімін орасан зор құрметпен еске алатынымыз тегін емес. Өткеннің өнегесі - бүгінгінің баға жетпес байлығы. Біз алтын таққа отырған асқақ дәуірлерді де, өзгенің бодауында болған кер заманды да бастан кешкен елміз. Сондықтан халқымыз азаттық рухын терең сезініп, жан-жүрегімізбен түсіне білуіміз керек. Болашақта бұл жобаны әрі қарай жетілдіре отырып, өз сыныптастарымыздың да қызығушылығын туғызып, тарихымызды зерттей түсуге тырысамын.

Қазақ ұлтының бүгінгіге дейінгі қат-қабат тарихының мазмұны азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар. Тарихтың ұлы көші қайда бағыт ұстап, шерлі шежіре парақтары қанша аударылса да, мыңдаған жылдар бойы Еуразия атты қарт материк талай аласапыран оқиғаларды басынан өткізсе де, осы апайтөс құрлықтың дәл ортасындағы ұшы-қиыры жоқ Ұлы Даланы «үстіңде көк аспан, астыңда қара жер жаралғаннан бері» мекен етіп келе жатқан халық әр кезде де Бостандық, Еркіндік, Азаттық ұғымдарымен өмір сүріп келеді. Осы жөнінде жинақталған нақты материалдарды теориялық тұрғыдан қорыту, соның нәтижесінде Алаш зиялыларының тәуелсіздік жолындағы күресін дерек ретінде талдау мен түсіну ғылыми жаңашылдық болып саналады.

Ел бірлігін сақтау – кешегі саңлақ сақтардан, дүбірі дүниені дүрілдеткен Түркі қағанатынан, орыс княздары билікке бекітілу үшін Бату хандардың табанының ізі басылған таңбаны сүйіп, ант беретін болған Алтын Ордадан, Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның бастауы Жәнібек-Керей бастаған Қазақ ордасынан, бас сүйегі отарлаушы ел Ресейде жатқандықтан әліге дейін басымыз орысша ойлайтын кешегі қайсар Кенесары ханнан, қазақ тарихында тұңғыш рет заманауи саяси партия мен үкімет құрған Алашордадан, сан ғасырдан бері осы кең

байтақ даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен сақтап, бізге табыстап кеткен ата-бабалардан қалған Аманат!

Алаш идеясы -Тәуелсіз Қазақстан идеясы

Алаш арманы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан!

Алаш зиялыларының ұлттық ұлы идеялары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның негізі . Өйткені Алаш идеясы – ұлттық идеология! Ол отаншылдыққа, мемлекетшілдікке, бірлікке үндейді

Алаш партиясының басты бес бағыты: 1. Жерге еналдымен қазақ ие болу керек; 2. Жердің асты-үстіңгі байлығын қазақ пайдалануы керек; 3 Өз өнімін өзі өндіретін ұлттық экономика; 4. қазақ тілінің мемлекеттілігі, діні мен ділінің үстемдігі; 5. Білімнің дамуы, міне осы бес бағыт бір ғасырдан кейін , бүгін де өте өзекті болып отыр.

Алаш партиясы идеяларын елге танытуда қазақ баспасөзінің рөлі өте жоғары болды. Ахмет Байтұрсынов: «Баспасөз – халықтың көзі, тілі және құлағы» деп бағаласа, Міржақып Дулатов: «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы мықты» деп дәл анықтама берген.

Алаш идеясын насихаттауда «Қазақ» газетінің ролі өте зор.

Алаш идеясы – ұлттық идеология. Ендеше ұлт болып жұмылып, Алаш арманын іске асыруымыз керек.

Біз бірлік туралы айтқанда, алдымен ұлттар бірлігін айтуға тырысамыз. Еліміздегі ел бірлігі мен ынтымақтастығы туралы сарабал да, салмақты саясат өз жемісін берді десек те болады.

«Алашорда үкіметінің құрылуы». Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай Уақытша үкіметтің басқа да шет аймақтардағыдай Қазақстанда да ұлт өміріне қатысты ең өзекті мәселелерді шеше алмаған әлжуаз, тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны қамтыған анархия, зорлық пен зомбылыққа ұласуы еді. Қазақ облыстарында асқынған жер мәселесін шешуге бағытталған әрекеттің болмауы, атты қазақ әскері, қарулы солдат пен қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығының өрши түсуі соның айғағы болатын. Осындай жағдайда қазақ зиялылары арасында ұлттың мемлекеттілігі туралы мәселе талқылауға түсті. Сөйтіп, бұл мәселені қараған Жалпықазақ-қырғыз съезі 1917 жылы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Оған барлық қазақ облыстарынан, сондай-ақ одан тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқан облысы қазақтарынан және Жетісу облысы қырғыздарынан барлығы 82 өкіл қатысты. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе, әрине, ұлттық автономия мәселесі еді. Міне осылайша ұлттық идеологияны ұстанғандар арасынан алғашқы

Алашорда автономиясын құру қолға алынып оның төрағасы болып Әлихан Бөкейханов болды. «Алашорда және Кеңес үкіметі» 1918 жылы 5 қаңтарда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы күшпен таратылған соң Алашорда мен Кеңестік биліктің арақатынасы күрделене түсті. Кеңестік билік бұрынғы отарлық езгідегі халықтарға тек кеңестік негіздегі автономия беретіндігін мәлім етті. Бұл белгілі бір ұлттық автономиялық мемлекеттікті иемденуі емес, оның белгілі бір бөлігінің ғана, яғни жұмысшы және шаруалардың өзін-өзі билеу мүмкіндігіне ие болғандығын білдіретін шара еді. Мұстафа Шоқай 1918 жылдың көктемінде Алашорда мен Кеңес үкіметі арасында өзара түсінушілікке ұмтылыстың нышандары байқалды. Осы жылдың наурызында Оралдан Мәскеуге Алашорда үкіметінің тапсыруымен Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар аттанып, барған бетте Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы В. И. Ленинмен және Ұлт істері бойынша Халық Комиссары И. В. Сталинмен кездесіп, оларға II Жалпықазақ-қырғыз съезінің (Орынбор, 1917 ж. желтоқсан) қаулысын табыс етеді.

Алғаш «Алаш автономиясын» құруда өз үлесін қосқан Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаевтардың қосқан еңбектері көп болды. Ендігі кезекті біз осы алаштың бес арысы туралы білеміз. XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов еді. Ахмет Байтұрсынов 1873 жылы 18 қаңтарда қазіргі Қостанай облысының Торғай өңіріндегі Сартүбек деген жерде дүниеге келеді. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы намысқой, сергек, еті тірі адам болады. Сол себепті де Байтұрсын мен оның ағайындары патша өкіметінің өкілі – уезд бастығын соққыға жығып, түрмеге қамалады. Бұл оқиға он жасар бала Ахметтің санасына қатты әсер етеді. Мәселенің түп негізін толық ұқпағанымен, ол өмірдегі әділетсіздік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік теңсіздікті көзімен көріп, көңіліне ой ұялатады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алаш қозғалысы. Алматы 2008, «Ел шежіресі».
- 2 Әбдіжапар Әбдікімұлы «Қазақстан», Алматы 2005.
- 3 Ә. Бөкейханов «Таңдамалы шығармалар» Алматы, 2004.
- 4 К. Нурпейіс, «Алаш һәм Алашорда». Алматы, 2008.

5 Қойшығара САЛҒАРА, жазушы.

6 «Қазақстан тарихы» әдістемелік журнал № 8, 2010. Алматы.

7 «КЕШЕГІ АЛАШ ИДЕЯСЫ – БҮГІНГІ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті Алаштану ғылыми-зерттеу орталығы.

8 Н. Назарбаев «Тарих толқынында» 1999 ж, Атамұра.

9 С. Омарбекұлы, «Алаш шаңырағын бірге көтеріскендер» // «Ақиқат» №4 2001.

10 Т. Жеңіс «Шежіре», 1995 ж.

### КЕЙКІ КӨКЕМБАЙҰЛЫ – ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ БАТЫР ТҰЛҒА

БАТЫРУЛАНОВА А. М.

7 сынып оқушысы, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

КАИРБЕКОВ Е. Е.

ғылыми жетекші, тарих пәнінің мұғалімі, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Елі мен жері үшін жанын пайда еткен ерлерін, туған халқы ешқашан да ұмытқан емес. Осындай батыр ұлдарын келешекте рухы мықты ұрпақ тәрбиелеуде болашақ жастарымыздың санасына сіңіру үшін аңыз-жырға айналдырып, Мәңгілік ел тарихына өшпес мұра етіп қалдыратын да туған елі. Сондай халық жадында сақталған әрі күреске толы өмірі тұтас бір аңызға айналған есіл ерлеріміздің бірі-Кейкі Көкембайұлы.

1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісінде керемет ерліктер көрсеткен Кейкі батыр есімі қашанда халық жадында. Кеңес үкіметі тұсында билік тарапынан сұрмергеннің атын айтуға тыйым салынды. Әйтсе де, ел өзінің ерен туған ұлын ұмытпады. Күн өткен сайын Кейкі тұлғасына деген халық сүйіспеншілігі арта түскенің байқаймыз.

Бүгінге дейін де батырдың бейнесі әдеби шығармаларда кең көрініс тауып келді. Атап айтсақ, Кейкі батырдың әдебиеттегі бейнесі Ғабит Мүсіреповтың «Амангелді» пьесасында бейнеленеді. Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» кітабында батыр туралы айтылады. Кейкінің қарасөзде жасалған көркем бейнесі Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романы еді. Кейкі бейнесі қанық бояу дерегімен түгелденіп шыққан тағы бір шығарма Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастаны. Ал,

еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі Ұлы даланың хас батырының тарихи тағдырына арнап Әмірқызы, С. Тұрғынбекұлы, А. Байжан, Ә. Қылышбайұлы, Қ. Әлім, Ө. Б. Екмағанбетов және тағы басқа жазушылар мен тарихшы-ғалымдар мерзімді баспасөз беттерінде қадам тартты. Бұл жарық көрген мақалалар мен еңбектерде Кейкі батырдың күрес жолы тек ел аузындағы аңыз-өңгімелер негізінде жазылды [1, 371 б.]

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен Қазақстан мен Ресей Үкіметтері арасындағы уағдаластығы аясында Кейкі батырдың бас сүйегін елге қайтару туралы мәселе көтерілген болатын. Нәтижесінде, 2016жылдың бқазанында Кейкі Көкембайұлының бас сүйегін елге алып келді. Бұдан шығатын түйін-Кейкі бабамыздың арпалыспен өткен өмірі әлі де зерттеуді қажет ететін тарихи тұлға. Отан тарихының өзекті мәселелері қатарына кіріп, екі мемлекеттің Үкімет басшылары деңгейінде шешілуінің өзі-зерттеу жұмысының өзектілігін көрсетеді. Ұлы даланың хас батыры Кейкі бабамыздың елін қорғаудағы жанкешті әрекетін зерттеуге тұрарлық тақырып. Батырдың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістегі ерлігін мұрағат деректері арқылы зерттеуді жүзеге асыра отырып, кеңестік саяси-қуғын сүргіннің алғашқы құрбандарының бірі ретіндегі тарихи тағдырын ашып көрсетуге тырыстық. Бұрын-соңды Кейкі батыр туралы еңбектер тек әдеби негізде қарастырылып келгені белгілі. Осы себепті бұл жобаның басты жаңалығы-мұрағат материалдарын, мектеп оқушысы болсам да пайдалануға қадам жасадық. Ұлы Даланың бүгінгі ұрпақтарына елін қорғаған ұлылардың өмір белестері мен жанқиярлық ерліктерін сипаттай отырып, еліне деген сүйіспеншіліктерін дамыту болып табылады. Сонымен қатар, мектеп оқулығына батырдың келбетін тұлға ретінде енгізсе деген ойымызды да жеткізгіміз келеді.

Ұлт тарихында есімі жаманатқа телініп, бар іс-әрекеті теріс бағаланған, «аса жоғары мәртебелі» патша ағзамның саясатымен де, советтік «қызыл қырандармен» де сыйыспай өткен тұлғалардың бірі де бірегейі – Кейкі батыр (Көкембайұлы). 1916 жылғы Торғай өңірінде өткен ұлт-азаттық көтерілістің даңқты батыры, атақты мерген Қыпшақ тайпасының Құланқыпшақ руынан шыққан. 1871 жылы Торғай өңірінің Байтума қопасында дүниеге келген. Азан шақырылған шын аты – Нұрмағамбет. Батыр жастайынан өздерімен рулас, Торғай өңіріндегі атақты бай Шашамбайдың Рахметі деген кісінің бетке ұстар жылқышысы болған. Жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттілігімен аймаққа танылған. Есімінің Кейкі деп аталуының сыры- жасынан



аң-құс аулап,кісіге онша қосылмай, біртүрлі кейкііп жапанда жалғыз жүргендігінен. Даңқты Құламерген ұрпағы Кейкінің атасы – Төрештің Торайғыры мен Жәукенің Сәбденбегі Кенесары көтерілісіне қатысқан жаужүрек қыпшақтар. Кейкі – палуан денелі, түсі суық, ашуланғанда екі көзі қып-қызыл от болып жанып кететін, бірбеткей, қайсар, Арка жерінің ой-шұқырын жатқа білген, ауа-райын алдын-ала жетік болжаған адам болған. Қолына құран ұстап, намаз оқыған, ғайбат сөз айтпаған, теріс қылық жасамаған, өте әдептілігімен ауылдастарының сый-құрметіне бөленген. Кейкі тарихта көздемей құралайдың көзінен тигізетін таңғажайып қолмергендігімен қалғанымен, ол – шоқпар шайқасының теңдесі жоқ шебері, әйгілі қамшыгер. Қашқанда да, қуғанда да не шоқпарын, не қамшысын бір-ақ рет сілтеген. Цирктегі ат ойыны мен сайысының неше түрлі қызықты өнерін де қыр елінде ең алғаш рет көрсетіп, халықты таң-тамаша қалдырған Кейкі батыр. Қазақтың трмесі мен халық жырларын сүйіп тындаған,өзі де домбыра тартқан. Ел аузында «Кейкінің салауаты» деген жыр сақталған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел аузында «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама сақталған. Кейкі Көкембайұлы Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығы себеп болған (ел аузында «июнь жарлығы» деп аталады) Торғай қазақтарының ұлт – азаттық көтерілісіне алғашқы күндерінен белсене араласып, сол көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болды. Көтерілісшілердің негізгі қарулы күші – мергендер жасағын басқарған. Көтеріліс штабының ең қауіпті тапсырмаларын орындап, жиі-жиі барлауға шығып тұрған. Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қаласын қоршау кезінде және патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы соңғы ұрыс – Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсетті.

Кейкіні көрген,кешегі қиын кезде соңына ерген адамдар оның өлімнен қорықпайтын өжеттігін, көздегенін құр жібермейтін мергендігін жыр қылып айтады екен. 1919 жылы 18 мамырда Торғай уездік соғыс комиссары,халық батыры Амангелді Иманов өлтірілгеннен кейін Кейкі батыр құғынға ұшырайды. Бұл сүргін Торғайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де толастамайды. Біраз жыл Ұлытау, Қызылқұм жағында бой тасалайды. Ақыры, 1923 жылдың көктемінде арнайы тапсырмамен өзін алдап қолға түсіруге келген комиссар А. Тоқаревтің сөзіне сеніп Торғайға оралған Кейкі жолда оның шын ниетін сезіп қалып, Александр Тоқаревті сол жерде атып тастайды. Бірақ Кейкінің ізіне түсіп, артынан алыстан аңдып еріп келе жатқан қызыл әскердің солдаттары,оны сол күні түнде жатқан жерінде қоршап алып, айуандықпен өлтіреді. Олар мергеннің екі

қолы мен басын кесіп алады. Кейкі батырдың басын бір ай бойы Торғай қаласының орталық алаңына сырыққа шаншып қояды. Кейін мергеннің бас сүйегін Орынборға жөнелтеді, ал 1926 жылы республика астанасы Қызылордаға көшуіне байланысты, Санкт –Петербургға алып кеткен. Бір ғасырды алатындай уақыт бойы Санкт- Петербордағы антропологиялық кунсткамера қорында сақталған еді. Биылғы жылдың қазан айының бкүні батырдың басы елге жеткізілді [2, 67 б.].

Кейкі батырдың әдебиеттегі бейнесі Ғабит Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасында Кете батыр болып бейнеленеді. Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» кітабында жұмбақталып айтылады. Кейкінің қарасөзде жасалған көркем бейнесі Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романы еді. Алайда кеңес заманында шыққан онда да аты анық айтылмаған. Кейкі бейнесі өз атымен анық айтылып,қанық бояу дерегімен түгелденіп шыққан шығарма Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастаны [3, 65 б.].

Кейкі батыр Көкембайұлының ұрпақтары Қостанай облысының Амангелді ауданындағы Ақтас, Тасты елді мекендерінде тұрады. 1996 жылы Кейкі батырдың 125 жыл толуына байланысты ас беріліп,ескерткіш орнатылды. Ұлы батырдың тағдыр – талайы қандай қиын болса, оның соңғы сәттері де, яғни өлімі де аяншыты. Кейкінің бас сүйегі шет жерде, туған топырақтан жырақта жатыр. Оның өмір жолын, ерлік дастанын кейінгі ұрпақ біле де бермейді. Бұнымен қоса, бүгінгі таңда батырдың өліміне қатысты талас дүниелер көп. Сондай таластың бірі – оның бас сүйегіне қатысты. Халық арасында «батырдың басы шабылған жоқ. Ол оққа ұшып өлді» деген де сөз бар.

Кейбір деректерде Кейкіні «1921 жылы өлтірген» дейді. Мен оған мүлдем келіспеймін. Оған айтар дерек-дәлелдерім де бар. Бірақ оның бөріні айтып жатудың қажеті жоқ. Батырды қызыл қарақшылар 1923 жылғы көктемнің бір күнінде қараша үйде демалып жатқан жерінде қоршап алып, атып өлтіреді. Оның осы үйде демалып жатқанын қызылдарға қандас тыншымыз жеткізеді. Оқ батырдың қақ маңдайынан тиген. Сөйтіп, «елім» деп еңіреген ержүрек ұлан абайсызда мерт болды [4, 3 б.].

Олар батырдың өзін ғана өлтіріп қойған жоқ, айы – күні жетіп отырған жүкті әйелі Ақжанның да басын шауып, қылышпен қарнын жарған. Іштегі нәрестені етіктерімен таптаған. Ол кезде мұндай жантүршігерлік әрекет үйреншікті әдетке айналған. Өздерінің берік дәстүрі бойынша, қызыл қарақшылар Кейкіні өлтіргендерін дәлелдеп, батырдың басы мен қолын кетпенмен шауып алып, қоржынға салып,

алтын тапқандай, Торғай қаласына алып барады. Ол бас біраз уақыт Торғай қаласындағы аланда ілулі тұрған. Ал денесін қасындағы алты адаммен қосып, Жалаулы жайлауындағы Жыланшық өзенінің маңындағы бір сайдың жырасына сүйреп апарып, көме салады. Осы оқиғаны көзімен көрген Ахмет Егінбайұлы ақсақал айтқаны: «Таңертен далаға ерте шықсам Кейкі мерген еңгезердей бір адамды көтеріп әкеліп шанаға тастай салды. Бұл Токаревтің мәйіті екен». Осы оқиғадан соң Кейкіні іздеп Торғайдан отряд шыққан. Осы отряд Жалаулының Жыланшыққа құятын сағасындағы Жәкеннің үйінде Кейкі отырғанын біліп, қоршап алған. Оқиғаның ішінде Жәкеннің он төрт жасар қызы Бижамал да болған. Бергінде 1976 жылы 19 желтоқсан күні жасы егделеп қалған Бижамал апайға жолығып өзі куә болған оқиғаны аузынан жазып алған.

Оқиғаның сорабы былай: үйді жау қоршап алғанын біліп Кейкі терезеден атысқан. Үй ішінде бес бала болған. Соның бірі – Бижамал. Және тұтқында екі орыс солдаты болған. Бір әредікте тұтқындағы қазақша білетін орысқа Кейкі айтқан «Аналарға айт, атысты тоқтатын сөйлесейік» деген. Сөйлеуге ұрықсат алған орыс жақтастарына айқайлап: «Мынаны біз атысып жатқанда есіктен итеріп жібереміз, сақ болындар» деген. Оны орысша білмегендіктен Кейкі түсінбеген. Дәл осылай болған. Кейкі оққа ұшқан. Аяғы ауыр әйелі Ақжыян да атылған. Бірге жүрген жолдастары да өлген. Бижамалдың қолына оқ тиіп тірі қалған. Әдетте, «адамның басы-алланың добы» деуші еді, ал Кейкінің басы «адамның добы» болып, 1926 жылы Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылордаға ауысып жатқан қарбалас шақта, орыс ғалымы Д. Букиннич деген Санкт-Петербургтің Антропология және этнография мұражайына тапсырылған. 2016 жылдың 6 қазанында бас сүйек елге жеткізілді. Батыр бабамыздың бас сүйегін қазақ ғалым жазушылары Т. Жұртбай, Ш. Әмірбек және Д. Рамазан өз көздерімен көріп қайтты. Хан Кененің басын іздеп жүріп Кейкінікі тапқан жазушы, зерттеуші Думан Рамазан: «Атамыздың бас сүйегінің нөмірі-3383 екен: «3383. череп знаменитого бандита казаха Кейки, ураженца Кайдаульской вол., Тургайского у., казненного в Советский период. От Д. Д. Букиннича в дар в 1926 г. Документы: Записка Собирантеля. 3/ХІ-33», – деп жазылған негізгі құжатта. Ал екінші бір жазбада: «Инв. № 3383. 45 лет. Череп знаменитого киргизского бандита Кейки Тургайского уезда, Кайдаульской волости, свирепствовавшего в Степи в 22 и 23 году. Наводил ужас своими зверствами на местные населения и на переселенцев двигавшихся из Ак-Тюбинска на Атбасар. Был очень набожен и всегда в молитвах раскаивался в преступлении»,

– деп жазады «Жоралғылы жорык» атты кітабында. Сонымен қатар Д. Рамазан мынадай деректі көрсетеді: «Он почитается киргизами за свою храбрость и считается «батырем» не смотря на свой невзрачный вид (низкого роста, худошавый)» [5, 720 б.].

Батырлық деген алып дене, бұла күш пен сұлу сымбат еместігін қазаққа дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Жүректілік дене тұлғасының ірі- кішілігіне қарамайды. Атам қазақ батыр адамдарды жүрегінің түгіне, яғни ет жүректе бір тал қылшықтың бар- жоғына қарап бағалайды.

Қазақ даласын тұтастай шарпыған азаттық жолындағы күресте Кейкінің батырлығымен қатар құралайды көзге атқан мергендігі кең танылды. Сол көтеріліс кезінде ол, Торғай даласында құрылған Қыпшақ хандығының мергендер мындығын басқарды. Көтерілісшілердің 50 мыңдық әскеріне қарулас серігі А. Иманов Бас сардар, Кейкі мыңбасы болып тағайындалды. 1916 жылдың күзіндегі Құмкешу, Доғал, Үрпектегі патша жазалаушыларымен болған шайқаста және Торғай қаласына шабуылда Кейкі асқан мергендігімен, ержүректігімен көзге түсті, яғни көтерілістің даңқты қаһарманына айналды, ерлігі аңыз болып таралды.

Кейкі батырды тірісінде көп адам түсіне бермеді, қазірде көп жағдайды түсіне бермеуі мүмкін. Сыры ашылмаған жұмбақ адам. Алдымен аруақты діндар, ақын адам. Өмірі ат үстінде салауат айтумен өтті. Елді тәуелсіздікке, бірлікке, бостандыққа шақырды. Ешкімге тәуелді болғысы келмеді. Еркіндікті, ерлікті аңсады. Сондықтан да кісіге, қоғамға тәуелділіктен қашты. Көктегі қыранша, жердегі арланша еркін өмір сүруді қалады. Бірақ... Тағдыры тәлкекке түсіп, қайда барсада өзін жау көрген жазалаушы топтан қашқан есіл ер отанынан пана таппай, жанын шүберекке түйіп, кімнің дос, кімнің қас екенін ажырата алмай, өмірінде алысумен, арпалысумен үнемі жортыуылдарда жүріп, ағайынның теріс үгітінен, сатқындығынан оққа ұшты. Дос дегені дұшпан болды, жолдас дегені жау болды. Бірі қоғамға өмірге аралас десе, бірі кері үгіттеді. Осындай түйіні қиын заманда өмір сүруі, бүгінге дейін жүрген жолы, жасаған қызметі, атқарған ісі халық үшін төккен тері нақты арнаға түспеген, жұмбақ адам. Жек көргендері бас бұзар банды десе, еңбегін білетіндер, көз көрген тұтастары теңдессіз батырлығын тамсана айтады. Тіпті туған жылы мен қайтқан жылы да әртүрлі айтылады. Күн өткен сайын хас батырдың биік тұлғасы айқындалып келеді.

Батыр бабамыздың бас сүйегі кешеге дейін Санкт Петербург қаласындағы кунсткамера қорында сақталып келді. 1995 ж.

24 наурызда Мәскеуден ҚР ПМ – не жіберілген хатта: «МИД РК № 19/63 от 13.01.95 г. имея честь сообщить следующие: Череп К. Кокембаева действительно хранится в антропологическом фонде кунсткамеры г. – Петербурга» (// Торғай, 1998 ж., 27.03.,3 б.) деп көрсетілуі сөзіміздің айғағы. Сонымен бірге, 2000 жылы қазақ халқының XIX ғ. ұлт азаттық қозғалысының жетекшісі К. Қасымұлының басын арнайы Санкт Петербургке іздеп барған экспедиция мүшелері де газет бетінде жариялаған мақалаларында Кейкі батырдың басы сақталған қорапты көргендерін жазды. 1996 жылы Кейкі батырдың туғанына 125 жыл толғанда тұрғызылған ескерткіште қаза болған жерінің бір уыс топырағы ғана болғанын былтыр ғана осы жұмысымызда, аса бір өкінішпен айтып едік... [6, 153 б.].

Ал, бүгін ше? Тақиямызды аспанға лақтырып қуанатын сәттер көк байрағымыздың көкке желбіреуінің арқасында жүзеге асуда. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың сарабал саясатымен көрегендігінің нәтижесінде, Қазақстан мен Ресей Үкіметтері арасындағы уағдаластық аясында Кейкінің бас сүйегі елімізге жеткізілді. Мемлекет деңгейінде арнайы комиссия құрылып, жерлеу мәселесін қарастыруда. Сонымен қатар, батырдың есімін қайта жаңғыртуға байланысты іс шаралар нақты жоспар негізінде жүзеге асуы бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байділдин Ш. Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым. Астана, 2010. 371 б.
- 2 Жәнкелдин Ә. Докум. мен мат., А., 1975, 67 б.
- 3 Иманов А. Мақалалар, материалдар, документтер. А., 1975 ж., 65 б.
- 4 ҚР ПМ, 811-қор, т-6, іс - 204, 3 б.
- 5 Нысанбаев Ә. Н. Кейкі батыр. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. Т.4 / Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002. 720 б.
- 6 Тұрсынбекұлы С. Кейкі батыр тарихи дастан. - Алматы: Білім, 2001. 153 б.

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ КӨЛЕҢКЕЛІ ТҰСТАРЫН ЖОЮДЫҢ БІР ТӘСІЛІ – БАСТАМАШЫЛДЫҚ

БОЛАТ С.

II сынып оқушысы, **Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.**

МҰХТАР Д. Б.

тарих пәнінің мұғалімі, **Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.**

Адамзат тарихының өркендеуіне сол замандағы көшбасшы адамдардың әсері тигені сөзсіз. Алайда психологиялық тұрғыдан қарасақ, қазіргі қоғам аясында көпшілік қауым өзінің жеке мүддесін ойлаумен шектелуде. Біздің ойымызша, халық санасына КСРО кезіндегі билік сіңіп қалған болуы мүмкін. Нақтырық айтсақ, адамдар көбінесе үкіметтің берілген жұмысымен ғана жүреді, өзге жұмыстармен өз бетінше араласпайтын секілді. Бұл бірінші себеп болса, екіншіден, жаһандандудың әсерінен халық өз мүдделерінен басқа ештеңе көрмей кеткен, және үшінші соңғы, адамның психологиялық ой-өрісінің өзгеруі бастамашылдық әрекеттерге апармайды. Осындай мән беріле бермейтін көлеңкілі тұсымызды жоюдағы бастамашылдықтың орны орасан зор. Ал әрбір азаматтың (азаматша) өз еліне пайда тигізер жеке мақсаты мен миссиясы болуының тиістілігі – ғылыми жобамыздың көкейкестілігі болып табылады. Қазақ халқының тарихында орын алған бастамашыл адамдар туралы бірқатар еңбектер ғылыми түрде зерттелген болатын. Солардың бірі академик М. Қ. Қозыбаев өзінің «1986 жылдың желтоқсаны: деректер мен ой толғамдар» [1] атты еңбегінде елі үшін алаңға шыққан бастамашыл жастар туралы және сол оқиғалардың егемен Қазақстанның қалыптасу тарихынан алатын орнын ашып көрсеткен. Белгілі қырғыз саясатшысы, ғалым және дипломат Ж. Сааданбековтың «Нұрсұлтан Назарбаев. Көшбастаушылық заңдары» [2] атты кітабы ТМД-да өңірлік көшбастаушыға айналған Қазақстанның саяси-әлеуметтік және экономикалық жаңғыруының тарихи тәжірибесін ашып көрсеткен бірегей еңбек болып табылады. М. Әбішевтің «Невада-Семей қозғалысы» [3] атты еңбегінде Олжас Сүлейменовтің бастамашылдығын сөз еткен болатын.

Мен бастамашылдық ұғымын зерттеп, қарастыру барысында 3 кезеңге бөлдім:

#### **1 Бастамашылдықтың Қазақстан тарихындағы сипаты**

*Бастамашылдықтың Қазақ хандығындағы көріністері:*  
Мұхамет Хайдар Дулатидың кітабында Қазақ хандығының құрылған

жері – Шу бойы мен Қозыбасы деп айтылады. 1458 жылдың көктемінде Керейді ақ киізге көтеріп хан сайланғаннан кейін, Әбілқайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басшылары Керей мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыттың ішінде халықтың саны 200 мыңнан асып түседі. Қазақ хандығының құрылуы- осыған дейін бүкіл Қазақстан аумағында болған әлеуметтік-экономикалық, казак сұлтандарының бастамашылдық қасиетінің және этно саяси процестердің заңды қорытындысы еді. XV ғасырдың алпысыншы жылдары Қазақ хандары қарсыластарын тықсыра отырып, Батыс Жетісуға табан тіреді. Керей мен Жәнібек хандардың бастамасымен көрінген Қазақ хандығы әлемдік аренадан өз орынын бірден тапты. XVI–XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, этникалық аумағының негізгі бөлігін қамтитын шекаралары кеңейе түсті. Орта Азия, Астрахан, Қазан, Сібір хандықтарымен, Ресеймен тығыз байланыс болды. Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел, Тәуке хандардың есімдері Қазақ мемлекеттілігі деген атаумен қоса жүреді. Өйткені олардың қазақ жерін нығайтудағы, казактардың үстемдігін орнатудағы бастамашыл әрекеттері орасан зор болатын

*Ресей империясының бодандығы және КСРО кезіндегі бастамашылдық:* Ұлы империяның бодандығында болған кездегі қозғалыстардың барлығы отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталды. Мұның ішінде, Ресейдің және көрші мемлекеттердің саясатына, Қазақстанның ішкі өміріне тигізген әсерімен, ұзаққа созылуы және ауқымдылығымен ерекшеленетін өз халқының тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін күрескен Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс, қазақ елінің тарихында маңызы зор, ең көрнекті оқиға болып табылады. Біздің ойымызша, қазақ халқының жадында ұлт батырлары ретінде қалған ұлт-азаттық қозғалыс көсемдерінің белсенділігі мен тәуекелге бел буып, көш бастауы қарапайым халықтың ой-санасы оятып, жаңа белестерді бағындыруға жол ашты.

Ресей империясының бодандығы кезінде егемендікті аңсаған батырлар қол жинап көтерілістер бастады. 1986 жылдың желтоқсанында алаңға шығып, Кеңес билігіне наразылық көрсеткен жастарды қаһарлы империядан сескендірмеген күш те осы Азаттыққа деген аңсау екені сөзсіз. Желтоқсан көтерілісі – тәуелсіздікке ұмтылған қазақ жастарының күресі. Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың қуатын, елдік пен ерліктің мұратын танытқан көтеріліс болды.

## **2 Бастамашылдықтың қазіргі қоғамдағы кездесуі**

*Бастамашылдықтың саясаттағы көрінісі:* Егемендік алғаннан кейін саясаттағы алғашқы бастамалардың бірі Невада-Семей

халықаралық қозғалысы. «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының өкілдері 2005-ші жылдың мамыр айында Алматы қаласында «ядролық қарусыз 21-ші ғасыр» деп аталатын халықаралық конгрес өтті. «Осы жиында әлем елдерін ядролық қаруды таратпау, оның қандай түрінен болсын бас тартуға тағы да шақырылды. «Бұл ретте бізде азды-көпті тәжірибе бар» дейді қозғалыс жетекшісі, Қазақстанның халық жазушысы Олжас Сүлейменов:

- Біз әлем жұртшылығын көтермекпіз. Ондай тәжірибе жоқ та емес. Олжас Сүлейменов: Сол кезде біз Қазақстандық үлгіні әлемнің барлық еліне де ашық сипатта жасадық. Сол мемлекеттердің парламенттері еліктейтін шығар деп ойладық.

Бұл жерден Олжас Сүлейменовтың бастамашылдығын және бастамашылдықты өзге елдерге үлгі ететінін байқауымызға болады.

*Бастамашылдықтың жастар арасындағы қолданылуы:* «Басқаға қуаныш сыйлай білген - ең бақытты жан» деген екен Дени Дидро. Ерікті волонтер болу дегеніміз - риясыз мейірімділік көрсету, жаңа дағдыларға үйреніп, адамдарға жақсылық жасау, төрт қабырға ішіне қамалып, тағдырына налып отырған мүмкіндігі шектеулі жандардың қызықты да әсерлі істер мен оқиғалардың ортасында болуы үшін көмектесу, тағдырдың тезімен қиын жағдайға тап болған адамның жанынан табылу, қолынан келгенше сүйе бола білу деген сөз. Осыған байланысты қазіргі кездегі жастар арасындағы бастамашылдық тақырыбын қозғағанда, волонтерлік іс, яғни еріктілер тобы туралы айтып өтпеуге болмайды.

Қазақстандағы еріктілер ұйымына өзінің үлкен ықпалын тигізген адамдардың бірі - Қарлығаш Нұржанова. Ол 2012 жылы фотожурналист болып жұмыс істеген кезде жаңа туған нәрестелерге қамқорлық жасайтын бала дәрігері туралы фоторепортаж жасады. Жұмыс кезінде бір нәрестеден тоқылған шұлықтарды байқады. Дәрігерлер бұл тоқылған заттардың ерте туылған балаларды емдеуге көмектесетінін айтқаннан бастап, Қарлығаш Нұржанова нәрестелерді тоқыма киімдермен қамтамасыз етуді өз қолына алған. Осылайша, 2012 жылдан бастап Қазақстандағы «28 петель» атты еріктілер қозғалысы жұмысын бастады. Қарлығаш Нұржанова: «Біз шала туған нәрестелерге қамқорлық көрсететін реанимация бөлімшелеріне тегін тоқыма киімдер береміз. Жүн бұйымдары емдік қасиеттерге ие. Себебі олар балалардағы нервтердің аяқталуына ықпал тигізеді. Ресми деректерге сүйенсек, елімізде жыл сайын 450 мыңға жуық бала дүниеге келеді. Олардың 4-тен 12 пайызға дейін шала туған нәрестелер. Олардың салмағы мың граммнан аспайды. Қазіргі уақытта

клуб Қазақстанның 15 қаласында жұмыс істейді. Клубтың еріктілеріне айына бір немесе екі рет дәмханаларда немесе қала аялдарында кездесулер өткізіледі. Әр кездесуге 30-ға жуық адам жиналады. Екі ай бойы бір клубтың волонтерлері 50-ден 200-ге дейін зат алмастыра алады. Көптеген қатысушылар клубқа бару арқылы тоқыма тоқуды үйренді» – деп атап өткен болатын. «28 петель» клубы Қазақстанның 15 қаласында, сондай-ақ Ресейде, Латвияда, Өзбекстанда, Әзірбайжанда, Қырғызстанда және Украинада ұсынылған. Клубтың еріктілері қарапайым адамдар: мемлекеттік қызметшілер, банк қызметкерлері, студенттер және үй шаруасындағы әйелдер. Бүгінгі таңда «28 петель» клубы республиканың барлық орталықтарын тоқылған бұйымдармен толықтай қамтамасыз етеді.

Қоғамда белсенділігімен көзге түскен жастардың бірі, ПМУ-дың 3-курс студенті Досжан Мұратбек. Ол ақын, жүргізуші, көркем сөз оқу шеберімен ғана шектеліп қоймай, бұдан басқа қала көшелеріндегі жарнамалар мен атаулардағы сөзден кеткен қателіктерді жөндеуге өз үлесін қосып жүр. Бұл оның бастамашылдық қасиетін көрсетеді.

Еліміздегі бастамашыл жастардың ішінде «Шоқан» костюмдер брендині ұсынып, негізін қалаған 25 жасар Ұлықбек Шарипов пен Нұрсұлтан Мағзұмов сынды азаматтарымызды үлкен мақтанышпен айта аламыз. Олар өздерінің брендині «Шоқан» деп атағанының себебін Шоқан Уалихановтың қазақ тарихындағы үлкен орны мен сыртқы киім келбетіне өте жоғары талғамы болғаны үшін атағандарын айтты. Бар жоғы 2 жыл ішінде олар өздерінің бизнесін биікке шығарып қана қоймай, көптің көңілінен шықты. Тіпті, елбасымыз жуырда өткен жастар форумында олардың еңбектеріне үлкен дәрежеде баға берген болатын.

### **3 Бастамашылдықты дамытудың перспективалары**

*Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асырудағы бастамашылдық:*

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы қоғамдық сананы жаңғыртуға бағыттала отырғаны даусыз. Н. Ә. Назарбаев «Санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс» деп, нақты рухани сананың жаңғыруын қол жеткізетін нәтижелер бастамасы ретінде көрсетіп берді. Жалпы, бұл жолдауда қоғамдағы қандай бағыттарда бастамашылдық керек екені айтылған, солардың ішінде жаңа технологияларда, педагогикада, адам капиталында. Елбасымыздың жолдауы қазіргі кездегі бастамашылдықтың негізгі көздерінің бірі болып отыр.

*Бастамашылдық белсенді азаматтық қоғам қалыптастыру негізі:* Әлемдегі барлық дамыған елдер белсенді азаматтық қоғамның қалыптасуының арқасында алдыңғы орындарға шығып отыр. Сол секілді біздің де еліміз биік дәрежеге көтерілуі үшін белсенді азаматтық қоғамның қалыптасуы маңызды. Ал белсенді қоғам қалыптастыруда бастама- шылдықтың орны зор. Сондай қоғамды қалыптастыруда біздің бірнеше ұсыныстарым бар.

Өңір жұртшылығы арасында қазақ тілінде сөйлеу әдетін қалыптастыру. Тұрғындардың көбі ана тілімізді жетік біле тұра, көп жағдайда орыс тілінде сөйлеседі, бұл кейде автоматты түрде де болып жатады. Кейбір жас буын өкілдері көшеде қазақша сөйлесуге ұялады. Кейбір ауылдан жаңа келген қара домалақ балалар тілі келмесе де, тілін сындырып орысша сөйлесуге тырысып тұрады. Біздің басты мақсат мұндай стереотиптерді сындырып, қазақ тілде сөйлесуді сөнге айналдыру. Әсіресе, мемлекеттік тілде білім беретін білім беру ұйымдарын мысалға келтіруге болады.

Ұлттық тағамдарды әзірлеу. Бұл бағыт бойынша жуырда өткен «Ұлы дала» этнофестивалінде ҚР Ұлттық аптасына кем дегенде бір рет үйдегі мәзірге ұлттық тағамдардың жасалуын әдетке айналдыру. Бешбармақтан бөлек қазақтың ұлттық тағамдары жеткілікті. Осы ретте ұлттық тағамдарды дайындау мәзірін кеңінен насихаттау көзделген музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының қызметкері Әйгерім Мұсажахинова: «Қазақ тағамдары көп түрлі, тендессіз» деп жоғары баға берген.

Әрбір қазақты шаңырақтың домбыралы болуы. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген жаңа мейрам – «Ұлттық домбыра күні» жыл сайын шілде айының алғашқы жексенбісінде аталып өтетіндігін барлығымыз білеміз. Бұл қадамның мақсаты – домбыраны шертіп білетін қазақтардың санын көбейту. Оны қалай жүзеге асыруға болады? Ол үшін әрбір шаңырақта, үйде домбыра болуы керек. Ең бастысы, ол домбыраны үйренуге мотивация болуы қажет, әсіресе балалар үшін. Екіншіден, жаңадан құрылатын жас отауларға домбыраны сыйлауды ұсынамын. Оны ата-анасы ма, аға-жеңгелері ме, нағашылары ма екенін туыстар өздері шешу керек.

Әрбір қазақ азаматының гардеробында ұлттық киімнің болуы. Бұл дәстүрлі шапан туралы емес, заманауи, ыңғайлы, ұлттық белгілері бар киім туралы. Қазақтың ұлттық киімі еліміздегі жеңіл өнеркәсіптің, туризмнің, ұлттық көркемдік стильдің дамуына, қазақ мәдениетіне қатысты зерттеулер мен шығармашылық еңбектің жандануына, халықтың рухани байлығы мен ел бірлігінің нығаюына

зор үлес қоспақ деген сеніммен, мен қауымды күнделікті өмірде, тойларда, жиындарда дәстүрлі киім киюге шақырамын.

Жалпы қорытындылай келе, Қазақ халқында бастамашылар саны артып, өз еліне пайдасын тигізетін қандастарымыздың қоғамның түрлі бағыттарындағы белсенділігі арқылы еліміздің әлеуметтік-экономикасының алға жылжуына мүмкіндік туғызу үшін, зерттеу барысында жалпы «бастамашылық» ұғымын және бастамашылықтың Қазақстан тарихы сахнасындағы рөлін жүйелі түрде зерттеп, бірнеше кезеңге бөлу арқылы сондай қасиетке ие адамдарға қазіргі қоғамның өзекті тармақтарына бағыт-бағдар берілді. Бастамашылық қоғамның көлеңкелі тұстарын жойып гүлденуіне, елдің саяси және әлеуметтік экономикасының ілгерілуіне ықпал тигізеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 М. Қ. Қозыбаев \ 1986 жылдың желтоқсаны: деректер мен ой толғамдар.
- 2 Ж. Сааданбеков \ Нұрсұлтан Назарбаев. Көшбастаушылық заңдары.
- 3 Әбіш М. \ Невада-Семей қозалысы.

#### АЛАШ ОРДА ҮКІМЕТІНІҢ СЕМЕЙ ШАҺАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ

ИСЮМБАЕВА Д., СЕЙТКАЗИНА С.  
9 сынып оқушылары, № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
ЖАДРЕНОВА Н. Н., УЗБЕКОВА С. Б.  
тарих пәнінің мұғалімдері, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Алаш партиясы қазіргі замандағы тәуелсіз еліміздің мемлекет болып қалыптасуында зор маңызы бар. Ұйықтап жатқан елімізді оятуға және де тәуелсіздігімізді алудағы бастауы болып табылады. Патша өкіметінің отарлық езгісінен құтқарудағы алға қойылған саясат, еліміздің ең алғашқы құрылған ұлттық-демократиялық, саяси партиясы болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алып, бостандық самалы ескелі бері төл тарихымызда да жабық тақырыптарға жол ашылып, бұрынғы тоталитарлық жүйенің кейде айлашарғысымен, кейде күштеп таңуымен мызғымастай орнығып келген қасаң тарихи әдіснаманың көбесі сөгілді. Қиғаш пікір, оғаш ойлардың бұрыстығы дәлелденіп,

бір саусағын ішіне бүккен зымиян саясаттың бет пердесі сыпырылды. Тарихшыларымыз бір ауыз сөз айтуға батылы бармайтын бүкіл бір кезең, дәуір тарихы қайта қаралып, бірте-бірте ақтандақтардың да орны толтырылуда. Соның ішінде әлі де болса шынайы баға беріліп, тың деректердің негізінде қайта объективті зерттеуді талап етіп отырған нәрсе Алашорда үкіметі мен Алаш партиясының қызметі және XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызметі мен қайғылы тағдыры.

Алаш үкіметінің астанасы болып - Семей қаласы жарияланады. Жалпы Әлихан Бөкейханов мақаласында Алаш астанасы ретінде үш қаланы атаған: Семей, Орынбор, Троицк. Орынбор қаласында қазақтар көп, алайда көпшілігі студенттер, жастар. Троицк қаласы шағындау, ал Семей қаласы оқыған Абай сынды ғұламалар мекені болғандықтан астана ретінде лайықты көрді.

Қарт Ертістің оң жағалауындағы бұрышынан орыстары басым тұратын көне Семей қаласының халқы сонау ерте кезден бастап сол жағалаудағы негізінен қазақтар жиі қоныстанған жерді «Заречная слободка» деп атап кеткен. Ал енді оның «Заречная слободка» деп аталатын бір басты себебі, мұнда ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман эпопеясында «Тінібай махалласы», «Жоламан махалласы» деп айшықтап айтатын шағын елді мекендер болған.

1917 жылғы ақпан төңкерілісінен кейін алаш қайраткері Райымжан Мәрсековтың басшылығымен құрылған Семей облыстық қаза комитеті өзінің алғашқы 7 наурыздығы шешімімен Семей қаласының «Заречная слободка» де аталатын бөлігін Алаш қаласы етіп жарялады. Содан 1927 жылға дейін он жылға жуық уақыт бойы көне Семейдің сол жақ бөлігі, яғни Ертіс өзенінің сол жағалауы ресми түрде Алаш қаласы болып аталып келді. Мәселен, көрнекті публицист, жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың 1927 жылы жазған

«Ақбілек» атты романында осы Алаш қаласын жан жақты сипатталатыны бар. Жалпы, ақпан төңкерісіне дейін-ақ ел аузында Алаш қаласы болып аталып келген бұл ел мекеннің атауы тек 1927 жылдың 15 қыркүйегінен бастап кеңес үкіметінің Семей облыстық атқару комитетінің қаулысымен Жанасемей қаласы болып өзгертілді.

Алаш қаласы- ел тарихы. Осы Алаш қаласы және жалпы Алаш қозғалысы тарихына қатысты көптеген құнды мәліметтерді Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры профессор, белгілі алаштанушы, ғалым Ерлан Сыдықовтың «Шәкәрім және Алашорда», «Алаш қаласының тарихы» атты кітаптарынан оқып білуге болады.

Мысалы, бұл зерттеулерде архивтік құжаттардың негізінде сол кездегі Алашорда үкіметі мен облыстық қазақ комитеті, Земство басқармалры кеңселерінің, «Сарыарқа» газеті және «Абай» журналы редакцияларының Семейдің Алаш қаласы бөлігіндегі Абдрахман Жүсіпов, Қаражан Үкібаев, Александр Ерыкалов тәрізді Алашорда үкіметі тілегінде болған дәулетті азаматтардың үйлерінде орналасқаны туралы деректер берілген.

Бүгінде Семей қаласындағы қазіргі заман тарихының құжаттама орталығы қорында сонау 1916 жылы сызылып жасалған Алаш қаласының бас жоспары сақталғанын айтып өткен жөн. Әрине, мұндай құнды деректер Алаш қаласы тарихына байланысты танымды барынша кеңейтіп, тереңдете түсетіні сөзсіз. Осы орайда Алаш қозғалысы үшін маңызды Семейдегі бірқатар тарихи орындар туралы айтып өткен жөн.

1917 жылдың күз айында Томск қаласында өткен Сібір автономисттерінің съезіне қатысып қайтқан Алихан Бөкейханов пен Әлімхан Ермековты Семей жұртшылығы алдымен бұрынғы облыс губернаторының үйі, қазіргі Семей тарихи-өлкетану мұражайы ғимаратында құшақ жая қарсы алады. Ол уақытта бұл ғимарат «бостандық үйі» болып аталған екен. Алаштың ақиық ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Сарыарқа» газетіндегі «Әлиханның Семейге келуі» атты мақаласында алаш көсемін алғашқы күні кара халық Бостандық үйінде қарсы алып, ұлт зиялылары Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозыбағаров, Шынжы Мұсатаев, Мәннан Тұрғанбаев, Имам Әләбеков және тағы басқалары барша қазақты бостандық, теңдік алумен құттықтағанын, ал келесі күні Әлихан Бөкейхановтың пароммен Ертістен өтіп Алаш қаласының жұртшылығымен үлкен жиын өткізгенін әңгімелеп жазады.

1917 жылдың сәуір айында Бостандық үйі деп аталатын бұл ғимаратта Семей қазақтарының тұңғыш облыстық съезі өтеді. Онда Қазақ автономиясы туралы мәселе алғаш рет көтеріліп, ұлттық мемлекетімізді құру жөнінде қабылданды. Міне, осы жиында ғұлама ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы съезд делеганттарын құттықтап, сөз сөйлейді. Ол турасында Сұлтанмахмет Торайғыров «Таныстыр» поэмасында:

Семейдің съезінде байқадық қой,  
Екенін қарт кемеңгер һәм терең ой  
Оқығандар болмаса жай қазақтан  
Онан басқа кім шықты көрсетіп бой, – деп айтады.

1917–1918 жылдары Бостандық үйінде Семей облыстық Земство басқармасы орналасты. Осы жылдары оның жұмысына

Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков алма кезек басшылық етеді.

Ал, Семей уездік Земство басқармаларының кеңсесі Алаш қаласындағы Семейдің атақты бай саудагері Қаражан Үкібаевтың үйінде орналасып, жұмыс жасады. Мәселен, 1918 жылдың 12 қаңтарындағы Ахметжан Қозыбағаровтың басқарған Семей уездік Земство басқармасының Алаш мектептері комиссиясының мүшелеріне ресми қағазында:

«Отдел народного образования просит т.т. членов комиссии пожаловать на заседание, назначенные на 14 марта с.г. (четверг) в помещении земской управы – г. Алаш, дом Укубаева, к пяти часам вечера» деп көрсетілген, Жалпы, Семейдің көнекөз қарттары осы Алашорда үкіметінің белсенді жақтасы Қаражан Үкібаевтың бір үйі қазіргі Семей топграфиялық колледжі аумағында, шамамен Кешірім Бозтаев атындағы көшенің тұсында орналасқан, ал енді келесі бір үйі «Океан» базары маңында болғанын айтады.

Шынында 1916 жылғы Алаш қаласының бас жоспарынан қазіргі К. Бозтаев көшесі орнында ертеректе Алашорда көшесі болғаны белгіленіп көрсетілген. Демек, Алашорда көшесінің атауы осы Қаражан Үкібаевтың жаңағы үйлерінде орналасқан Алашорда үкіметінің міселен Алаш қалалық қоғамдық басқармасы жіне Алаш қалалық Думасы, Семей уездік Земство басқармасы тәрізді тағы басқа басқару органдары кеңселеріне байланысты қойылмады емес пе екен? Бұл арада Ахат Шәкәрімұлының «Менің әкем халық ұлы-Шәкәрім» естелігінде Алашорда үкіметінің кеңсесі Абдрахман Жүсіпов деген байдың «Океан» базары аумағында өзіне арнап салдырған он бөлмелі үйінде орналасқаны архивтік құжаттармен айғақталып отыр. Абдрахман Жүсіпов те кезінде Қаражан Үкібаев секілді өз үйін Алашорда үкіметіне ыйға берген көрінеді.

1918–1920 жылдары Әлихан Бөкейханов басқарған Алашорда үкіметінің бас кеңсесі осы Абдрахман байдың үйінде орналасты. Сондай-ақ мұнда «Сарыарқа» газетінің редакциясы мен «Жәрдем» баспаханасы да қоныс теуіп, онда Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасов, Имам Әлімбеков, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шынжы Керейбаевтар жұмыс істеген. Ал енді кеңес үкіметі жылдары бұл ғимаратта педагог ағартушы Мәннан Тұрғанбаевтың редакциялаынан «Қазақ тілі» (қазіргі «Семей таңы») газеті, сондай-ақ Семей облыстық Жазушылар одағының төрағасы, ақын қаламгер Тұрлыхан Қасеновтың басқаруымен «Еңбек» журналы шығып тұрды. Алайда бұл ғимарат кейінде «Қазақстан» қонақ үйі, одан

соң ресторан ретінде пайдаланылды. Семей губерниялық атқару комитетінде әр жылдары қызметте болған Смағұл Садуақасов, Әбілқайыр Досов, Рақым Уалиахметов сынды тағы басқадай Алаш арыстары осы «Қазақстан» қонақ үйінде уақытша тұры қызмет еткен. Өкінішке орай бұл ғимарат қазір жоқ. 1970 жылдарының аяғына қарай «Океан» базары аумағында көп қабатты үйлер салынғанда бұзылып тасталған. Бір кезде Алашорда үкіметі және Семей уездік Земтвосының кеңселері болған Абдрахман Жүсіпов пен Қаражан Үкібаевтың үйлері қазіргі «Океан» базары аумағындағы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің ескерткішіне таяу жерде орналасқанын ерекше атап айта кетуіміз керек.

Осы «Океан» базары сыртындағы Колхозна көшесінде бұрындары «Химчистка» кеңсесі орналасқан екі қабатты ғимарат сол кездегі Семейдегі Александр Ерыкалов деген атақты бай көпестің үйі болған. 1918 жылы мұнда Алаш атты әскер полкінің әскери штабы мен әскери үйін Алашорда үкіметінің басқару органдары Семей уездік Земство басқармасы және түрлі әскери ұйымдар өз қажетіне қарай жиі пайдаланып отырғанын мына мұрағат құжаты нақтылай түседі. 1919 жылдың 25 наурызында Семей уездік әскер бастығына А. Қозыбағаровтың қол қоюымен Семей уездік әскер бастығына жіберілген құжатта:

«На 1-го апреля с/г созывается чрезвычайное Уездное Земское Собрание приблизительно в составе до 60 человек с представителями от волостей

Для занятия Собрания в таком количестве присутствующих, помещение занимаемое Управой слишком тесное, других же частных и общественных зданий с обширной вместительностью в городе не имеется.

В виду изложенного Уездная Земская управа просить вас отвести 2 большие комнаты в Заречно-Слободском высшем Земском училище, помещающимся в доме Ерыкалова, находящимся на угле АлашОрдинской улице и Заречно-Слободской базарной площади, занятом в настоящее время под квартиру военнопленных офицеров славян, с тем чтобы воен, офицеров на время заседания, которое продлится дней семь, в других трех комнатах, того же здания»- деген деректер кездеседі.

Ал оған Семей уездік әскер бастығы:

«Для сведения вашего сообщаю, что отвод комнат в доме Ерыкалова, занятым военнопленными офицерами, под заседания УЗ собрания предоставляется возможным» деп жауап қайтарған.

Алаш тілегіндегі Александр Ерыкаловқа келсек, ол Алаш қалалық қоғамдық басқармасын басқарған. Және де өзі өте бай адам болған. Алаш қаласында ондаған сауда дүкендері мен жүк қоймалары, мал соятын қасапханалары, тері және жүн өңдеу кәсіпорындары жұмыс істеген. Семейлік өлкетанушы В. Кашляк «Семипалатинск: их именами названы...» кітабында Александр Ерыкалов «шоқынған қазақ» дейді.

2008 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен елімізде Алаш қозғалысының 90 жылдық мерейтойы аталып өткені белгілі. Осыған орай республикамыздың Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Орал, Жымпиты тәрізді қалаларында үлкен салтанатты жиындар өткізіліп, Алаш арыстарына арналған ескерткіштер ашылды. Өз кезегінде Семей қаласында «Алаш идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы, тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми практикалық конференция өткізілді. Ең бастысы сол кезде мемлекет қаржысына Алашорда үкіметінің, соның ішінде Шығыс және Батыс Алашорда үкіметтерінің орталықтары Семей және Жымпиты қалаларында Алаш арыстарына арналып алып ескерткіш монументтер орнатылғаны туралы айтылған болатын.

Ал енді Семейде салынатын сол болашақ ескерткіште Алаштың алғашқы алғашқы құрбаны болған Алашорда милициясының 22 жасар командирі Қазы Нұрмұхамедұлының мүсіні бейнеленеді деген мәселе көтерілген еді. Бұл қанды оқиға негізінен 1918 жылдың көктемінде қазіргі «Семей» қонақ үйіне қарама қарсы «Женіс» гүлзарлары орналасқан жерде болды. Кейбірреулер оны Алаш қаласында болды деген пікір айтады. Қалай десек те бұл Омбыдан келген қызылдар командирі Звездов басқарған қарулы отряды Семейде большевиктер үкіметін орнатумен байланысты болатын қайғылы оқиға. Алашорда бұл уақытта ақ гвардияшылдардың офицерлерінің көмегімен Алаш милициясын соғыс өнеріне үйретіп жатқан. Осы арада сол сәтте өтіп бара жатқан қызылдардың атты әскерінің бірі винтовкамен оқ атып, содан Қазы Нұрмұхамедұлы қаза болды. Алаш милициясының бастығының қазасын байланысты Алаш қаласында митинг өткізілді.

Алашорда ақсақалы Шәкәрімнен бастап Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсекөв, Мұстақым Малдыбаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды тағы басқа ұлт зиялыларының қайғырып сөз сөйлегені туралы «Қазақ» газетінің 1918 жылғы санындағы «Алаш құрбаны» атты мақалада жан жақты айтылады

Онда ғұлама ақын Шәкәрім: «Әлеумет, мынау жатқан кім білесіңдер ме? Бір ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш



азаматының тұңғышы. Мұны өлді демендер. Бұл күні һәм мұнан соңғы «ұлтым» деген азаматтар мында мен сияқты болып «ұлтым» деңдер деп, өзінің ұлтшылдығына сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұм болған Қазы-би деген сөз Қазы билігін айтып кетті. Қарағым, Қазы, өліміне өкінбе! Арманың жоқ! Құдайдың алдында да халықтың алдында орның бөлек.

Оқығандар, жастар! Мынау жолдастарыңды ұмыта көрмендер. Мұның үй ішіндегі міндеттері сендердің мойындарыңда! Бір кішкентай көзінің қарашығы қалыпты. Соны тәрбиелеп өадам қылу – бәріннің, барша Алаштың мойнында парыз һәм өздерің де бұл оқиғаға қажымаңдар. Құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне енді ғана көзім жетті. Алпыс жасқа келгенде мқндай қлт үшін құрбан болатын азаматты көремін деген үмітім жоқ еді. Көрдім, енді бүгін өлсем де арманым жоқ. Қарағым, Қазыжан, қадірінді біліп құрметтей алмасақ, кешу қыл. Хош, қабірің нұрлы болсын! «-деген еді.

Ерлік-елге мұра, ұрпаққа-өнеге. Енді қазір араға бір ғасыр уақыт салып., халқы үшін құрбан болған сол Алаш арыстарына арнайы ескерткіш салу іртідеп жүзеге асып жатыр. Тәуелсіз мемлекет болып жариялануымызға жасалған маңызды алғашқы қадамдар бастау алатын Семей шаһарының тарихта алатын орны ерекше. Міне, қаламызды Қазақстанның рухани астанасы деп атауға толық негіз бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай энциклопедиясы. – Алматы: «Атамұра», 1995 ж., 210 б.
- 2 Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995 ж., 70-213 б
- 3 Абай, № 11, 1918 жыл. Әуезов М. Ұлт мектебі жайында.
- 4 Семипалатинский ЦДНИ. Фонд-415, опись-02, дело- 643.
- 5 Сарыарқа, № 28, 1919 жыл. Шағын хабар.
- 6 Семей қаласындағы Қазіргі заман тарихы құжаттама орталығы. 97-қор, 01-тізбе, 117-іс және 415-қор, 02- тізбе, 643-іс.
- 7 Семей қаласындағы Қазіргі заман тарихы құжаттама орталығы. 185-қор, 01-тізбе, 04 және 07-істер.

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН ХРЕСТОМАТИЯ КІТАБЫ

КАЛПЕЕВА Р. Н.

II сынып оқушысы, Абай ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы  
ӘБДІХАЛЫҚ Р. Ж.

Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі,  
Абай ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Заманына қарай түлкісі демекші, бұл біз сүріп жатқан жаһандану заманында ештеңкеден де қалыс қалып қойуға болмайды. Қазір ХХІ ғасыр сандық технологиялардың заманы десек еш қателеспеген болар едік. Осы орайда қазіргі кей жастарымыз заман талабына сай болу сөзін көп шатастырып жатады. Заман талабына сай болу дегеніміз, ол қанша жерден дамып жатсаңда, түрлі технологиялар болса да, электронды кітап шықсада өзіңнің төл тарихыңды, салт-дәстүріңді дәріптеудің ұмытпаудың, осы заман болсын, мейлі келесі заман болсын ұлттық сана сезімді патриот екеніңді дәлелдей білуің міне осылар сенің заман талабына сай екеніңді көрсететін бірден – бір ерекше қасиет дегім келеді.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларының білімі қалай болуда деген ой пікірлер өріп жүр. Мектептегі оқулықтың жағдайы, ондағы мәліметтер тағысын тағы бар. Қазіргі мекетеп оқушылары Қазақстан тарихын қалай оқып жатыр? Олардың назары осы тарих беттеріне өз назарларын аудару үшін қандай іс-әрекеттер жасауымыз керек? дегенде ойлар бізді көптен бері ойландырып келді. ХХІ ғасыр оқушылары неге кітап оқудан жалтақтайды, неге өз тарихымызды оқымайды? деген сан пікірлерде ел ішінде айтылып жүр. Сол себепті де енді орта буынға жаңа ғана аяқ басқан 5-сынып оқушыларын бірден тарихқа деген махабатын оятсақ, осы кезден бастап оқушы санасында тарих іргетастарын қаласақ өте жақсы болар еді.

Қазір заман адам танымастай болып өзгеріп жатыр. Осы орайда жаңартылған білім жүйесіне, оның ішінде Қазақстан тарихының хрестоматиясына өзгерістер енгізгіміз келеді. Мектеп жасындағы ортаңғы буын оқушылары 1 жарым беттік немесе 3-4 беттік тақырыпты оқығылары келмейді, оқыса да естерінде қалуы екі талай. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз бағдарламасында «Рухани жаңғыруда», «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында көрсеткендей біз ертеңгі жас ұрпақ осы жоғарыда айтылғандарды толықтай жадымызда сақтап, қазақ жеріндегі ата – бабаларымызды білуіміз, ол біздің міндетіміз деп қарастыруымыз керек. Осы күндері барша Қазақстандықтарды өзіміздің тарихымызды, қайта жаңғыртуымызға

дәріптеуімізге мүмкіндіктер ашылып отыр, неге біз өз тарихымыздан бас тартпауымыз керек, осының барлығын мектеп оқушыларына түсіндіріп, тарих беттерін мақтанышпен сүйсіне оқитындай етіп жағдай жасауымыз керек. Сонда ғана біз жас мемлекетіміздің, жас ұрпақтарымыздың төл тарихымызды бойларына сіңіріп, мақтанышпен айтуларын біздің борышымыз деген жағдай қалыптастырғымыз келеді.

Қазақстан тарихы хрестоматиясының жаңа үлгісімен таныстыру.

Мақсатты орындау барысында мынадай міндеттер қойылады.

– Оқушылар жаңа оқулық арқылы тақырыпты тез ұғып ала алатындығын дәлелдеу.

– Көрсетілетін суреттер арқылы кітапқа деген сүйіспеншіліктерін көрсету.

– Кітап ішіндегі түрлі деңгейдегі тапсырмалар оқушылардың ой-өрісін дамыту.

– Қойылған міндеттің шешу әдістері:

Барлық Қазақстандық өз тарихымызды білу керек дейміз, бірақ толып жатқан сандар, жылдар, қазіргі мектеп оқушылары амалсыздан ашатын тарих беттері күннен күнге нашарлап бара жатқан секілді. Сондықтан да біздер жаңартылған білім жүйесіне қарай бет бұрып, жаңа бір Қазақстан тарихынан хрестоматия кітабын шығаруды қолға алсақ дейміз.

Онда «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы туған жерге тағызым, патриоттық сезім, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы 7 бағыты: Атқа міну мәдениеті, Ұлы даладағы ежелгі металлургия, Аң стилі, Алтын адам, Түркі әлемінің бесігі, Ұлы жібек жолы, Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны, осыларды неге 4 тоқсанға бөліп салмасқа. Елбасымыздың өзі тарихты қайта жаңғырту керек, оған бір серпіліс береміз деген кезде, неге енді осы жобаларды мектептегі тарих беттеріне хрестоматиямызға қоспасқа. Жаңа хрестоматия кітабында тікелей Қазақстан тарихы кітабымен тұспа тұс келіп отырса, хрестоматия кітабына қазіргі оқыту жүйесіндегі түрлі-түрлі стратегиялар арқылы дайын тапсырма ретінде берілсе, оқушыға да жақсы мұғалімге де жақсы болар еді. Сонда біздер біріншіден Елбасымыздың жоспарын орындаған болсақ, екіншіден мектеп оқушыларына тарихты жақсы оқуларына бірден – бір септігімізді тигізер едік. Саналы ұрпақты қаласақ, оны бүгіннен басатауымыз керек. Қазір бар әлемді түрлі түсті әлеуметтік желі жаулап алды, ондағы дизайн, суреттер тағысын тағы бар, жаңа хрестоматия кітабына түрлі түсті тарих суреттерін салсақ,

оқушылар қызығып, мақтанышпен оқитын хрестоматия кітабын шығарғымыз келеді.

Бұл жобаның ең алғашқы бастауының жалпы Қазақстанға хрестоматия кітабын әкелген «Қазақ хрестоматиясының» авторы Ыбырай Алтынсарин атамыздан бастау алу жөн көрдік. Себебі қазақ халқында ең алғаш рет ағартушылық жолында және ұлттық мектептің негізін қалыптастыруда ойып тұрып алар із қалдырды.

Дана халқымыздың руханиятында дала қоңырауы атанған ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен ұлт үшін еткен еңбегі, артына қалдырған өшпес мұралары хақында сақталған деректер мен зерттеулердің біразы ағартушының өз қаламынан шықса, енді бір қатары – замандастары мен дос-жарандарының естеліктері мен Ыбырайтанушы ғалымдардың зерттеу еңбектері.

Қазан төңкерісіне дейін ұлы ағартушының ғұмыры мен ұстаздық шығармашылығы жайлы көп айтыла қоймағанын байқаймыз. Дегенмен де, Ыбырайдың ұстаздық, ағартушылық, ғалымдық, қайраткерлік қызметі мен азаматтық келбетін танытатын біраз деректер сақталған. Олар: әр түрлі мазмұндағы іс қағаздары, Я. П. Яковлевтің, Н. И. Ильминскийдің хаттары мен естеліктері, А. Алекторовтың мақалалары, «Қазақ хрестоматиясының» баспадан шығуына байланысты 1879 жылы Орынборда 2000 – дана болып орыс қарпі негізінде «Қазақ (қырғыз) хрестоматиясы» басылып шығады. Осыған байланысты «Оренбургский листок» газетінде таныстыру және бағалау мақсатындағы арнайы мақала жарияланып, оқулыққа үлкен баға береді: «...Біз дарындылық қасиеттермен көзге түсіп бүкіл адамдық өмір майданында ақындық қабылеттің, таза және қуатты ойлардың таусылмас қорымен көрінген халықтық әдебиетіне негіз болуға мүмкіндігі бар қазақ тіліндегі бірінші кітапты шығару абыройының біздің баспаның үлесіне тиген қуанышын жасыра алмаймыз. Бұл жолдар білім берудің жаңа бір тынысын ашқан [1, 40].

«Қазақ (қырғыз) хрестоматиясының» жасалуы, жарыққа шығуы қазақ даласында қаншалықты жаңалық, қаншалықты бетбұрыс әкелгендігін аңғартады. Осы тұрғыда кешегі «Қазақ хрестоматиясының» алтын білім ұясының, алтын көпірінің ХХІ ғасырдағы орны қандай деген сұрақ көбісін алаңдатпай қоймауы мүмкін емес.

Хрестоматия сөзі-әдеби – көркем немесе ғылыми кең тараған шығармалардан (немесе олардан үзіндісінен) тұратын, мектептің белгілі бір түрінің оқу пәндерінің мәселесіне пайдаланылатын оқу кітабы. Бірінші рет хрестоматия термині қазіргі дәуірдің IV

ғасырында грек грамматигі Элладамен грек жазушыларының шығармаларының таңдамалы жерлерінен тұратын өзінің жинағында қолданылған. Кіші және орта жастағы оқушыларға арналған хрестоматиялар мәтіндер (үзінділер) сұрақтар және тапсырмалармен жазылады. Хрестоматия бір тарауына немесе үзінділеріне кішігірім кіріспе мақалалар жазылады. Кейбір пәндер бойынша (мысалы жаңа тарих) хрестоматия оқуға арналған кітап ретінде пайдаланады. Көбісі ойлайды осы хрестоматияның керегі не деп? Бұл Қазақстан тарихы пәніне немесе басқа да пәндерге арналған қосымша құрал. Ендеше осындай керемет кітап неге бұл күндері өз абыройын түсіріп отыр? Осы орайда біз 4 сыныптан 5 сыныпқа аяқ басқанда оқушылардың кейбір пәндерден алшақ жүргілері келетіндігін байқаймыз. Дәл осы кезеңде осы бір қазақ жеріндегі алғашқы адамдардың 1 миллион 800 мың жылғы тарихы, біздің қазақ хандығының 554 жылдық тарихы бар міне осылардың барлығын оқу керісінше қызық емес пе? IT технология, смарт ұялы телефондар, жаркыраған түрлі түсті әлеуметтік желі, баланың ойын жаулап алған.

Мектеп қабырғасындағы оқушылардың жастайынан саналы өсуі, білімін алып отырған кітаптарға да байланысты. Зерттеу мақсатында мектеп оқушыларының қазіргі таңдағы оқулықтарды түрлі түсті, кітап ішіндегі суреттердің көп болуын, сонымен қатар шағын мәліметтердің болуын қалайтындығына көзіміз жетті. Қазақстан тарихы мен Қазақстан тарихы хрестоматиясын салыстыра келе, қазіргі 5- сынып оқып жатқан Қазақстан тарихы, оған қосымша Қазақстан тарихынан хрестоматия кітабына, заман талабына сай, жас ұрпақтың сұранысы бойынша, Қазақстан тарихынан хрестоматия шығару біздің жобамыздың мақсаты болып табылады. Сонымен қоса қазіргі таңда оқушылардың кітапханаға баруы, кітаптарды оқуы сиреп кетті десек те болады. Басылып, баспалардан шығып жатқан оқулықтар өте көп, бірақта сол бір кітаптарға халық арасында, жастар арасында сұраныстар қаншалықты деңгейде өсіп жатыр, немесе қаншалықты нашарлауда деген сауалдарды жиі жиі кездестіреміз. Бұл қазіргі кездегі оқулықтың көп оқылмауы, оқушыларымыздың қызығушылықтарының болмауы, бұл қоғамның қазіргі таңдағы үлкен бір мәселесі. Өздеріңіз ойлаңыздаршы, Абай атамызды оқыса, Шәкәрім атамызды оқыса, «Мен жастарға сенемін» деген Мағжан атамызды оқыса, сонда қазіргідей қоғамда, ақ пенен қараны айыра алмайтын, нені дұрыс нені бұрысын білмеген жас ұрпақ болмаушы еді. Кешегі ата-бабаларымыз осындай киелі, бай, әлем бойынша жер көлемі жағынан 9 орында тұрған мемлекетті

қасық қандары қалғанша алыспай беріспей сақтап, біздерге аманат етіп қалдырғандарын қаншалықты біледі? Міне осы орайда осы тарих кітабы, мектеп кезінен оқушының бар ынтасымен оқуын, мақтанып айта алатын, тарих жайында ірге тасын қалауымыз керек. Мектептегі оқулықтарда да мәліметтің көп болғаны соншалық, оқушының оқуға деген құштарлығын туғызбайды. Одан қалса әр кітапта әр түрлі мәліметтер беріледі. Неге осы барлық мектептегі оқулықтардың мәліметтерін жинап зерттеп, нақты-нақты мәліметтер бермеске. Міне сонда ғана біздер бәсекеге қабылетті елдердің де қатарынан табылушы едік. Қазақта ел боламын десен, бесігіңді түзе дейді, сондықтан қазірден бастап оқылып жатқан мектептегі кітаптарға назар аударып, оқушы қызығып оқитындай атмосфера жасауымыз керек.

Бұл кітаптың міндеті, оқушылар 5 сынып Қазақстан тарихы кітабын оқып отырып түсініксіз болып жатқан тақырыпта, жаңа хрестоматияны оқып тез түсініп алуына, оқушының қызығушылығын оятуға әкеліп соғар еді. Осы қазіргі оқылып жүрген Қазақстан тарихы хрестоматия кітабын алып қарасақ С. А. Нефедов. Ежелгі әлем тарихы. Владос, 1996 жыл, 43–49 беттерінде былай делінеді «Шығыс Африканың саванна мен джунглилерін ағашқа ешқандай қиындықсыз өрмелей алатын және жерде екі аяғымен жүретін адамдардың арғы тегі австралопитектер мекендеген. Олар аласа бойлы, мығым, қалың түкті терісінің түсі кара және жақ сүйегі ірі болған. Австралопитектер басқа аңдарға қауіп төндіретін қару – шокпар ұстаған, шокпардың соққысы арыстанның күшінен кем болмаған. Шокпар маймыл тектестердің жануарлар әлеміне үстемдік ету жолындағы алғашқы құралы еді. Одан соң саваннаға билік етуге мүкіндік берген найза мен от пайда болды. Алғашқы адамдар шокпар мен оттарын сілтеп, қорыққаннан есі шыққан бөкендерді тік жарға айдап салып, мерткікен аңдарды мерген аңшылардың алдына қуалап апарған. Аңды ұстағаннан кейін от жағып, отқа тұтас етті пісіріп, қолдарымен жұлып жүрген. Қарындары тойған соң, үңгірлеріне кіріп, келесі күнгі аңшылыққа дейін ұйқыға кеткен.

Осылайша жылдан жылға, ғасырдан ғасырға созыла берді. Климат өзгерді, солтүстіктен мұздықтар көшіп, қоршаған орта өзгеріске ұшырады, адам тектес маймылдар да өзгерді: олардың қолдары қысқарып, жақтары кішірейді, бастарының өлшемі ұлғайды. Австралопитектердің питекантроптар, ал питекантроптарды неандертальдар ауыстырады, алайда олардың ешқайсысы әлі де нағыз адамдарға ұқсамады. Олардың сүйектері үлкен және өздері қайратты келді, көздерінің астыбілеуленіп тұрды. Алайда тері жамылуды үйренсе

де маймылдық дағдысында қала берді. Оларды таңғажайып жағдай ғана адамға айналдырды. Саваннаның үстінде күн күлімдеп тұрды, ағаштар да көктеді, көкжиектегі таудың шыңы да көрінді. Жазықта аңшылар бұрынғысынша қаумалап аңға шықты. Алайда енді мұнда маймылтекестер емес, қалыптасқан алғашқы адамдар жүрді. Олардың қолдарына тастан жасалған балта мен шокпарлар ұстады, маймылға мүлде ұқсамайтын биік те сымбатты еді, сөйлей де алды.

Қарап отырсаңыз әр ғалымның өзінің тұжырымдары бар осы әртүрлі тұжырымдар неге мектеп оқулықтарында кездесу керек? Неге осы мектеп оқулықтарына нақты нақты мәліметтер берілмесе. Бірақ қазіргі жастардың қандай кітапты қалайтындарын да білу маңызды. Себебі сол кітапты оқитын да ертеңгі болашақ жастар. Ғалымдар осы мектеп жасындағы оқушылармен пікір алмасса, олардың ойларын тыңдаса, және сол бағыт сол жүйе бойынша жұмыс жасаса, әрине онда қазіргі оқулықтардың жағдайы мұндай болмас еді.

5 сынып Қазақстан тарихы хрестоматиясын алып қарайтын болсақ тек қана жазу, оқушының назарын бірден өзіне аударады деп айта алмаймыз. Көркемсуретті Қазақстан тарихын алып қарасақ, оқушының бірден көзі ең алғашқы адамдарға түсетіні анық. Суреттерге қарай отырып та, астындағы мәліметтерге назар аударады. Және б.з.б қанша мың жылдықта қандай адам өмір сүрді ол қалай бейнеленген, осының барлығы оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Бірақ мұндада назар аударатын дүние бар мәлімет өте тым көп. Біздің де айтпағымыз осы оқушылар қазір алғаш кітап бетін ашқаннан соң көп мәліметтерді оқып, қызығушылықтарын жоғалтып алмайды ма деп, көп ойлаймыз.

Еңбек құралы және алғашқы өнер туындыларында былай делінеді. Адамдар кейбір таяқ пен тастардың пішіні басқаларына қарағанда ыңғайлы екеніне көздері жетіп пайдалану үшін сақтап қойды. Олар қолайлы таяқ пен тасты қару ретінде қолданған. Таяқтар бүгінгі күнге дейін жетпеді, бірақ кейбір тастар сақталды. Олар қандай да бір іске бірнеше рет пайдаланылған өзектастар табылған. Тастың пішінін құралға келтіру үшін жонып тегістеген. Бұл алғашқы өнер туындысы, біз сол арқылы адамның тас дәуіріндегі дамуы барысын білеміз.

Палеолит дәуірі өнерінің ең жарқын үлгілері – Испанияның солтүстігіндегі Альтамира үңгірінен табылды. Үңгір қабырғасына жаралы бизон, тағы басқа аңдардың суреттері қашап салынған. Жерге сұлап түсіп, денесін көтеруге шамасы жоқ, басы қорған іздегендей салбырап кеткен жаралы жануарлар бейнеленген [2, 61].

Жоғарыда керемет мәлімет айтылды, алғашқы адамдардың еңбек құралы, үңгірдегі сурет бәрі-бәрі қызықты. Егерде осы жерде де түрлі түсті сурет, сол үңгірлердің суреті, сол кездерден табылған еңбек құралдарының суреттері, тастан қашап жасалған қарудың түрлері сурет күйінде берілсе, мәліметтерді шағын қызықты етіп жазса, қандай оқушы қызықпай оқымайды дейсіз.

Әрбір зерттелген жұмыстардың орындары, табылған еңбек құралдары, тұрған баспаналары және тағы басқалары осы кітап бетіне салынып отырса, сонда оқушылар расымен де мұндай болыпты ғой деп, көз алдарына елестетіп, сол кезде өз ойларымен де бөлісетін еді.

Біздің жұмысымыздың мақсаты қазіргі мектеп оқушыларын әлеуметтік желіден ғана оқып көре салатын емес, өзіміздің жасағалы отырған хрестоматия кітабының ішінен оқып жатса, онда ертеңгі ұрпақтың дұрыс білім-ілімін қалыптастыратын тұлға дайындау. Сол себепті де біздер бұл хрестоматия кітабына елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, «Ұлы даланың жеті қырын» кітапқа енгізу жоспарланып отыр.

Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз.

Міне елбасымыздың өзі ұлы тарихымызды қолдап, қазіргі жастарға, келешек ұрпаққа деген бір ұлы жол салып жатыр, сол жолды барлығымыз бір жеңнен қол бір жағадан бас шығаруымыз керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ы. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы «Рауан» 1991.

2 Б. Е. Көмеков, Т. С. Жұмағанбетов, К. С. Игілікова: Қазақстан тарихы хрестоматиясы «Атамұра энциклопедиясы» ЖШС-нің Полиграфия комбинатында басылды, Алматы қ. М. Мақатаев к, 41-үй, 050002, [2017 жыл 61 бет].

3 Егемен Қазақстан газеті 21.11.2018 жыл.

## ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ АТҚА МІНГЕН АРУЛАРДЫҢ ӨШПЕС ЕРЛІКТЕРІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

КАЛЫКОВА Д. А.  
7 сынып оқушысы, № 3 Успен ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Успен ауданы, с. Успенка  
САТЫБАЛДИНОВ Е. А.

ғылыми жетекші, тарих магистрі, тарих пәнінің мұғалімі,  
№ 3 Успен ЖОББМ, Павлодар облысы, Успен ауданы, с. Успенка

Қилы-қилы замандарды бастан кешірген қазақ тарихының талай парақтарын артына өшпес із қалдырған әйел-аналар толықтырып жатыр. Қиын-қыстау кезеңдерде қол бастап, тұтас елге басшы бола білген әйел-аналар талай толағайларды дүниеге әкеліп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруды да ұмытқан жоқ. Ерлік істері дәуірден-дәуірге аңыз болып жеткен қазақ қыздары да жетерлік.

Қазақ қызының ұлтжандылығы, намысқойлығы, өткірлігі туралы сонау ықылым заманда-ақ ауыз әдебиетінде аңыз, қисса, жыр-дастан болып ұрпақтан-ұрпаққа беріліп қоймай, ол әлем тарихшыларының да назарынан тыс қалмапты. Ең бастысы, халық жадынан мәңгілік орын алған. Себебі қазіргі жастардың санасы өте төмен.

«Алып анадан туады» дегендей біздің неше түрлі ғұламаларымыз, батырларымыз анадан туған. Әл-Фараби тіпті Фердоусидің өзі осы анадан туды емес пе? Ананың күдіреті өте күшті...

Түркі, оның ішінде қазақ даласында әлемді тандырған абзал аналар мен үкілі қыздар аз болған жоқ. Олардың бірсыпырасы қиын кезеңде ер-азаматтармен бірге қолына қару алып, жауға аттанды. Ақын тілімен айтқанда:

«...Намысты бермеу үшін жатқа қолдан,  
Арулар аз болды ма атқа қонған» [1,130 б.].

**Өзектілігі:** Батыр аналарымыздың есімдерін және олардың ерліктерін білу керек, себебі олардың тарихын бірі білсе, бірі білмейді. Сондықтан бұл қазіргі таңда жастардың негізгі парызы болып табылады.

### Ғылыми жаңалығы:

- Жастарды өз отаның тарихын сүйеге;
- Аналарды қадірлеуге тәрбиелеу және құрметтеу;
- Қазіргі қазақ қыздарына үлгілі болу керек.

Ал қазіргі таңда батырларымыз бен аталарымызды көтеріп жатырмыз ғой, ендеше сол батырлар мен ақындарды туған, ақылымен ел билеген және айбатымен жау қашырған Аналарымыз бен

Апаларымызды - Қазақтың Қыздарының есімдерін келешек ұрпақтың есінде қалдыру мақсатында ұлықтайық. Шыны керек қазіргі жастардан «Қандай батыр аналарды білесін» деген сауалға жастар көбінесе Әлия мен Мәншүк ерліктерін айтып береді. Бірақ Қазақ даласы құрылғанынан бастап ХХІ ғасырға дейін талай қазақтың атқа мінген аруларды тарихын бірі білсе, бірі біле бермейді.

Қабанбай батырдың қызы жоңғарларға атойлап шапқан Назым, батырдың жары, бірнеше шешуші жорықтарда көзге түскен Гауһар, Абылай ханның қызы, талай ақтық шайқастарда ерен ерлік көрсеткен Айтолқын, найман жұртының батыр қызы Жанқай, Бұланбай батырдың жары Айбике, Кенесарының қарындасы, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ғажап ерлік көрсеткен алты ұлдың анасы Бопай. Осылардың ішінде мысалы хан Кененің қарындасы, Әбілқайыр сұлтанның келіні Бопай ханым үлде мен бұлдеге оранып, тыныш отырса да болар еді ғой. Ол үшін оны ешкім кінәламас еді. Бірақ ел еркіндігін жоғары қойыпты. «Оның (Бопайдың) қасында арғынның қызы Алтыншаш пен табынның қызы Ақбөкен де өзі сияқты ерге ердей, серіге серідей жолдас бола білетін қайратты да айбатты қыздар еді», деп жазады қазақ ханымдарының өмірін зерттеп жүрген белгілі жазушы С. Ақтаев.

Сондай-ақ, көне дәуірден жалғасқан осынау ұлы ерліктің дәстүрі Ұлы Отан соғысында да ерекше байқалып, қазақ қыздары керемет қайсарлықтың үлгісін көрсеткені белгілі. Қазақстаннан майданға 5183 қыз-келіншек қатысты. Осы соғыста Орта Азия елдерінің ішінен Кенес Одағының Батыры атағын алған да қазақ қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова болатын.

Сондай-ақ аты-жөндері соңғы кездері ғана айтылып жүрген Рахима Жәнібекова, медициналық қызметтің капитаны Мәриям Сырлыбаева, майдан дәрігері Роза Момынова, радистер – Орынкеш Мысырова, Шәкіра Ботақанова, Бикен Сәдуақасова, Шағила Құсанова, барлаушы Рахима Ералина, капитан Құралай Натулаева, пулеметші Зинат Оңайбаева, мерген Мәлике Токтамысова, медбикелер – Рәзия Ысқақова, Мая Ғабитова сияқты қазақтың қаһарман қыздары қаншама?

Ал Желтоқсан оқиғалары – ұлт тарихында өшпес ізі қалған оқиға. Сол кезді қазір ауызбен айтуға жеңіл болғанмен ақылмен ойлап, саналы түрде терең түсінген адамға оңай емес.

Ал атқа мінген арулардың тарихына тоқталсақ мынадай батыр нәзік жанды есімдеріне тоқталған жөн.

**Домалақ ана.** Бәйдібектің 2-ші әйелі, шын аты Нұрилла (Бибісара). «Диннат мама» (әулие ана) деген атаудан шығарылып, Домалақ ана

есімімен аталып кеткен. Ұлы жүздегі Албан, Суан, Дулат – үш ру Жарықшақтан (Жарықбас) тарайды. Қазақтың бұл іргелі рулары негізінен Алматы, Жамбыл облыстарын мекен етеді – Бәйдібектің Домалақ Анадан тараған ұрпақтары. Домалақ Ананың өзі Қожа руынан, Мақтым ағзам қожаның немересі. Бәйдібек ауылының көші Ташкенттен Қаратауға көшіп бара жатқан жерде Балабөген өзенінің жағасында әулие ана намаз оқып отырған жерінде қайтыс болып, оған сол жазықтықтан кесене тұрғызылған. Домалақ ана кесенесі деп аталады. Қазір Астана қаласында Домалақ ана көшесі бар [5, 200 б.].

**Айғаным** Айғаным Сарғалдаққызы, Шоқан Уәлихановтың әжесі, Уәли сұлтанның кіші әйелі. Патша үкіметі Қазақ еліндегі хандық билікті жойғасын, Уәлиханның барлық мұрасы балалары арасында бөліске түскенде, «Хан Ордасының қызыл ағашы» – Үлкен ұлы Ғұбайдолла ұрпақтарына, ал Сырымбет кіші әйелі – Айғанымнан туған балалардың иелігіне қалады. Уәлихан қаза болғанда Шоқанның әкесі Шыңғыс 10 жаста болған. Ал Ғұбайдолла ұзақ жылдар бойы айдауда жүріп қайтыс болады. Соның салдарынан Уәли әулетінде ел басқару ісі оның жесірі Айғанымның қолына тиді. Айғаным өз заманының алдыңғы қатарлы адамы болды, бірнеше шығыс тілдерін меңгерген. Петербордағы Сібір комитетімен, Ресей патшалығының сыртқы істер министрлігінің Азия департаментімен дипломатиялық хат жазысып тұрды.

Сібір Қазақтарының жарғысы қабылданғаннан кейін, солтүстік Қазақстан өңіріндегі көптеген мәселелердің шешілуіне оның оң ықпалы тиген. Айғанымның жергілікті халық арасындағы ерекше абырой-беделін көрген Патша үкіметі Қазақтарға қатысты мәселелерді шешу ісінде ол кісімен ақылдасып отырған. Бұл хаттар Ресей архивтерінде қазірге дейін сақталған. Александр I патша арнайы бұйрықпен Айғанымның өтініші бойынша Сырымбетте қыстау салдырып берген. Қыстау сыртынан қоршалған, ал қыстаудың ішінде үлкен үйі, мешіті және қонақ үйі, және үлкен бес бөлмелі бала оқытатын меткеп үйі, монша, диірмен, керме және сарайы т.б. болған. Батыс Сібірді тексеруге келген В. Безродный және Б. Куракидермен кездесіп, оларға халықтың мұң мұқтажы туралы жазылған хатты табыс еткен. 12 жасына келгенде Шоқанды да, оның шешесі Зейнептің қарсы болғанына қарамастан, Омбы қаласына оқуға жіберген. Айғаным әжесі Шоқан Уәлихановтың ұлы ғалым, қоғам қайраткері болып қалыптасуына тікелей ықпал еткен адам [2, 300 б.].

**Айтолқын Ару.** Ақтөбе облысындағы Терісбұтақ өзенінің бойында «Айтолқын күмбезі» деп аталатын сәулетті бір белгі бар. Сұр

тастан жымдастыра қаланған ескерткіш күмбез халық ықыласының айғағындай. Халық жадында сақталған аңыз-әңгіме бойынша Айтолқын қалмақтармен болған қанды шайқастарға көп қатысып, солардың бірінде ерлікпен қаза тауыпты дейді. Келесі бір аңыз-әңгімеде Айтолқын Абылай ханның қызы еді деген дерек те айтылады. Айтолқын әкесі Абылай ханмен бірге жорықта жүреді екен дейді.

**Ақбикеш.** Ел жадындағы аңыз-әңгіме бойынша Ақбикеш Кіші жүз алшын елінің батыр қызы еді дейді. Қаратаудың солтүстік өңірін қоныс еткен елге келін болып түскен екен. Ол кездің жаугершілігі көп болса керек. Ақбикеш келін екенмін демей, елдің ер-азаматтарымен тізе қосып, жауға бірге аттанып жүреді. Талай-талай шайқастарға қатысып, жаудан тайсақтамайтын әбжіл қимылдарымен көзге түседі. Күндердің бір күнінде қазақ пен қалмақ арасында қамданып келіп тірескен қанды шайқас болады. Екі жақтан да талай ерді шығындаған осы соғыста Ақбикеш ерлікпен қаза табады. Елі мен жері үшін құрбан болған аруды халқы ардақ тұтып, арулап жерлеп, басына биік мұнара орнатады. Халық ол мұнараны кейін «Ақсүмбе» деп атап кеткен.

**Ақбикеш Ару.** Есім ханның шолғыншы батырларының бірі. 17 ғасырда өмір сүрген. Есім хан жасақтарының Бұхараға, Қашғарға Қалмақ жеріне жорықтарына қатысқан ержүрек қыз. Ол негізінен алыстағы жау жасақтарының орналасқан тұсын дәл болжау арқылы Қазақ жасақтарына көп көмектескен. Аңыз бойынша оның көргіштік және болжағыштық қасиеті ерекше болған екен. Ақбикеш еліне оралған соң, Қаратау өңірінен биік мұнара тұрғызып, сол мұнарадан төңіректі шолып тұратын қарап тұратын болған. Және сол аңыз бойынша Ақбикешті Жоғарлар қапыда қолға түсіріп, өшікненнен оның көздерін ойып алған дейді [2].

**Бопай ханым.** Бопай ханшайым – Абылай ханның немересі, Қасым төренің қызы, Кенесары ханның қарындасы Бопай (Бопы) 1837–1847 жылдардағы Ресей отаршылдығына қарсы жүргізілген көтерілістің көрнекті тұлғасы. Қасым төреден туған Санжар, Есенгелді, Ағатай, Көшек, Кенесары, Наурызбай сияқты алты ұлдың ортасында ерке де еркін өскен Бопай ел ісіне ерте араласып, ақыл-көркімен жұрт аузына ілінген. Төре Әбілқайырдың Сәмеке деген ұлына тұрмысқа шыққан Бопай одан алты перзент көрген. Ағасы Кенесары Ресей отаршыларына қарсы ашық күреске шыққан кезде, яғни 1837 жылы Бопай өзінің қайын жұртын көтеріліске қосылуға үгіттейді. Алайда, қолдау таппаған соң, алты баласын ертіп көтерілісшілерге келіп қосылады. Ел тағдыры сынға түскен шақта Бопай өзінің есейген балаларын жорыққа баулып, жауапты шайқастарға салып отырған.

Бұған Бопайдың он жеті жасар баласы Төреханның (Нұрхан) қанды шайқаста ауыр жараланып, орыстардың қолына түскені айғақ (Е. Бекмаханов. Қазақстан в 20–40 годы XIX века. – Алматы, 1947. 211-бет). Бопай арнайы жасақталған 600 адамнан тұратын қолды бастап, көтерілісшілерді азық-түлікпен, қару-жарақпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуде айырықша қажыр-қайрат көрсеткен. Ол сын сағаттарда қол бастап, қару алып, соғысқа да қатысады, тұтқынға да түседі. Соның бәрінде де ерлік-табандылығымен, ақыл-парасатымен танылып отырған. Кенесары ханның қырғыз жеріндегі ақтық шайқасында Бопай бірге болған. Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданында, Ырғыз бойында Бопай есімімен аталатын ауыл бар. Сол ауылдың іргесіндегі төбешік басындағы бейітте елінің азаттығы үшін арпалысып өткен Бопай-ананың рухы мәңгілікке дамылдап жатыр.

**Гаухар.** Қазақ пен қалмақ арасындағы ұлы сүргін соғыс кезінде (XVIII ғ.) ерлік істерімен ел есінде қалған аяулы арулардың бірі – Гаухар. Ол әйгілі Қаракерей Қабанбай батырдың жан жары, бәсеңтін Малайсары батырдың туған қарындасы. Саны мол, қауып-қатері көп жорық жолдарында Гаухар айырықша табандылық көрсетіп, Қабанбай батырмен тізе қосып талай рет қанды шайқастарға қатысқан. Гаухар қылышын қынапқа салмаған батыр атанған. Қабанбай мен Гаухардың тұла бойы тұңғышы – Назым қыз да ерлік істерімен танылған.

**Айғыз Көшкінбайқызы (1876–1918).** Айғыз – елдегі 1916–18 жылдардағы көтерілістерге және елдегі азамат соғысына қатысқан, Семей облысы Аягөз ауданында туған. Сермопольдегі қорғанысқа қатысып, жаралы жауынгерлерге көмек көрсеткен, тамақ тасыған. Ақ казактардың атаманы Колчактың әскерлері Айғызды азаптап өлтірген. Оның өмірі мен ерлік істері туралы жазушы Қ. Исабаевтың «Айғыз» атты романы бар.

**Бақты (Бақтықыз).** Әкесі әйгілі батыр болған текті жердің қызы екен дейді. Бақты – Алашорда көсемдерінің бірі, азаттық қозғалысының алыбы Мұстафа Шоқайдың әжесі, Торғай датқанын бәйбішесі болып келеді. 19 ғасырдың орта кезінде Бақты қыз әкесімен бірге Түркістанды жаулаушы орыс отаршылдарына қарсы күресіп, жау торабын барлаушылық қызмет атқарған. Оның тапқырлықтары мен жүрек жұтқан батырлығы туралы аңыз-әңгімелер ел арасында көп сақталған.

**Кете Ботагөз.** Оқиға былай өрбіген: 1749 жылы Барак сұлтанның қолынан Әбілқайыр хан қаза табады. Оның орнына тағына баласы Нұралының отыру рәсіміне Әжібай би елдің бас көтерер бар азаматтарын ертіп Орынборға аттанып кетеді. Соны

пайдаланып, Еділ қалмақтары қорғансыз оңашадағы шал-шауқан, бала-шаға, қатын-қалаш қалған бейбіт ауылды тауып алып, қанға бөктіріп, бүкіл малды барымталап айдап кетеді. Бұндай содырлы сойқанды естіген Есет Көкұлының қызы Ботагөз – аз уақытта өз руының жігіттерін «Келбатыр» тутөбеге жиналуға үндеп, ата жауға тойтарыс беруді ұйымдастырады. 150-дей сарбазды бастап барып, оқыста Ойыл өзені бойында қамсыз жатқан қалмақтарға аш бөрідей тиіп, қанға қан, жанға жан алып кек қайтарады. Сол жерде жауын тұтқындап алып келіп, тартып алынған мал-мүлікті еліне қайтарады.

**Сапура (Көктемір) батыр.** Сапураның – 22 жасар жас келіншектің бірінші күйеуін қашқын қалмақтар өлтіріп кетіп, әменгерлікпен қайнысы Жанболатқа қосылады. Ол Досалы сұлтанның ауылымен қоңсы екі мың кісімен Қобда бойында көшіп-қонып жүреді. Ресей патшалығында шаруалар күресін басуға шыққан орыс әскерлеріне қарсы күрестің аңызға айналған қолбасшысы. Әйел басымен қол бастауға қымсынғандай, далада жүретін бір құпия тұлға - «Көктемір» туралы аңыз таратады. Барлық іс-қимылды соның атынан жүргізіп, көзге көрінбейтін күрескер келіншек шайқасқа шығады. Алайда, орыс әскерлері оның әйел екендігі туралы ғана емес, тіпті кім екенін білмейді, «Көктемір» деген атын ғана білетін болған. «Көрінбейтін Көктемір батыр» туралы алып-қашпа әңгімелер тараған [4, 384 б.].

Кейін көтерісшілерден әбден ығыр болып, оған қарсы мәліметтер жинау үшін Орынбор губернаторы Рейнсдорп деген шенеуік Сейітов слабодкасының татарлары жасауыл Ғұбайдулла Адгамов пен Рақымқұл Ибраевты қазақтардың ішіне жансыз етіп жұмсайды. Сонда Сапура «Көктемірдің» атынан бұйрық беріп: «Сендер губернатордың атынан қырғыз (казак) халқы туралы тың тыңдауға келдіңдер. Сіздер ана жақты қиратқансыздар, енді осы жерді бүлдіргілеріңіз келеді, – дегенге бәрін ұйытады.

Орыс дереккөздерінде Пугачев көтерілісі кезінде казак даласындағы «ұстатпайтын ұстын», «көзге көрінбейтін жан» деп аталған Сапура Мөтенқызы да жұмбақ жағдайда өмірден өтеді. Алайда азаттықтың ақ таңы үшін арпалысып, жанын құрбандыққа шалғандардың арқасында армандай бостандық жолы бізге жақындай түсті.

Көктемір Сапура қыз туралы ғалым Н. Бекмаханова «Көрінбейтін адам туралы аңыз» атты зерттеу еңбегін жазған. Көктемір (Сапура) батыр туралы Әбіш Кекілбаев, Аян Нысаналин т.б. жазушылардың мақалалары жарық көрген [4, 385 б.].

Осыған орай Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткерлері қол үзіп қалған немесе есімдері ұмытылып кеткен ел мақтанштарының есімін анықтап, қалпына келтіруге бағытталған зерттеулерді жүргізу маңыздылығын атап өтті.

«Қазақ хандығының 550 жылдығы ол қазақ даласындағы әйел затының біздің мемлекеттігіміздің қалыптасуында атқарған ролін түсіну болып табылады. Егер біздің салт дәстүріміз генетикалық ақпараттық кодымыз болса, онда ол кодты алып жүрушілер әйелдер қауымы. Қазақ хандығының тарихында жау жүрек жауынгер болған әйелдер, әділін айта білген қазылар мен хандарымыздың данышпан кеңесшілері қатарында әйел баласы болған.

Ұлты мен ұрпағы үшін қан майданда да қайсарлық танытып, иманды ісімен халқының қадір-қасиетін иеленген батыр қыздарымыздың ерлік рухы ел тарихымен бірге қайнап, бірге жасай берсе екен.

Осындай аты аталған азаматшаларға қарап бүгіннің қыздарында қазақ қызына тән батырлықты, салиқалы, салмақтылықты, сұлу жан болып бой түзесе деген ойымызды да жасырмаймыз.

Қазақ қыздары деген уақытта мақтаншпен еске алатын Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Хиуаз Доспанова сынды батыр тұлғаларымыздың қай-қайсысы да өз алдына бөлек тарих. Олар салған іздің өшпей, ұрпақтан-ұрпаққа ұлы аманат ретінде жалғасып келе жатқаны да сондықтан. Қазақ әйелдерінен жеткен тағылымды тарихтың бір парасы осындай...

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Жеті Қазына» С. Кенжеахметұлы 2 бөлім Алматы қ. «Ана тілі» 2007 ж.
- 2 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. «Қазақстан» Алматы қ. 2010 ж.
- 3 «Сең білесің бе?» Энциклопедиясы. Райымбеков Қ. Ж., Байғабылова Қ. Т. Алматы қ. «Аруана» баспасы – 700 б.
- 4 Балалар энциклопедиясы 6 бөлім Алматы қ. «Атамұра» 2008 ж. 535 б.
- 5 «Алаштың ардағы» Астана қ. «Руханият» 2010 ж. 264 б.

#### АБЫРАЛЫ КӨТЕРІЛІСІ – БАБАЛАР ЕРЛІГІ, ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

КЫРЫКБАЕВА Р. А., ТЕМІРБОЛАТОВА Ж. Б.

10 сынып оқушылары,

Мамандандырылған «Зерде» дарынды балалар мектебі, Екібастұз қ.

ТҰРҒАНБАЕВА А. Ө.

тарих пәнінің мұғалімі,

Мамандандырылған «Зерде» дарынды балалар мектебі, Екібастұз қ.

Абыралы көтерілісі 1931 жылы ақпан-наурыз айлар аралағында өткен, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абыралы ауданы шаруаларының Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру, мемлекетке мал тапсыру саясатына қарсы бас көтеруі.

Көтеріліс Абыралы ауданының барлық ауылдарын қамтыды. Ел арасында Абыралы көтерілісін кейде № 6 ауылды мекендеген Қамбар руының атымен «Қамбар» көтерілісі деп те атайды.

1928 жылы 27 тамызда Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Совет Халық Комиссариатының «Ірі бай шаруашылықтардың және жартылай феодалдардың мал-мүліктерін тәркілеу және жер аудару туралы» қаулысы қабылданды. Осы қаулыға сәйкес Қарқаралы округі бойынша 56 қожалық тәркілеуге түсіп, 12702 бас мал тәркіленсе, Семей округінде 66 қожалық тәркіленіп, 9113 бас мал алынды. Осы тәркілеу саясатынан кейін іске асырылған ет дайындау науқандары көтерілістердің басталуына түрткі болды. Абыралы көтерілісінің басталу себебі ет дайындау науқаны кезінде тапсырманың шектен тыс көбейтіліп көрсетілуінен туындады. Бұл пікіріміз дәлелді болу үшін Абыралы аудандық партия комитетінің секретары Маметеков Майманбайдың тергеу процесі кезінде берген жауабына назар аударайық: «После проведения районного съезда советов и принятия преувеличенного плана мясозаготовок в 8745 тонн я поехал в Алма-Ата на Пленум Краевого Комитета партии, который начинал 5 и окончился 8 февраля. В процессе пленума я выяснил, что план нашему району был дан 3379 тонн. Когда треть секретарь Крайкома тов. Рошаль спросил, мы руководствовались принимая такой преувеличенный план мясозаготовка, я ему показал телеграмму Союзмясо с цифрой в 8745 тонн. Тов. Рошаль сейчас же вызвал Управляющего край конторой Союзмясо Надьярных, который сам не пришел, а вместо него пришел какой-то сотрудник Союзмясо, которому тов. Рошаль предложил найти телеграмму с заседанием Абралинскому району. До моего отъезда т.е. 8.ІІ телеграмма не была найдена. Независимо от этого



свода т.е. Абралинской района была послана телеграмма, что план не 8745 тонн, а 3379 тонн. Телеграмма эта в районе была получена 7 февраля, но исправлений по ней не было сделано до 1 марта, хотя имелась полнейшая возможность произвести исправление...». Міне осындай асыра сілтеушілік саясаты мен жіберілген қателіктердің дер кезінде түзетілмеуі аудан халқының көтеріліске шығуына түрткі болды. Мұның өзі 1931 жылы ақпан айының басында Абыралы ауданының № 6 ауылында Кемпірбаев Ысқақ пен Тұрғамбаев Уайда бастаған ауыл азаматтарын совет өкіметінің жүргізіп отырған саясатына ашық наразылық білдіру туралы шешім қабылдауға мәжбүр етті. Көтерілісті басқаратын 11 адамнан тұратын орталық құрылды. 14 ақпанда көтеріліс аудан жеріндегі ауылдарды түгелдей қамтып, көтерілісшілер саны 700 адамға жетті.

Әр ауылда көтерілісшілердің өз штабтары болған. Соның бірі Қамбар ауылының көтерілісшілері штаб мүшелерінің суреті мұрағатта сақталыпты:

1 Ысқақ Кемпірбаев, 32 жаста, көтерілістің басшысы, бірінші қатарда, ортада отыр.

2 Серікбай Қуандықов, 40 жаста.

3 Үбайда Тұрғанбаев, 36 жаста.

4 Тәуекел Жақсыбергенов, 30 жаста.

5 Төлеубек Ақшалақов, 39 жаста.

6 Түсіпбек Жандыбаев, 40 жаста.

7 Абдіқадыр Мақыбаев (Садырбек), 40 жаста.

8 Қауқарбек Балтақов – мұғалім, 27 жаста.

9 Ережеппай Танашев, 40 жаста

10 Сол жақтан екінші қатардағы екінші (Ысқақтың сол жағында) отырған – ту ұстаушы Ахмет Түсіпов.



Жоспар бойынша Абыралы ауданының шаруалары әуелі 8745 тонна, кейін түзетілген есеп бойынша 3379 тонна ет өткізуге тиісті

болды. Бірақ бүкілауданы халқының қолындағы малды түгел өткізген күнде де шаруалар бұл жоспарды орындай алмайтын еді. Олардың басы артық малы осыған дейін-ақ ортаға және өкіметке тартып алынған болатын. Соған қарамастан аудандық мекемелер бұл науқанды іске асыруға қызу кірісіп кетті. Осының нәтижесінде 1931 жылы 12 ақпанда аудандағы барлық ауылдарда қарсылық әрекеттері басталды. Ауданның шығыс жағындағы 2, 3, 5, 7, 12 және 14 ауылдардың Қосқан Бітебаев, Түскей Смағұлов т.б. бастаған 700-дей адамы аудан орталығы – Қайнарға шабуыл жасады. Қайнарды қорғап тұрған қарулы отряд оған тойтарыс берген соң, олар ауылдарға тарап, ұсақ топтарға бөлініп, маусым айына дейін қарсылық әрекетін тоқтатқан жоқ. 1931 жылы маусымда ОГПУ әскерлерінің күшімен олардың бәрі тұтқындалып, жауапқа тартылды. Ауданның солтүстік-батыс жағындағы 4–6-ауылда Ысқақ Кемпірбаев бастаған 300-ден астам шаруалар (қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы «Бақты», «Еңбек», «Прогресс» ауылдарының жерінде) қарсылығы тегеурінді сипатта өтіп, кеңестік әскерге бір айға дейін берілмеді. Ауданнан шыққан коммунарлар отрядын (20 адам) тұтқынға алып, үкіметке зорлық-зомбылық саясатын тоқтату жөнінде талап қойған олар елден тартып алынған мал мен астықты халыққа қайтартып бергізді. Бірақ Қарқаралыдан, Семейден келген ОГПУ-дың тұрақты әскери бөлімдеріне төтеп бере алмай жеңіліске ұшыраған көтерілісшілердің көпшілігі қаза тапты. Көтеріліс басшысы Ы. Кемпірбаев және басқалары тұтқынға алынды. 1931 ж. күзде Абыралы көтерілісіне қатысқан 500-ден астам адам жауапқа тартылды. Тек Кемпірбаевтың жасағында болғандардан 274 адам сотталып, 85 адам атылды.

Б. Нәсеновтың мұрағаттардағы құжаттарға сүйене отырып, кітабында жарияланған тізімге сүйенсек, 127 адам жазықсыз өлтірілсе, 159 адам сотталып, 95 адам ату жазасына кесілген. Көтеріліске шамамен 3300 адам қатысқан. Бас көтеру Абыралы ауылдарында жаппай етек алғанымен, Б. Нәсенов тапқан мұрағат деректерінде № 6 ауылдан (Қамбар руы қоныстанған) атқа қонғандардың қарсылығы қаттырақ болғандығы байқалады.

Тәркілеу саясаты мен ет дайындау науқаны Абыралы өңірінің экономикалық жағдайын мүлде тұралатып тастады. Көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін Қазақстанның өзге аймақтарындағыдай Абыралы ауданында да аштық алапаты басталды. Абыралы елінде мөлшермен алғанда 1890–1933 жылдар аралығында қоныстанған халық саны төмендегідей болған (Абыралы, Ақбота, Бөрілі, Дегелең, Темірші болыстарында): 1890 жылы 70–80 мың адам; 1912 жылы 60–65 мың

адам (көпшілігі Семейге Слободка поселкесіне көшті, Қарқаралыға жұмысқа орналасты); 1917 жылы – 35–40 мың (қазақтан солдат арудың кеселі); 1925 жылы – 33–35 мың (1921–1922 жылдардағы ашаршылыққа байланысты); 1931 жылы – 29 мыңнан сәл артық (көмпескенің кеселінен); 1933 жылы – 9 мың (ашаршылық жылдары шет елдерге, Ресей, Қырғыз, Өзбек, Тәжік тағы да басқа елдерге көшіп кетті. Аштықтан 5-6 мың адам қырылды)... Көріп отырғанымыздай Абыралы ауданы халқының демографиялық құлдырауы ұжымдастыру жылдарының үлесіне тиеді. Қазақтың өткен тарихындағы көтерілістер сияқты Абыралы көтерілісі де жеңіліске ұшырады. Бұлай болуы заңды еді. Дәл сол кезде бір ауданды былай қойғанда, бүкіл Қазақстанды тұтастай атқа қондырсаң да, жеңіліске ұшырайтыны шындық болатын. Бұлай тұжырымдауымызға себеп: біріншіден, ХХ ғасырдың 30-ыншы жылдары бұрынғы Ресей империясы аумағында советтік билік толығымен орнығып болды, екіншіден, қазақ халқы өзінің экономикалық және әскери қуатынан айырылды, үшіншіден, жергілікті қазақ басшыларының қолында тек жоғарыдан келген бұйрықты орындау, яғни атқарушылық қызметі ғана қалды.

Қазақ тарихының кез-келген кезеңіндегі көтерілістер халықтың санасын оятуда, тәуелсіздікке деген үмітін сөндірмеуде үлкен тарихи миссия атқарды. Ұжымдастыруға қарсы бағытталған көтерілістер қазақ ұлт-азаттық қозғалысының бір бөлігі, әрі географиялық ауқымының кеңдігімен тарихқа енді. Міне, Абыралы көтерілісі де қазақ халқының ұлт-азаттық күрестерінің заңды жалғасы екендігі айқын байқалады. Ел тарихындағы осы бір қасіретті жылдардың тарихын тереңдете зерттеу мен зерделеу, оны шынайы жазып, халыққа дұрыс баяндау қажет. Демек, алдағы уақытта мұрағат деректерін талдай отырып, зерттеушілер ғылыми негіздегі сараптаулар мен қорытындылар жасауы керек. Қорыта айтқанда, Абыралы көтерілісі тарихи маңызы зор. Көтерілісте көптеген адамдар ұрпағы, болашағы үшін қаза тапты, тәуелсіздікті қалады. Сондықтан, біз, бұл көтерілістің қаншалықты маңызды болғанын байқадық және біз өз еліміздің тарихын тануымыз керек деген ойдамыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Б. Насенов. «Абыралы көтерілісі» 9 том.
- 2 «Ана тілі» газеті. № 7, 14-20 ақпан, 2013.
- 3 Осы замандағы тарих, 9-сынып оқулық кітабы.
- 4 М. Б. Есімбек тегі. «Қалдырған ізің мәңгілік.», 2011.
- 5 «Семей таңы» № 62, 6 қыркүйек 2011.

6 «Дарабоз.» № 6, тамыз 2011.

7 «Семей таңы» № 34 (18073), 31 мамыр 2011.

8 Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б. Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 б.

9 Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.

### ХИУАЗ ДОСПАНОВА – ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҰШҚЫШ ҚЫЗЫ

ҚАЙЫРГЕЛДІ А.

6 «А» сынып оқушысы, № 2 Ертіс ЖОББМ

МАХМЕТОВА А. Қ.

тарих пәнінің мұғалімі

*«Туған жерге бағышталды, Кіршігі жоқ махабатың.  
Ел мақтаны болып ерке, Жер жиһанға тарады атың.»*

**Әбу Сарсенбаев**

Мен Ертіс ауылының тұрғындарынан Ұлы Отан соғысының қазақ қыздарының батырлары кім деген де Әлия мен Мәншүк есімдерін атап, ал сонау сұрапыл соғыс жылдарында жау аспанына үш жүзден аса көтеріліп, өшпес ерліктің үлгісін көрсетіп, «қанатты қыз», «қазақтың Мересьеві» атанған қазақ қызы Хиуаз Доспанованың атын білмеулері менде өкініш сезімін туғызды. Егер өз жерлестері ержүрек апамыздың атын білмесе, барлық облыстарда да осындай жағдай екені белгілі. Бұл, әрине, осыншама қайталанбас ерліктің үлгісін көрсеткен батыр қызымыздың ерлігін таныту бағытындағы жұмыстың аздығы. Міне, осы көріністен кейін мен қайталанбас ерліктің үлгісін көрсеткен, даңқты жерлесіміздің өшпес ерлігін насихаттау жұмысына өз үлесімді қосқым келді.

Құрманғазы ауданының төл перзенті, білімге, білуге құштар қазақтың қаршадай қызы Хиуаз Доспанова өзінің өмірбаянында: «Мен, Доспанова Хиуаз, 1922 жылы Гурьев облысы Теңіз ауданының Зормата кеңесінде дүниеге келдім», – деп жазады. Бұл өмірдеректен түйгеніміз: «батыр қыз біздің жерлесіміз» деген мақтаным сезімі. Бұндай сезім әрбір жастың бойында «менде сондай болсам» деген арман қанатына мінгізері сөзсіз.

Хиуаздың әкесі Қайыр Доспанов оқығаны көп, орысша жақсы білетін, өз заманының белсенді адамы болған. Ішкі істер бөлімінде,

сот саласында жауапты қызметтер атқарған. 1925 жылы қайыр Доспанов Орал қаласына құқық қорғау саласындағы қызметке ауысады. Сөйтіп кішкене Хиуаз туған жерінен ата-анасымен бірге Қазақстанның өзге облысына қоныс аударады.

Доспанованың 1963 жылы Алматыдан «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиеті» баспасынан шыққан «Халқым үшін» деген естелік кітабы «Қызық – ау, шіркін, бала күн! Уайым жоқ, қайғы жоқ. Көргенің де, естігенің де – бәрі де тамаша. Сірә, бала шағын еске алып, әңгіме қылып отырмайтын адам болмайтын шығар. Өйткені, әр адамның жас күні әртүрлі болғанымен, әрқайсының өз қызығы, өзгешелігі болатыны бар емес пе?» – деп басталады [1].

Хиуаз Доспанова әкесінің жұмыс бабына байланысты Қазақстанның көптеген облыстарына қоныс аударған. «Мәселен Ақтөбеде болдық, жемісі мол Шымкентті, қайық мініп серуен құратын Сырдариясы бар Қызылорданы, астанамыз Алматыны, тарихи шежіреге бай Оралды көрдік. Алайда, мен бала кезімде, жаз айларында атам мен әжем тұратын Гурьев облысы Теңіз ауданына барғанды жақсы көруші едім», – деген жолдардан батырдың туған жеріне деген балалық сағынышын, махаббатын сезінгендей боламыз. Қазақстанның қаншама түкпірін араласа да, туған жерінен ертерек қол үзсе де, шіркін, кіндік қаны тамған туған жерге жетер жер болар ма?

Бұл бейнеден де жүрегі «елім, жерім» деп соғар әрбір елжанды азаматқа үлгі болар образды тапқандаймыз. Әрбір қазақстандық өз елін, жерін хиуазша сүйсе, хиуазша қорғауға дайын болса, біздің кең байтақ Отанымыздың болашағы үшін қауіп болмас еді. Отанға берілгендік, әділдік тәртіптілік сияқты жауынгерлік қасиеттердің өнегелі ортада тәрбиеленген, ұлағатты ұстаздардан білім алған Хиуаз апамыздың бойында қалыптаспауы мүмкін емес еді.

Отаншыл болу – қанға сіңген ұлттың қасиеті, сонымен қатар тәрбие арқылы санада қалыптасатын ата-ана мен үлкендер өсиетінің жемісі десек жаңылыспассыз. Мектепте үздік оқыған, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан, ізденімпаз қаршадай қыздың қиялы таудай армандарға жетелейтін еді!...

«Бізге дәрігер болу да, инженер болу да, мұғалім болу да асыл арман еді», – дейді қиялшыл қыз. Хиуаздың сол бір асыл арманы – ұшқыш болу еді. Оның ұшқыштық мамандықты таңдауына зор әсер еткен Гризодубова, Осипенко, Раскова тәрізді әйел ұшқыштардың Москвадан Қиыр Шығысқа еш жерге қонбай ұшып бару сапары болды. Әйел адамның да шебер ұшқыш бола алатынына көз жетті.

Ата-анасы ұшқыштық мамандықты таңдауына рұхсат бермей қояр деп қорқып еді, олар ризашылығын берген кезде төбесі көкке жетті. Сол кезде қыры мен сырында жұмбағы көп, қыздар түгілі жігіттер таңдауға жүрексінетін сирек мамандықты таңдаған Хиуаздың асыл арманын жүзеге асырудағы ұмтылысы, қажырлылығы, табандылығы, естелік кітапты оқыған әрбір адамды еліктіріп өкетеді. Қазіргі кезде жас ұрпақты тәрбиелеудегі негізгі мақсат: рухани адамгершілігі дамыған, өмірге бейімделген тұлға ретінде оқушы бойында өзін-өзі жетілдіруге қажеттіліктер қалыптастыру болса, оқушы Хиуаз образынан осы аталған мақсаттардың барлығының көрініс тапқанына көз жеткіземіз.

Арманын жанына жалау еткен албырт жас Хиуаз Доспанова ұшқыш болу үшін қаншама жанын салса да, оны Жуковский атындағы Әуе Академиясына қабылдамады. Ол көп ойланып, көп толғанып, ақыры ең қажет мамандық дәрігерлік деп тауып, медициналық институтқа баруды ұйғарады. Орта мектепті бітірген аттестаты «5» -тік бағаларға толы болғандықтан, ол Москваның І-ші медициналық институтына емтихансыз түседі. «Менің аттестатым үздіктер аттестаты болғандықтан оқуға түсуге емтихансыз қабылдандым», – деп еске алады сол күндерді Хиуаз апай.

Хиуаздың Москваға алғашқы келуі, Москва қаласының қайталанбас сұлулығы, тарихи – мәдени ескерткіштері, оқу орындары – бәрі – бәрі Қазақстанның батысындағы шағын қаладан келген жас қызға керемет әсер қалдырады. Оның үстіне сол кездегі еліміздің астанасы Москва қаласындағы ертеден келе жатырған оқу орнының студенті атану Хиуазды ерекше әсерге бөлейді.

Бірақ оны «мен запастағы ұшқышпын, майданға неге бармаймын?» – деген ой үнемі мазалап, жатса да, тұрса да ойынан шықпай қойды. Тылға да керексің деген үлкендердің, жолдастарының жауабы оны қанағаттандыра алмады. Оның үстіне Краснопресненский аудандық комитетінен ВЛКСМ Орталық Комитеті әйелдерден әуе полкын құрастырып жатқанын естиді.

Енді полк жөніндегі нақты деректерге тоқталсақ: 4-ші әуе армиясының 46-шы гвардиялық Тамань әйелдер авиалық 1941 жылдың қазан айында «Қызыл Армияның Әскери Әуе Күштерінің әйелдер авиалық жасақтау жөніндегі» № 0099 08.10.41 бұйрық негізінде құрылды. Авиалық командирі болып Марина Раскова тағайындалды. Оқу-жаттығу жұмыстары Энгельс қаласында жүргізілді. Полктің басқа әскери құрамалардан айырмашылығы ол түгелдей әйелдерден тұрды. Аталған бұйрық негізінде құрылған басқа

екі әйелдер полкінде ерлер де қызмет атқарды, ал бұл полк соғыс аяқталып, таратылғанға дейін барлық қызметті тек әйелдер атқарды.

Полк 1942 жылдың 23 мамырында соғысқа аттанып, 27 мамырда майданды бастады. Сол кезде полктің құрамында жастары 17 мен 22 аралығында 115 адам бар еді. Әйелдер әскери авиаполкі 218-ші түнгі бомбалаушы әскери дивизияның құрамында енді. Алғашқы жауынгерлік тапсырмамен ұшуға 1942 жылдың 12 маусымында бұйрық алды. 1944 жылдың 15 мамырынан бастап 325-ші түнгі бомбалау авиадивизиясының құрамына кірді. Қрымды азат ету кезінде, 1944 жылдың мамырында уақытша 2-ші гвардиялық түнгі бомбалау авиадивизиясының құрамына кірді. Соғыс кезіндегі шеберліктері мен көзсіз ерліктері үшін полктің ержүрек ұшқыш қыздарын немістер «түнгі перілер» деп атады. 1945 жылдың 15 қарашасында полк таратылды, көптеген ұшқыш қыздар әскери міндеттен босатылды.

«300-ге жуық әскери тапсырмамен ұшыпсыз, неге сізге Батыр атағы берілмеген?», – деген сұраққа ол: «Атақ үшін емес, абырой үшін емес, ел алдындағы міндетімізді адал атқару үшін еңбек еттік. Оны ешкімге бұлдағанымыз жоқ», – дейді батыр. Тәуелсіз еліміздің көреген басшысы қазақтың батыр қызына «Халық қаһарманы» атағын беріп, қайсар ананы қайтадан қатарға қосты.

Елбасымыз 2005 жылдың мамырында Хиуаз Доспанованы жоғары атағымен құттықтап хат жолдады. Онда: «Сізді 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнінің 60 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Ұлы Жеңіс сарбаздарының қаһармандығы, майдан далаларында Сіз көрсеткен ерлік пен қайсарлық халық жадында мәңгілікке қала бермек. Біз фашизмге қарсы қанқұйлы соғыстан ізгілік пен бейбітшілік мұраттары үшін елдің барлық халықтар берлігінің Жеңіске әрқайсысымыздың қосқан жеке үлесіміз бен жаппай ұмтылуымыздың арқасында жеңіп шықтық.

Сіз сияқты қайсар ұрпақ өкілдерін Отанға қалтқысыз қызмет етудің үлгісі бола отырып, өзінің жауынгерлік еңбегімен біздің бүгінгі таңда жасампаз елде өмір сүруімізге, еркін мемлекет пен демократиялық қоғам құруымызға мүмкіндік берді. Сіздің бүгінгі күні де өз үлгіңізбен жас ұрпақ бойында Отанға деген сүйіспеншілік сезімі мен Атамекенді лайықты қорғаудың қасиетті парызын тәрбиелеуді жалғастырып келе жатқаныңыз үшін шынайы алғысымызды білдіремін. Сізге мықты денсаулық, береке мен бақыт тілеймін. Өзіңізге және жақындарыңызға бейбітшілік пен жарқын күндер серік болсын!» [7].

Жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу оларға білім беру мәселесіне, ақыл-өсиет айтуға байланысты екені белгілі. Бірақ менің

ойымша, тәрбие тек насихаттау, үгіттеу ғана емес. Патриоттық рухта тәрбиелеу үшін үлгі керек. Өскелең ұрпақтың күмәнданбай сенетін, жүректеріне нұр құйып, ұлы істерге, өз Отанын қорғауға шақыратын нақты үлгінің маңызы өте зор. Міне, мен үшін осындай дара тұлға, өз жерлесіміз, Құрманғазы топырағының тумасы қаһарман қыз Хиуаз Доспанова. Ата-анаға деген құрмет, бауырға деген мейірім, білімге деген құштарлық, зеректік, туған жерге деген сүйіспеншілік, елжандылық, ұлы Отан қорғауға деген дайындық, ержүректілік, өжеттік, қайрат, жігер, талапшылық, тәртіптілік, өзге ұлт өкілдеріне деген сыйластық қарым-қатынас – бәрі-бәрі бір басынан табылған, қазақтың «қанағатты қыз» атанған тұңғыш ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың өнегелі өмірі өскелең ұрпақты тәрбиелеуде таптырмас құрал, үлгі, рухани мұра. «Қазақтың қанатты қызы» атанған Хиуаз қыз ержүрек ұшқыш бейнесінде біздің жүрегіміздің төрінде мәңгілікке сақталады. Доспанованың есімі қазақтың даңқты қыздары, Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың есімдерімен бірге аталатынына сенеміз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Хиуаз Доспанова «Халқым үшін».
- 2 Марина Чечнева «Менің қарулас достарым».
- 3 Раиса Аронова «Түнгі перілер».
- 4 Рахмет Иманғалиевтың Хиуаз Доспанова туралы еңбектері.
- 5 Н. Үлкенбаев «Қастерлейік Хиуазды!».
- 6 Н. Домбай. «Қаһарман қыз Хиуаз», «Ана тілі» баспасы, 2012 ж.
- 7 Р. Иманғалиев «Өлмейтін өмір», Алматы, «Арыс» баспасы, 2010.

#### АБАЙМЕН АРАЛАСҚАН АҚБАЛЫҚ

ҚАЙЫРКЕЛДІ Е. Қ.

11 сынып оқушысы, А. Иманов атындағы ЖОББЛМ,  
Май ауданы, Баскөл ауылы  
ЕСКЕНДІРОВ Б. Қ.

жоғары санатты дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқасында өшкеніміз өзімізге оралып, кезінде тасада қалуға мәжбүр болған арда азаматтарымызбен қайта қауышып жатқан жайымыз бар. Кеңес дәуірінде дінге қарсы күрес кесірінен есімдерісанадан өшірілген, ислам дінін насихаттаушы тұлғалардың есімдері енді жаңғыртылуда.

Солақай саясаттың құрбаны болған жандардың бірі – Май ауданының тумасы, жоғары діни сауатты, мешіт-медреселер ашып, ислам дінін таратқан Ақбалық Хазірет.

Ол – Кереку мен Семейге бірдей танымал, тілі мірдің оғындай, кара сөзге дес бермейтін Абайдың өзін сан рет сөзбен жеңген Ақбалық хазірет. Бұл жайлы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында кеңінен суреттелген. Деректерге сүйенсек, Ақбалық Хазіреттің азан шақырып қойған есімі – Әбділдә, ел арасында сыйлы-беделді болған соң жұртшылық бірауыздан Ақбалық хазірет деп атап кеткен.

Менің әкем Ғабдышүкір, елде «Шүкір молда» есімімен кең танылған, діни білімімен көптің ықыласына бөленген жан болатын. Алайда сол кездегі саясаттың зардабын да көрді. Діни сауаты болғаны үшін әрі «байдың ұрпағы» деп, кеңес үкіметінің жеңдеттері - «шолақ белсенділердің» көрсетуімен 10 жылға сотталып, жер аударылған. Бірақ, қанша қыспаққа алса да, Алла жолынан таймады. Өмірге күштарлығынан айырылған жоқ, дінге адалдығын да сақтап қалған. Кейін еліне оралған соң да әу бастағы жолын жалғастырды. Үлкендердің айтуынша, әкеміз жастайынан осы Ақбалық хазіреттің шәкірті болыпты. Сауатын сол кісінің алдынан ашқан екен. Хазірет әкеміздің балалық әрекеттеріне қарамай, алдымен оның оқуға деген зеректігін байқап, үлкен жолға ақ батасын беріпті. Сөйтіп, дін жолын берік ұстануына себепші болған екен.

Әкеміз ұстазы жайында әрдайым естелік аңыз-әңгімесін аузынан тастамайтын. Әр жылдары Ақбалық Хазіреттен Салахиддин хазірет, Жүсіпбек Аймауытов, Закария молла, Досымхан молдалар сабақ алған. Жалпы, әкей Абайдың шығармаларын жатқа білетін. Қиыр Шығыста айдауда қазақтың біртуар азаматтарымен сырлас-аралас болған екен. Сол сәттерді жыр қылып бізге айтып отырушы еді. Бір өкініштісі, балалықпен, жастықпен сол әдемі әңгімелерінің бірін жазып алсақ, бірін жоғалтып алдық. Бүгінде әкеміздің әңгімелері ақын-жазушылар мен журналистердің біразының жазуларына арқау болды.

Бытының алты баласының ең кенжесі Әбділдә (елге Ақбалық Хазірет есімімен кең танымал) дүниеге шамамен 1833 жылдары келсе керек. Әбділданың жасы 20-ға толған кезде елде үлкен жұт болып, ол туған жерімен қоштасып, қоныс аударуға мәжбүр болады.

Зеректігімен танылған Әбділдә ағамыз Тәшкенттің «Көкілташ» медресесінде 3 жыл оқиды. Одан кейін Бұхардың медресесіне түсіп, оқуын жалғастырады. Он екі пәнді түгел тауысқан діни білімнің ғұлама ғалымы болып шығады. 44 жасында Хазірет атанады. Ислам

дініндегі «Хазірет» сөзінің мағынасы – Ислам әлеміндегі жоғары дәрежелі дін иесіне берілетін діни лауазым. Қасиетті ислам әлемінде пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) дәуірінен басталған бұқара халықты діншілдікке баулып, тәрбиелеу жолында адамзаттың асыл пайғамбарының сахабалары мен мүриттері, соның ішінде Хазірет Әбу Бәкір, Хазірет Әли секілді иманды ізбасарлары исламның ақиқат жолын жалғастырып жүйелі жұмыстар жасаған екен. Солардың тақуалық, діни-сопылық жолын қасиетті қазақ даласында Хазірет Сұлтан (Қ. Йассауи), Науан Хазірет, Нүрпейіс Хазірет, Бейіс Хазірет, Хазірет Досжан ишан, Ақбалық Хазірет секілді діни қайраткерлер жалғастырды.

Хазіретатамыз елге оралып, ата қоныстары Май ауданына қарасты Бестау өңірінің орта тұсында орналасқан Сарытау ауылында мешіт салдырып, медресе ашқан екен. Бұхардағы ұстаздарына еліктеп, үнемі ақ киім киіп жүретін болған. Ақсары жүзді, өткір көзді, ашық маңдай, дене бітімі сұңғақ, жүріс-тұрысы ширақ жігітті ел арасында Ақбалық, кейіннен Ақбалық Хазірет атап кеткен.

Аз уақыттың ішінде оның атағы елге кеңінен жайылады. Үлкен жиындар, ишан, қожамолдалар бас қосқан жерде шарифат пен құран хадистерінен уағыз айтып отыратын ғадет бар. Сондай бір маслихат үстінекіріп келеді. Бұл күнде Ақбалық Хазірет әлі жас өнді, сұңғақ денесін қаққан қазықтай тіп-тік ұстайды. Өзі басынан аяғына малынып ақ киінген, қолында мүйіз балықты аса таяқұстайды екен. Отырғандың ішіндегі ірілік білдіріп отырғандардың біріне жүрісі ұнамай ма, әйтеуір, Хазіретті сөзден жаңылдырамын дей ме, бірден сауал қояды:

- Дүниеде не қымбат? Не қиын? Осыған жауап берші, – депті.

Ақбалық Хазірет тізе бүкпей тұрып, сол түрегеп тұрған күйінде:

- Отан қымбат, ар қымбат. Өзге қымбат осы екеуінен шығады. Араға кірген жау қиын, іштен шалған дау қиын. Осы қиынды бірдей бауыр бассаң, бай бол – малың, патша бол – тағың не керек? – деп жауап қатқан екен.

Баяндағы Шорманның Мұсасы оның осындай сөз тапқырлығына, білімі мен ел ішіндегі абырой-атағына тәнті болып, жақындасып, туыс болғысы келіп, өзінің жиен қарындасын қалыңмалсыз Ақбалық Хазіретке ұзатқан екен.

Елде Тәнті деген бай болыпты. Бұл кісі негізінен орыс арасында (Ноғай, Сібір, Омбы жақта) жүріп байыса керек. Ағайын-туыстары бауырмалдық білдіріп, елге көшіріп алады. Тәнтіге бір ауыл, оның әкесіне бір ауыл тігіп береді.

«Семіздікті тек қой көтереді» деп бекер айтпаған. Бара-бара байыған сайын Тәнтіге жел, көзіне шел бітеді. «Тәнті» деп азан шақырып қойған атын айтқызбай, мырза атағанды қалайды. Тіпті, өз әкесі «Тәнтіжан» деп сөзді бастай бергеннен-ақ: «Әй, әке, сіз-ақ осы менің атымды жаттап алған екенсіз» – деп ірілік көрсетеді. Ел ағасы құтырса, ел құтырады деген, мырзаның тентектігін үлгі тұтқан ауылдың есерсоқ жастары енді қара жолмен кетіп бара жатқан кездейсоқ жолаушыларға тиісіп, «мырзаға неге сәлем бермейсің» деп қол жұмсауды ғадет қыла бастапты деседі.

Осы жәйттерді Бестаудағы мешіт-медреседе қызмет істеп жүрген Ақбалық Хазірет естіп, дандайсыған Тәнтіні тәубасына түсіруге бел буады. Пәуескеге үш ақбоз атты жеккізіп, Тәнтінің ауылына қарай жөнеледі. Қара жолдың шаңын бұрқыратып, қоңыраулатып Тәнтінің әкесінің ауылынан жанап өтеді. Пәуескені көрген Тәнтінің әкесі «аса бір үлкен ұлық келе жатыр, тез қарсы алсын» – деген хабарды баласына жылдам жеткізуге төте жолмен шапқыншы жібереді. Жедел хабар ұйықтап жатқан Тәнтіні аяғынан тұрғызғанша пәуеске де ауылға кіреді. Киініп үлгермеген Тәнті көйлекшен, дамбалшаң пәуескеге жақындаса, шымылдықтан біреудің аппақ қолы көрінеді. Сасқалақтаған Тәнті аппақ қол генерал-губернатордың қолы екен деп, жабысып сүйе бастайды. Сол кезде хазірет Тәнтінің мойнынан шап беріп қысып ұстап-ап, ат айдаушыға «жөнел» деп әмір береді. Сүйретіліп келе жатқан Тәнтінің құлағына: «Сенің атың Тәнті» деп үш рет айқайлап, бүкіл ауыл адамдарының көзінше шаңға домалатып кетеді.

Ақбалық Хазіреттің тез оралғанына таңырқаған ауылдастарына: «Көрші ауылда бір тентек атын ұмытып қалған екен, соған ат қойып келдім», - депті жайбарақат. Осы сөз кейін бүкіл Орта жүзге жайылып кетіпті.

Жоғарыда айтылған жәйттен кейін бүкіл елге масқара болған Тәнті Ақбалық Хазіретті көрсетіп, Семейдің окружной сотына береді. Таққан айыбы: «Ақ патшаға қарсы мұсылманның туын көтерді. Патшаға қарсы көтерілген талай бүлікшіл топтарға қатысқан». Шынында, қауіпті адам ретінде Керекудің полиция жандармериясының бақылауында болып келген.

Ақбалық Хазіреттің ғалым, тұлға болып қалыптасқан кезі 1902-09 жылдар, бұл Ресейдің Қазақ еліне толық саяси үстемділігін орнатып, жері мен суын өз мемлекетінің меншігі деп жариялаған кезімен тұспа-тұс келеді. Үкімет саясатының рухани саладағы басты бағыты мұсылман дінін шектеу болды. Бодандардың барлығы Ақ патшамен бір дінде болу қажеттігі идеясы үстемдік алды.

1902 жылы арнайы «Ереже» бекітілді, онда мұсылмандарды христиан дініне аудару, біріктіру, біртіндеп, күштеусіз, айламен іске асыру көзделді. «Жаңа дінді халық өз еріктерімен қабылдауда» деген сипатта өткізілуге тиісті болды. Құжатта бұдан кейін қазақтарды шоқындыру жолдары мен шаралары қарастырылды. Бұл ретте негізгі рөл мектептерге жүктеліп, ауыл мектептерінің санын көбейту көзделді. Мұғалімдерге балаларға орыс оқуын, тілін насихаттап, оқыту міндеттелді. Моллалардың беделін түсіріп, оқуын қажетсіз етіп, санын азайту жұмысы жүргізілді. Мұсылман дін иелеріне неке қию, дүниеге жаңа келген сәбилерге азан шақырып ат қою сияқты рәсімдерге шектеулер қарастырылды. Тіпті, дүниеден қайтқан адамдарды жерлеу үшін орыс священнигінің рұқсаты керек болды.

Осы кезеңде Ақбалық Хазірет және басқа да қазақтың білімді, ықпалды азаматтары қарсылық білдіріп, қазақ жерінде Ислам дінін сақтап қалуға көп еңбек сіңірген. Осман империясы әскер қолбасшыларымен, саясаткер, дін басшыларымен қарым-қатынаста болып, солардың көмегін, қамқорлығын пайдалана отырып орыс империясының саясатына төтеп бере алған.

Ақбалық Хазіреттің дүниеден өткен жылы әртүрлі айтылуда, шамасы 1917, не 1918 жылы қайтқан көрінеді. Оның денесі қазіргі Май ауданының Саты ауылдық округіндегі Түндік өзенінің жағалауында жерленіпті.

Ақбалық хазіреттің шөбересі Нәдірұлы Ғарыш - техника ғылымдарының кандидаты, көп жылдар бойы «ҚазақАтомПром» ұлттық компаниясының жоғары технологиялық ғылыми-зерттеу институтының зертханасын басқарған. Ғарыш аға да дін жолын ғылыммен қатар алып жүрген. Көзінің тірісінде атасының қалдырған өсиет өлеңін зиратының басына мәрмәр тасқа қашап жаздырған екен:

Алланың хақ сөзін таратуға,  
 Өмірімнің барлығын бағыштадым.  
 Жасында бозбаланың Бұхар бардым,  
 Көп жылдар шәкірт болып, білім алдым.  
 Мұсылман жиһад соғыс жария еткенде,  
 Қатыстым тұлпар мініп, көк ту ұстап.  
 Бағдат, Мысыр, Меккедей орталықта  
 Ислам дінін зерттеуді жалғастырдым.  
 Ғалымдардың шешуімен Хазірет деген,  
 Қасиетті дәреже, атақ алдым.  
 44 жасымда Сарыарқама, елге оралып,  
 Мешіт салып, медресе ашып, уағыз айттым.

Өмірім біткенінше халыққа дін тараттым.

Ұрпағыма Алланың нұры жауып,

Тура жолдан таймасын деп тілек айттым!

Осы күндері Хазіреттің жерлес, ағайындас ұрпақтары ол кісі туралы тың естелік мәліметтер жинауда. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кезінде есімі ұмыт қалған, діни қайраткерлігімен ел аузында аңызға айналған атамыздың өнегесін ұлықтау – бізге парыз. Өкінішке қарай, солақай саясаттың кесірінен есімі ел жадынан өшірілген Ақбалық хазірет жайлы мәліметтер аздық етуде.

2018 жылы Ақбалық хазіреттің басына кесене орнатылып, екі кітап жарық көрді.

Іске сәт, аруақ разы болсын дейміз!

### **Исламның нұрын сеуіп төңірекке (Ақбалық хазіретке арнау)**

Ақбалық ақ киінген, өзі сары,

Аузында-Құран, Хадис, сөзі дәрі.

Тәшкент пенен Бұқардан оқып келген,

Деректерде осылай жазылады.

44-те хазірет атанады,

Небір дана шейхтен бата алады.

Ол кездері Ресейдің боданында,

Асыл дінге қазағым қаталады.

Келді де Сырымдардың ортасына,

Бестау менен Сарытау қалқасына.

Мешіт салып, медреседе бала оқытты,

Бейіл беріп халықтың қолқасына.

Ақбалық деген аты мәлім болды,

Дінбасы, ел таныған ғалым болды.

Исламның нұрын сеуіп төңірекке,

Сөнбейтін күндіз-түні жалын болды.

Шәкірттері-хазірет Салахидден,

Зор дауысты, денелі, елі сүйген.

Закария, Досымхан мен Шүкір молла,

Хақ жолын кеудесіне жастай түйген.

Сол дінді бізге дейін әкеліпті,

Көрсен де қуғын-сүргін, жекелікті.

Тағдырдың басқа салған соққыларын,

Қайыспай қара нардай көтеріпті.

Асылдар келді мезгіл қайтатындай,

Қазағым, бар екенің байқатындар!

Бүгінгі ұрпағының қимылына,

Ақбалық «шүкір, тәуба» айтатындай...

### **Ғабит Сапаров**

#### **Ақбалық хазіретке арнау**

Оқыған Бұқарада 22 жыл,

Ақбалық оқымысты екен дүлдүл.

Хазірет Сарытауда медресе ашқан,

54 бала оқыған одан бір жыл.

Оқытқан ғылымдардың негіздерін,

Деменіз Ақбалықты неге іздедің?

Кездескен заманында Абайменен,

Қалдырған бұл өңірде көп іздерін.

Әдебиет, астрономия ғылымдарын,

Хазірет терең білген мұның бәрін.

Кезінде пікірлескен Құнанбаймен,

Мақтанып айтып жүр ғой Сырымдарын.

Көруге нарық пен той, мол халықты,

Бір жылы Қояндыға ол барыпты.

Сусындап жәрмеңкені тамашалап,

Халқының өнеріне тамсаныпты.

Ағайын қошеметтеп Ақбалықты,

Той тарқап, елге қарай аттаныпты.

Ұзақ жол тыныстайды намаз оқып,

Қасында нөкерлері сақтаныпты.

Бір кезде банды келді: «Тақсыр!» дейді,

Саспайды ол топан су ақсын мейлі.

Намазын оқып жатқан Ақаң бірақ,

Орнынан қозғалмайды, үндемейді.

Едірей, Үшқарадан ойнап күлген,

Қашқын боп, сол жылдары Мәди жүрген.

Кездесіп жол үстінде Ақбалыққа,

Қандай жан екендігін сұрап білген.

Хазірет салқын сәлем алған бірақ,  
«Бұл жүрісің, қай жүріс?» деп қойды сұрақ.  
«Жүрейік деген жол емес, – деді Мәди,  
Көрейік деген іс емес, елден жырақ».

Деп жауап беріпті ол Ақбалыққа,  
Өнер мен бақ сыйған ба, бір қалыпқа.  
Мәдидің қуғын көріп жүрген кезі,  
Қуғын менен сүргінде бақ жанып па?!

Осылай екі жақсы кездесіпті,  
Бір-бірімен сөзбенен сермесіпті.  
Халқының екеуі де перзенті ғой,  
Бесігін қазағымның тербесіпті.

**Серік Мұхтаров**

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Р. Тоқтаров «Абайдын жұмбағы», 540 -562 беттер, 1999 ж.
- 2 Д. Аяшинов «Сырым руының шежіресі», 20-23 беттер, 2010 ж.
- 3 Б. Жапарова «Ақбалық хазірет» кітабы, 2018 ж.
- 4 С. Баязитов «Ақбалық хазірет» кітабы, 2019 ж.
- 5 Ө. Нұршайхов «Өмірге қайта келген Абай», «Сарыарқа самалы» газеті, 2000 ж.
- 6 Ж. Тілеке «Ақбалық хазірет», «Дауа» газеті, 1992 ж.
- 7 Б. Жапарова «Абаймен араласқан Ақбалық хазірет» «Сарыарқа самалы» газеті, 2018 ж.
- 8 Б. Ескендіров «Ақпатшаға қарсы шыққан Ақбалық», «Шамшырақ» газеті, 2018 ж.

#### XX ҒАСЫРДЫҢ САЯСИ ДАУЫЛЫ

**КАРЖАУБАЕВ Ж. С.**

10 сынып оқушысы, № 3 Успен ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Успен ауданы, с. Успенка

**САТЫБАЛДИНОВ Е. А.**

ғылыми жетекші, тарих магистрі, тарих пәнінің мұғалімі,  
№ 3 Успен ЖОББМ, Павлодар облысы, Успен ауданы, с. Успенка

Тәуелсіздік таңы атып, егемен ел болғалы халқымызға қуаныш сыйлаған тарихи маңызы зор шаралар аз өткізілген жоқ. Президент

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арнайы жарлығымен 1997 жылы жалпы ұлттың татулық пен саяси қуғын- сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жариялануы – соның бір белгісі. Мұндағы басты мақсат сырға толы тарихымыздың қойнауына тереңірек үніліп, шаң басқан құжаттарды зерттеу. Ұзақ жылдар бойы «үнсіз» жатқан тарихи құндылықтарды жарыққа шығарып жас ұрпаққа жеткізу, көп ұлтты республикамыздағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту болып табылады.

Адамзат тарихының сан мың жылдық тарихында билік жүргізген сан алуан қанішерлер мен қанқұйлы жендеттер болған. Алайда XX ғасырда жүзеге асырылған тоталитаризм зұлматындай қасіретті адамзат тарихы білмейді. XX ғасырдың бейбіт кезеңдерінде әлемнің түрлі елдерінде 170 млн. адам қырылып-жойылыпты. Солардың 110 миллионы немесе үштен екісі, коммунистік бағдардағы елдердің үлесіне келеді.

Бұл күні бүкіл ел саяси қуғын-сүргін құрбандары болған біздің отандастарымызды еске алады. Қазақстанда саяси қуғын-сүргіннің не екенін біледі: еліміз күштеп ұжымдастырудың ауыр қалың бастан өткізді, голощекиннің Ашаршылығын, сталиндік кезеңнің Үлкен террорын, жер аударылған халықтың трагедиясын, басқаша ойлайтындарды тоқырау жылдарындағы қуғындауды, 1986 жылғы желтоқсандағы қантөгіс уақиғаларын...

Ұлттық бас көтерер жетекші тобына қарс ауық-ауық репрессиялық 1 науқанды жүргізіп отырыу кеңестік жүйесінің қалыптасып қалған үйреншікті шараларының бірі болаты. Тек 20 ғасырдың өзінде ғана биліктің репрессиялық актілері 1907–1911, 1916–1922, 1925–1926, 1927–1932,33, 1937–1938, 1948–1953 жылдары іске асырылды. Ең соңғысы 1985–1991 жылдары болды.

«Үлкен террор» деген атпен тарихқа енген 1937–1938 жылдары жаппай репрессиялау шараларын іске асырған кеңестік билік, сталиндік режимінің бұл саясатын ресми түрде XX съезде айыпталғанымен, бірақ саясаттан біржола бас тартпағанының тағы да ашық көрсетті [1].

Сталиндік қуғын-сүргін көлемі нақты анықталған жоқ. Қуғын-сүргін әсіресе 1937–38 жылдары аралығында тіптен өршіді. Кейбір мәліметтер бойынша 1937 жылы Кеңес түрмелерінде қамалғандар 5 млн. болса, 1938 жылы желтоқсаына дейін тағы да 7 млн. адам қамалған. е жов басқарған жазалау науқанында ғана (1937 жылы қаңтар – 1938 жылы желтоқсан) 1 млн жуық адам атылып. Тұтқында 2 млн. адам өлген. 1939 жылы қаңтарына дейін 1 070 000 адам атылған. 1950 жылына дейін Колыманың өзінде ғана 3 млн. адам өлген [6].



Шыны керек, қазақ ұлтының өткен ғасырдағы басынан кешірген сұмдық қайғы-қасіреті туралы өзге ұлт өкілінің аузынан естігенің қиын екен. Сенеріңді де, сенбесіңді де білмейсің. Сенейін десен, сол кезде пышақтың қырындай болып шыққан, аптасына бір рет қана оқытылатын «Қазақ КСРО тарихында» бәрі «керемет», бәрі «тамаша». Қазақ халқы тек социализмнің арқасында ғана мүлдем құрып кетуден аман қалыпты-мыс. Сенбейін десен, шындықтың түсі- суық, дәмі- ащы. Сонымен тарихымызға тоқталсақ:

XX ғасырда сталиндік репрессия құрбандарына айналған адамдар тағдырында үлкен рөл атқарған кеңестік еңбекпен түзеу лагерьлерінің деректерін Қазақстанда құпиясыздандыру, анықтау, құжаттар жинақтары етіп шығару – болашақтың ісі. Дегенмен де өткен ғасыр зұлматы – сталинизм қасіреттерін айқындайтын кез жетті деп ойлаймыз. Тоталитаризмнің қазақ даласындағы отаршылдық саясатын, көршінің көңіліне тиеді деп, шолақ белсенділердің асыра сілтеулерінен болды деп әспеттемей, ашық айтуымыз бүгінгі ұрпаққа тәуелсіздігіміздің құнының қаншалықтығын көрсетеді. Қазақстанда тоталитарлық билік орнағанға дейін отарлық билік болды, ол бара-бара тоталитарлық-отарлық билікке ұласты.

Қазақ жері «халықтар түрмесіне» айналды, Карлаг, Степлаг, Алжир секілді мекендерде бүкіл Кеңес Одағынан жиналған «халық жаулары» азап шекті. Толық емес мәліметтерге қарағанда, 1950 жылдың басында «степлагтағы» тұтқындар саны 80 мың болса, оның 20 мыңы әйелдер болған.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында және Соғыс кезінде Қазақстан мен Орта Азия аудандарына 55 ұлт пен ұлыстардың өкілдері жер аударылды. Қазақстанға 1937 жылы сонау Қиыр Шығыстан 18,5 мыңға жуық кәріс отбасы, 1940-1941 жылдары Батыс шекарадан 102 мың поляктар, соғыс басталысымен Еділ бойындағы бір миллионнан астам немістің 425 мыңы, 1943 жылы 2 мыңнан астам қалмақ, 30 мыңдай қарашай, 1944 жылы 55 мыңнан астам қырым татарлары мен балқарлар, 325 мың шешендер мен 83 мың ингуштар ата мекендерін суытып, көшіп келуге мәжбүр болды [8].

Елдің қырылған халқының орнына Украинадан, Ресейден, Волга жағалауынан немістерді, кейінірек: қоныс аударған халықтарды: корейлерді, түркілерді, ингуштерді, шешендерді және басқаларды арнайы қоныс аударушыларды айдап әкелді. Қазақстан халқы ГУЛАГ-тың, КАРЛАГ-тың, АЛЖИР-дың тұтқындарымен және басқалармен толықтырылып, олардың дені Қазақстанда тұрып қалды [3].

Кеңестік тоталитарлық тәртіпті жамандау мақсат емес, алайда оның миллиондаған адам өмірін құрбандыққа қиған саясаты ұлт санасына ізін салып та кетті. Кеңестік жүйеде өмір сүрген халықтардың саяси қуғын – сүргін зобалаңына ұшырамағаны кемде кем.

Кеңестік тоталитарлық жүйе билік тармақтарын бір-бірімен байланыстырып, сот билігін саясаттың құралына, коммунистік партияның қолшоқпарына айналдырды. Сол арқылы репрессиялық шаралар жүргізілді. Сот билігі өзіндік мәртебесінен айырылған тұста өрескел заңсыздықтар етек алып, адам құқықтары аяққа басылды.

Сонау өткен ғасырдың соңында Ресейден, Украинадан, басқа да аймақтардан Қазақстанға өздері ойлағандай бос жатқан жерлерден дәмелі көптеген қоныс аударушылардың ағылып келгені белгілі. Бұл лек ешқашан тыйылған емес, алайда XX ғасырдың алғашқы он жылында сталиндік реформаны іске асыру барысында шырқау шегіне жетті. Жыл сайынғы көшіп келушілер саны 140 мың адамнан асып жығылып отырды. Қоныс аударушылардың бестен бір бөлігі жат елде сіңісіп кете алмай кейін қайтып, қалғандары жайғасып, иеліктеріне шаруашылық алып, осында мәңгіге қоныстанып жатты. Сол кездерде Қазақстанға келгендердің ұзын-ырғасы 1 миллион 200 мың адамнан асады.

Сол кезде Қазақстанға 100 мыңға жуық Қиыр Шығыс корейлері, 800 мыңдай Еділ бойының немістері, КСРО-ның Батыс аймақтарынан 100 мыңнан аса поляк, Терістік Кавказдың 500 мыңнан астам тұрғыны күштеп қоныстандырылды. Қазақстанға күштеп көшірудің қара дауылын Қырым татарларының, гректердің, калмақтардың ондаған мың отбасылары, басқа да Кеңес халықтарының өкілдері бастан кешті.

Осы жерде сол бір зұлматты шақта қазақ жерінде 27 жазалау лагерьлерінің болғандығын да айта кеткеніміз жөн. Олардың ішіндегі Карлаг-та 1930 бен 1960 жылдар аралығында 1 миллионға жуық адам азапталыпты. Ал, Жезқазғандағы Степлаг-та, Қарасақпайдағы песчаныйЛАГ-та, АЛЖИР-да 17 мың адам қамалған. Енді осыларға 70-ке жуық лагері болған ГУЛАГ-ты қосақ, онда Қазақстан сол кездері 100-ге жуық лагерьлерде азап шегіп, жазықсыз жаза тартқан жандардың қасірет жасына малшынғандығын аңғаруға болады [2].

Сондай-ақ, 1937–1938 жылдардағы орын алған саяси қуғын-сүргінде тағы да 103 мың адам ұсталған екен. Олардың 25 мыңға жуығы атылып кетті.

1937–1938 жылдары «конвейер» жүйесімен тергеу ісі ПХК органдарының басты тірегі болды. Осы мәселені саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалар өз естеліктерінде жиі жазады. Бекболат

Мұстафин басынан кешкен саяси қуғын-сүргінде айта келе «... түрмеге алып келген соң құжаттарымды лақтырып, табанға тастады. «Сен Жапонның шпионысың» деп ұрады. Итше тепкілейді. Ешкімді ешнәрсеге сендіре алмайсың. Күн сайынғы көретін азап осындай. Олар мені үнемі тік тұрғызып қояды. Ұйқы жоқ, тергеу амалдарының бірі осындай болады екен ғой. Бірақ мен бәріне төздім, ешқандай құжатқа қол қоймадым...» [4], - деп одан әрі сталиндік қуәл еркіндігін мәңгіге жоюды көздеген саясатын жазады. Ал, Е. Гинзбург өзінің «Крутой маршрут» еңбегінде «... Меня поставили на конвейер, непрерывный допрос. Они меняются, а я осталось все та же. Семь суток без сна и еды, даже без возвращения в камеру. ...Цель конвейера – истощить нервы, обессилить физически, сломить сопротивление, заставить подписать то, что им требуется» [5], – деп сол кезеңдегі «мойындату әдісін» көрсетеді. 1937 жылы 20 қаңтарда НКВД басшысы Ежовтың құпия бұйрықтарының бірінде атылғандардың жерленген жерін көрсетпеу туралы да жазылды.

*Қазақстан мен Орта Азиядағы сталиндік лагерьлер:*

- 1 Ақтөбе лагерь пункті. Ондағылар құрылыс жұмысымен айналысқан, химия зауытын салған.
- 2 АЛЖИР – Ақмоладағы Отанын сатқандардың әйелдерінің лагерьі. Астана қаласына жақын жерге орналасқан.
- 3 Алматы лагерь пункті. Құрылыс жұмысын жүргізген.
- 4 Андижан лагерь пункті. Құрылыс жұмысын жүргізген.
- 5 Ашхабад лагерь пункті. Ондағылар цемент карьерінде жұмыс істеген.
- 6 Балхашлаг. Балқаш қаласындағы лагерьлердің басқармасы орналасқан. Жер кенін өндіріп, құрылыс жұмысын жүргізген.
- 7 Жамбыл лагерь пункті. Гипс және цемент өндірген.
- 8 ЖезқазғанЛАГ. Марганец және жез кенін өндірген, құрылыс жұмысын жүргізген. Тау-кен комбинатын салған.
- 9 Ырғыз лагерь пункті. Орналасқан жері белгісіз.
- 10 Қазалы лагерь пункті. Ондағылар кірпіш зауытында жұмыс істеген.
- 11 ҚамысЛАГ арнаулы лагерьі.
- 12 КАРЛАГ лагерь басқармасы Долинка елді мекенінде орналасқан. Көмір, түсті металл қазып, ауыл шаруашылығымен айналысқан. 1932 жылы ашылған.
- 13 КеңгірЛАГ. Мұнда 1954 жылы бас көтеру болған.
- 14 Қызылорда лагерь пункті.
- 15 Көкшетау лагерь пункті.

- 16 Красноводск лагерь пункті. Химзауытта жұмыс істеген.
  - 17 Қорғантабе лагерь пункті.
  - 18 Қостанай лагерь пункті.
  - 19 Ленинабад лагерь пункті. Канал құрылысын жүргізген.
  - 20 Луглаг арнаулы лагерьі.
  - 21 ПесчанЛАГ арнаулы лагерьі.
  - 22 Петропавловск лагерь пункті.
  - 23 Семей лагерь пункті.
  - 24 СтепЛАГ арнаулы лагерьі. Тау-кен комбинатында жұмыс істеген. Басқармасы Жезқазған қаласында орналасқан.
  - 25 Ташкент лагерь пункті.
  - 26 Түркістан лагерь пункті.
  - 27 Орал лагерь пункті.
  - 28 Өскемен лагерь пункті. Қорғасын шахтасында жұмыс істеп, полиметалл кенін өндірген. Тау-кен комбинатын салған.
  - 29 Ферғана лагерь пункті. Құрылыс жұмысын жүргізген. Химия және цемент зауыттарында жұмыс істеген. Темір бетондар жасаған.
  - 30 Фрунзе лагерь пункті. Түсті металдар өндірген.
  - 31 Шаржау лагерь пункті. Химия зауыттарын салған.
  - 32 Шымкент лагерь пункті. Химия және цемент зауыттарында жұмыс істеген.
  - 33 Екібастұз лагерь пункті. Құрылыс жұмысын жүргізген. Химия және цемент зауыттарында жұмыс істеген.
- Жоғарыда аталған арнаулы лагерьлердің барлығы 1948 жылы құрылған. Мұндағылардың ерекше режимдегілерден бір ерекшелігі, жұмыс демалыссыз әрі ақысыз жүргізілген.
- XX ғасырда сталиндік репрессия құрбандарына айналған адамдар тағдырында үлкен рөл атқарған кеңестік еңбекпен түзеу лагерьлерінің деректерін Қазақстанда құпиясыздандыру, анықтау, құжаттар жинақтары етіп шығару – болашақтың ісі. Дегенмен де өткен ғасыр зұлматы – сталинизм қасіреттерін айқындайтын кез жетті деп ойлаймыз.
- Тоталитаризмнің қазақ даласындағы отаршылдық саясатын, көршімнің көңіліне тиеді деп, шолақ белсенділердің асыра сілтеулерінен болды деп әспеттемей, ашық айтуымыз бүгінгі ұрпаққа тәуелсіздігіміздің құнының қаншалықтығын көрсетеді. Қазақстанда тоталитарлық билік орнағанға дейін отарлық билік болды, ол бара-бара тоталитарлық-отарлық билікке ұласты.
- Өз отбасыңыздың тарихын есіңізге түсіріңіз – онда әділетсіздік пен қуғындаудан жапа шеккендер бар болуы сөзсіз – сондықтан,

ата-баларыңызды есте сақтау үшін өздеріңіздің отандастарыңызбен бірге саяси қуғын-сүргін құрбандарымен ынтымақтастық шеңберіне енуге келіңіздер! Ертеңгі Қазақстанда саяси тұтқындар болатыны не болмайтыны Сіздің бүгінгі ұстанымыңызға байланысты. Өз халқыңызбен бірге болыңыз!

Алайда халқымыз қанша зұлмат пен қасіретті жылдарды басынан өткізсе де, ақ жүректігінен, ақ пейілінен айнымады. Алладан бас бостандығын ақ тілегімен тіледі. Абырой болып, тілегі қабыл болды. Бостандыққа қолы жетті. Егемен мемлекет болдық. Жиырма екі жыл тәй-тәй басып, енді аршындай аяқ басып келеміз.

Өткенді еске алу бізге тек қана режим құрбандары алдындағы борышымызды ақтау үшін ғана емес және тездетілген реформа жүргізу неге осынша күрделі екендігін түйсінуге ғана емес, ең бастысы – жіберілген қателіктерді қайталамау үшін қажет [7]!

Бүд жерде де өтпелі кезең әкелген өзгешіліктер көп, бірақ мақсат біреу ғана. Ол мақсат – мемлекетіміздің тәуелсіздігімен бірге келген өткенді еске алу арқылы болашаққа бағдар жасау. Сондықтан, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске ала отырып, олардың есімдерін жаңғырту мен рухтарына тағзым ету – біздер үшін үлкен парыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көлбай Адырбекұлы. «XX ғасыр: соңғы репрессия (1986 ж – 1989 шілде)» Алматы «Алаш» 2006 ж.
- 2 Егемен Қазақстан 30 мамыр 2007 ж.
- 3 Егемен Қазақстан 31 мамыр 2007 ж.
- 4 Қазақ тарихы (ғылыми әдістемлік журнал) № 2 2011 ж. 56-59 б.
- 5 Мұстафин Б. // Геноцид ақиқаты // Қазақ әдебиеті. – 1997. - 27.05.
- 6 Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы 7 Т. Н - С. 603-605 б.
- 7 Әбдіжапар Әбдәкімұлы / Қазақстан тарихы «Қазақстан» Алматы – 2005 ж. 608 б.
- 8 «Қазақстан болашағы – халықтар бірлігінде // Ақиқат № 12 2001 ж. 26-31 б.

## АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ АДАМ САНАСЫНА ӘСЕРІ

МҰХТАРХАН Р.

ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Бүгінгі күні адамзат қоғамының өзгеруіне байланысты жастар санасы да тез қарқынмен дамуда. Бұл орайда, жаһандану саясаты өзекті мәселелердің бірі. Ғаламдану, жаһандану, ғаламшарлану түрінде қолданылып жүрген «жаһандану» дегеніміз қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрлық шеңберімен шектелмей бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. «Жаһандану» бүкіл жер жүзіне жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екіпініне ілесу дегенді білдіреді [1].

Демек, жаһандану дүниенің төрт бұрышына әсер ететіндіктен, Қазақстан да бұл үрдістен шетте қалмаған. Қазақ қоғамында қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үдерісінің ықпалынан, өзі қаламаса да, оқшау бола алмайтындығы белгілі. Жаһандануды әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алғанда ғана осынау қауіпті болып көрінетін құбылыстың игілігін көреді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» деген халқына Жолдауында еліміздің болашағын қазақстандықтардың әлеуетін ашу белсенді, білімді және денсаулығы мықты заматтар» екендігіне тоқталды [2].

Жаңа жағдайда адам алдында жалпыазаматтық демократиялық және гуманистік құндылықтар негізінде бір адамнан өз елінің білімді, саналы азаматын және әлем азаматын тәрбиелеу міндеті тұр. Мұндай тұлға зияткерлігі зор, дүниетанымы кең, жаңаша ойлау қабілеті жоғары, білімге құштар, отансүйгіштік қасиеті қалыптасқан, бәсекеге қабілетті болуымен қатар, ел экономикасын, мәдениетін алға тартатын, ұтқыр күш, әлеует ретінде қалыптасуы тиіс. Алайда, бүгінгі қоғамды алаңдататын – жаһандану үдерісі кезінде адам санасының бұзылу қаупі де айтарлықтай. Демек, бұл мәселе төңірегінде зерттеулерге назар аударып, жаһандану үдерісінің адам санасына әсерін бағалау үшін олардың қазіргі кездегі сипатын, негізгі тірегін анықтап алу қажет.

Осы орайда, Р. Қадыржанов [3], А. Амирова [4], Ж. Ошақбаева [5] сияқты ғалымдардың еңбектерінен теориялық ақпарат алынып, зерттеу барысы сапасын ұлғайту мақсатында сауалнама жүргізілді.

Зерттеу жобасының мақсаты - жаһандану үдерісінің ықпалынан туындайтын адам санасының өзгерісі Қазақстан үшін қаншалықты қауіпті екенін анықтау. Осы мақсатымызға сәйкес, төменде зерттеу сұрақтары қарастырылды.

1 Адам санасындағы «сананың ашықтығы» нені білдіреді?

2 Жаһандану үдерісі қазіргі адам санасына қалай әсер етеді?

3 Жаһанданудың адам санасына жағымсыз әсерлерін жоюдың жолдары қандай?

По более глубокому рассмотрению, в условиях, когда общество испытывает колоссальное имущественное расслоение, и поляризация общества достигла опасных пределов, духовная консолидация может оказаться одним из немногих средств, способствующих единению общества. Она может осуществляться на разных уровнях. Предпочтительной была бы консолидация внутренних основ самих религий – так называемой догматики их, то есть основ веры. Эта консолидация привела бы к автоматическому взаимопониманию религий. 2-м уровнем духовной консолидации мог бы являться диалог нравственных моментов религий, что не тождественно отмеченной выше консолидации догматик. Такой диалог является менее глубоким и всеобщим, но зато он более вероятен и реален. 3-м уровнем духовной консолидации является бытовая, посредством которого в духовный диалог вовлекаются практически все сферы бытия общества, такие, как экономико-социальные, политические, межнациональные,

культурные. Этот уровень – в силу его массивности и практической необходимости – может быть именно тем, на котором практически осуществляется реальная духовная консолидация этносов. Сколь бы далеко этот уровень не отстоял от догматики религий, он является сферой максимально широкого общения людей, принадлежащих к разным конфессиям [6].

Важную роль в этнической дифференциации играет язык. Вместе с тем с целью создания и укрепления нации важен государственный язык. При создании национального государства и нации возникает необходимость введения системы одного официального языка в пределах данной страны, поэтому само формирование наций в некоторой степени является следствием процесса лингвистической стандартизации.

Следующий фактор формирования идентичности состоит в активном межэтническом взаимодействии, которое исторически долгое время являлось территорией совместного освоения. Это ярко прослеживается по этнографическим материалам, собранным в ходе экспедиции «Павлодарское Прииртышье – территория толерантности» [7]. История межэтнического и межкультурного взаимодействия региона сохранилась в народной памяти, проявляясь в трактовке топонимов. Многие инновационные элементы культуры тюркских групп населения формировались в зонах контакта со славянскими и другими этносами. Длительное проживание тюркских групп со славянским народом способствовало взаимовлиянию и взаимообогащению бытовой культуры контактирующих групп. Общим достоянием становились культурные технологии переселенцев в сфере земледелия, промыслов, кулинарии.

Следует отметить, что все факторы, обеспечивающие формирование национальной идентичности, не являются обособленными друг от друга. Консолидация не может проходить на основе только одного из них. Известно, что в исторической практике скорее встречается сочетание факторов: политического и идеологического (СССР); политического, религиозного и этнического (Израиль); политического и этнического (Курдистан); экономического и социального (Южная Корея) и так далее, которое обеспечивает единство и стабильность. В этой связи консолидация казахстанского общества, укрепление национальной идентичности должны достигаться многофакторностью, а ее необходимость, модели, правила и нормы единения народа для успешного перехода к устойчивому развитию – осознаваться всем населением. От этого

зависят, в каких условиях будут жить будущие поколения, как будет обеспечиваться прогресс и процветание Казахстана.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 От тоталитарного прошлого - к стабильному и демократическому Казахстану / Доклад Президента РК Н. А. Назарбаева на торжественном собрании, посвященном Дню независимости // Казахстанская правда, 1997. 14 декабря.

2 План нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Президента РК Н. А. Назарбаева.

3 Назарбаев Н. А. Доклад на XI сессии Ассамблеи народов Казахстана // Казахстанская правда. - 22 ноября, 2005.

4 Назарбаев Н. А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства // Пять лет независимости. Из докладов, выступлений и статей Президента РК. – Алматы: Казахстана, 1996. – 624 с.

5 Назарбаев Н. А. Идеиная консолидация общества – как условие прогресса Казахстана // Пять лет независимости. Из докладов, выступлений и статей Президента РК. – Алматы: Казахстан, 1996. – 624 с.

6 Саитова Н. А., Токтаров Е. Б. Факторы консолидации как условия устойчивого развития казахстанского общества // Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. – Алматы, 2011.

7 Материалы историко-этнографической экспедиции «Павлодарское Прииртышье – территория толерантности», организованной научно-экспертной группой АНК Павлодарской области. – Павлодар, 2015.

20 Секция. Саясаттану  
20 Секция. Политология

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА АЛАТЫН ОРНЫ

АМАНБАЙҰЛЫ М.

оқушы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

ТУЛЕБАЕВА Б. Т.

Кәзіргі әлемдегі Қазақстан пәнінің оқытушысы,  
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазақстан жан-жақты жедел дамып келе жатқан мемлекеттер арасында. Бұл жерде еліміздің мемлекеттер арасында алып отырған жеке рөлін сөз ете кету маңызды. 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігіміз жарияланғаннан бері оны 180-астам мемлекет мойындады, оның ішінде 140-қа жуығымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатылған болатын [1]. Өзге мемлекеттердің ең үздік тәжірбиесін мемлекеттің өсуіне кіріктіру, даму көрсеткіштердің әрбір саласын, әлеуметтік, экономикалық, саяси, құқықтық, қаржылық, халықаралық дәрежеге сай болуына біріккен күш пен ынтымақтастық себепкер болады. Қазақстан түрлі бағытта жұмыс жасайтын халықаралық ұйымдардың беделді мүшесі. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ), Қауіпсіздік Кеңесінің (ҚК), Біріккен Ұлттар Ұйымының білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша бөлігі (ЮНЕСКО), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы (ТМӨДҰ) айқын мысал ретінде бола алады [10]. Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени бағыттардағы ұйымдардың толыққанды мүшесі болып, төрағалық етуінің ерекше маңыздылығы мен ықпалы бар екендігі анықталады. Бұл жағдайды ескере отыра, халықаралық рөлдің маңыздылығы мен өзектілігі, көрінеді. Тоқтала кетсек, Қазақстан нық сеніммен ілгері басуы үшін міндетті түрде оның жаһандық орны және де ықпалы сөз етіліп кетуі тиіс. Елбасымыз, Н. Ә. Назарбаев өзінің соңғы жолдауында «Қазақстанның табысты жаңғыруын қамтамасыз ету үшін бастамашыл белсенді сыртқы саясатты одан әрі жүзеге асыру қажет» екендігіне назар аударған болатын [2]. Егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап іске асып келе жатқан оқиғалар тізбегінде Семей полигонының жабылуы және әлемдегі үшінші мықты ядролық арсеналға ие елдің

өз еркімен бас тартуы ойып тұрып орын алатындар. Қазақстан сырқы саясатында тың идеялармен бастамаларға ие болып отыр. Аталмыш бастамалар арасында Еуразиялық Одақ құру, халықаралық мәселелерді шешуде БҰҰ-да Жаһандық Стратегиялық бастаманы ұсынуы, Діндер көшбасшылары съездерінің ел аумағында өтуі, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің құрылу идеялары [3]. Еліміздің сыртқы саясатындағы басты мақсаты бұл бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтып, соғыс пен кикілжіңді ауыздықтау болып табылады [4].

Жобаның мақсаты – Қазақстанның ғалымдық аренадағы орнын зерттеу арқылы мемлекеттер арасындағы, жаһандық мәселелерді шешудегі ықпалын, байланыстар мен қарым-қатынастарындағы беделін және абыройын анықтау. Мақсатты негізге ала отырып, келесі зерттеу сұрақтары тақырыптың қарастырылуына жол ашады:

1 Қазақстанның халықаралық аренада алатын орны қандай?

2 Қазақстанның халықаралық аренадағы орны жастарға қандай мүмкіншіліктер ашады?

Сонымен қатар, зерттеу барысында сандық әдіс-тәсілдер қолданылды, яғни бұл арқылы кең аудиторияға көзделіп, ақпараттың ауқымды әрі толық болуы күтілді. Бұл әдіс нәтижелерді бағалау және зерттеулердің сапасын арттыру үшін қосымша ақпарат жинауға мүмкіндік береді.

### Қазақстанның халықаралық аренада алатын орны қандай?

1991 жылы тәуелсіздігін бүкіл әлемге жариялаған, жаңа мемлекет Қазақстан Республикасы пайда болды. Тұңғыш Президент – Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауының негізінде құрылған тұжырымдамада Қазақстанның сыртқы саясаты сөз етілген болатын. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында мақсаттары көрсетілген [4].

### Қазақстанның сыртқы саясаттағы бағыты.


Еуразияның кең аймағында өз аумағына ие мемлекеттің сыртқы саясатының қалыптасуына ерекше ықпал жасайтын оның географиялық және саяси орны. Осындай жағдайдан шыға отырып, Қазақстан көпвекторлы саясатты ұстанады. Бұл туралы дипломат әрі қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының спикері Қ. Тоқаев «1991 жылғы желтоқсан мен 1993 жыл арасында Қазақстанның көпвекторлы дипломатиясы қалыптасты» деп атап өткен еді. Жаһандық теорияға көз жүгіртсек көпвекторлы саясат демократиялық мемлекеттерге тән бола тұра, осындай бағыт өзге

мемлекеттің ісіне араласпау, аймақтық біртұтастығын құрметтеу, басқа мемлекеттермен тең дәрежелі ара-қатынасқа түсу, өзгениң ұстанымына ықпал етпеу, оған қоса, олардың саяси тәртібін, экономикалық жүйесімен қатар, этникалық, діни құндылықтарын құрметтеу сынды ұстанымдарға негізделеді. Әлемдегі теңсіздіктің алдын алу үшін, осы ұстанымдарды негізге ала отырып, өзге мемлекетпен оның үстемдігіне қарамастан, тату қарым қатынас орнатуға жол ашады [5]. Бұл өз кезегінде, Қазақстанның тек қана бірнеше елдермен шектеліп қалмай, қызуғышылық білдірген әрбір елмен тығыз, әр салада араласуға дайын екендігін көрсетеді. Елбасының соңғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында, «Біздің бейбітсүйгіш бағытымыз бен осы саладағы нақты айқындалған қағидаттарымыз өзін-өзі толық ақтап отыр» деген еді [2]. Көпжақтылық Қазақстанның тек бір салады дамуынан гөрі, тежеліп қалмай біріккен қозғалысқа ие болатындығына кепіл бере алады. Осының арқасында, эконномикалық даму мен көркею үдеулене түседі. Қазақстан өзін бейбітсүйгіш, ынтымақтастың пен бітімгершілікке аса назар аударатын, бірлік пен татулыққа және қарусыздануға мән беретін мемлекет ретіндегі позицияны ұстанады. Соғыстың алдын алу мақсатында бірталай еңбек жасаған және оның бетке ұстар мысалы бұл ядролық қарудан бас тартуы. Қазақстан төртінші ядролық арсеналға ие мемлекет атанды. Бұл кезеңде КСРО мұрагер болып атанған Қазақстан, өз еркімен ядролық қарудан бас тартып, халықаралық аренада ерекше ілтипатқа ие болды. 1992 жылы Хельсинки процессіне қатысқандығы бұған дәлел бола алады. 1996 жылы БҰҰ мүшелік ете отырып, ядролық қаруды таратпау жайлы келісімге қол қойған болатын [1].

Зерттеу жүргізу барасында, әртүрлі жастағы оқушылар мен студенттер арасында сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнама жүргізу курстық жұмыстың басында қойылған зерттеу сұрақтарына байланысты ақпарат көздерін сараптау кезінде, яғни екінші реттік ақпарат көзіне, қосымша дәлел ретінде қолдануға жол ашады. Сұрақтар типтері әр түрлі, тек бір түрге басымдылық берілмеген. Сұрақтар қазақ тілі және орыс тілдерінде ұсынылған болатын. Бұл респонденттердің сұрақтарды түсінудегі тілдік тосқауылдың туындамауы үшін және кең аудиторияны көздеуге мүмкіншілік береді.

Бірінші сұрақта, «Қазақстанның шет елдік саясатының негізгі бағыттарын көрсетіңіз» жауап берушілердің жауаптарының 77,50 % «Бейбітшілікке ұмтылу» деп көрсетсе, 50,00 %-ға ие нұсқа «Ынтымақтастыққа үгіттеу» болды. Сонымен қатар, 57,50 % жауаптар «Келісім мен бітімгершілікке шақыру» нұсқасын

да көрсеткен болатын. Бұл танымал үш жауаптың көрсетілуі есебінен жауап берушілердің Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттары жайлы хабардар екендігін анық көрсетеді.



Сурет 1 – Қазақстан халықаралық аренадағы рөлін арттыру жолдары

Екінші сұрақ «Қазақстан халықаралық аренадағы рөлін қандай жолдармен арттыруда?» деп анықталды. Бұл сұрақтар айқын басымдылық нұсқасы байқамағандықтан, аталмыш 5 нұсқа көп дауыс жинаған болатын. Олардың арасында, «Өз аумағында халықаралық кездесулер өткізу» 70,00 % үстемдікке ие болса, «Көпвекторлы саясаттың жүргізуі арқылы» нұсқасы екінші орынды иеленді 62,50 %-бен. Соңғы екі нұсқа көрсеткіштері келесідей болды: «Ұйымдарда төрағалық ету» 57,50 %, «Ғаламдық мәселелерді шешу үшін ат салысу» 52,50 % (Сурет 1). Респонденттердің басым бөлігі Қазақстан өзінің халықаралық беделін арттыру мақсатындағы жолдарды көрсете отыра, соңғы жаңалықтар мен өзгерістерді білетіндігіне назар аудартады.

Келесі сұрақта, тоқтала кетсек, «Қазақстан үшін жаһандық аренадағы ерекше кезеңдерін көрсетіңіз» деп нұсқаулық жасалған болатын. Жауаптардың 77,50 % ие болған «БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне қабылдануы» нұсқасы көш бастап тұрса, 70,00 %. Екінші ең танымал нұсқа болып «Ядролық қарудан бас тартуы» атанған еді. Сонымен қоса, 2017 жылы өткізілген «ЭКСПО-2017 Халықаралық көрменің ұйымдастырылуы» жауап берушілердің 52,50% көрсеткішке ие болды (Сурет 2). Бұл сұрақ жауап берушілердің халықаралық аренадағы бастамалары мен жасалған жұмыстарының маңыздылығын сөз еткені

көрсетеді. Оған қоса, олардың мемлекетіміз үшін атаулы кезеңдер деп анықтағандығы байқалады

Соңғы екі сұрақ ашық типті жататындықтан, респонденттердің жеке ойларын білуге бағытталды. «Қазақстанның сыртқы саясаты сіздің өміріңізге қалай әсер етуде?» сұрағына жауап берушілердің басым көпшілігі өздерінің Қазақстанның сыртқы саясатының көмегімен бейбіт мемлекетте, тыныштықта өмір сүріп жатқандықтарын сөз ете отыра, шет елдерге саяхаттауға мүмкіншіліктері бар екендігін және оқуға болатындығын айта кеткен болатын. Екінші ашық типті сұраққа, «Қазақстанның халықаралық ықпалы қандай?», жауап алу барысында, көбісі орташа деп есептесе, басқалары Қазақстанның бастамаларының әрқашан ұтымды болатындығын көрсете отыра, бейбітшіліктің үлгісі деп есептейді.

#### **Қазақстанның халықаралық аренадағы орны жастарға қандай мүмкіншіліктер ашады?**

Зерттеу жүргізілу көмегімен жастар үшін мүмкіншіліктерге Қазақстанның ықпалы сөз етілген болатын. Жауап берушілердің басым көпшілігі Қазақстанның халықаралық аренадағы алатын орны есебінен келісімшарттар мен ортақ жоспарлардың көмегімен елдің жастары өзге мемлекеттерде жоғарғы деңгейдегі білім алуға көмектеседі. Солардың айқын дәлелі ретінде, үкімет аралық гранттар жүйесі бола алады. Үкіметарлық гранттар Қазақстан жастары үшін бар жағдаймен қамтамасыз етуге бағытталған: оның ішіне айлық шәкіртақы, тегін оқу орны, жатақханада тегін тұру қосылған. Қазақстанның бірталай жастары Еуропа, Азия мемлекеттерімен екі жақты келісімдер арқылы өз оқуларын жалғастыруда. Сол мемлекеттер арасында Мажарстан, Польша, Қытай Халық Республикасы, Вьетнам бар. Мысалға алатын болсақ, Мажарстан мен Қазақстан үкіметарлық келісімнің көмегімен, қазіргі күнде 200 студент білім алып жүр [6]. Сонымен қатар, шет ел университеттері Қазақстан студенттеріне университеттік гранттар мен сыйақылар ұсынады. Осының көмегімен АҚШ, Франция, Корея сынды алпауыт мемлекеттерде білім алуға ерекше мүмкіншілік туады. Бүгінгі күндерде жүз мыңға жуық отандастарымыз шет ел университеттерінде білім алып, өздірінің дағдыларын шындап жүр [7].

Бұдан басқа, жоғарғы білікті кадрлар мен жұмыскерлерді даярлау мақсатында, қазақ жастарының шет ел мемлекеттерінде, үздік жоғарғы оқу орындарында білім алу мүмкіншілігі «Болашақ» бағдарламасында көрініс тапты. 1995 жылы Н. Ә. Назарбаев жарлығымен «Болашақ» халықаралық степендиясының құрылуы жайлы бастау қойылды.

Аталмыш бағдар, посткеңестік мемлекеттер арасында алғаш рет қолға алынып, бастапқыда тек қана төрт мемлекетте, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Германия, жүзеге асырылғанымен, артынан мемлекеттер саны ұлғайған болатын. Жаңа тізімге бірталай шығыстың «жолбарыстары» енген болатын. Мысалы, Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай. Шәкіртақы иегерлеріне тегін оқу ғана емес, айлық төлемақы мен тегін баспанамен қамту көзделген болатын. Бүгінгі күні, 12 000 мыңнан астам қазақстандыққа степендия ұсынылып және таңайындала тұра, олар әлемнің озық 170 университетінде, 35 мемлекетте білім алған болатын [9].

Қазақстанның сыртқы саясатының жемісті жұмысы арқасында, халықаралық дәрежедегі оқу талаптары енгізілуде. Танымал орталықтар мемлекеттің білім беру саласын дамытуға ерекше қолдау көрсетуде. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі жаңашыл енгізулердің табысты жұмыс істеп келе жатқан оқу орындары болып саналады. Оқушылардың тек қана стандартты ойлау емес, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, әртүрлі дағдыларды дамыту: білу және түсіну, қолдану, синтездеу, талдау және бағалау. Оқушалардың үлгерімін бақылау арқылы, жаңа ақпараттың сіңірілу деңгейін қадағалап, төмен жағдайда, басқасына көшуге әрекет жасайды. «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ стратегиялық серіктесі ретінде Cambridge Assessment International Education, CITO, British Council, Microsoft, CIS ұйымдары мен бірлестіктер жатады [8]. Бұл тұста да шет елдегі білікті ұстаздармен қатар болатын жұмыстар қатарында Қазақстанның ықпалы байқалады. Дамушы мемлекеттер қатырана ене отыра, Қазақстандық студенттер шет елдің ірі компанияларға барып, біліктіліктерін арттыра алады. Не болмаса, өзге мемлекет ұстаздары біздің ел аумығанда, жастарға дәріс жүргізе алады. Бағдарламалар аясында, «Team teaching» жүзеге асады, бұл дегеніміз пәннің оқыту тілінде және ағылшын тілінде өткізілуін қамтамасыз етеді. Мысалы, 2012 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 165 шет ел мұғалімі, 13 мемлекеттен келген жұмыс жасаған болатын [8]. Анықталған талпыныстар, оқушылардың халықаралық дәрежедегі білім алуға мүмкіншіліктерін одан сайын арттырады.

Зерттеу барысында, Қазақстанның халықаралық қатынастарда алатын орын мен оның мемлекеттер мен ұйымдарға ықпалы зерттелді. Қазақстанның сыртқы саясатының негізге мақсаттары мемлекеттің халықаралық қатынастарда ұстанатын бағыттары мен жоспарларын анықтауға септігін тигізді. Қазақстан өзінің геосаяси



жағдайына байланысты көпвекторлы саясатын жүргізуге бет бұрғандығын көрсете отыра, өзіндік даму жолын қалыптастырған болатын. Қазақстан кез-келген ерекше қызығушылық білдірген мемлекетпен тек қана шынайы ынтымақтастық пен бірлікке негізделетін қатынас құрауға талпынады. Сыртқы саясаттың бітімгершілік пен ынтымақтастыққа, қарусыздану мен соғыстың алдын алуға бағытталғаны жайдан-жай емес. Бұл бағытты ұстана отыра, Қазақстан өзінің бірегей прагматизм мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көп көңіл бөлетіні байқалады.

Қазақстанның халықаралық аренада алатын орны жастарға ерекше мүмкіншіліктерді ашатындығы көрінеді. Қазақстанның абыройы көмегімен, Қазақстанның жастары шет мемлекеттерге оқуға және өз біліктіктерін арттырып келуге қолдау тапқан. Бұл ғана емес, ел аумағына халықаралық талаптарға сай оқу орындары ғана емес, оқудың жаға тиімді бағдарламалары енгізілуде. Соның бірі ретінде Назарбаев Зияткерлік мектептері жұмыс атқарып келеді. Бұл мектептер тәжірибесе, орта мектептерге таратылып, мемлекет аумағында зияткер ұрпақ саны артатындығын болжауға итермелейді.

Халықаралық қатынастардағы өз ролін арттыруға Қазақстан ерекше талпыныс білдіруде. Әлемдік қауымдастыққа, әрбір ел күресіп келетін жаһандық мәселерді шешуде Қазақстан өзінің бастамалырымен көзге түскен болатын. Бастамаларан бөлек, мемлекет халықаралық дәрежеде өз аумағында кездесулер мен келіссөздер өткізуде. Әр түрлі ұйымдардың беделді мүшесі, жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаратын төраға болу елдің абыройын одан сайын арттырды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі ғылым комитеті мемлекет тарих институты, Қазақстан - әлемдік қауымдастықта, 2013 ж. <http://e-history.kz/kz/contents/view/171>

2 Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2018 ж. [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-5-kazan](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-5-kazan)

3 Қазақстан Республикасының жаһандық бастамалары аясында «Қазақстандық даму жолы», 2015 ж. [https://www.inform.kz/kz/kr-zhahandyk-bastamalary-ayasynda-kazakstandyk-damu-zholy\\_a2842888](https://www.inform.kz/kz/kr-zhahandyk-bastamalary-ayasynda-kazakstandyk-damu-zholy_a2842888)

4 Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігі, Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2014 ж. <http://www.mfa.kz/kz/content-view/kontseptsiya-vneshnoj-politiki-rk-na-2014-2020-gg>

5 Мұқтар Ә., Шайхиев Т., Көпвекторлы сыртқы саясат – егемендіктің ерекше көрінісі, 2015 ж. <https://egemen.kz/article/kopvektorly-syrtyku-sayasat—egemendiktin-erekshe-korinisi>

6 Үкімет аралық гранттар қолданылуы. <https://bolashak.gov.kz/novostikz/1164-realizatsiya-mezhpravitelstvennykh-grantov-2.html>

7 20 тысяч грантов на обучение казахстанцев за рубежом «пропадают» в ЦМП, 2018 ж. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/20-tyisyach-grantov-obuchenie-kazahstantsev-rubejom-355723/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/20-tyisyach-grantov-obuchenie-kazahstantsev-rubejom-355723/)

8 «Назарбаев Зиткерлік Мектептері» Дербес білім беру ұйымы. <http://nis.edu.kz/ru/about/partners/>

9 «Халықаралық бағдарламалар орталығы» Акционерлік қоғамы. <https://www.bolashak.gov.kz/kz/o-stipendii/istoriya-razvitiya.html>

10 Внешняя политика Казахстана, 2013 ж. <https://e-history.kz/ru/contents/view/171>

#### ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ЖҮЙЕСІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

БЕКШЕ А. С.

б «А» сынып оқушысы, № 24 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қазіргі уақытта Орталық Азия мемлекеттеріндегі өкілетті билік немесе парламентаризм жүйесіне барлық ғалымдар, саясаттанушылар бет бұруда. Өкілетті билікке қызушылық кездейсоқ емес, себебі КСРО мемлекеті ыдырағаннан кейін бірнеше алып тәуеліз мемлекеттер пайда болды. Тәуелсіздік алған мемлекеттер жаңа міндеттерді шешуге тап болды, ол саяси, экономика, әлеуметтік және тағы басқа мәселелерді шешуі болды. Бірақ оның ішінде саяси даму жолын тандау ерекше орын алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсырмасы бойынша, билік тармақтарын нұсқауларға бөліп қарастырылғаны бізге беймәлім. Халықаралық және саяси әлем сахнасы әрқашанда қозғалыста, дамуда, барлық мемлекеттер саясат жағына, тыс мемлекеттерге назар көп бөлуде.

Қазақ хандығының биліктік құрылымдары. Сайлаулар хандықта дала демократиясының пайда болуы тәрізді.

Дала демократиясының үлгісі ретінде қазақ хандығының сайлану дәстүрін атауға болады. Бұл дәстүр жүзжылдық сыннан өткен, ол хан билігін сайлау процедураларын реттеп отыратын қарапайым-құқықтық нормаларға негізделген.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер бойынша ханның сайланатын айы, күні және өткізілетін орны алдын ала жарияланып отырған. Ханның сайлауы болатыны туралы хабар қазақтардың барлық руларына жарияланып отырылатын. Маслихатқа келген ер адамдардың барлығы қарулы болулары тиіс болатын, әйтпесе әдеттегі құқық нормаларына сәйкес, олар дауыс беру құқынан айырылып қалатын және жас әрі қаруланған әскермен ығыстырылып қалатын.

Дала демократиясының қарапайым-құқықтық нормаларына сәйкес, ресми өкілдер, ру, қауым, тайпалар басшылары, осындай Құрылтай-форумға қару-жарақпен қамтылуы қажет болатын. Жағдай жылқының болмауында болатын, егер Құрылтайға қатысушы жаяу келетін болса, ол міндетті түрде қаруланған болуы тиіс. Тек қана осындай жағдайда ол қолдауға ие болатын. Сайлаудың бұл бөлшегі өте маңызды болып табылады. Бір жағынан бұл қыр адамдары малшы болатын және сонымен қатар әскер де болатын.

Орта ғасырдағы уақытта адамның қаруланып жүруі қалыпты жағдай болып саналатын. Екінші жағынан, ер адамдардың міндетті түрде қаруланып жүруі туралы талаптар билік тарапынан өз халқына деген зор сенімін білдіру болып табылады: қаруланған адамдар басқа адамдардың кандидатурасын ұсына алатын, қарулы тәсілмен өз кандидатураларын қорғай алатын. Бұл норма да басынан бастап хан сайлауының қағидалары шын және әділ түрде қаланғанын көрсетеді.

Шыңғыстықтар өздерінің генеологиялық құқылары бойынша басында хандықтағы жоғары билікке үміткер болса, сонымен қатар, хандық билікке қол жеткізу үшін олар сайлаудан өтулері тиіс болатын.

Мемлекеттегі хандық билік мұраға қалдырылып отырылған жоқ, тәртіп бойынша хан лауазымына лайықты үміткерді таңдау міндеті қазақ қоғамының таңдаулы өкілдеріне жүктелді: белгілі батырлар мен билерге, ру басшыларына және аса лайықты сұлтандар ішінен қария-ақсақалдарға.

Олар түрік халқынан ханды сайлауда ежелден бері қалыптасқан тәртіпті басшылыққа алулары тиіс болатын.

Ханды сайлауға барлық рулардың атакты өкілдері шақырылатын. Жиналыс тәртіп бойынша төбе басында өткізілетін. Бұл мәселе

бойынша А. И. Левшиннің пікірін қарастырайық: «Жалпы шешуші жиналыс белгіленеді, кілемдер мен киіздер қатарланып төселеді, оларға жастары және лауазымдары бойынша сұлтандар, ақсақалдар, билер ру басшылары отырады, ал қарапайым халық олардың артқы жағында тұрады». Әйгілі адамдар айнала отырады, әрқайсының орны әлеуметтік жағдайы ескеріліп анықталады.

Маслихат жалпы дұға жасаудан басталады, одан соң қадірлі ақсақалға – ру басшысына сөз беріледі. Халық алдында хан лауазымына үміткерлер мен олардың абыройлары мен жағымды қасиеттерін әңгімелейтін жақтастары сөз сөйлейтін. Маслихатқа жиналған халық өздерінің қолдайтындықтарын немесе қарсылықтарын дауыстап білдірген.

Болашақ хан біржола анықталғаннан кейін оның жағымды жақтары мен кемшіліктері туралы сипаттап беретін жақтастары сөз сөйлейді. Кейбір процедураларға мұсылмандық құқықтың элементтері де қосылып отырылды. Ең беделді, құрметті ақсақал жиналысты ашып, жиналған халыққа болашақ ханның жеке қасиеттері туралы, оның шыққан тегі туралы, сондай-ақ, атакты адамдардың оның кандидатурасын сайлаған себептері туралы хабарлайды, одан кейін барлықтарына кандидатураны талқылау уақытын жариялайды.

Егер кімде кім хандық билікке үміткердің атына сын айтқасы келетін болса, ескертулер айтып, кемшіліктерін атап көрсететін болса, онда бұл құпталды. Үміткер Құрылтайына, тәртіп бойынша, алдын ала талқылаудан және сайлау туралы шешімнің бірауыздан қабылданғанынан кейін ғана шақырылатын болған.

Жұма күні «ханды көтеру» рәсімі өткізілген. Төбе басына ақ киіз төселіп, оның үстіне бірнеше құрметті адамдар болашақ ханды бетін Меккеге – жалпы мұсылмандық құдыретті қалаға қаратып отырғызған. Одан кейін даланың әдеттегі құқықтық нормаларына сәйкес, аса құрметті деп саналатын сұлтандардың, билердің, ақсақалдардың және батырлардың ішінен төртеуі ақ киізде отырған ханды үш рет бастарынан жоғары көтеріп, жерге түсіреді. Бұл әрекеттің аяқталуы ханның ресми түрде сайланғанын білдіреді және ол туралы салтанатты түрде жарияланады.

Ақ киізде отырған ханды көтерудің себебі, барлық жиналыстарда және барлық салтанатты жағдайларда сұлтандар, қожалар ақ киізге отыратындығында. Басқа жағдайларда ру басшылары сайланған ханды ақ киізге отырғызып, көтеретін.

Будан кейін ханды сайлануымен құттықтап, оны қайтадан бастарынан жоғары көтереді, бірақ бұл жолы оны серіктестері, ақсақалдар мен үміткерлер көтереді.

Ханның сыртқы киімін шешіп алып, оны ұсақ бөлшектерге шауып, оларды Маслихатқа қатысушылар өздерінің тарихи оқиғаға қатыскандарының куәсі ретінде, аса құрметті зат деп санап, өздерімен алып кеткен. Содан соң ханға арнайы тігілген ақ түсті халап пен қалпақ кигізіледі. Қатысушылардың барлығы сайланған ханның малын бөліседі, бұл осы шараға қатыса алмағандармен бөлісуді білдіреді. Бөлініп алынған мал хан сарқыты деп аталған.

Егер хан өз міндеттерін дұрыс атқара алмай, Маслихатқа берген уәдесін орындай алмаған болса, Маслихаттың шешімімен ол хан міндетінен айырылатын. Қазіргі заманғы тілмен айтатын болсақ, сенімсіз деп аталған. Қазақ хандығының тарихында сайланған хандардың барлығы хандықтағы ішкі және сыртқы саясатты лайықты түрде атқарып, халық пен мемлекеттің мүддесін қорғаған. Дегенмен, құлауға душар болған бір хан болатын, ол: Тахир-хан, 16-шы ғасырдың бірінші жартысында жылға жуық басқарған Жәнібек ханның немересі. Ханның барлық мүлкі тартып алынған. Оның қарсылық білдіруге құқы болмайтын, қарсылық білдіру адамдардың мерт болуына немесе жарақат алуына әкелуі мүмкін болатын. Егер осындай жағдайлар болатын болса, онда ол әдеттегі құқық нормаларына сәйкес қомақты түрде құн төлеуі қажет болатын.

Хан бір рет үлкен Құрылтайда өмір бойына сайланатын. Билер рулар мен ауылдардың басында тұратын. Ауыл билерін сол немесе басқа бір ауылдың бай және беделді отбасыларының басшылары қатарынадағы ақсақалдар сайлайтын. Рулар билерін ауылдар билері сайлайтын. Сайлаулар әдетте аталмыш ауыл адамдары мен туған-туыстарының қатысуымен өтетін.

Хан мемлекет басшысы ретінде өзіне берілген жоғарғы өкілеттілікпен бірге жүзеге асыратын азаматтық, әкімшілік және әскери билікті бірге атқаратын. Ұлыстар мен тайпаларда осындай функцияларды өз өкілеттіліктерінде сұлтандар мен билер орындайтын.

Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Парламенті (ағыл. Parliament of the United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland) Біріккен Корольдіктің және Корольдік мұхиттың арғы жағындағы аумақтың жоғары заң шығару органы болып табылады. Оны британдық монарх басқармайды, алайда ол оның бөлігі болып табылады. Парламент екі палаталы, онда Лордтар палатасы деп аталатын жоғарғы палата және Қауымдастық палатасы деп

аталатын төменгі палата бар. Лордтар палатасы сайланбайды, оның құрамына діни лордтар (ағылшын шіркеуінің жоғарғы дін басылары), ақсүйек лордтар (пэрлер) мен көбі өз биліктерін мұра ретінде алған апелляциялар бойынша лордтар (англ. List of Lords of Appeal) кіреді. Қауымдастық палатасы керісінше демократиялық сайланатын палата. Лордтар палатасы мен Қауымдастық палатасы лондондағы Вестминстер сарайының әртүрлі үй-жайларында жиналады. Дәстүр бойынша министрлердің барлығы, премьер-министрді қоса алғанда тек парламент құрамынан сайланады. Парламент көне корольдік кеңестен эволюцияланған. Теориясында билік Парламент тарапынан емес, алайда «Парламенттегі Патшайым» (англ. Queen-in-Parliament) тарапынан жүргізіледі. Парламенттегі Патшайым ғана жоғарғы билік деп жиі айтылады, бірақ бұл даулы тұжырымдама. Қазіргі кезде билік демократиялық сайланатын Қауымдастық палатасы атынан да жүргізіледі; қоғамда Монарх өкілетті тұлға ретінде әрекет етеді және Лордтар палатасының билігі анағұрлым шектеулі деп есептейді.

Британ Парламентін халық арасында «барлық парламенттердің анасы» деп атайды, өйткені көптеген, әсіресе Британдық Достастыққа мүше елдердің, заң шығару органдары, оның үлгісінде құрылған. Бірақ Британ Парламенті ең көне болып есептелмейді, ол кем дегенде Исландияның Парламентінен жас.

Қазіргі Британ парламенті

Ұзақ даму жолы елдің жоғарғы өкілетті органына тән сабақтастыққа себепкер болды. Британдық парламент – ескі және жаңа нысандардың, қабаттастықтың, қатар өмір сүрудің үлгісі.

Британдық парламенттің ерекшелігін оның әртүрлі салтанаттарды ұйымдастырудағы ролінен де байқалады. Жыл сайынғы парламенттік сессиялардың ашылу рәсімі ескі салт-жоралар сақталып, сәнді де салтанатты өтеді. Лордтар Палатасы мен Қауымдастықтар Палатасының өз символдары бар – кара асатаяк пен түйреуіш. Отырыстарды өткізу орнымен де тарихи дәстүрлер байланысты – Вестминстерлік сарай.

Германия Федеративті Республикасы 1949 жылы ұйымдастырылды. Үш басқыншылық аймақта (АҚШ, Франция және Ұлыбритания билігі басым аймақтарда) германиялық жерлердің ГФР бірыңғай мемлекетінің құрамына енетіні туралы заңнамалық актілер қабылданды. Ол демократиялық мемлекет ретінде құрылды, демек конституцияның қабылданылуы талап етілді.

ГФР құрылған жағдай ескеріле отырып, дәстүрлі «Конституция» емес, «Негізгі заң» атауына ие болған конституциялық құжат

қабылданды. Құжаттың уақытша сипатын бейнелейтін дәл осы құжатты қабылдау мақсатқа сай болды. Алайда, 1949 жылғы 24 мамырда күшіне енген ГФР-дің Негізгі заңы бүгінгі күнге дейін күшін жойған жоқ. Осы жылдар ішінде оған көптеген өзгерістер енгізілді, олардың негізгілері ГФР мен ГДР (Германия Демократиялық Республикасы) бірігуі және ГФР Еуропалық одаққа енуі.

Вече (жалпыславяндық; славян тілінен вѣтъ – кеңес) – ежелгі және орта ғасырдағы Русьтегі қалалық, туыс-тайпалық және/немесе одақтастық қоғамның халықтық жиналысы. Ертедегі феодалдық қоғамның феодалдық мемлекеттік билігі мен шоқындыруға дейінгі барлық славян халқының халықты билеуі мен өзін-өзі басқару түрі. Вече – қаланы немесе өлкені басқаратын әскер басын және князьді (одақты-тайпалық мемлекеттілікті) сайлау үшін, сондай-ақ, христиандыққа дейінгі кезеңдегі славян мемлекеттерінің аумағында тікелей демократияның тарихи формасын, қоғамдық, саяси және мәдени өмірінің жалпы істерін талқылау мен маңызды мәселелерді тікелей шешу үшін жинаған. Вечеге – барлық қауымның басшылары – «жұбайлары», ру басшылары мен қоғамдастық басшылары (тайпаның, рудың, елді мекеннің, князьдықтың) қатыса алатын. Вечеде олардың құқықтары бірдей бола алатын не болмаса беделіне немесе әлеуметтік мәртебесі бойынша ерекшеленетін.

Өкілетті билік: халықтық вечодан бірегей мемлекет – Ресейдің заң шығаратын жиналысына дейін.

Тарихтың қиын кезеңдері, өмірдің ауыр жағдайлары және шексіз аумақ ғасырлар бойы басқарудың ежелгі ресейлік үлгісін анықтап берді. Бір жағынан ол әрдайым биліктің жоғары орталықтандырылуымен сипатталса, екінші жағынан жерлердің дербестігінің нығаюымен (кейде шектеулі жекешеленуімен), аумақтық көшбасшылар әсерінің артуымен ерекшеленді.

Ежелгі Русьтегі алғашқы билік өкілдерінің болашақ үлгісінің бірі халықтық вече – әрекет жасауға бейім азат азаматтардың жиналысы болды. Вечеде талқыланатын тақырыптар мемлекеттік өмірдің маңызды және өткір проблемалары болды: соғыс пен бейбітшілік мәселесі, князьдарды көтеру не қуу, әскери жорықтар мен бейбітшілік келісімдері. Шежірелерде вечалық жиналыстардың барлық ежелгі орыс қалаларында, оның ішінде Тверьде де болғаны жазылған.

Кейінірек Ресейді бөлген кезде губернияда сайланған дворяндар губернатор жанында кеңес құрып, губернияның басқару жұмысына тікелей қатысып отырды.

Бүгінгі күні посткеңестік мемлекеттердің саяси жүйелерін әрі қарай демократизациялау мәселелері аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Саяси модернизациясы процесінің маңызды құраушысы парламенттің саяси шешімдерді қабылдауы және жалпы алғанда биліктің заң шығарушы тармақтарының саяси беделін күшейту болып табылады.

Биліктің өкілдік органдарының қызметін жетілдіру мәселесі демократиялық саяси жүйенің негізі ретінде бүгінде барлық посткеңестік елдердің назарында тұр

Басқарылатын түріне қарамастан, посткеңестік мемлекеттердің парламенттері қандай да бір жағдайда азаматтардың басқару процесіне қосылуына, әртүрлі сайлаушылар топтарының бірыңғай саяси жүйеге бірігуіне, саяси элитаның қалыптасуына мүмкіндік береді.

Бірақ бүгінгі күні парламенттің жоғарғы доктринасын тікелей халықпен сайланатын орган ретінде қабылдайтын елдердің өзінде конституциялар оны мемлекеттік биліктің жоғарғы органы ретінде тікелей қабылдамайды. ТМД елдері парламенттерінің заңды статусы көптеген себептерге байланысты болады, басқару формасы ерекшеліктерінің маңызына, биліктің бөлінуінен туындаған жағдайларға, парламенттік қызметтің конституциялық бекітілуіне және т.б.

Посткеңестік парламентаризмнің құрылуы процесіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер тәуелсіздігінің бастапқы кезеңінде мықты орталықтандырылған биліктің әрекет етуіне себепші болған көптеген алғышарттар болды. Халықтың көпұлтты және поликонфессионалды құрамы, азаматтық қоғамның дамыған институттарының болмауы, саяси мәдениеттің төмен деңгейі және партия жүйесінің жетілмеуі ТМД елдерінің бәрінде саяси жағдайлардың ерекше белгісі болды.

Посткеңестік елдер бұл жағдайларда, сөзсіз, мықты атқарушы билікке мұқтаж болды. Өтпелі кезеңде әлеуметтік-саяси тұрақсыздық пен атқарушы тармақтың заңнамалықты дезинтеграциялауы, үстемдік жасауы әбден объективті және заңды құбылыс болды.

Посткеңестік мемлекеттердегі парламентаризмнің құрылу сипатының ерекшеліктері парламенттік құқықтың әдеттегі емес көздерінің маңызды рөлі болып табылады. Конституциялармен бірге арнайы заңдардың, парламенттер статусының регламенті шешімдері болып конституциялық бақылаудың шешімдері, көпшілік нормативтік құжаттары, көптеген саяси келісімдер болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

Кітаптар, оқулықтар:

- 1 Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. - Алматы: Санат, 1996. - С. 347.
- 2 Султанов Т. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей. – Астана. – 2006. – С. 25.
- 3 Жумаганбетов Т. С. История государства и права Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2000. – С. 79.
- 4 Древний мир права казахов. В 10 томах. Том 4. – Алматы. – 2005. - Стр. 434.
- 5 Темиргалиев Р. : Ак-Орда. История Казахского ханства.
- 6 Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алма-Ата: «Мәдени Мұра» – «Культурное наследие Казахстана», 2006. – Т. 2. – С. 317—318. – 560 с. – ISBN 9965-9746-3-2.
- 7 Артыкбаев Ж. О. История Казахстана. Хрестоматия. Астана, 1999. Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Соч. Т. 1. М., 1963.
- 8 Бартольд В. В. История Туркестана // Соч. Т.2. Ч.1. М., 1963. Бартольд В. В. Очерки истории Семиречья // Соч. Т.2. 4.1. М., 1963. Бартольд В. В. История культурной жизни Туркестана // Соч. Т.2. 4.1. М., 1963.
- 9 Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. Т.4. С. 116.
- 10 Козыбаев М. К. История и современность. Алма-Ата, 1991. Копеев М. Ж. Казак шежиреси. Алматы, 1993.

### АҚПАРАТТЫҚ СОҒЫСТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ӘСЕРІ

ЖАКУПОВА А. А.

12 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

ТУЛЕБАЕВА Б. Т.

Жаңа Әлемдегі Қазақстан пәнінің мұғалімі,  
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазіргі заманда ақпарат Интернет пен әлеуметтік желілердің көмегімен тез таралады. Интернетте әлем бойынша күніне 2 млрд адам отырады демек адамдардың көпшілігі осы ақпаратқа қол жеткізе алады [1]. Әрине ол біздің дамып келе жатқанымызды көрсетеді. Мысалы, осыдан 100 жыл бұрын радио өзінің аудиториясын 50 млн азаматқа жеткізу үшін 38 жыл жұмсаса, Интернет тек 5 жылды талап

етті. Алайда, әрбір құбылыстың ақ пен қарасы бар, демек ақпараттың тез таралуында, Интернеттің дамуында теріс жақтар жеткілікті болып келеді. Мәселен, ғаламдық ақпараттану үрдісі халықаралық қауымдастық деңгейінде ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық соғыс секілді мәселердің себебі болуы мүмкін. Ресей геосаясатшысы И. Н. Панарин пікірінше ақпараттық соғыс- бұл ноосфера және әлемдік ақпараттық-психологиялық кеңестікті өз мүдделеріне сәйкес пайдасын отырып билікке жетудің жоғары тәсілі [2]. Ал осының салдарынан елдің ұлттық қауіпсіздігі де жөберленеді. Негізгі ақпараттық соғыстың басты мақсаты- ол қарсы жақты өз ырықна мәжбүрлеп көндіру арқылы өз мүддесіне сәйкес келетін саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік ұтысқа қол жеткізу. Яғни қарсы шыққан елдерді ешнәрсе тоқтата алмайды, олар өз мақсатына жету үшін мемлекеттің ақпараттық және интеллектуалдық ресурстарына ықпал ете алатын кез келген құралдарды қолданады. Бірінші рет ақпараттық соғыс ұғымын 1970 жылы қырғи-қабақ соғысы кезінде Канада зерттеушісі қолданып, осы терминнің одан әрі қолдануына себепкер болған. Осы әлемдік мәселе Қазақ халқына да байланысты, себебі біз Интернетті еркін қолданып «Еріктілер» қатарына енеміз. Өздеріміз білмей ақпараттық соғыстың ортасында жүреміз. Сонымен қатар, ақпараттық соғыс «психологиялық соғысқа» да ұқсайды, себебі интернетті қолданған халықтың «миы шайылады». Ендеше, осы мәселені тез арада шешуіміз керек, ол біз ғана аяғын аңдап басып отырған жағдай емес. «Ауруын жасырған өледі»- деп дана халқымыз бекер айтпаған, ақпараттық соғыспен күресуіміз жөн, әйтпесе болашақта осы мәселенің шешу жолын таба алмаймыз, себебі ақпараттық соғыс барлық салаларды қамтып, алдағы игілікті дамуын баяулатады. Сондықтан, осы тақырып тандалды, енді негізгі мақсат – ол ақпараттық соғыс не екенін, оның деңгейін, елімізге тигізетін зиянын, тарихын зерттеп, одан кейін Қазақстан қалаларының тұрғындарының қаншалықта ақпараттық соғыс туралы білетінін анықтау. Сондықтан зерттеу барысында келесі зерттеу сұрақтары анықталды:

1 Ақпараттық соғыстың қазіргі замандағы деңгейі қандай?

2 Ақпараттық соғыстың Қазақстанның ұлттық қауыпсіздігіне тигізетін әсері қандай?

3 Ақпараттық соғысты тоқтатудың шешу жолдары қандай?

Егер ақпараттық соғысты қазір тоқтатпасақ болашақта кеш болуы мүмкін. Сонымен қатар, осы тақырып менің болашақ мамандығымен тығыз байланысты. Мен, медиа және байланыс факультетінде оқығым келеді демек, мен үшін әлемде болып жатқанның барлығын білу

керек. Ал жалған ақпарат медиа арқылы еркін таралып, ақпараттық соғыстың негізгі себебі болады, яғни адамдар арасындағы байланысты бұзады. Сонымен қатар, ақпараттық соғыс түсінігі қазіргі кезде толық зерттелмегені менің осы бағытта зерттеу жүргізуге талпынуымның тағы бір себебі. Тақырып бойынша бірінші реттік, яғни сауалнама өткізу және екінші реттік, яғни дерек көздерін зерттеу секілді зерттеулерді басында өткізіп, өзін үшін қорытынды жасап, болашақта жалғастыруды және мәселенің шешілуіне үлес қосуды қалаймын.

Ақпараттық соғыс адамзат тарихымен бірге жасасып келе жатыр. Демек ақпараттық соғысты жылдар бойы ғалымдар зерттеуде. Осы мәселенің геосаяси астарын, қайшылықтарды Р. Шафранский, Р. Кеохейн, Дж. Най, И. Масуда ғалымдары бірігіп зерттеді [3]. Ал, мәселенің қазіргі таңдағы алатын орнын, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарын қазақтандық ғалымдардың ішінен Ф. Ж. Ибраева, Е. К. Алиаров, Р. Ш. Бердібаевтар зерттеген болатын [3].

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде насихаттайтын әдебиеттер тасымалданатын болса, 1969 жылы интернет пайда болған соң, ақпараттық соғыстың сипаты мен бүгінгі таңдағы белсенділігі артты. Осы интернеттің қарыштап дамуын елдер өз қаруына айналдырды. Қазіргі заманда жай ғана насихаттау жүрмей, мемлекеттер арасында нағыз соғыс өрлеуі мүмкін. Мысалы, қарапайым халық әрдайым қарайтын каналдарды мемлекет басшылары өз мақсаттарында қолданады. АҚШ «CNN», Европа елдері «Euronews» пен «BBC», Ресей «Ресей 24», Арабтықтар «Al-Jazeera» каналдарын және әлеуметтік желілерін қолданып халыққа жалған ақпаратты жібереді. 1999 жылы Югославия соғысы барысында АҚШ, Сербияның басшысы Слободан Милошевичті нацистердің еврейлерді қырғанындай деңгейінде БАҚ-та көрсетіп, өз халқын Сербияға әскер кіргізуге мойындатты. 2003 жылы Иракта жаппай қырып жоятын қару бар деп БАҚ арқылы хабарлап, Иракқа басып кірді [4]. Осыған қоса, әрбір мемлекет ақпараттық ғасыр уақытында басқа елдерді бақылай да алады. Мәселен, статистикалық ақпарат бойынша Африка материгінде фейсбукты ең көп қолданатын ел-ол Египет, демек осы желінің көмегімен Египетте халықты революцияға жұмылдыруға болады. Атап айтқанда 2011 жылы басталған «араб көктемінде» Египет, Тунис жастарын алаңға «Фейсбук» желісі арқылы жинақтады [5]. Сонымен, қазіргі замандағы ақпараттық соғыстың деңгейі өте жоғары, себебі ақпарат көмегімен экономикалық, әлеуметтік және саяси салаларында пайда табуға болады.

Екінші зерттеу сұрағына тоқталатын болсақ, Қазақстан тәуелсіздігін алып, экономикалық жағынан дамып, енді электронды ресурс қызметтеріне өтуін бастады. Электронды түрде даму, яғни барлық мемлекеттік органдардың басын біріктіріп, оларға интернеттің, электронды терминалдардың немесе тіпті ұялы телефондардың көмегімен тұрғындарға қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін біртұтас жүйені қалыптастыру, халықтың өмірін жеңілдетеді, бірақ оның да теріс әсерлері қоғамда және одан әрі ұлттық қауіпсіздігімізде байқалуда. Себебі ақпараттық соғыс қазіргі заманда өзінің жоғары деңгейінен әсерінен дипломатиялық пен экономикалық күрестен бастап әскери күреске дейін өзінің бойына сініп отыр. Ақпарат әлемді жаулап алудың негізгі құралы және де Қазақстанның дамуына өзінің әсерін міндетті түрде тигізеді. Мәселен ақпараттық шабуылдар үкіметтік сайттарға, банктерге жасалуда. Осыдан бірнеше жыл бұрын Каспий банкі 40 млрд теңге көлемінде смс шабуылдарының салдарынан жоғалтып қалды. Сонымен қатар, қарапайым халықтың әлеуметтік желілеріне шабуыл жасап бүкіл елдің қауіпсіздігін қауіп-қатерге қоюға болады, себебі статистика бойынша тұрғындардың басым бөлігі в контакте, фейсбук, инстаграмм желілерінде отырады, ал бұл желілер шетелдің ресурстары болып табылады. Демек, шетел мемлекеттері біздің ақпаратымызға оңай қол жеткізе алады. Олар адамдардың санасын ұлатып, өздерінің жеке мүдделеріне пайдалануды көздейді өзінің жалған ақпаратын жазықсыз адамдарға таратып. Олар жай ғана ақпараттық соғысты жүргізудің негізгі бағыттарын жүзеге асырып келеді. Бүгінгі күні Қазақстанға қарсы тек әлеуметтік желілер қолданылса, болашақта еліміздің даму деңгейін анықтау үшін ақпараттық ресурстарды жасырын түрде бақылауға дейін жетуі мүмкін. Мысалы, 2009 жылы Германия тарапы Канцлер Ангела Меркельдің ұялы телефонын АҚШ-тың арнайы қызметтері тындады деп күдіктенді [5]. Осындай оқиғаның қайталануы мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігін жояды, себебі жасырын қалуы шарт ақпарат, материалдар қарсылыстың қолына түседі.

Ақпараттық соғыстың барлық тигізетін әсерлерін және қазіргі деңгейін білгеннен кейін, осы соғысты тоқтатудың шешу жолдары қандай деген сұрақ туындайды. Алайда, осы күнге дейін нақты шешу жолы жоқ, бірақ теорияда қарастырсақ, ең бастысы еліміз өзге елдің ақпараттық ресурстарының жетегінде жүрмеуі керек. Егеменді ел болғандықтан Қытай мемлекеті сияқты отандық әлеуметтік желіні дамытуымыз керек, себебі өзге елдің ресурстарын қолданып, біз

осы елдің ақпаратына тәуелді боламыз, демек тұрғындарымыз автоматты түрде осы елдің қармағында болады. Жалған ақпаратты интернет желілеріне таратып, біз жәбірленеміз.

Екіншісі, ол осы біз күнделекті қолданатын желінің иесі біздің ақпараттымызға қолын жеңіл жеткізе алады, ал ақпаратты сақтағанын, атамекенді сақтағанын – деп бекерге айтылмаған. Ақпарат дәуірінде ақпарат кімнің қолында болса, жеңіс те соның қолында. Қарапайым Whats'app, Instagram желілерін қолданып, бүкіл мемлекеттің қауіпсіздігін қауіпке ұшыратамыз. Жай бір желінің иесі болу бұқараның санасын басқаруға, қоғамды меңгеруге, мемлекетті басқаруға алып келеді, сондықтан шет елдерінің ақпараттық ресурстарын қолданғанда сақ болуымыз керек.

Осы жерде мелекетте осы мәселеге көңіл бөлуі жөн. Қазақстанның мемлекеттік ақпараттық саясаты қазіргі кездегі ақпараттың, интернет желісінің ерекшеліктерін негізге ала отырып әзірленуі тиіс. Ақпараттық соғыстан құтылудың алғышарты ол шетелдің ақпаратына тәуелділіктен құтылу. Ол жүзеге асырылмаса мемлекет тәуелсіз әрі егеменді емес деп айта беруге болады.

Зерттеу барысында қолданған екі негізгі зерттеу түрі болды. Біріншісі- ол сапалық зерттеу түрі, ақпараттық соғыс туралы білімді кеңейту үшін және қосымша ақпаратты алу үшін қолданылған. Екіншісі- ол сандық зерттеу түрі, жергілікті тұрғындардан деректер жинау үшін қолданылған. Деректерді жинаудың сандық әдісін қолдандым. Осы себепті жұрттың пікірін білемін деген оймен Қазақстандағы Астана, Алматы, Павлодар қалаларының 18-30 жасар азаматтарынан сауалнама алуға кірістім. SurveyMonkey.com онлайн сервисі дәл осындай мақсатта жасалынған болатын. Оның көмегімен өз сұрақтарыңызды жасап, халықтан жауап іздеуге болады. Тура осы сервис арқылы зерттеуімді бастадым.

Осы ақпараттық соғыс мәселесі туралы қай ақпарат ресурстарынан біліп алғанын сұрағаннан кейін әлеуметтік желілер бірінші орында екенін байқаймыз. Демек әлеуметтік желілер осы салада да бірінші орынға ие. Яғни ақпараттық соғысты бастаушылар әлеуметтік желі арқылы өздерінің жоспарын орындауды таңдайды және әлеуметтік желілер осы мәселенің бар екенін көрсетеді. Кеңес Одағы мен АҚШ арасындағы ақпараттық соғыс кезінде қарсыластар бір-біріне идеологиялық соққы беру үшін ештеңеден тайынбағаны белгілі. Олар көбінесе газет, журнал, әдебиеттер арқылы әрекет жасады. Демек ақпараттық соғыс Кеңестік жүйе күйрегеннен кейін де толастаған емес. Бар болғаны оның нысанасы, бағыты, мазмұны

өзгерді және бұрынғыдай екі ғана емес, көпполярлы сипатқа ие болды.

Мәселен, осы шағын зерттеу нәтижесінде ақпараттық технологиялардың мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа әсер етуі. Демек жаңа технологиялар да қарым-қатынастың берік болуы да өз ықпалын тигізді. Енді, неліктен кейбір елдер осы технологияларды келеңсіз бағытта қолданады деген сұрақ туындайды. Ол менің келесі сауалнама сұрағым болды.

Олар көздейтін басты мақсат-ол «миды шаю», себебі осы процесстің көмегімен елдің ішкі, сыртқы саясатын, экономикасын, әлеуметтік жалпы барлық салаларын нашарлатуға болады. Мидың шайылуы ғұламалардың жылыстауына әкеледі, ал ол жұмыс күшінің азаюына әкеледі, солай экономика нашарлайды. Халықтың миын шайып, олардың сана сезімін өзгертіп, олардың Отанға деген патриоттық сезімнің, сенімдіктің өшуіне әкеледі, ал ол Қазақстан халқының лаңкестік ұйымдарға қосылуын жеделдетеді. Алайда, ақпараттық соғыстың Қазақстанға тигізетін еш әсері жоқ деген жауап та болды, бірақ екінші реттік зерттеуді жүргізгенде мен осы мәселенің Қазақстанға тигізетін әсері өте күшті екенін байқадым.

Ақпараттық соғыстың деңгейін және ұлттық қауіпсіздігімізге тигізетін әсерін сауалнама бойынша да, қосымша әдебиеттен ала отырып та зерттедік. Бірақ, соғыстың артықшылықтарын, кемшіліктерін білу керек, осыған негіз ретінде SWOT талдау әдісін алуға болады. Осылай Ақпараттық соғыстың мүмкін болатын пайдалы жақтарын, қауіп көздерін, мүмкіндігін және залауын талдап көрсек.

### **S – күшті жақтары**

Негізі соғыстардың күшті жақтарын табуға қиын бірақ мүмкін, демек аталмыш соғыстың да аз болса да күшті жақтары бар. Ақпараттық соғыстың басталуының себебі ол ақпараттық технологиялардың дамуы, яғни елдегі ақпараттық соғыс осы мемлекеттің ғылыми-техникалық прогресспен дамып келе жатқанының белгісі. Сонымен қатар ақпараттық соғыс пайда болған ақпараттық кеңістікті одан әрі дамытады. Осы соғыстың түрі үлкен қаржылық инвестициялар мен күш-жігерді қажет етпейді, себебі қару-жарақтарға қаражат жұмсалмайды, тек нағыз стратегия қажет. Сондықтан әлемнің жетекші елдері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуға, ақпараттық инфрақұрылымға, ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға стратегиялық инвестициялар жасайды. Демек Ақпараттық соғыс қоғамның инновациялық және тиімді дамуына,

жаңа (алтыншы) технологиялық тәртіпті қалыптастыруға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

#### W – әлсіз жақтары

Әлсіз жақтарына тоқталатын болсақ, ақпараттық соғыстың әлсіз жақтары жеткілікті. Біріншіден, қазіргі уақытта ақпаратты өңдеудің, сақтаудың, берудің барлық дерлік құралдары шетелдік ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) негізінде жасалады. Сондықтан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы әңгімелесу, ол өзімізді алдау, себебі осы құралдар арқылы қарсы мемлекеттер теріс психологиялық фон орнатады. Ақпараттық соғыстың теріс әсері көптеген құндылықтарға, азаматтардың сана-сезіміне әсер етеді. Бұған мысал ретінде украиналық және батыс БАҚ-тарға қарсы Ресейдің саяси және экономикалық оқшаулануы, тарихты бұрмалануы. Ақпараттық соғыс елдегі цензураны айналып өтуге арналған жаңа технологияларды құру және тарату бойынша жобаларды қаржыландыру, авторитарлы елдерде оппозицияны қолдайтын ақпараттық қызметтерді құру, көлеңкелі интернет жүйелерін және дербес мобильді байланыс желілерін құру, авторитарлық режимдермен күресушілерге билік органдарының тыйым салуларын айналып өтіп, онлайн режимінде ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Ақпараттық соғыста жеңілсен ақпараттық құрылымның бөлігі жеңімпаздың кеңсесіне көшіріледі, ақпараттық жүйенің жұмысы төмендейді, зақымданған тараптың қауіпсіздік жүйелері жойылады.

#### O – мүмкіндіктер

Осы соғыстың көптеген әлсіз жақтары бар деп айттық, енді осы соғыстың кемшіліктерін асып түсу үшін бірнеше мүмкіндіктерді қарастыруға болады. Біріншіден, Ақпараттық соғыстың жеңімпазы болған ел мемлекеттің толық ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі мүмкін. Елдегі патриоттық көңіл-күй сақталады. Сонымен қатар, ең бастысы ақпарат саласында көшбасшы елге айналады. Осыған қоса, ақпараттық соғысты бастап, қарсы елдердің азаматтарын дезинформациялап, өзінің бастапқы, негізгі мақсатына жету мүмкіндігі пайда болады.

#### T – қауіп-қатерлер

Ең негізгісі ол жай ғана ақпаратпен жүргізілген соғыс нәтижесінде корпоративтік тыңшылық, террористік сипаттағы жаһандық соғыс пайда болуы мүмкін. Осы соғыста жеңіліп қалсаң мемлекеттік басқару жүйесі бұзылып, ұлттық қаржы жүйесінің құлдырап қалуы мүмкін. Соғыс барысында оппонент мемлекеттер

белгілі бір ақпаратқа қолжетімділікті шектеуі мүмкін, мәселен веб-ресурстардың жабылуы, теледидар бағдарламалардың, баспа басылымдардың жабылуы.

Қорытындылай келе, сапалық және сандық зерттеулерінен жиналған мәліметті талдағаннан кейін Ақпараттық қоғам дәуірінде Ақпараттық соғыстың деңгейі жоғары деуге болады. Алайда осы мәселе толығымен зерттелмеген және Қазақстан халқының осы соғыстың түрі турала білімі шектеулі. Осы қорытындыға сапалық зерттеу, яғни сауалнама нәтижелері жеткізді, себебі сауалнамадан өткен 67 адамның тек 40 пайызы өзінің нақты, терең білімін көрсетті. Ендеше осы тақырыпты одан әрі зерттеп Ақпараттық соғыстың шешу жолдарын табуға керек. Ақпараттық соғыстың тек теориялық шешу жолы бар, ал оны іс жүзінде жүзеге асыру біздің ең басты мақсатымыз болуы керек. Біздің ақпараттық кеңістігіміз толығымен Батыс мемлекеттеріне не болмаса Ресейдің ақпаратына толығымен тәуелді. Ол өз кезегінде мен жоғарыда көрсеткен салдарға алып келуі мүмкін. Осы зерттеуді өткізгенім мен үшін өте пайдалы болды, себебі ақпаратты тек Астана, Павлодар, Семей қалаларын зерттеп алғанымға қарамастан, кішігірім зерттеу жүргіздім және болашақта осы Ақпараттық соғыс тақырыбын жоғары оқу орнында тереңірек зерттеуге үміттенемін. Осыған қоса, Қазақстан Республикасының тұрғыны ретінде халықтың, үкіметтің ақпараттық соғысқа дайын болуын және еліміздің осы соғыстың жеңімпазы болуын қалаймын.

Ақпаратты сақтағанын, атамекенді сақтағанын- деп бекерге айтылмаған. ХХІ-ғасырда ақпарат ол ең құнды ресурстардың бірі, себебі ақпарат кімнің қолында болса, жеңіс те соның қолында. Халықтың санасын басқару - мемлекетті басқаруға алып келеді, сондықтан осыдан құтылу үшін шетелдің ақпаратына тәуелділіктен құтылу керек. Бұлай болмаса, тәуелсіздік, ел мен жердің егемендігі туралы сөз айту жартыкеш тірлік болып қала бермек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байжұмақызы З. «Ақпараттық соғыстың геосаяси аспектісі», 2015 ж <https://articlekz.com/kk/article/17213>
- 2 Байұзақов Қ. «Ақпараттық соғыс дәуірі», 2015 ж. <http://arhar.kz/2015/11/11/a-paratty-so-ys-d-uiri/>
- 3 Фаббасов Р. «Германия Канцлер Ангела Меркельдің ұялы телефонын АҚШ-тың арнайы қызметтері тындады деп күдіктенуде», 2013 ж.



[https://www.inform.kz/ru/germaniya-kancler-angela-merkel-din-uayaly-telefonyn-aksh-tyn-arnayy-kyzmetteri-tyndady-dep-kudiktenude\\_a2599714](https://www.inform.kz/ru/germaniya-kancler-angela-merkel-din-uayaly-telefonyn-aksh-tyn-arnayy-kyzmetteri-tyndady-dep-kudiktenude_a2599714)

4 Кудайберген Ж. «Ақпараттық соғыс ашық қоғамның көрінісі ме?», 2016 ж. <http://zanmedia.kz/2016/10/03/aparaty-sous-ashy-aamna-cerns-me/>

5 Панарин И. Н. «Информационная война и геополитика», 2006 ж.

<http://bulletin-ir-law.kaznu.kz/index.php/1-mo/article/view/361/355>

### ҰЛТАРАЛЫҚ ПЕН ДІНАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РӨЛІ

ЖУМАТАЕВА А. К.

12 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.  
ТУЛЕБАЕВА Б. Т.

тарих пәнінің мұғалімі, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазіргі әлемде бейбітшілікті сақтауда ұлтаралық пен дінаралық қатынастар маңызды орын алады. «Ұлтаралық пен дінаралық қатынастар дегеніміз не?» деген сұрақ туындайды. Ұлтаралық қарым-қатынастар деп белгілі бір этникалық қауымдастықтар арасындағы қатынастарды атайды. Бұл қатынастар қоғамның барлық салаларын қамтиды, осыған мысал: әлеуметтік, саяси, мәдени өрі экономикалық қатынастар. Ұлттық қатынастар тек жеке тұлғалар мен этникалық топтар арасында ғана емес, мемлекеттер арасында да қалыптасады [1, 14 б.]. Ал дінаралық қарым-қатынастар әр түрлі дін бағыттары ғана емес, әртүрлі дін өкілдері арасындағы қатынастар болып келеді [2, 240 б.].

Тандалған тақырып өте өзекті, себебі қазіргі біртұтас әрі жаһандалған әлемде мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынастарды орнатудың рөлі артуда. Әр мемлекеттің мақсаты – басқа елдермен бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қарым-қатынасты орнату болып келеді. Осыған қоса, көп ұлтты мемлекет ішіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін де ұлтаралық пен дінаралық қарым-қатынастардың дамуының елеулі маңызы бар. Алайда қазіргі таңда ұлтаралық пен дінаралық конфликттер бар. Мысалы, Таулы Қарабақ мәселесі, Ресей-Украина қақтығысы,

Ұйғыр-Қытай конфликті сияқты жанжалдардың нәтижесінде мыңдаған адам қайтыс болып, сол елдердегі жағдай тұрақсызданды. 2018 жылғы қазан айының Қазақстан халқына жолдауында елбасы Н. Ә. Назарбаев «Біздің бейбітсүйгіш бағытымыз бен осы саладағы нақты айқындалған қағидаттарымыз өзін-өзі толық ақтап отыр», деп мәлімдеді [3]. Осыған сәйкес, Қазақстанның этносаралық пен конфессияаралық қарым-қатынастарды реттеудегі рөлін бағалау жобаның басты мақсаты болып келеді. Бұл мақсатқа жету үшін менің зерттеу жұмысымда келесі сұрақтар қарастырылатын болады:

1 Қазіргі әлемдегі ұлтаралық пен дінаралық қарым-қатынастардың жағдайы қандай?

2 Ұлтаралық пен дінаралық қарым-қатынастарды реттеудегі Қазақстанның әрекеттері мен олардың нәтижелері қандай?

3 Ұлтаралық пен дінаралық қарым-қатынастарды реттеудегі Қазақстанның болашағы қандай?

Жаһандалған әлемде ұлтаралық пен дінаралық қарым-қатынастардың маңызы зор, себебі бұл қатынастардың дамып нығаюы – бейбітшілік пен бірізділіктің кепілі, бірақ қазіргі кезде қоғамда ұлттық бөлініс пен әртүрлі дін өкілдері арасындағы конфликттер де аз емес. Мұны Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та мемлекеттің БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 2017–2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне сайлануына байланысты үндеуінде атап өтті: «Бұл халықаралық қатынастардағы күрделі кезең болмақ. Оны бүгінгі күн ахуалына қарап-ақ көруге болады. Дүние созылмалы жанжалдармен қатар, қауіпсіздікке қатердің бұрын-соңды болып көрмеген кең ауқымымен бетпе-бет келіп отыр Біз жаһандық проблемаларды шешудің жолдарын іздестіруге сүбелі үлес қосатын боламыз» [3].

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында жоғарыда аталған зерттеу сұрақтарына жауап беру үшін ресурстарға шолу жасалып, Павлодар қаласының 50 тұрғыны арасында сауалнама жүргізілді. Осы әлеуметтік әдістің жағымды жақтарына тоқталсақ, біріншіден, уақыт үнемдеу мүмкіндігін атау керек, себебі сауалнама арқылы аз уақыт ішінде көп адамның пікірін біліп алуға болады. Ал, екіншіден, сауалнама арқылы жиналған ақпаратты диаграмма немесе график арқылы ұсыну мүмкіндігі арқасында талдау жасау қолайлығын атау қажет. Сауалнамадан өткен адамдардың жауаптары зерттеу жұмысының нәтижелерінің әділдігі мен нақтылығына елеулі ықпал етті.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысының сенімділігі үшін ресурс ретінде Қазақстан Республикасының Президентінің 2018 жылғы

жолдауы мен БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайлануына байланысты үндеуі, ресми құжаттар, сондай-ақ статистикалық материалдар қолданылды.

Сауалнамадағы «Қазіргі әлемдегі ұлтаралық пен дінаралық қарым-қатынастардың жағдайы қандай?» деген сұраққа респонденттер 0-ден 100-ге дейін шкала бойынша баға беруі тиіс болған. Сауалнама нәтижесінде респонденттер берген бағалардың орташа мәні 57 болып шықты. Осындай көрсеткіштің шығуының басты себебі қазіргі кезде орын алған әлемдегі жанжалдар болуы мүмкін. Атап шықсақ, «Бүгінгі күнде өтіп жатқан ұлтаралық конфликтерді атаңыз» деген сұраққа жауаптар ішінде Израиль мен Газа секторы арасындағы қақтығыс, Дарфурдағы қақтығыстар, Таулы Қарабақ мәселесі, АҚШ пен Ресей арасындағы конфликт, Түркиядағы күрд мәселесі, Израиль-Пәкістан жанжалы, Оңтүстік пен Солтүстік Корея арасындағы конфликт, Израиль мен Араб елдері арасындағы қақтығыстар аталған болатын. Ал дінаралық конфликтер ішінен респонденттер Кашмир мәселесі, Мьянмадағы оқиғалар, Нигериядағы жанжал атап өтті. Осыған қоса, бүгінгі күннің дінаралық мәселелерінің бірі - лаңкестік актілер санының өсуі де аталған болатын. Осыған байланысты, қазіргі кездегі әлемнің белгілі бір бөліктеріндегі ұлтаралық пен дінаралық қарым-қатынастардың жағдайы тұрақсыз әрі қауіпті деуге болады, сондықтан бұл мәселені шешу үшін тиісті шаралар жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстан КСРО уақытында полиэтникалық елге айналды да, бүгінде 140 этнос пен 17 конфессия өкілдері, 3088 діни бірлестіктер үшін ортақ шаңырақ болып келеді [5]. 2018 жылдың халық санағына сәйкес, қазақтар халықтың – 67,47 %-ын, орыстар – 19,76 %-ын, басқалар – 12,77 %-ын құрайды [4]. Осыған байланысты, Қазақстан өз тәуелсіздігіне қолын жеткізген уақыттан бастап, татулық пен келісімді сақтап дамытуға, қауіпсіздік пен бейбітшілікті, этносаралық және конфессияаралық ынтымақтастықты, келісім мен саяси тұрақтылықты сақтауға ерекше көңіл бөлуде, яғни Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұлттар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуды қамтамасыз ететін саясат жүргізуде.

Қазақстан Республикасының Конституциясының Адам және Азамат бөлімінің 14-бабында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» - деп көрсетілген, яғни Қазақстанда азаматтың ұлттық және діни көзқарасына қарамастан, оның саяси және құқықтық

қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Осыған қоса, 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңесші орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. ҚХА елдегі тұрақтылық пен ынтымақтастықты сақтауда маңызды орын алады: Қазақстанда 621-ге жуық этномәдени бірлестік қызмет жасап, 11 тілде газет-журнал шығарылып, 8 тілде радиохабарлар таратылады және 7 тілде телехабарлар көрсетіледі [8].

Сонымен қатар 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады» [7].

Сауалнамдан өткен адамдардың басым көпшілігі (66,67 %) «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның қабылдануын Қазақстанның ішкі ұлтаралық пен дінаралық конфликтерді реттеудегі ең тиімді әрекеті деп таңдады. Ал респонденттердің 58,33 % басқа мемлекеттермен дипломатиялық, экономикалық әрі мәдени қатынастарды орнату әрекетін таңдаса, 50,00 % Қазақстанның бейтарап көзқарасты ұстануды тиімді деп санады. Қазақстанның жаһандық бастамаларды ұсыну, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Комитетінде уақытша төрағалық ету, Қазақ Халық Ассамблеясын құру әрекеттері респонденттердің 33,33 % пікірі бойынша тиімді деп саналды. Алайда Мемлекет басшысы тек ішкі саясатқа ғана назарын аудармай, әлемдік деңгейде де әрекет етуде. Елбасымыз тек Қазақстан қауіпсіздігі мен мүддесін ойламай, өзге мемлекеттер халықтарының және бар адамзаттың қауіпсіздігі мен даму болашағын ойлайды әрі оған жетуге қажетті жолдарды ұсынады. Мәселен, 2016 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен Астана қаласында бейбітшілік саммиті өтті.

Қазақстандағы этносаралық, дінаралық татулық көптеген елдер үшін үлгі болып, әлемнің жетекші мемлекеттері қазақ елінің саяси бағытын жоғары бағалап, тәжірибе алуда. Біздің республикамыздың жаһандық маңызы бар жанжалдарды шешудегі

тәжірибесі Орталық Азия мен Еуропаның жетекші сарапшылары тарапынан оң бағаланды [9].

2016 жылы Қазақстан алғаш рет 2017-2018 жылдарға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Еліміз өз миссиясын абыроймен орындады, себебі, мысалы, Елбасымыз атап өткендей: «Сирия жөніндегі Астана процесі бейбіт жолмен реттеу және осы елдің дағдарыстан шығуы жөнінде тиімді жұмыс жүргізіп жатқан бірден-бір келіссөздер форматына айналды» [3]. Терроризмге қарсы күрес жөніндегі сарапшы Ерай Гучлуер: «Астана – Сирия қақтығысын реттеуге қатысты маңызды диалог алаңы. Елдердің бірінші кездесуінде - Түркия, Иран және Ресей – атысты тоқтату туралы шешім қабылданды. Содан кейін деэскалация аймақтарды құру туралы келісімге қол жеткізілді. Бұл өте маңызды. Қақтығыстар болмайды, қантөгіс болмайды. Бұл әскери қақтығыстарды шешудің ең тиімді әдісі», деп айтқан еді [6]. Бұл Қазақстанның бейтарап көзқарасты ұстануын көрсетіп, мемлекетіміз қолданатын шаралардың британдық эксперт қолдайтындығын көрсетеді.

Елдегі түрлі конфессиялардың келісімі мен ынтымағын нығайтудың тиімді әдісі діндер лидерлерінің съезі болып келеді, сондықтан Қазақстан Республикасының Мемлекет басышысының жаһандық маңызы бар басымдылықтардың бірі – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізуі болып табылады. Қазақстанның бас мүфтиі, Серікбай қажы Ораз, Қазақстан әрекеттерін жоғары бағалап, былай айтты: «Діни ұрандар әртүрлі экстремистік қозғалыстармен жиі қолданылады. Исламды белгілі бір қақтығыстар үшін айыптай алмайсыз. Сонымен қатар, дін, рухани компоненттің негізгі компоненті ретінде әлеуметтік және саяси өмірдің оқиғаларынан тыс қалуы мүмкін емес екені анық. Бүгінде мұсылман үміті бір мақсатпен біріктірілуі керек – жаһандық проблемаларға төтеп беру. Жиналған проблемалар мен мәселелерді ашық диалог арқылы шешу керек» [10].

Мәскеу лингвистикалық университетінің доценті, Икбал Дурре, айтуы бойынша: «Қазақстанның төрағалығы аяқталғанымен, Таяу Шығыс пен бүкіл өркениетті әлемнің халқы Қазақстаннан күткендей, бұл үміт әлі күнге дейін жалғасуда. Сириядағы қақтығыс әлі де өсіп келе жатқандықтан, менің ойымша, Қазақстанда медиацияның рөлі таяу болашақта одан да маңызды болады» [9].

Қорытындылай келсек, сауалнама нәтижелерін талдайтын болсақ, респонденттердің пікірі бойынша, бүгінгі әлемдегі ұлтаралық пен дінаралық қарым-қатынастар жоғары деңгейде дамымаған, себебі дүниежүзінің көптеген елдерінде жанжалдар орын алуда. Осыған

ұқсас Қазақстанның конфликттерді реттеудегі рөлінің бағасы да төмен болды (51). Алайда әдебиетке шолу жасау барысында, Қазақстан рөлі тек қазақстандық эксперттермен ғана емес, шетелдік эксперттермен жоғары бағалғаны анықталды. Мысалы, Әлемдік діни ұйымдардың көшбасшылары Астанаға келу жөнінде «Діндер бейбітшілік үшін» Дүниежүзілік ұйымының Бас хатшысы, Уильям Вендли келесі пікірді білдірді: «Бұл Қазақстанның ерекше үлесі. Мен бүкіл жұмысымды әлемдік діндер арасындағы ынтымақтастыққа арнадым. Біз Қазақстанға немқұрайлықпен және ынтымақтастықта боламыз. Мен осы керемет және жарқын болашаққа, болашақ жолын, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізуге қатысқанмын. Мен күзде келесі форумға қайта ораламын. Қазақстан адамзат үшін ортақ игілікке үлес қосады. Егер сіз БҰҰ-ның кез-келген мемлекеттің миссияларына сілтеме жасасаңыз, онда барлық жерде сіз Қазақстанға шынымен әлемді беріп, оны алға жылжытатын жауап аласыз. Менің жүрегімде Қазақстан жасайтын нәрсеге деген терең қуанышым бар» [10]. Қазіргі таңда Қазақстан әлемге діни бейбітшілік орнатудың бастамашысы ретінде танылған мемлекет деген қорытындыға келуге болады. Сонымен қатар сауалнама мен әдебиетке шолу жасау нәтижесінде Қазақстанның мәселелерді реттеудегі рөлі нығайып, шет мемлекеттер еліміздің тәжірибесінен үйренеді деген қорытынды шығады.

Қазақстанның аталған мәселелерді шешуінің жағымды жақтарына тоқталатын болсақ, біріншіден, елімізде сенімі мен көзқарасы әралуан ұлт пен ұлыстың, мақсат-мүдделері ортақ, тату-тәтті, береке бірлікте өмір сүруін атау қажет. Екіншіден, Қазақстанның сыртқы саясатындағы бітімгершілік пен ынтымақтастыққа бағытының мен халықаралық мәселелерді шешудегі бастамаларының тиімділігі. Мысалы, 2017 жылы Қазақстан Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсетіп, елдің қайта құрылуына, мектептер мен жолдардың салуына әрі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырылуына қолдау көрсетеді. Ал 2013 жылы Қазақстан Батыс Украина мен Ресей арасындағы жанжалда медиатор ретінде әрекет жасады. Бұл мәселелерге қатысу Қазақстанның егемендігін нығайтумен қатар, Қазақстанға ынтымақтастықтың көптеген жаңа мүмкіндіктерін ашуға жол береді [9].

Алайда Қазақстан өз бейбітсүйгіш саясатын жүргізу барысында, сынға ұшыраған. Мәселен, БҰҰ мен ЕҚЫҰ Қазақстан 2011 жылы қабылдаған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда белгіленген нормалардың халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтінін ескерткен, бірақ Астана ескертулерді елеусіз қалдырған. Заң жобасы Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін

орындаудағы кемшіліктерді жоймай, керісінше оны еселей түседі [10]. Осыған қоса, Қазақстандағы ұлт пен ұлыстар көбіне бірлікте өмір сүріп отырғанымен, 2015 жылы 5 және 6 ақпанда қазақ ұлтының жастары Ынтымақ және Бостандық ауылында этникалық тәжіктерге тиесілі ондаған үйлер мен автомобильдер өрттеді. Ал 2016 жылы Алты жастағы қазақ баласының өлтірілуі Қазақстанның Жамбыл облысының Бурый ауылында түрік және қазақ қауымдастықтарының арасындағы қақтығысты тудырды.

Осыдан қауіп-қатерлерді қарастыратын болсақ, Қазақстанға жалған діни экстремизм мен терроризмнің енуі және халықтың дәстүрлі құндылықтары мен діни ерекшеліктерінің эрозияға ұшырауын атауға болады. Туындаған қауіптерді жою үшін Заңнаманы қазіргі заманның талаптарына сай жаңарту керек.

Мүмкіндіктер ретінде Қазақстанның өзге мемлекеттермен дін мен этностар арасындағы сұхбатты қамтамасыз етудегі бірегей тәжірибемен бөлісу мүмкіндігін, сондай-ақ, Қазақстанның әлемдегі ұлттаралық пен дінаралық қарым-қатынастардың реттелуіне өз үлесін қосып, дүниежүзіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мүмкіндігін атап кетуге болады.

Қорытындылай келе, Қазақстан ұлттаралық пен дінаралық қарым-қатынастарды реттеуде маңызды рөлге ие деп айтуға болады, себебі Қазақстан полиэтникалық мемлекет бола тұра, тек ішкі бірізділік пен тұрақтылықты сақтап қана емес, әлемдік деңгейдегі мәселелерді шешуге ат салысуда. Осыған дәлел: Қазақстанның халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі болуы; Өз территориясында дін басшыларының съезін өткізуі; Әлемдік қауымдастықтың Қазақстан саясатын қолдап үлгі алуы.

Болашақта бұл курстық жұмыс жалғастырылып, тақырыптың басқа да жақтары зерттелетін болады. Бұл үшін тақырып аясында жұмыс істейтін мамандармен сұхбат жүргізілуі мүмкін, яғни сапалық зерттеу қолданады. Осымен бірге ұлттаралық пен дінаралық қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған қандай қосымша шаралар жүргізуге болатыны талданатын болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### АВТОРЕФЕРАТ:

Кертанов, Р. А. Межнациональные отношения в массовом сознании реформирующегося общества. Автореф. дисс. . канд. полит. наук / Р. А. Кертанов. - М., 2000. - С. 14.

##### ЖИНАҚТАҒЫ МАҚАЛА:

Ланда К. Г. Кислицын С. А. «Мәдениетаралық, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру мәселелері», 2016 // Издательство «Перо», 2016. – 620 с.

##### РЕСМИ БАСЫЛЫМДАРДЫ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ СИПАТТАУ:

Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне сайлануына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың үндеуі, 2016.

Назарбаев Н. Ә. «Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы», 2018.

2018 жыл басына Қазақстан Республикасы халқының жекелеген этностары бойынша саны, 2018.

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы

##### ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

Қалиев Ж. «Қазақстан – ұлттаралық келісім және саяси тұрақтылық мекені». - URL: <http://e-history.kz/media/upload/4624/2016/02/01/f600ab8d61006bfe25684fadcb8c94c9.pdf>

Ысқақова А. «Қазіргі Қазақстанның дәстүрлі толеранттылығы», 2014. - URL: <https://baq.kz/kk/news/kazakhstan-2050-mangilik-el/kazirgi-kazakstannin-dasturli-toleranttiligi-48799>

Глушкова С. «Дін туралы заң жобасындағы «бұлыңғыр» тіркестер», 2018. - URL: [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_unclear\\_language\\_in\\_the\\_draft\\_law\\_on\\_religion/28992967.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_unclear_language_in_the_draft_law_on_religion/28992967.html)

Сейфуллина А. Б. «Межконфессиональное и межэтническое согласие в современном Казахстане», 2013. - URL: <http://e-history.kz/ru/contents/view/1329>

#### POLITICAL YOUTH ORGANIZATIONS AT THE BEGINNING OF THE XX<sup>TH</sup> CENTURY IN KAZAKHSTAN

ZHANGAZINOVA Z.

9<sup>th</sup> grade student, «BILIM-INNOVATION» high school for gifted girls, Pavlodar

SULEKEYEV D. K.

History teacher, «BILIM-INNOVATION» high school for gifted girls, Pavlodar

About the growth of social activity, the emergence of the possibility of improving the political and ideological state among the Kazakh people, Kazakh and Soviet scientist, statesman, doctor of law, professor Salyk

Zimanovich Zimanov says the following: «From the point of view of the external situation at the beginning of the 20th century, in the territories behind Russia, among them in then-Kazakhstan, a very appropriate moment arose for the emergence of national self-consciousness and the development of the national liberation movement. Having found its supporters and followers, the ideals of humanism and freedom, the struggle against tyranny and pressure, equality and unity of peoples spread to the outskirts of Russia. The presence of prerequisites for the emergence of a national democratic innovative idea at the beginning of the 20th century is characterized as a historical factor. Their initiators include social activity and political and social views of Kazakh youth, who studied at institutions of higher education in large cities of Russia in the 80s–90s of the 19th century. The Kazakh youth, thinking about freedom and independence, the future of the Kazakh people, since student years, known for their social and political activism, sought to create public organizations that unite young people in their goals and undertakings. The political events that took place in St. Petersburg in the 80s–90s of the 19th century influenced the improvement of the political convictions of Kazakh youth. Barlibek Sirtanov, Muhamedjan Serdalin, Bakhytzhan Karataev, A. Temirov and Baktigerey Kulmanov, who studied before them at the Faculty of Oriental Studies, organized the «Countrymen» circle. In addition to providing financial assistance to students in the circle, they provided medicines in the event of illness, they secretly read and discussed the proclamations of revolutionary content at their meetings, shared their opinions on the struggle against inequality and injustice.

The increased colonial oppression in the Russian empire, the growing liberation struggle against the national oppression of other nations, the domination of great-power Russian nationalism, engendered discontent among the peoples of the Caucasus, Poland, Finland, Central Asia who had entered the Russian empire, led to pressure from the tsarist government. The national bourgeoisie, trying at this time to retain its influence on the course of the national liberation movement in the regions, takes the direction to create national organizations. Proof of this is the creation in Ukraine in 1902 of the «Ukrainian People's Party», in Armenia «Dashnaktsutyun», in Georgia «Sakartvelo», in Azerbaijan «Mussabatister» in Tatarstan «Birik» in Finland «Activists», in Poland the party «People's Democrats», the Jews the organization «Bund». During these years, among the Kazakh youth, Halel Dosmukhamedov, Alikhan Bukeikhanov, Muhamedjan Tynyshpaev, Seitkali Mendeshev became known for their democratic changes. On March 4, 1906, the tsarist government adopted a temporary rule on registration of public

organizations with the Ministry of Justice, which made it possible for the provincial organization to strictly control each public organization.

The democratic revival in the Kazakh steppe and the awakening of the national consciousness at the beginning of the 20th century were influenced by the fact that the national intelligents took the seal into its own hands, which caused the spread of cultural and educational activities among the people, widely covered ideas about uniting the intelligents, Kazakh youth to help students in need. A special role in the formation of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century was played by the city of Omsk. The Kazakh national-democratic youth movements at the beginning of the 20th century before the national liberation movement of 1916 became widespread. Kazakh National Democratic movement of young people in the beginning of xx century before the National youth movement were Mirzagali Esbolov, A. Kisykov, Shafkat Bektukhamedov, Mukhamedkazi Shotaev, Musa Seydalin, Hasen Beketaev, S. Kozhalamov, A. Kenzhin, B. Suleev, and others. Kazakh young people under the direction of the National intellectuals was able to carry out all the organizational work for workers on the front. They are expressed their desire to these guys could quickly adapt to the new environment protection on the part of the state, the protection of the public organizations.

Kazakh guys taken on the military work became literate and understanding the youth. Kenes Nurpeisov, a researcher of the history of the Alash movement, wrote in his work: «After the victory of the February revolution, Kazakh youth organizations appeared in 20 cities and towns of Kazakhstan, bringing together students and villages teachers. Many of them were created in the spring and summer of 1917. Among them were the organizations «Unity» and «Democratic Union of Young Students.» Established in the city of Omsk «Zhas Kazakh», in Akmola «ZhasZhurek», uniting the Kazakh youth of the Spassky plant, «Revolutionary Union of Kazakh youth» organized by TurarRyskulov In the village of Merke of Aulieata district, etc. «Zhanar» was also established in Semey and «Talap» in Kyzylzhar, he clarifies that these organizations basically at their inception set campaign tasks, distribute newspapers and magazines among Kazakh workers, helped in the educational program among the nations, campaigned for the equality of women. Democratic rebirth has led to the creation of youth organizations in all regions. Thus, during this period, the Kazakh youth, who became the mainstay of the national intelligentsia in the struggle for the independence of their native people, turned into a social and political force. In this regard, young people participated in activities aimed at creating Kazakh committees in organizing management, introducing the leadership

of the Zemstvo, and organizing elections to Kuriltay. The Kazakh national democratic youth movement spread widely in the Kazakh steppe.

In the years 1919–1920, all-union communist congresses of young people began to be established in all regions of Kazakhstan. On July 13, 1921, the First Congress of the Communist Youth Union was opened in Orenburg. The congress called for Komsomol members to become loyal assistants in the revival of the national economy, in educating young people in the spirit of communism. Also then great importance was attached to joining the ranks of the Komsomol of more and more young people. The names of such young people as T. Muratbaev, Abdumanap Orazbaev, S. Esov are known as organizers of the Komsomol movement in Kazakhstan and will forever remain in the memory of the people. Although at the beginning of the 20th century, the national-democratic youth movement was criticized, under Soviet power it found an ideological continuation, the Kazakh youth were against the totalitarian side and they struggled to fight together.

At the present stage, new political youth organizations have been formed in Kazakhstan. For example, the youth movement Kakhar, the Youth League of the Alga Party, the Union of Patriotic Youth of Kazakhstan, the Society of Youth Professionals of Kazakhstan, the Youth Movement Abyroy, the Public Association Civil Defense, the Movement of Communists of Kazakhstan, and the Youth wing of Zhas Otan « under the Nur Otan Democratic Party. The history of our Youth Wing is closely related to the activities of the Nur Otan party. Until 2008, the Youth Wing participated in the implementation of projects under the leadership of the party. By this time, the organization did not have an independent legal entity. On January 17, 2008, an expanded meeting of the Political Council of the Nur Otan Party was held. The first congress «Zhas Otan» was held on May 14 of the same year in Astana. In his speech at the congress, the President set a number of priorities for the organization. The head of state urged to create all the necessary conditions under which every young citizen of Kazakhstan could realize his potential, become a self-sufficient and competitive person. He also defined the role of «Zhas Otan» in the implementation of the state youth policy. Thus, one can see how the Kazakh national-democratic movement of the beginning of the 20th century had its ideological, historical continuation. Kazakh youth because of the power policy of the Soviet government, dissatisfaction to the authorities and were able to show an example of heroism and resolute will.

## REFERENCES

- 1 Бейсембиев К. Прогрессивно-демократическая и марксистская мысль в Казахстане начало 20 в. - Алма-Ата: Наука, 1965. - 192 с.
- 2 Сулейменов Б. С. Революционное движение в Казахстане в 1905-1907 г.г. - Алма-Ата: Наука, 1977. - 256 с.
- 3 Карагусов Ж. Казахская советская интеллигенция, рожденная Октябрем. - Алма-Ата, 1960. - 142 с.
- 4 Пахмурный П. М., Григорьев В. К., Большевики Казахстана в революции 1905-1907 гг. - Алма-Ата: Казахстан, 1976. - 182 с.
- 5 Наша история - <http://www.zhasotan.kz/ru/articles/2/nasha-istoriya>

### ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ – ИРЕНОВ ҒАБИТ НАЖМЕДИНҰЛЫ

ЖҰМАҒҰЛОВА А.

8 сынып оқушысы, Дарынды қыз балаларға арналған  
«Білім-инновация» лицей-интернаты, Павлодар қ.

СУЛЕКЕЕВ Д. К.

тарих пәнінің мұғалімі, Дарынды қыз балаларға арналған  
«Білім-инновация» лицей-интернаты, Павлодар қ.

Павлодар өңірінің алғашқы саяси ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік ғылымдар Академиясының академигі, Мәскеудегі Халықаралық ғылымдар академиясының қауымдастырылған (ассоциированный) профессорі Иренов Ғабит Нажмединұлы (1938–2013 ж.ж.) 2018 жылдың 25 қазанында 80 жасқа толар еді.

Ғабит Нажмединұлы 1938-ші жылдың 25-ші қазанында Астрахань облысының Красный Яр ауданының Қараөзек ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Атырау (Гурьев) облысының, Құрманғазы (Тенгіз) ауданының Сафонов атындағы орта мектебін бітірді. 1957–1960 жылдары Кеңес Армиясының қатарына алынып, Кавказ, Украина, Румыния елдерінде әскери қызметін атқарды. Әскери дәрежесі – отставкадағы майор.

Педагог, профессор, академик, облыстың жетекші идеологы, саяси партия қызметкері, тарихшы-саясаттанушы, қоғамдық қайраткер, халықаралық саясаткер Иренов Ғабит Нажмединұлы интернаттың тәрбиешісі, мұғалім, мектеп директоры, 15 жыл Қазақстан Компартиясының Павлодар облыстық партия

комитетінде халықаралық мәселелер жөніндегі лекторы және обкомның лекторлар тобының жетекшісі, кафедра доценті, Павлодар пединститутының филология факультетінің орынбасары, деканы, Екібастұз Жоғарғы педагогикалық колледжінің директоры, С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің аға ғылыми қызметкері, С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің Аймақтық саяси зерттеулер орталығының алғашқы директоры, С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің философия, әлеуметтану және саясаттану кафедрасының профессоры мен меңгерушісі болып істеді.

Әскери қызметін атқарып болғаннан кейін А. С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих филология факультетіне оқуға түседі. Институтты бітірген соң Тальников ауылына барып мұғалім қызметін атқарады. 2 жыл өткеннен кейін директор болып тағайындалады. 1973 жылы Иренов Ғабит Нажмединұлы Павлодар педагогикалық институтының тарих кафедрасының оқытушысы болып орналасады. 1980 жылы Алматы Жоғарғы партия мектебінің журналистік бөлімін бітірді.

70-80-ші жылдары Ғабит Нажмединұлы КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясында біліктілігін арттыру мақсатында бірнеше рет ұзақ мерзімді стажировканы өтті. Бұл академиясында Мәскеу мемлекеттік университетінің, КСРО Ғылымдар Академиясының, басқа да ірі зерттеу орталықтарының тарих ғылымының академигі И. И. Минц, атақты философ академик П. Н. Федосеев, танымал экономист академик Л. И. Абалкин және көптеген басқа кеңес өкіметінің танымал ғалымдары дәріс оқыған. Олардың дәрістері Ғабит Нажмединұлының ғылыми жолға түсуге үлкен әсер тигізді.

Мәскеуде оқып жүргенде Ғабит Нажмединұлы ақыр соңында ғылыми жұмыспен айналысуға ниет білдірді. 1985-1988 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ізденушісі болып, 1989 жылы «Деятельность Компартии Казахстана по организационно-политическому укреплению комсомольской организации республики»: тақырыбына кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Диссертациялық қорғау кезінде танымал қазақстандық тарихшы, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі М. К. Қозыбаев ресми оппоненті болып, диссертанттың ғылыми жұмысын жоғары бағалап, зерттеудің жаңалығын атап өтті.

Диссертацияны қорғағаннан кейін Павлодар педагогикалық институтына келіп, алдымен деканның орынбасары, ал одан кейін ең ірі факультеттердің бірі филологияда декан болады. Осыдан кейін ол орта мектептердегі ең белсенді бастамашылардың бірі болды.

Павлодар педагогикалық институтының филология факультетінің түлектері К. Ахметова, Г. Байтілесова «Біздің ақылшымыз» атты мақалада Иренов Ғабит Нажмединұлы туралы былай деп жазады: «Біз Павлодар педагогикалық институтының филология факультетіне студент болып қабылданғанда Ғабит Нажмиденұлы факультет деканы болатын. Жоғары оқу орнының жаңа оқу жылының бірінші күнінен бастап Ғабит Нажмиденұлы оқу-тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына, студенттер арасында жақсы тәртіп орнатуға күш салатын. Ол тек факультеттің деканы ғана емес, әр студенттің камқоршы-ақылшысы, әрқайсысының жанын терең түсінуге тырысып, көмек беруге, қайғы-қуанышымызды бөлісуге асығатын. Студент қауымына биіктен қарайтын әлдебір «үлкен адамдарға» мүлде ұқсамайтын, кішіпейіл де қарапайым жан еді. Ол әрдайым талантты, ізденгіш студенттерді бағалап, олардың қайсібір оғаштау қылықтарына кешіріммен қарайтын. Сондықтан Ғабит Нәжімиденұлы біздің факультет студенттерінің сый-құрметіне бөленді».

Ғабит Нажмединұлы 1993 жылы Павлодар пединститутының Екібастұз филиалының және де бір уақытта педучилищесінің, кейін Екібастұз Жоғарғы педагогикалық колледжінің директоры болып 1999 жылына еңбек етті. Ф. Н. Иренов Павлодар мемлекеттік университетінің жанындағы пән мұғалімдерін жеделдете даярлау Екібастұз филиалының құрылуының ең белсенді бастамашылардың бірі болды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін ғалым 2 жыл Павлодар, Ресей-Қазақстан гуманитарлық университеттері филиалдарының, Қазақстан мемлекеттік заңгерлік академиясының тарих, заңгерлік, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедраларының меңгерушісі, 2001 жылы қыркүйек айының бастап Павлодар мемлекеттік заңгерлік университетінің «Философия және әлеуметтік-саяси пәндері» кафедрасының меңгерушісінің ғылым жағын басқаратын орынбасары, доцент қызметтерін атқарды.

2002–2004 жылдар арасында ғалым С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде аға ғылыми қызметкер болып қызметін атқарады. Ғылыми мен тәжірибелік еңбек жолындағы өзінің ғылыми және кәсіби біліктілігін арттыруға талпыну нәтижесінде Ғабит Нажмединұлы 2004 жылы 66 жасында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Идеологический потенциал политической консолидации и механизм его реализации в РК»: тақырыбына диссертациясын қорғап, Павлодар облысының алғашқы саяси ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. 2004–2008 жылдары С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің «Философия, әлеуметтану

және саясаттану» кафедрасының (кейінгі кезде – Саясаттану және әлеуметтану кафедрасы) профессоры, 2008 жылы сол кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды.

2006 жылы қазан айында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қарамағында саяси зерттеулер аймақтық орталығы ашылды. 2009 ж. орталыққа ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. С. Садықовтың аты берілді. Орталықтың бірінші директоры – Ғабит Нәжмедінулы Иренов (2007 – қаңтар 2013) бұл орталықтың пайда болуына септігін тигізді. Профессор барлық білімі мен күш-жігерін аталмыш ұйымның қалыптасу ісіне салды. Оның бастауымен орталықта бірнеше монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары құрастырылып шықты. Ғабит Нәжмедінулының еңбектері әрдайым газеттерде, конференциялар жинақтарында, ғылыми журналдарда басылды, бұл жеңбектердің 80 % қоғам консолидациясына, республиканың егемендігі мен тәуелсіздігіне, ұлттық саясат пен ұлтаралық қатынастарға, идеологияға, саяси партияларға арналған.

Оның басшылығымен 6 жыл ішінде Аймақтық саяси зерттеулер орталығында Жалпыуниверситеттік Бағдарламалар аясында ғалымдарға, саясаттанушыларға, ізденушілерге, аспиранттарға, магистранттарға, студенттерге, сонымен қатар, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының аспиранттарға кеңес пен бағыт-бағдар берілді, нәтижесінде 5 ізденуші кандидат және 1 ізденуші саяси ғылымдарының докторы болды. ҚР БЖҒ министрлігі мемлекеттік бюджет қаржыландырылған «Посткеңестік кеңістіктегі этносаяси проблемалар тәуелсіздік Қазақстанның төл халқының әлеуметтік-саяси мәртебесін зерттеу контекстінде» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы атқарылған. Ғылыми-әдістемелік әдибиеттерді құрастыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілді. Аймақтық орталық шетел және отандық ЖОО-ның кафедраларымен, Павлодар облысының Ішкі саясат басқармасымен, Маслихатпен, «Нур Отан» Халық Демократиялық Партиясының облыстық филиалымен, Қазақстан Халықтар Ассамблеясымен және тағы басқа мемлекеттік мекемелерімен тығыз байланыста болды.

Ғ. Н. Иренов 200 ден астам ғылыми еңбектерің қалтырған. Олардың ішінен: «Қоғамның консолидациясы», Павлодар облысына 65 жылына арналған «Заманның рухына сай», «Де-и-реидеологизация саясаты», «Саналуан көріністегі саяси шындылық», «Қазіргі геосаяси негіздегі Қазақстан мен Евроодақ», «Ethnopolitics: problems and searches», «Қазақстан мен Ресей: көпғасырлық дәстүрлер, сабақтастық және

серіктестік қатынастар», «Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның этносаясаты», монографияларының, «Друг, товарищ, брат», «Некоторые проблемы преподавания социально-политических наук», «Казахстан: проблемы и поиски», «Этносаясат және ұлттық идеялар», «Этносаясаттану», «Саяси ілімдердің әлеуеті және студенттердің өзіндік жұмыстарының белсенділігі» (2-ші басылым) «Политология» оқу құралдарының және оқулықтарының авторы. Ғалымның ғылыми мақалалары Ресей Федерациясында, Азербайджанда, қазақстандық ғылыми-саяси журналдарында: «Мир человека», «Евразийское сообщество», «Саясат», «Высшая школа Казахстана», «Изденіс=Поиск», «Казахстан-Спектр», «Мысль», «Аналитик», «Қоғам және дәуір», «Финансы и кредит», «Краеведение» «Вестник ПГУ», «Наука и техника» және 30-дам астам халықаралық, республикалық жинақтарында басылған.

Профессор, академик Ғ. Н. Иренов КСРО, Румыния Республикасының, «Еңбек ардагері» медальдарымен; университетке арнайы қызметтер үшін С. Торайғыров атындағы алтын медалі (2010); «Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтына 50 жыл» (2012), «жоғары мамандырылған педагогикалық кадрларды даярлау үшін» (2009), медальдарымен; КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумнің «За активную работу», «Всесоюзного общества «Знание», «Қазақстан білім беру саласында Құрметті қызметкер» төс белгілерімен; Кеңес Армияның әскери бөлімдерінің, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің, Павлодарского областного Советов депутатов трудящихся и профессиональных Союзов, Павлодар облыстық және Екібастұз қалалық маслихаттарының Құрмет грамоталарымен марапатталды. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің «Үздік профессор» (2004), «Үздік ғалым» (2007) конкурстарының лауреаты, 2007 жылдың «Гран-при» атақтарының иегері.

2013 жылдың 25 қазанында 75 жылдығына орай С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде облысымыздың алғашқы саяси ғылымдарының докторы, ПМУ профессоры Ғабит Иреновты еске алуға арналған дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелді ашқан С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің проректоры, с.ғ.д., профессор Арман Өкішев өз сөзінде: «Ғабит Нәжмедінулының үлкен өмір жолы әркез ілгері ұмтылу, ізденумен, қажырлы еңбек етумен сабақтасып келген. Аға буын ретінде жас буынға өнеге, қызметтес әріптестер арасында кеңпейіл дарқан азамат ретінде бедел мен құрметке ие болған. Ғабит-ағамыздың ойының тереңдігімен, ұсыныстарыңыздың өткірлігінен туындаған көптеген саяси саладағы пікірлері ел мүддесіне жараған.



Аймақтық ғалымдар Ғабит Нажмеденұлыны идеялары уақыт ағымына қажетті ғалым, үлкен жүректі ел ағасы ретінде таныған». Дөнгелек үстел барысында ПМУ ғалымдары – Тарих және құқық факультетінің деканы, с.ғ.к., доцент Әмірғалы Бегімтаев, т.ғ.к., профессор Эдуард Янчук, ф.ғ.к., профессор Степан Невмержицкий, т.ғ.к., профессор Тамара Зозуля, сонымен қатар, арнайы қонақтар – ф.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі Қамалбай Марданов, ф.ғ.к., ПМПИ профессоры Қабиден Зағұпаров, т.ғ.к., ИнЕУ профессоры Мұрат Сүлейменов өз баяндамаларын ұсынған.

Ғ. Н. Иренов Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің жанындағы саяси ғылымдар докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау бойынша Диссертациялық кеңестің, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жанындағы республикалық ғылыми-әдістемелік кеңесінің, С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің Ғылыми кеңесінің Павлодар облыстық ардагерлер кеңестерінің және облыстық әкімшіліктің ақпарат-насихаттау тобының мүшесі болды.

Саяси ғылым ұзақ жолдан өтіп, көптеген баға жетпес бақылауларды жинақтап, әлеуметтік және саяси өзгерістердің ілімдерін мен доктриналарын ашқызып, мемлекеттік билікті қалыптастырудың негізгі факторларын белгіледі. Бұл заңдары мен қарама қайшылыққа толы көп қырлы ғылым Ғ. Н. Иреновтың өміріне орнықты кіріп, ғалымның кәсіби және қоғамдық қызметінде өмір бойы негізі болды.

Кез келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер - тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген тегін айтылмаса керек. Дүниедегі сыйлы адам да ұстаз. Себебі, шәкірт өнер, білім, әдеп тәрбие, кәсіп үйреткен адамының алдында өзін өмір бойы қарыздармын деп санап, ұстазының көзі тірісінде өзін, өлгеннен кейін аруағын сыйлап, ардақтап өтеді. Ұстаз Иренов Ғабит Нажмеденұлы «Век двадцатый и мы»: мемуарларында былай жазыпты: «Интернат тәрбиешісінен бастап, мектеп, педагогикалық училище мен институт басшылығына дейінгі барлық сатыларда, қарапайым оқытушы, доцент, қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі, декан Жоғарғы оқу орындарының директорлық қызметтердің барлығы менің жартығасырлық жолымда өзінің шеберлігі, мейірімділігі мен әділдігі, қаталдағы мен даналығы, түйсігі мен жан дүниесінің жомарттығы қатар жүретін ұстаздық қызмет басқа мамандықтармен

салыстырсақ, бәрінен артық тұрғандай көрінеді. Ұстаздық – бұл жоғары азаматтық үлгі алудың нышаны. Барлық қоғамға және мемлекет басшыларына бұрыннан белгілі қағида: ол – халықтың және Отанның болашағын айқындайды.»

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 ПГУ в лицах. Павлодарский государственный университет им. С. Торайғырова (1960 - 2005 г.г.): Биографический справочник / А. Талтенов, Н. Пфейфер, Р. Ж. Кадысова, А. К. Ешмуратов, Г. Е. Султанова. — Павлодар: Изд-во «ЭКО», 2005. С. 232. <http://library.psu.kz/fulltext/buuk/b660.pdf>

2 Иренов Ғабит Нажмеденұлы. Библиографиялық көрсеткіш. Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ. «Кереку» баспасы 2008. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1109431&lang=kk>

3 Региональный центр политических исследований Иренов Ғабит Нажмеденович, Иренов Карим Нажмеденович. Век двадцатый и мы: мемуары. Часть I. Дух предков хранит нас – Павлодар: Кереку, 2009. – 94 с.

4 ПМУ-ДА КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМДЫ ЕСКЕ АЛДЫ.

[http://psu.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=3807:pmu-da-k-rnekti-alymdy-eske-aldy&catid=106&Itemid=163&lang=kaz](http://psu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=3807:pmu-da-k-rnekti-alymdy-eske-aldy&catid=106&Itemid=163&lang=kaz)

## ҚАЗІРГІ ОҚУ ЖҮЙЕСІ БҰРЫНҒЫ ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕН ТИІМДІРЕК

ҚАДЫРҒАЗЫЕВ Н. Б., МӘУЛЕТХАН Д.  
8 сынып оқушылары, № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
СМАГУЛОВА Г. К., КУМАШЕВА А. Ж.

химия және география пәнінің мұғалімдері, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Сондықтан білім мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – білім сапасын көтеру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2016–2017 оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральді қағидатпен берілуі. Спиральді құрылым білім

мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерлемелі дамуын қамтамасыз етеді. Яғни білімнің қарапайым деңгейден күрделі деңгейге көшуі болып табылады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Жаңартылған білім мазмұнында бағалаудың критериалдық жүйесі мұғалімге оқушының білімін, ептілігін және дағдысын анықтап қана қоймай, сонымен қатар оларды оқушының функционалдық сауаттылығымен байланыстырып қарауға мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім мазмұнындағы критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Критериалды бағалау бойынша мысалы қалыптастырушы бағалауға тапсырма жасаған кезде оқу мақсаты сабақтың мақсатындағы етістікті Блум таксономиясының қай сатысы екенін анықтап алу қажет. Яғни, ойлау дағдыларының деңгейін сәйкестендіреміз. Оқу мақсаттарын ойлау дағдыларының деңгейімен және бағалау критерийлерімен сәйкестендіру маңызды рөл атқарады. Сабақты құрғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа аламыз. Етістіктерді дұрыс қолдану – оқыту нәтижелерін ойдағыдай жазып шығудың кілті [1].

Бағалау критерийі де оқу мақсатымен тығыз байланысты. Бағалау критерийі дегеніміз – білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме. Одан кейін тапсырма құрастырамыз. Бағалау критерийінен дескрипторлар беріледі, яғни критерийді кадам бойынша ашамыз. Дескриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым. Тапсырманы әр оқушы дескрипторларға қарай отырып, өз деңгейінде орындайтын болады. Тапсырманы орындау үшін берілетін уақытты нақты белгілеу. Жұмыстың аяқталу мерзімін тақтаға жазып қойған орынды. Дәл осы уақытта жұмыс тоқтатылып, қажет болса жиналып алынады. Мұғалім тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді, немесе тақтаға жазып қояды. Әр топқа немесе әр оқушыға таратып беруге де болады.

Тапсырма бойынша не жасау керектігін 1 минут уақыт беріп топ ішінде талқылауға да болады. Критерийлер мен дескрипторлар әр оқушыға немесе топқа таратылады. Интерактивті тақтаға шығарып қоюға да болады. Тапсырманы дұрыс түсінгендігін анықтау қажет. Берілген тапсырманы топ немесе жұп құрамында орындау қажет. Оқушылардың бұл жұмысты тандап алған рөлдер ауқымында жүзеге асырғандығы дұрыс. Мұнда топтағы өзара позитивті тәуелділікті тудыру үшін әр топтың спикерін көрші топтың тандағаны орынды.

Бұл спикерді топтың өзі тағайындаудан әлдеқайда тиімді болады, өйткені топ мүшелері топ намысын бермеу үшін барлық оқушылардың талқылауға белсенді қатысып, спикер болатындай дәрежеге шығуға тырысады. Оқушылар өз жұмыстарын сыныпқа таныстыру, қорғау үшін қанша уақыт берілгенін айту керек. 1, 2, 3 минут.

Жариялау барысындағы ең маңызды сұрақ: «Бір топ қорғағанда қалған оқушылар не істеп отырады?» Қалған оқушылар бекер отырмау үшін олар бір - біріне кері байланыс беруге дайындалып отырады. Ол үшін жариялаумен таныса отырып (тыңдап, қарап отырып), бір топ (немесе бір оқушы) сұрақтар қоюға дайындалса, екінші топ (немесе оқушы) «жұлдызшалар» беруге (таныстырылымның ұтымды жақтарына тоқталу), ал үшінші топ (немесе оқушы) таныстырылымды қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс жасауға дайындалады. Егер төртінші топ болса (немесе төртінші оқушы), онда оларға таныстырылымды қорытындылау тапсырмасы беріледі, яғни оқушылар мұның оларға жасаған әсері, көмегі, маңызы туралы өз ойларымен бөліседі. Осылайша оқушылар тек мұғалімге жауап бермей, өз таныстырылымдарын бүкіл сыныпқа бағыттайды. Қалған оқушылар да өздерінің жұмыстарымен әлек болмай, назарларын жарияланып жатқан жұмысқа (немесе айтылып жатқан жауапқа) аударады [2].

Жариялау немесе таныстырылым аяқталған соң оқушылар оның сапасы туралы өз ойларын ортаға салып, жағымды жақтарына тоқталады және оны жақсарту туралы ұсыныстар жасайды. Әрине, мұнда кері байланыстың «сыншыл дос» ұғымы ауқымынан шықпағаны дұрыс. Сонымен бірге кері байланыс жауап берген оқушыларға пайдалы болып, оларды ынталандыруы және қанаттандыруы керек. Мұнда бұл оқушылардан кері байланысты қалай қабылдағандығы туралы сұраған орынды: кері байланысқа қайта кері байланыс жасату. Мұғалім мен оқушылар арасында тиімді қарым-қатынас, өзара түсінушілік арқылы қалыптастырушы бағалауды сабақта қолданса, табыс критерийлерін оқушылармен бірлесе отырып құрса, оқушының да пәнге деген қызығушылығы артады.

Қалыптастырушы бағалау сабақ үдерісінде үздіксіз жүргізіледі, бұл бағалау оқушы қатесін түзетуге мүмкіншілік беріледі. Сабақта мұғалім әрбір тапсырмадан кейін қалыптастырушы бағалауды кіріктіріп отырса, Джон Хэтти зерттеулеріне сәйкес оқушының оқуына әсер етуде жазбашаға қарағанда ауызша кері байланыс неғұрлым тиімдірек екені ескерілсе, оқыту нәтижелі болады. Оқушылар сабақ үдерісінде құрбыларын бағалауда бір - біріне құнды кері байланыс ұсына алады және бір - бірінен үйренеді, бір - бірін қолдайды.

Жанартылған мазмұндағы білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Қазіргі заман мұғалімі – рухани жағынан дамыған, педагогикалық әдіс-тәсілдердің барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман болуы керек [3].

Сонымен жанартылған білім жүйесінің артықшылығы неде?

Бұл артықшылық бағаның қойылмауы деп есептеймін. Бұл оқушының жаңа сабақты терең меңгеруіне көмектеседі. Бұл ретте Р.Амоношвилидің «Оценки-костыли хромой педагогики» деген пікірі есіме түседі. Дегенмен бағаның қойылмауы оқушылардың оқуға ынтасына кері әсерін де тигізді. Баға алу үшін оқуға үйренген олар әрі қарай не үшін оқу керектігін түсінбей қалды. Жанартылған оқыту жағдайында үй жұмысын орындағаны және жаңа сабақты түсінгендері тек қалыптастырушы бағалаумен бағаланады және оқушылар бұл бағалаудың тоқсандық бағасына әсер ете алатынын, қалыптастырушы бағалау тапсырмалары бөлім бойынша бағалауда және тоқсандық бағалау жұмыстарын орындауда маңызды екенін түсінді. Бұл жағдай баланың сабағын емес түгел санасын өзгертеді деп ойлаймын. Балалар осылайша бағалану үшін емес, білімдерін қолдану үшін оқып, білім алуға тырысатын болады [1].

Жанартылған оқыту жүйесі туралы қарсы пікірді ата-аналардан ғана емес, білім саласына тікелей қатысы бар адамдардан да естуге болады. Менің ойымша, әр маман бұл жүйенің артықшылықтарын жанымен түсінуі қажет. Мен де оқу жылының басында сондай пікірде болғанымды айтқан болатынмын. Себебі математиканы тек есеп шығара беру арқылы ғана ұғып түсінуге болады деп ойладым, ал сабақтың үстіндегі топқа бөлу, шаттық шеңбері, топтық жұмыстар тек өзі қысқарылған аз уақытымды алады деп ойлағанмын. Әрине, сабақта көңіл күйі жоқ, сабақ оқуға ынтасы жоқ оқушы ешқашан жұмыстануға тырыспайтынын түсіне тұра, уақытқа тіреліп қалатынмын.

Сабақта біздің қолданып жүрген әдіс-тәсілдеріміз де, бүгінгі сабақтың формасы да өте дұрыс екеніне көзім жетті. Ата-аналарға өткізген сабақтың соңында бір ата-ананың пікірі маған үлкен түрткі болды. Ол: «бұл жүйе математикаға өте жақсы екен, бірақ ауызша сабақтарға мүлдем келмейді», - деді. Сол кезде менің үстіме салқын су құйған секілді болды. Бірнеше ай бұрын осы пікірге қарама-қайшы пікірді білдірген мен едім: «бұл жүйе – тек ауызша сабақтар үшін ғана тамаша. Ал математика, физика және химияны бұлай оқыту дұрыс емес. Біздерге бұрынғы жүйе өте жақсы», - дедім. «Везде хорошо где нас нет» орыстардың мақалы есіме түсті. Сонда

мен маған бұл жүйе келмейді, басқа пәндерге жақсы дегенімде, басқалар да осылай ойлайтыны белгілі болды. Менің ниетіме бұл ата-ананың пікірі үлкен тірек болды.

Өз ойымды аяқтай келе, ата-аналарға, жылдар бойы халқының қамын ойлап келген Елбасымызға, оның жүргізген саясатына, оны қолдап, білім жүйесіндегі жоспарды іске асыратын ұстаздарға сеніңіз деп айтқым келеді. Ұстаз – үздіксіз білім алатын жалғыз мамандық иесі, сондықтан біз бұл жүйенің қыр-сырын меңгеріп, болашақ ұрпақты күткен дәрежеге жеткізетінімізге уәде бергім келеді. Алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары сыни тұрғыдан ойлана алатын болады. Мақаланың басында айтылғандай «мен кім боламын, қандай пәнді таңдаймын?» деген сұрақ оларда болмайды. Себебі олар алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйреніп шығады, жанартылған бағдарлама бойынша білім алған түлектің арманы асқақ, ойы кемел, болашағы жарқын. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Сөзімнің соңын «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі», - деген ұлт көсемі А. Байтұрсынның және «Мұғалім ең жауапты міндетті орындайды, ол адамды қалыптастырады», - деген М. И. Калининның сөзімен саяқтағым келеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұғалімге арналған нұсқаулық Бірінші деңгей. 2016 ж.

2 «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.

3 Жартынова Ж. А., Ким В. Н., Корнилова Т. Б., Қойлық Н. О., Орақова А. Ш. Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару. /Әдістемелік құрал. – Алматы, 2016.

## ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН ДЕМОГРАФИЯСЫНА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ

ОРАЗБАЕВА Ж. А.

12 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

ТУЛЕБАЕВА Б. Т.

Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәнінің мұғалімі,  
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

### КІРІСПЕ

Қазақстанға ғана тән құбылыс емес, бүкіл КСРО мемлекеттерінде болған қарқынды көші-қон үрдісінің нәтижесінде еліміздегі әлеуметтік-саяси жағдайының күрделене түсуінің ықпалынан көп азаматтар көршілес мемлекеттерге қоныс аударып, өз туған мекенін тастап кеткен. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, миграция және КСРО жылдарында ашаршылық, репрессия әсерінен елдегі адамдар санының төмендеуі мен этникалық құрамы жағынан қазақтардың кемшілікте болуы себебінен пайда болған демографиялық мәселелердің зардаптарын шешу жолдарын іздеу мәселесі әлі күнге өзекті болып тұр. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы мәліметтері бойынша Қазақстаннан тыс 43 мемлекетте 5 миллионнан астам қазақтар тұрады – бұл Қазақстанның жалпы халық санының 30–35 %-ын құрайды [1]. Бұл мәліметтерге қарап, халық санын арттыру, қазақтардың үлес салмағын көбейту, демографиялық мәселелерді шешудегі шетелдегі қандастарымыздың алатын орны ерекше деуге болады. Осыны назарға алып, басқа мемлекеттегі этникалық қазақтардың болуы Қазақстан үшін маңыздылығын талқыға салынуы, тарихи отанына оралу туралы бағдарламалардың енгізіліп жүргізілуі және елбасы бастамасымен жылдар сайын болатын Дүниежүзілік қазақтардың құрылтай жиналыстарының өткізілуі мәселенің қазіргі таңдағы өзектілігін айқындайды.

Қазіргі таңда Қазақстан халқының саны 18 миллионнан асты, алда 25 миллионға жету мақсаты қойылған. Алайда тәуелсіздік алған жылдардан бастап тек 3 миллионға өсу динамикасымен бұл оңайлықпен жететін есеп болмас. Қазақстанда халықтың табиғи өсімі өткен жылдармен салыстырғанда өсу трендіне қарамастан, теріс миграциялық сальдо, әсіресе республиканың солтүстігінде орналасқан облыстардан көршілес ТМД елдеріне халықтың кетуімен байланысты халық санын көбейту мақсатына жету күрделене түсті [2]. Сол себепті, демографиялық саясатын шетелдегі отандастарымызды белсенді түрде тарту бағытына аударып, осының негізінде қазақ ұлтының, жалпы

халық санының көрсеткішін көтеруге бағытталған арнайы жобалар ұйымдастыру, «Құшағымыз бауырларға айқара ашық» дегенді шын мәнінде дәлелдеу керектігі маңызды [3].

Курстық жұмыстың тақырыбын таңдау себебі – қазіргі уақытта осы мәселенің өзектілігінде, әсіресе көші-қон ағымдарының жаңа кезеңінің басталуымен байланысты және демографиялық ахуалды талдап білудегі қызығушылығымда жатыр. Зерттеу жұмысының мақсаты: этникалық қазақтардың көшіп келу үрдісін зерттеп талдау арқылы мәселені шешу жолдарын анықтап, оларды алда жетілдіру үшін тұжырымды ұсыныстар келтіру болады. Зерттеу мақсаттарына жету үшін төмендегідей зерттеу сұрақтары таңдалған:

- шетелдегі отандастардың Қазақстанға оралу маңыздылығы неде?

- этникалық қазақтардың репатриациясы мәселесіне халықтың көзқарасы қандай?

- шетелге кеткен азаматтардың еліне қайта оралуы үшін қолданылатын шаралар қандай?

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 13 бабында берілгендей «Әр адамның әр мемлекеттің ішінде жүріп-тұруына және өз қалауына тұратын мекен-жайды таңдауына құқығы бар. Әр адам кез келген елден, соның ішінде өзінің туған елінен, басқа елге қоныс аударуға және өз еліне қайтып оралуға құқылы» [4]. Сол себепті, либерализация әсерінен қазіргі таңда адамдардың көші-қон ағымдары көбейіп, әркім қолайлы өмір жағдайларын іздеу мақсатымен миграцияға ұшырайды. Жеке Қазақстанға тоқталсақ, 90-шы жылдардан бастап Қазақстаннан 4,1 миллиондай адам эмиграцияға кетті, әсіресе ең максималды көрсеткіш 1994 жылы 447 мың адамға жетті [5]. Осы жылдары тәуелсіздік алғаннан кейінгі КСРО жылдарында көшіп келгендердің өз тарихи отанындарына оралу есебінен және бала туу деңгейінің төмендеуінен мемлекеттегі халық санының 2003 жылға дейін төмендеп берді. 2003 жылы сыртқа кетушілер саны екі есе азайғанымен, әлі де жұмыс орын, оқуға түсу және тұрақты тұратын жер табу басты сипатта жүретін эмиграция жалғасып жүруде [6]. Бұл өз кезегінде жұмыс күшінің азаюы, «brain drain», яғни білікті мамандардың басқа елге көшу құбылысының пайда болуына және солтүстік облыстарда халық санының төмендеуіне әкеледі. Мысалы, 2017 жылдың мәліметтері бойынша теріс миграциялық сальдосы байқалған облыстар қатарына Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды және

Павлодар облыстары кіреді [2]. Еңбек күші мен білімді кадрлардың жеткілікті мөлшерде болмаған жағдайда, елдің прогрессивті дамуын бастайтын алға итеруші күштің болмауын білдіреді. Осыдан миграциялық үрдістердің мемлекеттегі әлеуметтік-демографиялық жағдайында алатын орны мен мемлекеттің тұрақты даму жолында халықтың маңыздылығы анық болады.

XXI ғасырға тән батыстандыру құбылысының әсерінен жастардың басым бөлігі Еуропа елдерінің мәдениетіне бет бұрып, өз тілін, өз мәдениетін бірте-бірте ұмыта бастады. Қазіргі кезде көп жастар шетелге оқуға түсіп, содан кейін сол мемлекетке көшіп қоныстануды арман етеді. Жаһандық әлемге аяқ басқан кезден бастап, ағылшын тілін үйрену маңыздылығы артып, шетелге оқуға бару мүмкіншілігі көпшілікке қолжетімді бола бастады. Отандық білім беру орындарынан шетелдегі оқу орындары сапалы білім беретініне сенімді жастардың таңдауы шет біліміне түседі. Бұл соңында теріс салдарын әкелетін жағдайларды туғызады. Мәселен, батыстандыру әсерінен тіл мәселесінің шиеленісуі, яғни тілдің ұмытылуы, қолданыстан шығуына, және сан ғасырлар бойы жиналып сақталған салт-дәстүрлер мен ғырыптардың ұмытылуына әкелуі ықтимал. Өз туған жерін тастаған азаматтардың басқа елде жұмыс істеп тұрақты тұрып қалуы да байқалады. Бұл қазақ азаматтарының өз қандастарын туған мекеніне оралуға ынталандырудың орнынан, өздері шет елге ұмтылғанын көруге болады.

Осы мәселелерді шешудің бірде-бір жолы шетелдегі тұратын этникалық қазақтарды туған мекеніне тарту. Қазақстаннан тыс КСРО-ның құрамында болған 14 мемлекетте және әлем мемлекеттерінің 25-еуінде 5 миллионға жуық қазақтар өмір сүреді. Олардың көп бөлігі Өзбекістан, Ресей, Түркменістан, ҚХР, Моңғолия секілді елдерде тұрады [7]. Әлем бойынша таралған қазақтардың басын тарихи отанында қосуды міндет етіп, көші-қон саясатының басты бағдары ретінде қарастырылуда. Оған бірнеше себептер жатады:

- «халық санының және оның табиғи өсуін ұлғайту, елдегі демографиялық ахуалды сауықтыру» мүмкіншілігінің пайда болуы [8].

- солтүстік Қазақстан облыстарынан кететін адамдар санын толықтыру және халықтың біркелкі таралуын ұйымдастыру

- мемлекеттегі этникалық құрылымы жағынан қазақтардың үлесін арттыру


- уақыт бойы ұмытыла басталған ғырыптарды қайта жаңғырту

- жұмысқа қабілетті адамдар санын арттыру

Қазіргі уақытта сәтті миграциялық саясаттың арқасында бірінші Дүниежүзілік қазақтардың құрылтайы өткен жылдан бастап 2013 жылға қарай 1 миллионға жуық адамдар Қазақстанға қайтып келді [9, 20]. Олардың көшіп келуінің нәтижесі мен маңыздылығын «Казахстанская правда» атты қоғамдық газетте атап өтті: олар экономика мен мәдениеттің дамуына қосатын үлесі, қазақ тілінің өркендеуіндегі, дәстүрлерді байыту және тәуелсіздігімізді нығайтудағы маңызды рөлін көрсетті [10].


#### ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ

Әлеуметтік зерттеудің нәтижелері бойынша 50 респонденттің жауаптарына сәйкес азаматтардың шетелдегі қазақтардың тарихи отанына оралуына деген көзқарасы және хабардар болу деңгейі айқындалды. Жалпы осы процестің жағымсыз ретінде көрушілердің аздығы, яғни 12%-ы ғана болуы, жағымды ретінде көрушілердің 40%, ал осыған нейтралды қарайтын 48%-дай құрайтыны анықталды.




Сурет 1 – Шетелдегі қазақтардың оралуына көпшіліктің көзқарасы

Екінші сұрақта, қайта көшу барысында пайда болуға мүмкін мәселелердің қатарынан ең негізгілерін таңдау берілген. 6 варианттың ішінде басты мәселелердің қатарына жатқызылған жұмысқа орналасу, тұрғын үй алу, қаражаттың жоқтығы және тілдік кедергілер ең көп таңдалған мәселелер. Осыдан қоғамның оралмандарға берілетін көмегі мен жасалатын жағдайларға күдік тұдыратыны және әлеуметтік қамсыздандыру жұмыстарының онша тиімді жасалмайтын пікірде болғанын қортындылауға болады.



Сурет 2 – Қазақстанға қайта көшу процесінде туындауы мүмкін мәселелер

Үшінші сұрақта, Қазақстанға келудің кері итеруші факторларынан таңдау жасауда сенімсіздік және қоғамның оралмандарға қарым-қатынасы нұсқалары ең көп таңдалған болатын. Демек, қоғамда оралмандарға қатысты теріс көзқарас немесе кемсітушіліктің бар болуының әсерінен олар отанына қайта оралуында сенімсіздік танытады және тұратын мекенін тастап, жаңа өңірге көшудің үлкен тәуекел болу себептерінен елге қайта келмейді. Бұл өз жұмысынан, өмір бойы жинаған мүлкінен, үйренген өмір салтынан айырылудан қорқыныш сезімін тудырады.



Сурет 3 – Қазақстанға қайта оралудың кері итеруші факторлар

### ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздік жылдарынан бастап Қазақстан саясатының басты бағыттарының бірі болатын миграциялық саясатқа ерекше көңіл бөлінді. 1992 жылда бастау алған Президент бастамасымен жүргізілетін Дүниежүзілік қазақтардың құрылтай жиналыстары әлі күнге өткізілуде. Бүгінгі күнге жалпы 5 құрылтайлар болды және олардың ішінде көші-қон квотасын беру, шетелдегі қазақтарды ұлттық дәстүрлермен және тарихпен хабардар етуші ресурстарды, ұйымдарды арттыру, көшіп-қону мәселелері қарастырылды.

1998 жылы «Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралу Тұжырымдамасы» қабылданып, қайтып оралуды ұйымдастыру, мәселелер шешу және мақсаттары мен күтілетін нәтижелері белгіленді [8]. Осында көші-қон саясатын жүргізудің әлсіз және мықты тұстары қарастырылып, келешекте жұмыс істеуді талап ететін бағдарларды анықталды.

Алайда осы жұмыспен шектелмей ғана қоймай, қазақтардың репатриациясына бағытталған ары қарай жұмыс жасалынуы тиіс. Мәселен, SWOT-талдауына қарай, бұл күрделі процесстің жағымды әсерлерімен қатар жағымсыз жағдайлар болуы ықтимал. Тұжырымды емес саясаттың әсерінен оралмандардың көптеп көшуі өз кезегінде әлеуметтік-экономикалық мәселелердің туындауына себепші бола алады. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру арқылы қоныстануға қолайлы жағдайлардың пайда болуына әкеледі.

Қазақ тілін үйренуде жәрдемдесіп арнайы кампаниялар дайындау арқылы мемлекет тарапынан ғана емес, қоғамнан да көмек келуі тиіс. Еңбекке жарамды жастағы тұлғалар – 55,2 %, 18 жасқа дейінгі балалар 40,3 %-ын құралғандықтан оларға сапалы білім беру арқылы жоғары мамандырылған кадрларды дайындауға мүмкіндік ашады [9, 21б.]. Өзінің болашағына сенімділікті арттыра ғана қоймай, мемлекет болашағына көшіп келушілер жұмыс істей алады. Оған қоса, квота алу үрдісін жетілдіру миграциялық саясаттың сәттілігіне әсер ететін басты талап. Тиімді жүргізуші тетіктерінің болуы және арнайы бағдарламаларды бекітілуі осы жетілдірулердің қатарына енеді. Дегенмен, егер осындай іс-шаралар жүргізілмесе біліктілігі төмен, аз төлемақы алатын, төмен деңгейде өмір сүретін азаматтар қатары пайда болады. Осының нәтижесінде өмір сүру ұзақтығының азаюы, аурулар және қылмыстың артуына әкелуі мүмкін.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Казакпаев К. Казахи за границей: Сколько их насчитывается и в каких странах они живут? // 17 тамыз 2009. URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30458632#pos=3;-224](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30458632#pos=3;-224)
- 2 Бухина С. Более 21 тысячи казахстанцев покинули страну // inbusiness.kz. 5 ақпан 2018. URL: <https://abctv.kz/ru/news/bolee-21-tysyachi-kazahstancsev-pokinuli-stranu>
- 3 Назарбаев Н. Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. А, 1993.
- 4 Миграция // Информбюро. URL: <https://informburo.kz/tags/migratsiya.html>
- 5 Негізгі көрсеткіштер қатары. Халық көші-қоны // Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. URL: [http://stat.gov.kz/faces/wcnav\\_externalId/homeNumbersPopulation?\\_afzLoop=1123080319882265#%40%3F\\_afzLoop%3D1123080319882265%26\\_adf.ctrl-state%3Do9zj4lsm0\\_4](http://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersPopulation?_afzLoop=1123080319882265#%40%3F_afzLoop%3D1123080319882265%26_adf.ctrl-state%3Do9zj4lsm0_4)
- 6 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы // БҰҰ Бас Ассамблеясы. 10 желтоқсан 1948. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
- 7 Мендикулова Г. М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие – Алматы: Галым, 1997 ж.
- 8 16 қыркүйектегі № 900 «Этникалық казактардың тарихи Отанына оралуы тұжырымдамасы туралы», 1998.
- 9 «Қазақстан Республикасының демографиялық болжамы: негізгі трендтер, сын-қатерлер, практикалық ұсыныстар»

тақырыбына аналитикалық баяндама // Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі. Астана, 2014. URL: [http://www.akorda.kz/upload/nac\\_komissiya\\_po\\_delam\\_zhenshin/%D0%94%D0%B5%D0%BC%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F%20%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0/4.2%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf](http://www.akorda.kz/upload/nac_komissiya_po_delam_zhenshin/%D0%94%D0%B5%D0%BC%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F%20%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0/4.2%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf)

10 Шулембаева Р. С любовью к Родине // 19 қараша 2016. URL: <https://www.kazpravda.kz/fresh/view/s-lubovu-k-rodine3/>

#### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА ИМИДЖІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТИІМДІ?

ПАРХОМЧУК М. В.

12 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

1991 жылы ғана 120-дан астам мемлекет Қазақстанды тәуелсіз ел ретінде мойындады. Мемлекетіміз осы жетістіктерде тоқтамай, өткен 27 жылда экономика, әлеумет, ішкі және сыртқы саясат пен мәдениет салаларында қыруар іс тындырған. Әлем елдерімен дипломатиялық қатынастар орнатылып, 30-дан астам консулдық өкілдіктер ашылды, мемлекетіміз халықаралық ұйымдарға мүшелікке кірді. 2012 жылдың 14 желтоқсанында тұңғыш Президент Н. Ә. Назарбаев мемлекетіміздің өткен табыстарын қорытындылап, халыққа жаңа «Қазақстан-2050» стратегиясын жолдаған болатын. Оның басты мақсаты - дүниежүзінің дамыған 30 мемлекет қатарына кіру. Бүгінгі күнде Қазақстанның жаһандық аренада мәртебесін арттыру бұрын-сонды болмағандай елеулі мәселеге айналды, себебі жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтинг бойынша 2016–2017 жылдары Қазақстан 11 позицияға төмен түсіп, тек 53 орынға ие [1]. Имиджін көтеруге бағытталған шараларға қарамастан, Тәуелсіз Қазақстанның дүниежүзілік халықаралық саясаттағы орны әлі төмен деңгейде. Сондықтан да көтерілген мәселе бүгінгі таңда аса өзектілердің қатарында орын тапты. Қазақстанның азаматы ретінде, мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатына қызығушылық білдіру мен үшін белсенді азаматтылықтың белгісі. Қазақстан Республикасының саяси жетістіктері мен кемшіліктеріне бағу бері арқылы, болашақта мемлекетіміздің байрағын көтеруге болады деген пікірдемін. Сол себепті курстық жұмыстың тақырыбы Қазақстанның халықаралық аренада имиджін арттыру жолдарына бағытталды.

Өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбегінде Н. Ә. Назарбаев: «Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын бағыттап отыра, 2010-шы жылдары да қалыптасқан мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатының арасындағы тығыз өзара байланыс бар екеніне ескере жұмыс істедік. Сыртқы саясаттағы бейбітшілік пен татулық идеясын ту етіп ұстауымыз – бұл бағыттың ішкі саясатта салтанат құруының жалғасы» сыртқы мен ішкі саясат арасындағы тығыз байланысты айқындайды. Яғни, Қазақстан жаһандық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған іс-әрекеттер жасаса, ұлттық бірізділік те сақталады. Сондықтан да, мемлекетіміздің сыртқы саясаттағы басты қызметі бір ғана басты мақсатқа бағындырылған, ол – ұжымдық қауіпсіздікте рөлін арттыруға қадамдар жасай отыра, елді дамыту және халықтың әл-ауқатын жақсарту.

Олай болса, жобаның мақсаты Қазақстанның халықаралық аренада имиджін арттыру мақсатында жасалынған сыртқы саясаттағы бастамаларының анықтау және олардың тиімділігіне көз жеткізу. Жобаның мақсатын іске асыру үшін берілген зерттеу сұрақтары қарастырылды:

1 Қазақстанның халықаралық аренада имиджін арттыру бастамалары қандай?

2 Қазақстанның халықаралық аренада имиджін арттыру жолдары қаншалықты тиімді?

Қазіргі заманда «аяқта нық тұратын» және жаһандық тұрғыдағы жетекші мемлекеттер әлемдік саясатқа белсенді қатысып, жалпақ елге тараған мәселелерді шешуге жәрдемдеседі. Мысалыға өз өрлеуімен әлемді дүр сілкіндірткен Жапонияны қарастырсақ; Жапония БҰҰ-ның тұрақты қатысушысы. БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесіне айналу үшін G4 тобына мүшелік етеді. Ол Таяу Шығыстағы, Африкадағы және басқа аймақтардағы қақтығыстарды болдырмауға және шешуге бағытталған БҰҰ бітімгершілік іс-шараларына белсене қатысады. Қазіргі кездегі Қазақстан да жаңа аймақтық саяси қатысушыға айналып, әлемдік саясаттың маңызды ойыншысы болып таңылуы үшін елеулі еңбек жасайды. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаттағы негізгі қағидаттары мен қызметтері, басымдықтары мен міндеттері 2012 жылдың желтоқсанында Президент Нұрсұлтан Ә. Н. жолдаған «Қазақстан-2050» стратегиясының 2014–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалды. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы Президенттің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 741

Жарлығымен бекітілген [2]. Тұжырымдама бойынша Қазақстанның сыртқы саясаттағы мақсаттарының бірі – «орнықты ұстанымдарды қамтамасыз ету және әлемдік қоғамдастықта мемлекеттің жағымды бейнесін қалыптастыру».

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі бастамалар жасалынды:

1 ядролық қауіпсіздікті орнату;

2 интеграциялық бастамалар;

3 ИБҰ-төрағалық ету;

Біріншіден, 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-ның 46 кеңесінде Қазақстан осы ұйымға мүше болып атанды. Сол уақыттан бастап, мемлекетіміз дүниежүзілік бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған жолдарды халықаралық ұйымның назарына ұсынды. Осы жолдардың бірі - Қазақстанда ядролық қауіпсіз аймақ құру. 1989 жылы Олжас Сүлейменовтың бастауымен Семей полигоны жабылды. 1200 дана ядролық қару Ресейге өткізіліп берілді. Қазақстан Республикасы кейін Президент Н. Ә. Назарбаевтың басшылығымен өзін жауапты мемлекет ретінде көрсетіп, ядролық таратпаушылық аймақтың және жалпы әлемдік режимін күшейту бағытын жалғастырды. Осылайша, 1996 жылы қыркүйекте, БҰҰ Бас Ассамблеясының 51-ші сессиясы барысында Қазақстан Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа (ЯСЖТШ) қол қойды және 2001 жыл соңында оны ратификациялады. Бірақ, Қазақстан тоқталған жоқ, ол Жаһандық мониторингтік желіні құру саласында ЯСЖТШ дайындаушы комиссиясымен белсенді ынтымақтастық орнатты. Нақтырақ айтқанда, Қазақстан орындарда инспекциялық далалық тәжірибелерін жүргізуге айтарлықтай үлес қосты, бұл келісім шеңберіндегі маңызды бөлігі болып табылады.

Соңғы он жыл бойы Республика басшылығы әлемдік дамудың айқын кемшіліктерін жоюға бағытталған бастамаларда талай үлес қосқан. 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы ҚР геосаяси, геоэкономикалық салалар, қауіпсіздік мәселелері бойынша сыртқы саяси жобаларын жүзеге асыру және жылжыту үшін айтарлықтай мүмкіндіктер ашады. Қазақстанның әдеттен тыс интеграциялық бастамаларына ерекше назар аударған жөн. Қазіргі уақытта Қазақстан жүзеге асыруға белсенді қатысып жүрген негізгі интеграциялық бастамаларға мыналарды жатқызуға болады:

• Түркітілдес мемлекеттер Одағын құру;

• Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары Кеңесінің қызметі;

• Ресей мен Беларусьпен бірлесіп Кеден Одағын құру;



2009 жылғы 3 қазанда Нахчыванда жасалған Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісімі ратификацияланды. Ол бойынша түркітілдес мемлекеттер, қалыптасқан тарихи байланыстарды, өз халықтары тілінің, мәдениеті мен дәстүрлерінің ортақтығын негізге ала отырып, жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ұмтыла отырып, саяси көп полярлық, экономикалық және ақпараттық жаһандану процестерінің дамуы жағдайында өңірдегі және тұтас әлемдегі бейбітшілікті нығайтуға, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бірлескен күш-жігермен үлес қосуға тілек білдірді [3].

АӨСШК процесі – Қазақстан Республикасының превентивті дипломатиясының жемісі. БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Н. Ә. Назарбаев Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі Кеңесін шақыру идеясын алғаш рет ұсынған болатын. Қазақстан осындай мақсаттың іске қосуының қиындығын бірден білген, себебі Азия саяси, экономикалық, діни, этникалық және мәдени жақтардан күрделі аймақ. Сонымен қатар, осы құрлықтағы болып жатқан қарулы шиеленістер, лаңкестік қақтығыстар үлкен бөгетке айналды. Ұзақ жұмыс арқасында 2002 жылы АӨСШК-нің Алматы қаласындағы бірінші саммитінде «Алматы актісіне» және «АӨСШКның Терроризмді аластау және өркениеттер арасындағы диалогқа жәрдемдесу туралы декларацияға» қол қойылды.

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы 2007 жылғы 6 қазандағы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартты, 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының комиссиясы туралы шартты негізге ала отырып, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларын назарға ала отырып, кеден одағының бірыңғай кеден аумағында кедендік реттеуді қамтамасыз етуді уағдаласты. Кеден органдары кеден одағының кедендік аумағында мынадай негізгі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді, бұл кеден одағының бірыңғай сауда саясатын іске асыруға жәрдемдесу, орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген, кеден одағының кеден заңнамасын және кеден одағына мүше мемлекеттердің өзге де заңнамаларын орындауды қамтамасыз ету, кедендік операцияларды жасау және оның ішінде, өзара әкімшілік көмек көрсету шеңберінде кедендік бақылауды жүргізу және т.б. [4].

2011 жылдың 28-30 маусымында Астанада өткізілген Ислам ынтымақтастығы ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) 38-ші сессиясынан кейін, Қазақстан осы ұйымның төрағасы болып

атанды. Қазақстан Республикасының азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесін құру, жеке кәсіпкерлердің бизнесін қолдауын қалыптастыру және Ислам ынтымақтастық ұйым мүшелерінің G20-да рөлін алу бастамаларын ұйым мемлекеттері қолдаған. Оған қоса, Қазақстан Орта Азиядағы геосаяси ахуалдарға жәрдем беруге өз ықпалын тигізді. Мәселен, Қазақстан төрағалығы кезіндегі ауқымды науқан арқасында Сомали халқына 500 миллион доллардан астам көмек-қаржы жиналды. БҰҰ-да Қазақстанның әрекеттерін қолдады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Ә. Н. айтқандай мемлекеттің сыртқы саясаты мен халықтың әл-ауқаты бір-бірімен тығыз байланысты. Осылайша, бүгінгі күнге дейін Қазақстанның халықаралық аренада имиджін арттыруға бағытталған жолдарының тиімділігін анықтау үшін, Қазақстан қоғамының пікірін білуге тура келеді. Сондықтан, бастамалардың қоғамға және мемлекеттің имиджіне тигізетін әсерін бағалау мақсатында елімізде тұратын азаматтардан сұхбат алынды. Сұхбатқа қатысуға төрт адам тілек білдірді.

Бастамалардың жағымды әсерлері ретінде Қазақстанның өзінің көп векторлы саясатын әлемге паш етуі, жаһандық қауіпсіздікке үлес қосатын және дипломатиялық қатынастарға бағытталған мемлекет болып саналуы деп анықталды. Сонымен қатар Қазақстан өзінің сыртқы саясаты арқасында инвесторларды мемлекетке тартады.

Мемлекеттің имиджін жаһандық аренада керісінше түсіретін факторлар – Қазақстандағы сөз бостандығының шектеулігі, демократияның тек қағаз жүзінде болуы, адам құқықтарының бұзылуы, экономиканың мұнай бағасына тәуелді болуы, сыбайлас жемқорлық және диктаторлық режимнің сақталуы.

Қазақстанның сыртқы саясаттағы мүмкіндіктері ретінде дамыған 30 мемлекет қатарына кіруін айтуға болады.

Бұл үдерістерден туындайтын қауіптерді қарастыратын болсақ, олар – Қазақстан экономикасының сыбайлас жемқорлықтың әсерінен құлауы және мемлекеттегі ұлттық қауіпсіздіктің жойылуы. Қоғам ішінде мемлекетке қарсы оппозицияның күшеюі. Жаһандық тұрғыда Қазақстан туралы жағымсыз ойдың қалыптасуы. Одақтас мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың бұзылуы.

Туындаған қауіптерді жақсы жақтарымен жою үшін, мемлекеттегі ішкі жағдайды қалпына келтіру абзал. Мемлекет басына «жаңа буынды» көшіру өте маңызды. Ел ішінде әлеуметтік желілердегі және бұқаралық ақпарат құралдардағы сөз бостандығын орнату, сонымен қатар нағыз демократияны орнату керек. Осыған қоса, экономиканы әртараптандыру өте маңызды мәселе, себебі

Қазақстанның экономикасы бүгінгі күнде де мұнай бағасына тәуелді. Мемлекет ішіндегі көлеңкелі экономикаға, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу керек, және әлеуметтік көмектің сапасын арттыру мәселесі үлкен маңыздылыққа ие.

Өткізілген сұхбат нәтижесінде, Қазақстанның халықаралық аренада имиджін арттыру жолдары мемлекетке пайдалы әсер келтіреді деп айтуға болады, алайда көптеген факторлар Қазақстан Республиканың дамуын тежейді.

Жүргізілген зерттеуден мемлекеттің қарыштауын және жаһандық аренада имиджін көтеруге кедергі тудыратын факторлар анықталды. Осы мәселелерді шешуге бағытталған жолдарды табу үшін, ФОРСАЙТ әдісі қолданылады. Мемлекеттің болашаққа жоспарлайтын болжамы қанағаттандырмаушылық туғызады. Мәселен, жаһандық аренада көптеген бастамалар жасалып, мемлекет интеграцияларға қосылса да, әлі де Қазақстанда ішкі саясат, әлеумет және экономика салаларында шешілмеген бірнеше мәселелер бар. Болашақта мемлекеттің тарапынан ешқандай іс-әрекеттер жасалмаса, девальвацияның кесірінен Қазақстан бұрын-соңды болмаған дағдарысқа ұшырайды. Азаматтар мемлекетте билеген диктатураны көріп, төңкеріліске шыға алады.

Қазақстан сыртқы саясатта елеулі жетістіктерге жете алса және ішкі мәселелер шешілетін болса – ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздігі нығайтылған, қолайлы халықаралық орта қалыптастырған, әлемнің барлық мемлекеттерімен достық, тең құқылы және өзара тиімді қатынастары бар, ұлттық экономиканы әртараптандыру негізінде халықаралық қоғамдастыққа және әлемдік шаруашылық байланыстарға интеграциялануының жоғары деңгейіне қол жеткізген мемлекет бола аламыз [2].

Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін бізде зиялы жас азаматтар, ыңғайлы геосаяси позиция, бүгінгі күнге дейін қалыптасқан мемлекетаралық қатынастар бар. Мәселен, ерекше форматтағы оқу орындары - Назарбаев зияткерлік мектептері ашылды, сөйтіп мектепте білім беру ісі тез арада әлемдік стандарттар деңгейіне дереу көтерілді. «Болашақ» стипендиялық бағдарламасы одан әрі жалғасып, 9,5 мыңнан астам маман даярланды. 2010-шы жылы Назарбаев Университеті жаңа ғылыми-ағартушылық жүйенің көшбасшысына айналды, халықаралық стандарттар бойынша мамандар даярлайтын тұңғыш қазақ университеті болды, автономдық және академиялық еркіндік принципінде жұмыс істеді. Университет озық әлем корпорациялармен тығыз қарым-қатынас орнатты. Сонымен қатар, шетел елдермен бейбітшілі

қатынас жасауға ұдайы тырысады. Еліміз тұңғыш рет әлемнің 115 мемлекеті мен 22 халықаралық ұйымның өкілдерін қабылдады. ЭКСПО-2017 халықаралық мамандырылған көрмесі – 2017 жылы 9 маусымда ашылды. Салтанатқа үкімет басшылары, оның ішінде Ресей Президенті В. В. Путин, ҚХР төрағасы Си Цзиньпин, Испания королі Филипп VI, Чехия Президенті М. Земан, Өзбекстан Президенті Ш. Мирзиёев, Қырғызстан Президенті А. Атамбаев, Беларусь Президенті А. Лукашенко, Түрікменстан Президенті Г. Бердымұхаммедов, Тәжікстан Президенті Э. Рахмон, БҰҰ-ның Бас хатшысы А. Гутерриш және басқалар қатысты. Алайда, бізде адал мемлекет басқарудағы орындаушылар аз, тұрақты дамуды қамтамасыз ете алатын экономика қалыптастырылмаған және адам құқықтары саласындағы халықаралық келісімдердің міндеттемелері орындалмайды. Атап өтсек, Тони Блэр, Британияның бұрынғы премьер-министрі, Батыс баспасөзінде Нұрсұлтан Назарбаевқа «кеңес беру қызметтерін» ұсыну арқылы ақша тауып сынға ұшырады. Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында мыңдаған мұнайшылардың ереуілін бірнеше айдан, атыс қарумен кемінде 16 адамның қаза тапқаны арқылы, тоқтатқаннан кейін Тони Блэр Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстан үкіметінің имиджін жақсарту туралы кеңестерін берді. Сонымен қатар, «Foreign Affairs» американдық журналында «Қазақстандағы адам құқығын басу: Астана кері қарай қозғалады» деген мақалада ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қазақстандағы жағдайды талдайды. Мақалада «қоғамға қатаң бақылауды күшейту» және белсенділердің, құқық қорғаушылар мен кәсіподақ жетекшілерінің әртүрлі әрекеттерін қоса алғанда, «диссиденттің басылуын», сондай-ақ ҰЕҰ қызметін шектеу туралы істер қарастырылады. «Қазақстан өз еркімен қол қойған және билік мүдделерінде адам құқықтарына қатысты халықаралық шарттар міндеттемелерін орындауға міндетті» – аяқтады Foreign Affairs. Сонымен қатар, 2019 жылдың 4 ақпанында болған қайғылы оқиға мемлекет басында отырған ресми тұлғалардың халыққа деген бей-жайлығын көрсетеді. Атап өтсек, оқиға Астана қаласының Көктал-1 ауданында орын алды. Ата-аналары түнгі аусымда жұмысқа кеткенде, үйде қалған бес бала қамалып өртеніп кетті. Журналистер еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жакупованы 5 балалы ата-аналар неліктен түнгі маусымда жұмысқа барады деп сұрағанда, ол – «Бұл олардың таңдауы», деп жауап берді. Вице-министрдің осы сөздері халық арасында сенімсіздік және ашу сезімдер толқындарын туғызды.

Көзделген болашаққа қол жеткізу үшін, адами капиталымызды, ыңғайлы геосаяси позицияны және қалыптасқан қатынастарды дұрыс пайдалануымыз міндетті. Біріншіден, зиялы азаматтарымыздың шетелге тұрақты қоныс аударуын тоқтату үшін, мемлекетімізде жас адамдардың дамуына жағдай жасалануы тиіс. Оған медицинаның сапасын арттыру, әлеуметтік көмекті жақсарту, жұмыспен қамтамасыз ету және жалақыны көтеру. Екіншіден, экономиканы өртараптандыруда геосаяси позицияны және мемлекетаралық қатынастарды тиімді пайдалануға болады, себебі ұлттық тауарлардың экспортын жақсартуға мүмкіншілік туады.

Адал ресми тұлғалардың саны Қазақстан мемлекетінде артуы үшін халықтың өзі мемлекет қызметкерлерді сайлау керек, немесе осы ресми тұлғалар Конституцияны бұзса онда оларды жазаға тарту керек. Жоғарыда айтылғандай тұрақты дамуды қамтамасыз ете алатын экономика қалыптастыру үшін ұлттық тауар экспортын дамыту қажет. Ал, адам құқықтары саласындағы халықаралық келісімдердің міндеттемелері орындалмауын тоқтату үшін, әрбір Қазақстан азаматы өз құқықтарын білу қажет. Осылайша қоғам өз-өзін мемлекет алдында қорғай алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

##### ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының баяндамасы, [Электрондық ресурс]. – URL: [http://atameken.kz/uploads/content/files/Национальный%20доклад%20\(каз\)%20\(1\).pdf](http://atameken.kz/uploads/content/files/Национальный%20доклад%20(каз)%20(1).pdf);

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 741 Жарлығы, [Электрондық ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000741> ;

Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісімін ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 341-IV Заңы, [Электрондық ресурс]. – URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000341\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000341_);

Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартты ратификациялау туралы, [Электрондық ресурс]. – URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000293\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000293_);

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларының басым бағыттары, [Электрондық ресурс]. – URL: <https://articlekz.com/kk/article/15700>;

«ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесі: маңыздылығы, экономикалық тиімділігі және келешекке көзқарас, [Электрондық ресурс]. – URL: <http://e-history.kz/kz/contents/view/2151>;

Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті, [Электрондық ресурс]. – URL: [http://www.akorda.kz/kz/national\\_projects/astanadahy-ekyu-sammiti\\_1340725451](http://www.akorda.kz/kz/national_projects/astanadahy-ekyu-sammiti_1340725451);

Семей полигонын жабу – Қазақстанның ірі жеңісі, [Электрондық ресурс]. – URL: <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=38669>;

Қазақстандағы инновациялық процестердің түрлері, [Электрондық ресурс]. – URL: <https://articlekz.com/kk/article/17552>.

**РАЗРАБОТКА МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ  
«DAMULAND» ДЛЯ ДЕТЕЙ И РОДИТЕЛЕЙ**

ӘБЕН Д. Б.

ученик 11 класса, Назарбаев Интеллектуальная школа ХБН, г. Павлодар

Творческие способности – это гибкость восприятия предметов человеком, его способность находить привычным и повседневным вещам новые уникальные применения, способность создавать новые задачи для привычной обстановки. Подобная гибкость человеческих психических процессов творческого проявления напрямую зависит от широты кругозора, желания познавать новое, стремления к самопознанию и самообразованию. Постоянное развитие и жажда знаний дает больше возможностей на рассмотрение проблематики, задачи или предмета с разных ракурсов и нахождение путей решения задач или постановки этих задач перед собой или другими. Творческая личность всё время стремится узнать больше об окружающей действительности, она хочет расширить свои знания не только в области основной деятельности, но также в смежных областях. Мало того, исследования и наблюдения показывают, что полученные знания человек может удачно использовать в своей основной деятельности, привнося как раз нечто кардинально новое, с другой точкой зрения, что позволяет оптимизировать и улучшить качество уже существующего [1, с. 9].

Жизнь в эпоху научно-технического прогресса становится все разнообразнее и сложнее. И она требует от человека не шаблонных, привычных действий, а подвижности, гибкости мышления, быстрой ориентации и адаптации к новым условиям, творческого подхода к решению больших и малых проблем. Если учесть тот факт, что доля умственного труда почти во всех профессиях постоянно растет, а все большая часть исполнительской деятельности перекладывается на машины, то становится очевидным, что творческие способности человека следует признать самой существенной частью его интеллекта и задачу их развития – одной из важнейших задач в воспитании современного человека. Ведь все культурные ценности, накопленные человечеством – результат творческой деятельности людей. И то, насколько продвинется вперед человеческое

общество в будущем, будет определяться творческим потенциалом подрастающего поколения [2, с. 1].

Молодое поколение является главным генератором успешного и перспективного будущего каждого государства. Молодые – это великий потенциал развития, сочетающий в себе дух народа и традиционных ценностей, а также движущую силу модернизации общественного сознания. Как говорит президент нашей страны – Нурсултан Абишевич Назарбаев: ««Я полагаюсь на вас – новое поколение казахстанцев. Вы должны стать двигателем нового курса». Главное достижение заключается в том, что мы вырастили новое поколение – вас. Новое поколение казахстанцев, которое я вижу, вижу и вообще я знаю, что это самое большое достижение Казахстана и самый большой результат моего труда как главы государства!».

Мы должны инвестировать в наше подрастающее поколение, дабы раскрыть потенциал и спектр ярких идей наших сограждан. Ведь в первую очередь, каждый из них – это личность, несущая в себе огонек надежды в успех и неиссякаемые силы. На сегодняшний день, Казахстан может смело заявить о себе как о государстве тысячи талантов, ведь знамя нашей Родины восхваляется на международных аренах благодаря таким ребятам как Димаш Кудайберген, Денис Тен, Дanelия Тулешева, Жансая Абдумалик и другие. Юные таланты современного Казахстана – это результат многолетнего и кропотливого труда, упорства и целеустремленности и именно к такому поколению стремиться наша страна! В чем же заключается секрет столь великих достижений и побед? Родители наших талантливых граждан сумели разглядеть великий потенциал в своих чадах и направить его в нужный ориентир развития с самых малых лет. Ведь молодежь является носителем интеллектуального потенциала. Именно в молодости человек максимально способен к творческой, эвристической деятельности, оптимально трудоспособен; любое общество воспроизводит себя через молодежь не только физически, но и интеллектуально [3, с. 4].

К сожалению, на сегодняшний день, большинство казахстанских родителей не способны определить верное направление развития для своего ребенка и подобрать соответствующие образовательные секции. Дабы найти подходящий путь решения данной проблемы, на основе интеграций IT технологий и сферы социума нашей страны, я бы хотела внести свою лепту в развитие подрастающего поколения Казахстана посредством создания мобильного приложения «Damuland», которое базируется на Павлодарской области. «Damuland» – это современное мобильное приложение, предоставляющее широкий спектр

образовательных секций и кружков для детей дошкольного возраста. Современная альтернатива разработки мобильных устройств способна упростить задачу для тысячи родителей всего Казахстана выбрать подходящее хобби и занятие для маленьких детей, которые будут заниматься любимым делом и профессией в дальнейшем будущем. Приложение является контрольным устройством, что упрощает задачу родителей в воспитательных и дисциплинарных целях, так как оно предоставляет полную информацию о посещаемых ребятами центрах. В функциональные особенности приложения входят:

Регистрационная платформа для детей и родителей. Мобильное приложение моментально фиксирует и сохраняет вводимые данные пользователей в локальной системе базы данных;

Создание личного профиля. Мобильное приложение нацелено на сбор личных данных ребенка, которые хранятся в локальной памяти устройства. Личная информация детей главным образом сосредоточена в профиле, который находится под полным контролем и редакцией родителей. Также, профиль включает в себя секцию списка дел ребенка, уведомления от преподавателей и инструкторов и достижения за определенный промежуток времени;

Местонахождение и локация кружков/секций по Павлодарской области. При выборе направления и секций для ребенка, родители имеют возможность доступа к географическим данным кружков по всему региону. «Damuland» активно сотрудничает с навигационным мобильным приложением «2GIS», которое предоставляет топографическую карту Павлодарской области, а также маршруты по всей области, время и необходимый транспорт;

Разработка личного графика и расписания занятости ребенка на неделю/месяц. Родители имеют абсолютную возможность по распоряжению времени ребенка на ту или иную секцию. Приложение предоставляет функцию, которая организует гибкий и удобный график для ребенка в соответствующее время. Все данные фиксируются в специальной таблице раздела «Schedule»;

Перечень педагогического/тренерского состава образовательных секций/кружков. Определение направления занятости ребенка сопровождается предоставлением полной информации о педагогическом/тренерском составе образовательных секций и кружков. Данная функция обеспечивает безопасность и достоверную информацию для родителей. Перечень педагогов также включает в себя личные данные, достижения, стаж, опыт и степень квалификаций преподавателей;

Платформа перечня направлений, включающая в себя следующие секторы: Физическое развитие; Ментальное развитие; Художественное развитие; Музыкальное развитие;

Настройки и сервисная помощь/техническая поддержка приложения;

Подготовительный тест для детей и родителей. Тестирование предназначено для определения возраста ребенка для того чтобы облегчить процесс выбора и адаптации ученика к образовательным кружкам;

Основными языками приложения являются – казахский, русский и английский. Но, на нынешний период мобильное приложение функционирует на базе английского языка, а активация двух основных языков будет осуществлена.

Мобильное приложение «Damuland» внесет колоссальные изменения в социальное и интеллектуальное положение нашего общества. Оно адаптировано под современные стандарты казахстанского и мирового сообщества образования и развития детей дошкольного возраста. Активация мобильного приложения не будет ограничиваться Павлодарской областью, оно также охватит другие регионы Казахстана. Расширение спектра распространения приложения «Damuland» будет также нести в себе, как и общественную, так и экономическую выгоду. Инвестиция в подрастающее поколение превратилась в широко распространенную тенденцию в нашей стране. Родители современного Казахстана буквально нуждаются в профессиональной помощи экспертов для правильного и верного выбора для их ребенка. Этот способ общедоступен в наше время, но он также является дорогим удовольствием, включающим в себя несколько этапов тестирования для детей. Дополнительные затраты и расходы не будут самым лучшим решением, а только увеличат процентный показатель начального капитала для ребенка. Наиболее оптимальным и выгодным решением этой проблемы будет внедрение мобильного приложения «Damuland» в казахстанское общество. Оно будет базироваться на системе «StartUp» в качестве современного проекта «года молодежи – 2019». Приложение будет функционировать на платной основе, так как оно содержит в себе множество возможностей и огромное хранилище данных родителей и детей. Политика конфиденциальности, огромная платформа базы данных, географическая локация и наличие достоверных данных требует огромный бюджет, но мобильная разработка упростит задачу для родителей и не потребует лишних затрат. Высокая востребованность

приложения «Damuland» повлечет за собой экономическую выгоду для разработчиков и создателей устройства, учитывая непрерывный рост населения Казахстана и увеличение процентной доли детей дошкольного возраста. Достигнутый капитал, вырученный из использования данного мобильного приложения, будет направлен на поддержку и поощрение благотворительных фондов Казахстана таких как «Саби», «Милосердие», «Бауыржан», «Ниет», «Дара» и т.д. Тысячи казахстанских детишек, не имеющих возможности для развития своего внутреннего потенциала и таланта, откроют перед собой двери в светлое будущее. Детские дома, дома малютки, и центры матерей – одиночек будут обеспечены полным пакетом данного мобильного приложения, а детишки из этих мест смогут самостоятельно выбрать интересующие их направления и образовательные секции, советуясь с представителями этих организаций. Посещение кружков и секции будут спонсироваться за счет бюджета разработчиков приложения «Damuland». Дальнейшие перспективы развития проекта будут направлены на усовершенствование приложения, которое будет базироваться на выборе будущих профессий уже для казахстанских школьников!

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Н. Иванова. Развитие творческих способностей детей старшего дошкольного возраста средствами игровой деятельности. Екатеринбург, 2017. – С. 9.

2 С. Лескова. Развитие интеллектуальных и творческих способностей детей дошкольного возраста. Нижневартовск, 2011. – С. 1.

3 Н. Кебина. Молодое поколение Казахстана сегодня и завтра. Экибастуз, 2004. – С. 4.

#### АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДА ТУРИЗМДІ ДАМУ

АМАНГЕЛДІ А. Е.

5 «В» сынып оқушысы, № 35 ЖОББМ, Павлодар қ.

НҰРФАЛИЕВ Е. А.

мүгалімі, Музыкалық колледж дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернаты

Ауылдық экономиканы дамытудың қазіргі кезеңінде инновациялық үрдістерді басқару формалары мен әдістерін түзету,

ақпараттық ресурстарды тарату әдістерін жетілдіру, агро-білімге және жоғары білікті кадрлар даярлауға көбірек көңіл бөлу, инвесторлар үшін ауылшаруашылығы өндірісінің тартымдылығын арттыру және ауыл тұрғындарының өмір сүруінің төмен деңгейін жою, ауылшаруашылығы өндірісінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосымша салымдар тарту қажет. Барлық бұл мәселелер «Ауыл туризмі» инновациялық жобасын ойдағыдай шеше алады.

Туристік қызметтің айқын артықшылықтарына келесіне атқызуға болады:

- жұмыссыздық деңгейін қысқарту, жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыру және мамандардың біліктілігін арттыру;

- үй-жайлар мен ауылдарды аббаттандыруды жақсарту, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;

- кірістің өсуі және шағын қаржылай шығындар кезінде ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру;

- кәсіпкерліктің шағын нысандарын дамыту;

- ауылдық жердің экологиялық тартымдылығы;

- ауылшаруашылығы өндірушілерінің өнімінің түрлілігін кеңейту;

- жеке қосалқы шаруашылықтардың өнімін іске асыру, атап айтқанда дайын тамақ өнімдерін; инновациялармен «тірі» айырбастау;

Оқу орындары, кәмелетке толмағандарға медициналық, кеңестемелік және басқа да көмек көрсететін, атап айтқанда осындай жәрдемге мұқтаж немесе қатыгездік құрбаны болған, ата-анасының мейірімін көрмеген және қудалау мен қанауға душар болған жасөспірімдерге қолұшын беретін базалық және анықтама орталықтарына айналуы тиіс. Нормативтік құжаттарда мектепке бару ережесін сақтау қиынға соғатын, сондай-ақ мектепті тастап кететін кәмелетке толмағандарға арнайы көмек көрсетілетіні көзделіп, жастар арасындағы қылмыстың және кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың тиімді жолдарын табуға қатысты, ғылыми-зерттеу жүргізуде білім беру жүйесінің барлық буындарының арасында ынтамақтастық болуын ынталандыруға, сондай-ақ осындай зерттеулердің кең таралуы көзделуге тиіс. Осындай зерттеу нәтижелерінің негізінде білім басқармалары кәмелетке толмағандарға, заңға сәйкес мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелік құралдар әзірлеп, білім беру мекемелерінің жұмыс тәжірибесіне енгізу керек. Жасөспірімдер арасындағы заңға қайшы мінез-құлықтың алдын алудың неғұрлым тиімді шарасы девиантты мінез-құлқымен ерекшеленетін кәмелетке толмағандарды, әсіресе қоғамға қарсы бағдарланған жасөспірімдер топтарының лидерлерін дер кезінде анықтауға және олардың айналадағы адамдарға теріс ықпал жасауына жол бермеу болып табылады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, осындай жасөспірімдерді арнайы оқу-тәрбие мекемелеріне орналастыру мүмкіндігі болғанда бұл жұмыстың пәрменділігі артады. Осының өзі құқық бұзушылықтың қайталануын болдырмауға, сондай-ақ оларды ересек адамдардың тарапынан болатын теріс әсерден оқшаулауға мүмкіндік береді. Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қадағалаусыз, қараусыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік саясаттың тағы бір бағытты әр түрлі қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, клубтардың және т.б. қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру болып табылады, себебі кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алу көбіне жасөспірімдердің бос уақытын да ұйымдастырылатын әр түрлі қызметтердің жұмыс сапасына байланысты [3].

Мәдениет, ойын-сауық, спорт және туризм мекемелерінің, әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған кәмелетке толмағандарды көркемөнер, техникалық, спорт және т.б. үйірме, секцияларында үйренуге тарту, оларды отандық және дүниежүзілік мәдениет құндылықтарына баулу басты бағдарлама болуы тиіс.

Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдары зор рөл атқарады. Бірақ, бұл істе айтарлықтай кемшіліктер бар екендігі барлығымызға белгілі. Мысалы: теледидар арқылы адам өлтіру, қатыгездік, қанқұйлы оқиғалар, алдап-арбау, эротикалық мағанадағы журналдар, фото суреттер, жарнамалар мұның өзі келешек ұрпақтың мінез құлқының қалыптасуы мен даму процесіне зиян келтіретіндігі айтпаса да түсінікті. Осы жағдайға байланысты бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңда, жастарға арналған тиісті қызметтер мен мүмкіндіктерді БАҚ-ы арқылы тарату қажеттігі туралы норма императивті түрде баяндалу керек. Заңда бұқаралық ақпарат құралдарын есірткімен, зорлықпен байланысты материалдар көрсетуді мейлінше азайтуға, сондай-ақ зорлық пен қанауды жағымсыз жағынан көрсетуге мүдделі ететін, осыған ынталандыратын нормалар көзделуі тиіс. БАҚ-ы өз бағдарламаларын дер кезінде түзетуі аса қажет, олардағы ақпарат балалар мен жасөспірімдердің ақылын кемітпей, қатыгез етпей, дұрыс бағдар беруі тиіс. Сонымен қатар есірткі мен алкогольді пайдаланудың алдын алудағы, бұл заттардың зияны туралы ақпаратты барлық деңгейде таратудағы рөлі мен жауапкершілігі заң жүзінде анықталғаны жөн. Жоғарыда айтылғандай, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық жасауының себептеріне кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның, прокурорлық

қадағалау, полиция, сот-тергеу органдарының қызметін жетілдіру шаралары көзделіп, кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың тиімділігін арттыру үшін барлық құқық қорғау, мемлекеттік басқару органдарының, балалар мен жасөспірімдер мәселелерімен айналысатын жастар және қоғамдық ұйымдар мен мекемелердің өзара ықпалдасуын, қызметтерін үйлестіру жөнінде кешенді шараларды әзірлеу қажет [4]. Осы мақсатта үйлестіруші орган, балалар мен жасөспірімдер құқық бұзушылығының алдын алу іс шараларын жүзеге асыру кезінде жинақталатын ақпарат, тәжірибе, білім мен мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейде алмасуды жандандыруға тиіс. Осы орайда айта кететін бір жағдай, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар, білім басқару мекемелері, ішкі істер органдары, балалар мен жасөспірімдердің жалпы әлеуметтік нормалар мен құндылықтарға сай келмейтін мінез-құлқы, көп жағдайда есею процесімен байланысты болатындығын және есейген сайын олардың мінез-құлқы өзгеретіндігін, ал жасөспірімдерді тәртіп, құқық бұзушы немесе бастап келе жатқан құқық бұзушы деп анықтау көп жағдайда жастардың бойында тұрақты жағымсыз мінез-құлық қалыптасуына әкеліп соғатындығын да терең ескерілуі қажет деп ойлаймын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н. Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1996. – 145 б.
- 2 Нормативные акты и материалы по вопросам защиты прав несовершеннолетних. – Алматы, 2007. – 197 с.
- 3 Мауленов Г. С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан. – Алматы, 2015. – 160 с.
- 4 Нарикбаев М. С. Уголовная ответственность несовершеннолетних. // «Правовая инициатива». – 1998. – №1. – С.
- 5 Бегалиев К. А. Предупреждение безнадзорности и правонарушений несовершеннолетних. – Алматы, 2000. – 198 с.

## ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ БҮГІНГІ КҮНДЕ – МЕДИАЦИЯ

МҮТӘЛӘП А.

8 сынып оқушысы, Северный ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

АУЛАБАЕВА Г. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Северный ЖОББМ,  
Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде қазақстандықтардың біртұтас ұлттық идеяға топтасып, береке-бірлігі жарасым тапқан, ырыс-ынтымағы ұйыған, ризығы тасыған тұғырлы мемлекет болуы-мәңгілік елдің кепілі екені атап көрсетілді.

Елбасы өз еңбегінде рухани түлеудің тамырын тап басып, бағыт-бағдарын айқындап, даму жолдарын нақтылап берді. Мысалы, өз еңбегінде «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз, музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деп жорамалдады.

Сондай-ақ сот жүйесінің рухани өрлеуінің алтын арқауы, өміршен өзегі – билердің әділ төрлігінде, шешендік өнерінде жатыр.

Сондай-ақ, Елбасымыз «Тарих толқынында» атты кітабында: «Біздің тарихымызда бүгінгі ұрпақ ұялатындай ештеңе жоқ. Егер біз мемлекет болғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн... Ата-бабамыз тірі болу үшін күрескен болса, енді біз ірі болу үшін күресуге тиіспіз» [1, 273 б.] деген еді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Қ. Ә. Мәми мырза 2014 жылғы 26 наурызда «Егемен Қазақстан» газетінде басылған «Жол-айқын, мақсат – белгілі, мүдде – бір» деген көлемді мақаласында да «Судьялар қауымдастығының қайнар көзі, алтын бастауы билер соты деп бағалаған жөн. Даланың данагөй данышпандары Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, тіпті олардан ба бұрын өмір сүрген біздің даңқты бабаларымыз қазақ қоғамының, қазақ мемлекеттігінің дамуына бағасы жоқ үлестер қосып, үлгілерін танытты. Осылайша дүние өзгеріп, қаншама ғасырлар артта қалса да адал сөз әділ биліктің жаңғырығы біздің жаңа дәуірімізде де әлі естіліп тұр.», – деп атап көрсеткен болатын [2, 7 б.].

«Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» екендігін академик Салық Зиманов зерттеп, жүйелеп, қазақтың билер сотының теңдесі жоқ институт екендігін дәлелдей келе, оның адамдардың бостандығы мен адамгершілік, әділдікке негізделгенін және

Батыстың қалыптасқан заң институттарынан дәрежесі кем түспейтіндігін атап кеткен болатын.

«Қазақ хандары билік құрған заманда билердің алған орны, мемлекеттік құқық пен ел басқаруға қосқан үлесі орасан зор болды. Нақтылап айтар болсақ, әлемдегі ешбір халықтың, ешқандай мемлекеттің даму тарихында кездеспейтін, тек қазақ ұлтының санасында сақталып, оның қоғамдық өміріне мінсіз қызмет еткен билер соты, олар ұстанған әділдік – біздің, бүгінгі Егемен елдің соттар қауымдастығы үшін өнеге алар, таусылмас рухани байлық болып табылады» [3, 4 б.].

Билер соты институты көшпелі өркениетке бейімделген, шешімі әділеттілікке, теңдікке негізделген халықтың және жүгінген тараптардың көңілінен шығатын, қоғамға қолайлы, елгезек институт. билер соты құқық қалыптастырушы, құқық шығарушы қызметін де жүзеге асырған.

Осыған орай профессор З. Ж. Кенжалиев: «Көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігі мемлекеттік биліктің ең кең тараған, халыққа барынша жақын әрі түсінікті, оның құрметіне бөленген және соған арқа сүйеген, сондықтан да мейілінше пәрменді әрі қуатты салаларының бірі еді. Сот билігінің көшпелілер қоғамындағы орнының биіктігі сонша, ол кейбір кездері хан билігінен де жоғары тұрған» [4, 91 б.].

Қазақтың би-шешендері қайталанбас ерекше тарихи тұлғалар. Ерекше тұлға дейтін себебіміз, бұрын-соңды қазақтан басқа халықтарда ел өмірінің барлық қырларына араласып, елді бірлік пен татулыққа, саяси әлеуметтік дамуға ұйыстырып, халықты аузына қаратқан тұлғалар болған емес.

Бұл туралы академик Салық Зиманов, «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Билер сотының осы асқақ мұраттарының талабына жауап беру үшін билер дала даналарының мектебінен өтуге, алдыңғы ұлы билердің сынынан сүрінбеуге тиіс болған»- дейді [5, 6 б.].

Қазақ даласының бүкіл заңгерлік әлемінде негізгі билік – «Жеті жарғының» қағидаларын жинаған - «Дала заңының» билігі болды. Ал, оның қорының сақтаушысы, дамытушы және жүзеге асырушы күші билер болды. Би ең алдымен, сот\судья\ . Бидің өзі де, билігі де түп-тамыры халықтың тарихына байланысты. Сол себептен ол беделді, дәстүрлі билік қатарында болды. Ал хан билігін, көпшілік бұқара әкім билігі деп таныды.

Қазақ даласында би болу онайлыққа түспеген. Оған күрделі талаптар қойылды. Тек «Құдайдың сүйген құлдары ғана» би бола алады деп есептелген. Ал, заманында Төле би – қазақ қоғамындағы билердің орнын аса жоғары бағалаған тұлға. Оның:

«Батыр деген – барақ ит

Екі долы қатынның бірі табады.

Би деген – бір бұлақ

Қатынның ілуде бірі табады» – деген сөзі соның дәлелі.

Толыққанды би атану үшін жеке қасиеттері мен «Дала заңының ережелерін» білгеннен басқа «жетілгендік белгісі» деп аталатын екі жоғарғы сыннан өту қажет болған.

Біріншіден, ол атақты билер мен ойшылдардың «философиялық» сұрақтарына жауап беріп, өзінің ақыл-парасаты мен таным логикасының жеткілікті дәрежеде дамығандығын дәлелдеуі қажет болды.

Екіншіден, абыз ақасақалдардың батасын алуы керек. Сондықтан халық «Бамамен ер көгерер, жауынменен жер көгерер» деген. Неғұрлым мықты би боламын деген адам, соғұрлым атақты да шешен билің батасын алуға тырысқан.

Қазақтың атақты билері Төле, Қазыбек, Әйтеке бабаларымыздан қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілер емес. Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда, «Әділ билердің қолындағы билік, қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», деген аталы сөзінде билер институтының қазақ қоғамындағы алған орнының қаншалықты зор екенін тағы бір айшықтайды. Би, шешендер даулы мәселені екі ауыз сөзбен шешіп, екі тараптың да көңілінен шығатын үкім шығарып отырған. Ел болған соң, дау-дамай болып тұрады. Бірақ, «Дәлдеп атып жауды жең, дәлелдеп айтып дауды жең» дегендей бітімгершілік жолмен екі жақты да татуластырған. Сондықтан да, біздің дана билеріміз «Билік айтқан би емес, бітістірген би» деген принципті ұстанған Елбасымыз айтқандай, бүгінгі күнгі еліміздегі заңдар кешегі дана билеріміздің билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы деуге болады. Президент Н. Назарбаев сот тәртібімен қаралуға жататын дау-дамайларды азайту мәселесіне назар аударып, Үкіметке медиация институтын дамытуға бағытталған заңға бағынысты құқықтық база қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырды, сондай-ақ, ол медиация құрылымдарын ұлттық және жеке компанияларда құру керектігін атап көрсетті (Толығырақ: <https://egemen.kz/article/mumkindigi-mol-mediatsiya>).

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы қабылданған «Медиация туралы» заң республика соттарымен

күнделікті жұмыста қолданысқа енгізілуде. Бұл заң ҚР медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайды. Медиацияның мақсаттары билер соты сияқты 1) дауды (дау-шарды) шешудің медиацияның екі тараптың да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу; 2) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. (3-бап) болып табылады. Яғни, ата-бабаларымыздан келе жатқан бітімгершілік қағидаттарын сақтай отырып, ағайынның ынтымағы мен берекесін ірітпей құқықтық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Кешегі бабаларымыздың бітімгершілік заңы мен бүгінгі медиация заңының арасында үлкен сабақтастық жатыр.

Медиацияның аты бөлек болғанымен, заты қазақ үшін жат дүние емес. Қазақ ұғымына сәйкестендірсек, медиатор – екі жаққа да ортақ, дау-дамайда айтысушы жақтарды мәмілеге келтіріп, тең шешетін араағайын. «Медиация туралы» Заңның 1-бабында оның қолданылу аясы белгіленген. Жеке немесе заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын даулар, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Медиация мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі: 1) еріктілік; 2) медиация тараптарының тең құқылығы; 3) медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы; 4) медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік; 5) құпиялық. Кім медиатор бола алады? Медиатордың қызметі кәсіби негізде (кәсіпқой медиатор) және кәсіби емес негізде (қоғамдық медиатор) жүзеге асырылуы мүмкін. 1) қырық жасқа толған және кәсіпқой емес медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар; 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес сотта татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде судьялар медиатор қызметін кәсіби емес негізде жүзеге асыра алады, отставкадағы судьялар медиатор қызметін кәсіби негізде жүзеге асыра алады, жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бекітілетін, медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткенін растайтын құжаты (сертификаты) бар және кәсіпқой медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар;

Қазір дау көбейді. Оған бірден бір себеп – меншік түрлерінің молаюы, нарықтық қатынастардың орнауы және халықтың құқықтық сауаты мен талабының артуы. Азаматтар кез келген ұсақ-түйек дау-шармен сотқа жүгінетін болды. Қ. Мәми айтуынша, Облыс, аудандар бойынша сотқа түскен істердің 35 пайызын ұсақ-түйек дау-шарлар



кұраған. Сотқа түскен істер санын азайтып, мемлекет қаржыларын үнемдеу, еліміздің өркендеуі мен адамдардың құқықтық мәдениетін көтеру үшін медиаторлардың қосқан үлесі зор.

Сонын бірі болып, Павлодар облысы сотында медиация институты туралы мәліметке тоқтала кеткенді жөн көрдік. Қазіргі таңда Павлодар облысында Медиация институтын енгізу, жанжалды жағдайларды болдырмау және облыстың барлық салаларында медиация қызметін көрсету бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Облыста облыс әкімінің орынбасары М. М. Бегентаев басқаруымен медиация кеңесі құрылған, 34 медиация кабинеті қызмет етуде, оның ішінде: облыстық (Павлодар қаласы, «Достық үйі»), төрт қалалық (в областном профсоюзном центре, филиале Палаты предпринимателей «Атамекен», Ақсу, Екібастұз), ауыл аудандарында 23 кабинет ашылды. Бұдан басқа, Павлодар қаласында 6 жеке меншік кабинет бар. Медиацияның облыстық кеңесі мен «Қоғамдық келісім» КММ-нің (Медиация орталығының басшысы О. Николашина) медиация кабинеті жанжалдарды сотқа дейінгі кезеңде медиацияны кеңейту мәселесі бойынша жұмыс жүргізеді. Бүгінгі күнге дейін барлығы түсіндірме-ақпараттық 536 шара өткізді. оның ішінде: кәсіби медиаторлармен жұмыс барысындағы кездесулер, облыстық Медиация кеңесі белсенділерінің отырыстары, «Мектеп – даусыз аймақ» пилоттық жобасы облыс мектептерінде мектеп медиациясы бастау алуда.; «Медиация – қазақстандық қоғамның дамуының басым ресурсы» атты ғылыми-практикалық конференциялар. мектеп медиациясының дағдыларын дамыту мақсатында «Медиация және құқық негіздері» турнирі., «Медиацияны қолданумен өткен істерді қарастыру ерекшеліктері», «Балаларға қатысты даулар бойынша медиацияны қарастыру ерекшеліктері» және т.б. тақырыптар аясында дөңгелек үстел, әңгімесулер, дәрістер. Жұмыстар ҚХА-ның Қоғамдық келісім кеңесімен, Ақсақалдар кеңесімен, Аналар кеңесімен («Нұр ана әлемі» ҚБ төрайымы Б. Ш. Максимова), ҚХА жастар үйлестіру кеңесімен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады. Облыстық соттан келіп түскен ақпаратқа сәйкес анықталды: кәсіби медиатор, қоғамдық медиаторларға түскен өтініш саны – 7653, кеңес беру сатыда – 5401, келісімге қол қойылғаны – 2252.

Облысымызда 47 кәсіби медиатор, қоғамдық медиаторлар саны – 151. Сонымен қатар Ертіс ауданында аудандық Қоғамдық келісім кеңесі, Ақсақалдар кеңесі жұмыс атқаруда. Ауданда екі кәсіпқой медиатор Муканова Өрік Социалқызы мен Джангульдинов Төлепберген Төлежанұлы қызмет атқаруда. Джангульдинов Төлепберген Т. айтуынша, Ертіс ауданында медиатор көмегімен еңбек,

отбасылық және көршілер арасындағы даулар мен кикілжіңдерді шешуде қолданылады. Жакын арада Аудандағы А. есімді азаматша 2 млн тенге залалдың орнын толтыру жөнінде көрші балаға Қ.есімді азаматқа талап қойды. Бұл бала түнде А.азамат көшесінен тұрған көлікті мініп кетіп, аварияға ұшыратып, қиратқан еді. Бұл іс- қылмыстық іс болып саналады. Медиатордың шешендік өнері, психологиялық көмегі, кәсіби шеберлік арқасында дау сотқа түспей, екі тараптың да көңілінен шығатын үкім шығарылып оңынан шешілді. Мәселен, отбасылық дауларды шешуде адамдар сотта ашық жариялғанынан гөрі, медиатор көмегімен құпиялық сақтап, дау шешкенін жөн көреді. Северный аулындағы ауданның құрметті азаматы Мүтәләп ата, Серік аға, Жамбыл ата басқарып отырған Ақсақалдар кеңесінің қатысумен бітімгершілік жолмен екі жақты татуластырады. Ақсақалдар кеңесі көршілер арасындағы мүлік, жер, кейбір кезде отбасылық дауларды да оң шешіп отырады да көршілерді, ерлі-зайыптылар дауласушы арасында кекшілдік, эмоциялық, бір беттілік, қыңыр, тәккапарлықтан бас тартып, мейірімділікке, құқықтық мәдениетке үндейді. Аудандық соттан келіп түскен ақпаратқа сәйкес Ақсақалдар кеңесі қарқынды істеп отырған Северный, Қызылқак, Сілеті округтардан сотқа түскен істердің саны басқа округтермен салыстырғанда неғұрлым аз.

Қорыта келгенде, медиация – бұл адам құқығына, бостандығына құрметті арттыруға, өркениетті азаматтық және тұлғааралық қатынастарды қалыптастыруға, қоғамдық келісімді нығайтуға, конструктивтік сұхбат жолымен әлеуметтік, өзге де келіспеушіліктерді, жанжалдар мен дауларды шешуге бағытталған институт.

Ата-баба заманында адамдарды шыңыраулы түрмелерде ұстамай-ақ қоғамдағы неше түрлі даулар мен жанжалдарды екі ауыз сөзбен шешкен билер болғанын тарихтан белгілі. Қазақ билерінің тағылымдары – жалпыөркениеттік құндылықтар болып табылатынын үнемі назарда ұстаудың, оның құндылықтарын танып білудің біздің ұлтымыз үшін берері көп, бүгінгі күні өз нәтижесін беруде.

Қазақ билері әділ төрелік жасағанда ең алдымен кеткен шығынды қалпына келтіру мәселесін қаперде ұстанған. Одан басқа қазақ билерінің қабылдаған шешімдері жазбаша түрде жүргізілмеген еді. Осы тұрғыдан алғанда медиацияға өте ұқсас шешімдер ауызша қабылданған. Ал ол шешім орындалмаған жағдайда «Аластату» үкімдері шығарылған. Міне, енді «Медиация туралы» заң қазақ халқының бүкіл әлемге үлгі етерлік, ұмытыла бастаған жақсы салт-дәстүрін қалпына келтіруге жасалған игі қадамдардың бірі, оның тиімділігі мол десек қателеспейміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б.
- 2 Қ. Ә. Мәми. «Жол-айқын, мақсат – белгілі, мүдде – бір». // «Егемен Қазақстан» 26 наурыз 2014 жылы, - 7 бет 12 б.
- 3 Досжан ӘМІРОВ. Қазақ даласының билер соты – егемен еліміздің сот-құқық жүйесінің негізі // Заң» журналы - №12 -2017, 41 бет б. 4-9.
- 4 Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 192 б.
- 5 Зиманов С. З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Атамұра, 2008 – 216 бет. (6 бет).
- 5 Республиканский форум общественных медиаторов Ассамблеи народа Казахстана 25 мая 2018 год [Электронный ресурс]. <http://mediaciya.pavlodar.kz/>
- 6 Мүмкіндігі мол медиация. [Электронный ресурс]. <https://egemen.kz/article/mumkindigi-mol-mediatsiya>

### СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОМИТЕТА УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ

НУРГАЗИНА А.

7 «Г» класс, школа «Жасдарын»

АХМЕДЖАНОВА Г. Б.

научный руководитель, д.ю.н., профессор,  
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В настоящее время Комитет уголовно-исполнительной системы Министерства внутренних дел (далее КУИС) в Казахстане – это все еще милитаризированный орган государства, имеющий несоответствующую международным стандартам, крайне низкую материально-техническую базу, со слабым кадровым составом, формирующимся по остаточному принципу, с низкой заработной платой, и в котором, внутренне на уровне психологии, сотрудникам насаждаются принципы тоталитарного советского отношения администрации к осужденным и при этом постоянно ощущающем на себе противодействие со стороны осужденных к лишению свободы (следует учитывать, что там порядка 80 % это лица, совершившие тяжкие, особо тяжкие преступления, значительная часть которых принципиально даже «не собирается исправляться») [1, с. 45–46].

То есть это деятельность, требующая скорейшего проведения организационных и законодательных изменений, могущих положительно сказаться на сотрудниках, на уровне защищенности прав осужденных и сознании общества для чего, как мы полагаем, в ближайшее время желательно провести следующие мероприятия:

1) демилитаризовать КУИС:

а) само ведомство и его сотрудники, основной задачей которого является исправление осужденных, не должны ассоциироваться с карающим органом как самими сотрудниками, так и обществом. В связи с чем следует на уровне сознания менять отношение общества и самих сотрудников к этому ведомству, для чего предлагаем начать с видимой части, которая напрямую влияет на внутреннее состояние, а именно, на наш взгляд, необходимо исключить специальные звания и все связанные с ними правоотношения, так как [2, с. 56]:

- звания стимулируют сотрудников не к добросовестному отношению к своим функциональным обязанностям, а только лишь к занятию соответствующей должности и именно в тот период, когда приближается срок получения очередного звания. И чем выше звание, тем острее и «дороже цена» вопроса, например, получить полковника и тем более генерала, это целая операция с подключением всех возможных и невозможных ресурсов, в том числе и немалых финансовых средств. Сотрудники прилагают все силы, чтобы занять соответствующую должность и говорить об интересах работы не приходится («не высовываться», промолчать, если надо, перейти в другое подразделение, орган, тихо просидеть, чтобы не заметили, подключить все имеющиеся связи и т.п.) главное получить звание. Это по принципу «солдат спит, служба идет». Получил звание, можно и уйти с должности, звание ведь все равно остается. И все это происходит на глазах у гражданского общества, которое крайне негативно воспринимает все эти манипуляции;

- с другой стороны произошла девальвация званий, сплошь и рядом сплошные офицеры, зачастую весьма далекие от понятия офицерской чести, что также негативно отражается в глазах у общества;

- нельзя создавать дополнительную почву для коррупционных правонарушений внутри органа, деля их на подразделения имеющие возможность получать звания и не имеющих такую возможность (это предлагается сделать). Это полумера, которая в принципе не сподвигнет сотрудников повысить качество исполнения своих обязанностей, а скорее создаст некий ажиотаж вокруг должностей, наделенных званиями;

- исключение званий и как следствие привязки званий к должностям позволит существенным образом стабилизировать кадровую политику в ведомстве, поскольку определяющей будет должность, то есть объем полномочий и ответственности, которые надо будет «вытягивать» и стимулом должен выступать размер заработной платы, зависящий от занимаемой должности и гарантированный социальный пакет [3, с. 5–6].

б) председателем КУИС необходимо назначать гражданское лицо (звание генерала создает столпотворение вокруг этой должности, вследствие чего, туда стремятся люди, даже не задумывающиеся о сути этой деятельности);

в) первыми заместителями КУИС и подразделений на местах следует определить заместителя, курирующего социально-воспитательную работу – это изменит уклон деятельности всей системы от оперативно-репрессивного к социально-воспитательному;

г) КУИС необходимо исключить из числа правоохранительных органов (исходя из того, что правоохранительный орган призван бороться с преступностью) и лишить полномочий по проведению ОРД (пенитенциарная система в принципе должна только исполнять наказание, бороться с преступностью должны специально существующие на то органы, при необходимости они могут проводить оперативные мероприятия среди осужденных при поддержке администрации учреждения) [4, с. 56].

В отечественном законодательстве термин «пробация» не используется, вместе с тем его «суть» находит свое усеченное воплощение в таких институтах уголовного права как ограничение свободы, условное осуждение, отсрочка отбывания наказания беременным женщинам и женщинам, имеющим малолетних детей, условно-досрочное освобождение от отбывания наказания, а также, учитывая то, что probation применяется в мировой практике в сочетании с общественно-полезным трудом осужденного, перечень названных институтов следует дополнить наказанием в виде привлечения к общественным работам.

Аналогом службы probation в Казахстане выступают уголовно-исполнительные инспекции КУИС РК, на базе которой и предлагается создать службу probation. При этом службой probation могут исполняться следующие наказания и иные уголовно-правовые меры: общественные работы; исправительные работы; ограничение свободы; лишение права занимать определенную

должность или заниматься определенной деятельностью; условное осуждение; отсрочка отбывания наказания; электронный надзор (в случае его применения в РК), а также осуществляться работа по ресоциализации осужденных [5, с. 10–11].

Полагали бы необходимым принять специальный Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам службы probation». При разработке данного законопроекта следует среди прочего четко определить организационную форму и функции службы probation, полномочия сотрудников службы probation, вопросы взаимодействия с иными государственными органами и неправительственными организациями, в том числе основания и порядок привлечения к деятельности службы probation волонтеров и общественных организаций;

б) ввести полноценный общественный мониторинг во всех местах лишения свободы, для чего принять нормативный правовой акт, регулирующий вопросы (механизм, финансирование, процедуры, меры реагирования, полномочия и др.). В настоящее время мониторинг возможен только в СИЗО и ИУ, и то в усеченном виде, что отрицательно сказывается на уровне защищенности прав лиц, там содержащихся;

7) считаем необходимым отказаться от очной и заочной формы обучения в специализированном вузе КУИС по следующим основаниям:

- на сегодня, в стране нет дефицита как вузах, так и в лицах, обладающих необходимым высшим образованием, наоборот значительное число специалистов с высшим образованием не могут трудоустроиться;

- вузы правоохранительных органов, в том числе и Академия КУИС, пользуются повышенным «спросом», так как учеба в них позволяет избежать призыва в армию, засчитать срок учебы в стаж службы, трудоустроиться после окончания вуза, и во время обучения, получая стипендию, находиться на полном содержании государства. В связи с чем поступление в них представляется проблематичным, что зачастую позволяет руководству вузов и правоохранительных органов устраивать своеобразные торги, и не для кого не секрет, что средняя цена поступления варьируется в районе 3000–5000 долларов США, это по сути поставленный на поток процесс. И порой поступить туда можно лишь либо заплатив деньги или по серьезному ходатайству «серьезных людей». При этом

не следует забывать, что претендент должен получить направление в территориальном органе, пройти медицинскую комиссию, что также зачастую требует вознаграждения. В большинстве случаев абитуриентам становится известно о всех этих коррупционных проблемах, которые вынуждены решать их родители, что с самого начала подрывает веру молодых людей в справедливость, показывает, как надо решать вопросы и это в органах, призванных стоять на страже закона, в том числе бороться с коррупцией. Не говоря уже о заочниках, учеба которых вообще не выдерживает никакой критики, формализована, зачастую все построено на решении всяких вопросов;

- выпускники этих вузов не составляют костяка правоохранительных органов, поскольку основная масса сотрудников заканчивала гражданские вузы и при этом выпускники специальных вузов также подвержены совершению преступлений, увольнением, и пр. и в итоге не больше половины из них остается служить даже после первых десяти лет службы. То есть очная и заочная формы обучения не только экономически не целесообразны, но и вредны с точки зрения морали [6, с. 5–6].

Считаем, что Академию КУИС необходимо использовать исключительно в качестве базы для организации эффективной переподготовки и повышения квалификации сотрудников, послевузовской подготовки (докторантуры), а также подготовки руководящего звена КУИС. Это без снижения качества подготовки сотрудников приведет к значительной экономии финансовых средств, которые можно будет направить на повышение заработной платы сотрудников.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Чукмаитов Д. С. Применение уголовного наказания в целях предупреждения рецидивных преступлений. - Алматы: ТОО «Баспа», 2007. - 208 с.

2 Борчашвили И. Ш., Пенчуков В. А. Уголовно-исполнительное право РК. Общая часть: Учебное пособие. Караганда, 2002 г.

3 Ключев Л. В. Правовые основы функционирования исправительно-трудовых колоний-поселений Лекция. М., 1986. - 34 с.

4 Законы РК Закон Республики Казахстан от 7 июля 1997 года № 150-1 «О судебных приставах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 06.01.2011 г.)

5 Закон Республики Казахстан от 2 апреля 2010 года № 261-IV «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.07.2012 г.) [8,9].

6 Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 19 марта 2012 года № 157 «Об утверждении Правил организации деятельности службы пробации уголовно-исполнительной инспекции».

#### ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТІРЕГІ – АТА ЗАҢ!

ОРЫСБАЕВ Д., СЕЙТБЕКОВ Б.

№ 44 ЖОББМ, Семей қ.

ЖҰМАҒАЛИЕВ О. Ж.

ғылыми жетекші, тарих пәнінің мұғалімі

Конституция – ел тәуелсіздігінің, мемлекеттігінің негізгі тірегі. Оны мемлекеттің саяси- құқықтық төл құжаты деп бекер атамайды. Себебі Конституция, ең алдымен, мемлекеттің қандай жолмен дами тынын, басты құндылықтарын өлшеп-пішіп, айқындап беріп отыр. Ата Заңның 1-бабының 1-тармағында Қазақстан өзін ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деген. Ендеше мемлекетіміздің Ата Заңы халқымыздың тәуелсіз ел болуды армандаған мүддесін заң тілінде айшықтаған, әлемге, адамзат ғаламына Қазақстан деген мемлекет бар екенін паш еткен юридикалық құжат болып табылады.

Республика Конституциясының қабылданған күні – барлық Қазақстан халқы мерекелейтін жалпы мемлекеттік мейрам. Бұл күні ел азаматтарының мерейі конституциялық дәреженің жаңа сатысына көтерілген болатын. Бұндай тәжірибе, яғни халық пен оның жекелеген мүшелері үшін өте маңызды заң құжатын олардың тікелей қатысуымен қабылдау Қазақстан тарихында алғаш рет жүзеге асырылды. Оған дейінгі Конституциялар өкілді органдар арқылы қабылданған болатын. Осы Конституцияны қабылдай отырып еліміздің халқы өзінің және келер ұрпақтың болашақтарын айқын белгілеп алған еді.

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, мемлекеттік мерекелер – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін

мерекелер болып табылса, 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізілген.

Еліміздің Ата Заңы – бостандық пен тәуелсіздіктің негізі, Республика халқына ең бастысы – таңдау құқығын берді. Құқықтық мемлекет, заңның жоғарғы мәртебелілігі, Конституцияның мызғымас беріктігі ұлттық идеологияның негізі және түп қазығы екенін мойындауымыз керек. Ұлттық идеология қандай болу керек, қандай құндылықтарға құрылуы керек деген пікірлер жиі айтылады. Ұлттық идеология – ол тәуелсіздік, берік мықты мемлекет, қазак мүддесі, тіл, еркін экономика – міне, осы мәселелер тек Конституция, заң аясында шешіледі және дамиды. Құқықтық сананы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру – ұлтымызды зиялылыққа, мемлекеттілік рухта тәрбиелейтіні анық.

Еліміздің Ата Заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Конституциямызда адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстан аумағында азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ол елімізде сан алуан идеологиялық, сенімдік, ұлттық, азаматтық ұжымдар мен топтардың бірлесіп бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Конституциямызда бекітілген нормалар Қазақстан Республикасын гүлдендіру мақсатында еліміздің барлық азаматтарының бірлесіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қызмет етулері үшін жағдайлар жасайды.

Ең жоғары заңдық күші бар Қазақстан Конституциясы Республикадағы қолданылатын және қалыптасып жатқан құқық жүйесінің нормативтік бастауы бола тұра, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың маңызды жақтарын реттейді. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасында» 1995 жылғы Конституцияның негізінде жаңа конституциялық құқық түзілді делінген. Оған дәлел ретінде соңғы уақыттағы Республикамыз қол жеткізіп жатқан жетістіктерді мақтанышпен көрсете аламыз.

Конституция Қазақстанның демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуына қолайлы жағдай жасайды. Заңда белгіленген барлық тұжырым, қағидалар өмірдің барлық салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға жағдай жасап отыр.

Еліміздің бұл Негізгі Заңы бірінші рет Қазақстан Республикасын президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жария етті. Бұл мемлекеттің құзырына өз аумағының тұтастығын, сырттан қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз ету толығымен жатқызылады. Конституцияда демократияның түпкі мәні ерекше айқындалады. «Демократия» деген грек сөзін өз тілімізге аударсақ, халықтың билігі деген мағына шығады. Осы қағида Негізгі Заңның үшінші бабында нақты бейнеленген. «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деп нақты жазылған.

Конституцияда республикадағы мемлекеттік билік біртұтас деп жарияланған. Бұл билік Конституция бойынша үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы және сот жүйесі болып болып дараланған. Мұндағы мақсат билікті біржақты иемденіп кетушілікті болдырмау үшін олардың аражігі ажыратылып, әрқайсысының конституциялық өкілеттіктері айқындалған. Олар бір-бірінің ісіне қол сұқпайды, әрқайсысы өз құзырларынша қызмет етеді.

«Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңында жүктелген функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында әділет органдары жалпымемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу, заң жобасы жұмысын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу, жалпыға міндетті маңызы бар, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің заң сараптамасын жүргізу арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, Қазақстан Республикасының егемендігін, Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің тұрақты және қарышты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыру жұмыстарын жүзеге асыруда. Сондай-ақ, әділет органдары Қазақстан Республикасы құқықтарын қамтамасыз ете отырып, құқықтық және демократиялық мемлекет құрудағы басты билік органдарының бірі болып табылатындықтан, заңбұзушылықтар орын алған жағдайларда, дер кезінде заңның бұзылуын жою туралы ұсыныс енгізіп, азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына жол бермеу жұмыстарын атқарады.

Заң – бөріне ортақ. Әлеуметтік, қызметтік, мүліктік жағдайына, ұлтына, тіліне, наным-сенімі мен дініне қарамастан заң алдында бөрі тең және осы қағида қоғамның негізгі ұстанымына айналуы үшін еңбек етуіміз қажет.

Ата заң аясында әрекет ету – елдің дамуы мен азаматтық қоғамды қалыптастырудың кепілі. Оның негізгі қасиеті демократиялық даму мен құқықтық мемлекеттің принциптерін жүзеге асыруға

септігін тигізеді. Біздің міндетіміз – мемлекетіміздің негізгі заңын бұлжытпай орындап, оны құрметтеу.

Осыған орай, Ата заңымызда белгіленген қағидалар мен принциптердің сақталып, бұзылуына жол бермеу бағытында басқа да мемлекеттік органдармен қоса әділет органдары да өз үлесін қосуда.

Халық өзі дауыс беріп қабылдаған заңын әрдайым әділ деп есептейді. Заңға құрмет болмайынша, оны қастерлеу ішкі қажеттілікке айналмайынша, заңның құдіреті шамалы болады. Конституция мәртебелі болуы үшін, оның принциптері, қағидалары қоғам, мемлекет, халық өкіметінің туы, қазығы, мәні болуға тиіс.

Заң жақсы жұмыс істеуі үшін, оны бұлжытпай орындау азаматтардың күнделікті дағдысына, үйреншікті әдетіне айналуы тиіс. Әртүрлі амал-айламен заңды айналып өтуге тырысушылық өркениетті елдің мәдениетіне жатпайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң бекерден-бекерге қабылданып отырған жоқ. Бұл қылмыстың дәрежесі қоғамға, мемлекетімізге, едәуір қауіп төндіріп, алға басуымызға бөгет бола бастады. Заңды қабылдағаннан соң оны мүлтіксіз орындау қажет. Қалың көпшіліктің заңды жаппай мойындауын, іштей түйсініп сезінуін, өз өмірінің басты ережесіне айналдыруын қамтамасыз ету оңай шаруа емес. Заң беделге, мансапқа, лауазымға, ақшаға, байлыққа сатылмай, тек ақиқатқа бас иеді.

Қорыта айтсақ, біздің Ата Заң – дүние жүзіндегі ең жас Конституциялардың бірі. Ол – мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Конституция біздің Тәуелсіздігімізді нығайтты, мемлекетті және бүкіл қоғамды берік етті. Сондықтан да біздің ортақ парызымыз – Негізгі заңға құндылықпен қарау, оны өз Отанымызды, өз Тарихымызды құрметтегендей құрметтеу. Әрбір қазақстандықтың Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, сонымен бірге жеке өзі, өз отбасы мен өз балалары үшін де мәнділігін бағалай білуі, конституциялық міндеттемелерін қастерлеп, сақтап, орындауы маңызды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы 1995 ж.
- 2 Нысанбаев Ә. «Жалпы ұлттық келісім және демократиялық даму». Егеменді Қазақстан газеті. 1997 жыл. 25-26 наурыз.
- 3 Қалмырзаев Ә. Халықтың қуаты бірлікте. «Ата-заң арналары». Егеменді Қазақстан газеті. 1998 жыл. 27-тамыз.

## ИСТОРИЯ УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА

САМАТОВА Б. С.  
10 «G» класс, Назарбаев Интеллектуальная школа  
АХМЕДЖАНОВА Г. Б.  
научный руководитель, д.ю.н., профессор,  
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

История уголовно-исполнительной системы Казахстана является неотъемлемой частью недавней истории нашего государства. Ее исследование необходимо, прежде всего, для восстановления недостающих звеньев в цепочке исторических фактов и событий, биографий личностей, неразрывно связанных с деятельностью УИС. Возникает закономерная необходимость в объективном освещении и анализе процессов, имевших место в судьбе системы; извлечении из ее прошлого полезных и ценных уроков для дальнейшего эффективного функционирования как самой уголовно-исполнительной системы, так и независимого государства [1].

Вторая половина XX века в истории развития уголовно-исполнительной системы Казахстана характеризуется дальнейшим реформированием системы и ее структурных элементов. Полувековой период насыщен событиями неоднократной передачи исправительных учреждений из одного ведомства в другое, частным изменениям подвергается само наименование уголовно-исполнительного ведомства, его внутренняя структура, перманентно изменяется количество исправительных учреждений и численность тюремного населения, изменениям подвергаются условия содержания осужденных в республике. Пенитенциарная система Казахстана, словно зеркало, отражала в своем развитии те перемены, которые происходили в это время в политической, социально-экономической, культурной жизни страны [2, с. 65].

Труд заключенных активно использовался в восстановлении и строительстве новых промышленных объектов и предприятий, возрождении городской и сельской инфраструктуры в послевоенное время. Исправительно-трудовые учреждения являлись важными стратегическими объектами, принимавшими непосредственное участие в экономическом развитии государства, участвовали в социалистическом соревновании, перевыполняли пятилетние производственные планы и нормы. Предприятия, созданные при исправительных учреждениях Казахстана, производили качественную

продукцию не только для внутреннего потребления, но и экспортировали свои товары в страны ближнего и дальнего зарубежья. По сути, силовые ведомства, при которых функционировала уголовно-исполнительная система, решали не только задачи по охране общественного порядка, обеспечению законных прав, свобод и интересов советских граждан, предупреждению и борьбе с преступностью, изоляции преступников от общества и их содержанию, но и не менее важные хозяйственные вопросы государственного значения [3, с. 33–35].

В 1958 г. Совет Министров СССР утвердил Положение об исправительно-трудовых колониях и тюрьмах. Эти меры сыграли большую роль в улучшении деятельности ИТУ республики. При объединении МВД и КГБ Постановлением Совета Министров СССР от 28 марта 1953 г. № 934 УИТЛК со всеми его подразделениями было передано в ведение Министерства юстиции КазССР. В 1958 г. УИТЛК было переименовано в Управление местами заключения (УМЗ). Аппараты Управления и его подразделений комплектовались в основном за счет кадровых работников УИТЛК и Карлага, но многие работники из числа инженерно-технического персонала прибывали по направлению ГУЛАГа МВД СССР из других союзных республик.

Сложным периодом в деятельности ИТУ республики были 1956–1960 годы. Были ликвидированы ИТУ сельского хозяйства и подрядного строительства, возникла проблема размещения и трудоустройства осужденных. Действующие колонии оказались перенаселенными. Назрела необходимость организации новых контрагентных колоний, и они стали ускоренно создаваться на базе строящихся предприятий, предусмотренных народнохозяйственным планом.

Произошли изменения и в содержании осужденных. Они стали содержаться в колониях и тюрьмах, исправительно-трудовые лагеря упразднились. Было введено три вида режима содержания осужденных: общий, усиленный и строгий. Основными средствами исправления и перевоспитания осужденных стали: строгое соблюдение режима, участие в общественно-полезном труде и политико-воспитательная работа. Указом Президиума Верховного Совета СССР от 14 июня 1954 г. было восстановлено условно-досрочное освобождение, которое действовало до начала войны. В 1957 г. возобновили свою деятельность наблюдательные комиссии по делам несовершеннолетних. В исправительных учреждениях введена подрядная система и офицерские должности начальников отрядов [4, с. 80–81].

В 1960 г. в УМЗ МВД Казахской ССР входило 32 колонии, из них 22 промышленных, 4 сельскохозяйственных, 6 контрагентских.

Действовали 5 мебельных фабрик, 7 швейных цехов, фабрика по производству валенок, металлообрабатывающий завод и 12 различных подсобно-вспомогательных цехов.

В 50-60-е годы 20 века в пенитенциарной системе Казахстана апробируются своеобразные «пилотные» проекты, появляются новые виды исправительных учреждений. Так, с целью обеспечения целинных совхозов рабочей силой за счет отбора лиц, осужденных за менее опасные преступления, создаются колонии-поселения. Были созданы также три колонии особого режима (г. Джетыгара Кустанайской области, п. Вишневка Акмолинской области, п. Заградовка Северо-Казахстанской области).

Изменениям подвергаются и штаты исправительных учреждений. В 1961 г. в центральных аппаратах появляются должности заместителей начальников подразделений по политико-воспитательной работе среди заключенных. Центром политико-воспитательной работы становится отряд. Широкую форму приняло общеобразовательное и профессиональное обучение. В 1968 г. были созданы 33 профессионально-технических училища (ПТУ).

Реформированию также подлежали трудовые колонии для несовершеннолетних. Основным средством воспитания подростков был объявлен труд с общеобразовательной и профессиональной подготовкой, вводилась форма общественного самоуправления. Определялись структура отряда, порядок условно-досрочного освобождения, оплата труда, освобождение и трудоустройство, участие общественности в воспитательной работе среди подростков, деятельность комиссий по делам несовершеннолетних и другие. Позднее, с 1972 года, трудовые колонии для несовершеннолетних получили название «воспитательно-трудовые колонии» (ВТК), где стали содержаться только подростки, осужденные за совершенные преступления. Вся другая категория воспитанников была передана в специальные учебно-воспитательные заведения Министерства просвещения.

В декабре 1971 г. был утвержден Исправительно-трудовой кодекс КазССР, в котором в частности отмечалось, что основными средствами исправительно-трудового воздействия на осужденных являются режим отбывания наказания, общественно полезный труд и политико-воспитательная работа, а также общеобразовательное и профессионально-техническое обучение. В качестве поощрений осужденных стали переводить в колонии-поселения, с особого режима, в выделенные зоны с помещениями некамерного типа,

в подразделения строгого режима. Каждый осужденный отбывал наказание в одной и той же колонии.

Для обеспечения более эффективной работы по борьбе с преступностью в местах лишения свободы в 1981 г. режимно-оперативные отделы были реорганизованы в два самостоятельных отдела - отдел режима и отдел оперативной работы. В колониях укрепились режимно-оперативные части, главными их функциями стала работа по профилактике преступлений среди осужденных и пресечению нарушений режима содержания путем установления постоянного надзора за лицами, склонными к правонарушениям [5, с. 65].

Было установлено всеобщее обязательное среднее образование для осужденных в возрасте до 40 лет. Лицам, имеющим восьмилетнее образование, разрешалось получить среднее образование. Обязательным также являлось профтехобучение для лиц, не имеющих специальности, обучение осужденных новым профессиям и повышение квалификации. Большое значение уделялось участию общественности и самостоятельных организаций осужденных в работе по их исправлению и перевоспитанию. Центром всей работы являлся отряд осужденных, представлявший собой коллектив, сформированный по производственным и режимным требованиям.

На протяжении 60-80-х годов численность исправительных учреждений в Казахстане продолжала расти. Безусловно, масштабы были не такими как в военный период, но и для мирных лет эти цифры были высокими. Так, к 1970 г. в составе УИТУ Казахской ССР функционировало 44 исправительно-трудовых колоний, а к середине 80-х гг. – 71 исправительно-трудовая колония, 4 сельскохозяйственные колонии-поселения, 4 лечебно-трудовых профилактория [6, с. 45–46].

В 80-е годы неоднократно изменялись наименование и структура уголовно-исполнительного ведомства. В 1981 г. УИТУ МВД КазССР было преобразовано в Главное управление ИТУ, а в 1988 г. – Главное управление по исполнительным делам (ГУИД) МВД КазССР.

В 60-80-е годы XX века вместо ликвидированной системы исправительно-трудовых лагерей была создана система исправительно-трудовых колоний закрытого типа с собственным производственным потенциалом. Исправительно-трудовые колонии, так же как и исправительно-трудовые лагеря, функционировали на основе принципа самокупаемости. В качестве дешевой рабочей силы по-прежнему использовался труд сотен тысяч осужденных. По сути, советское государство было заинтересовано в постоянном росте численности

тюремного населения, так как исправительные учреждения являлись неотъемлемой частью советской экономики [7, с. 76].

Важным шагом развития уголовно-исполнительной системы является разработка новой редакции Уголовно-исполнительного кодекса, которая была реализована во исполнение поручения Главы государства. Данное законодательство вступило в силу 1 января 2015 года. Всего в Казахстане на 2017 год было 75 исправительных учреждений и 19 следственных изоляторов.

В целом, уголовно-исполнительная система республики представляла собой своеобразное «государство в государстве», государство в миниатюре. Испытывая на себе общесоюзное влияние, вместе с тем, оказывала непосредственное влияние и на политическую, социально-экономическую, культурную, общественную ситуацию в стране.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года, утверждённая Указом Президента Республики Казахстан № 858 от 24 августа 2009 // Казахстанская правда. - 2009. - 27 августа. - № 205.

2 Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам службы пробации». Указ Президента Республики Казахстан № 556 - IV ЗРК.

3 Нильс Кристи. Приемлемое количество преступлений. - Алматы. - 2011. - 176 с.

4 Ким Д. Вопросы развития пробации в Республике Казахстан. Исполнение наказаний № 8, август. - 2012 год. - 59 с.

5 Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 19 марта 2012 года № 157 «Об утверждении Правил организации деятельности службы пробации уголовно-исполнительной инспекции».

6 Перминов О. Г. Уголовно-исполнительное право: учебное пособие для вузов. Москва 1999г. 240 с.

7 Стручков, Н. А. Уголовная ответственность и её реализация в борьбе с преступностью. - Саратов: Саратовский университет, 1978. - 288 с.



## МҰСЫЛМАН ЕЛДЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

СЕЙТХАН Н. С., МАҚСАТҚЫЗЫ Ж.  
8 сынып оқушылары, № 47 ЖОББМ, Семей қ.  
БАКИШЕВА Қ. С., КАРИМОВА А. Ж.  
ғылыми жетекшілері, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
тарих пәнінің мұғалімі, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Ұрпақ тәрбиесі ананың қолында, өйткені әйел-ана, әйел-тәрбиеші, ал бұл табиғат заңы. Әрбір қоғамда болсын, мемлекетте болсын әйелдің жағдайы қаншалықты құрметті орында болса, соншалықты дәрежеде ел болашағы жарқын болмақ. Ислам дініндегі әйел адамның дәрежесі үлкен, өйткені Ислам әйел адамға ең бірінші ана, адал жар, отбасы ұйытқысы ретінде қарайды.

«Әйелдердің құқықтық мәртебесі» саласындағы тақырып – тек мұсылман құқығындағы ғана емес, сонымен қатар халықаралық құқықтағы бүтіндей алғандағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мұсылман әйелдерінің құқықтық мәртебесі сұрағы жалпылай алғандағы мұсылман қоғамындағы әйелдердің жылдар бойғы қалыптасқан жағдайына, өздері тұратын елдердегі мұсылман әйелдерінің әртүрлі жағдайларына, бұл елді мекендердің әкімшіліктік-аймақтық жергілікті орталықтардан шалғайлығына байланысты негізделген түрде объективті қарауды көрсетеді. Мұсылман әйелдерінің отбасы мен қоғамдағы ролі мәселесі-әрқайсысы көп әйел алушылық, ерте некеге тұрғызу, некені сыйға тарту тәрізді әртүрлі мәселелердің күрделі шиеленісін ұсынатын мәселелер жиынтығын құрайды.

Мұсылман әйелдері Исламның бастамасында жаңа мемлекет құру ісіне белсене араласа отырып, өздерін көрсете білді. Мұсылман әйелдерінің құқықтары белгілі бір кезендерден өтті. Адамзаттың асыл тәжі іспеттес Ислам діні өмірге келгенге дейін төрткүл дүниеде, соның ішінде Араб түбегінде әйел құқығы мен құндылығы аяқ асты болып тапталып келді. Әйел тек қана базардағы сауда-саттық ретінде немесе уақыт өткізудің қоғамдық бір құралы ретінде пайдаланылып келді. Араб түбегінде нағандық дәуірі аталған сол бір жәһилия кезеңінде әйел заты әркімнің бір қолжаулығы болып ар-намысы саудаға салынды. Атап айтар болсақ:

Біріншіден: Мұрагерлік саласында әділ шешімге қол жетпеген шақ еді.

Екіншіден: Әйелдің күйеуі тарапынан құқығы шектелген.

Үшіншіден: Арабтар күндерін басқалармен зинақорлық жасауға итермелеп, оның пайдасын өздері алатын.

Төртіншіден: Бірнеше ер кісі бір әйелмен төсектес болатын, егер бала пайда болса, әйел олардың қалаған біреуіне әкелік құқық беретін.

Бесіншіден: Қоғамда әйелді уақытша неке жолымен пайдалану әдетке айналған.

Алтыншыдан: Қыз балаларды адамдық қатардан шығарып, тірідей топыраққа көметін.

Бір қызығы бұл істер арабтарда ғана емес өзге ұлттарда да кездесетін. Мысалы, Иранда әйел заты күйіннен, өлімнен, удан және жыланнан бетер бір кейіпте болған. Ешқандай құқық берілмеген. Тұрмысқа шыққан әйелдерді өлген күйеуімен бірге тірідей жағып жіберген. Парсы патшалығы Иранда анасы мен қарындасына құрмет көрсетілмейтін, керек десеңіз қарындасымен үйлену олар үшін абыройға айналды. Мұның нақты дәлелі V ғасырдың ортасында II Яздужардтың өз қызымен үйленуі. Ежелгі Рим мен Грецияда әйел тек төсек қатынасы үшін қолданылып, үй күзететін. Оның міндеті күйеуіне ұл тауып беру болды. Ал, ежелгі қытайлар болса қыз балаларына ат қоймаған. Оларды шақырғанда «шошқа» деп айқайлайтын [3, б. 22].

Исламдағы әйелдің орны мен ролі туралы терең зерттелген шығармалармен көпшілік қауым жете таныс болмағандықтан, ислам мәдениетінде әйел адамның құқығы тым шектеулі деген жадағай түсінік қалыптасқан. Бұндай түсініктің қазіргі батыс елдерінің исламды жаппай қаралауынан туындаған тенденциясы екені белгілі. Әйтседе, Ислам дінінде әйел затына үлкен мәртебе берілген.

Исламға дейінгі кезеңде арабтарда әйелдің құқығын тым төмен еді. Әсіресе, арабтар қыз балаларды тірідей жерге көметін. Өлтіруге қимағандары қыздарын ұл балдарша киіндіріп, жұрттан жасырып ұстайтын. Бұлай әйелдің мәртебесін тым төмендететін себебі, қыздар өскенде жезөкшелік жасап, абыройымызға дақ түсіреді деп ойлайтын. Шынында да Исламға дейінгі жабайы араб қоғамында жезөкшелік ерекше асқынып тұрды. Кейбір арабтар ұлдарын текті ету үшін әйелдерін өз қолымен ақсүйек адамның төсегіне апарып жатқызатын. Жезөкше әйелдер жүкті болып қалған жағдайда, Кайф деген сәуегей келіп, еркектердің біріне мына баланың әкесі сенсін деп, оны зинадан туған балаға әке қылатын. Арабтардың «шиғар» деген некесі бойынша, қыздары бар арабтар бір-біріне қыздарын қалың малсыз беріп үйленетін. «Бәдел» деген неке бойынша, арабтар

әйелдерін бір-біріне беріп айырбас жасайтын. Күйеуі өлген жесірді туыстарының бірі зорлықпен өзіне әйел ететін. Исламнан бұрынғы арабтардың азғынданғаны соншалықты, тіпті олар өгей шешелеріне дейін үйлене беретін еді. Исламнан бұрынғы арабтардың азғынданғаны соншалықты, тіпті олар өгей шешелеріне дейін үйлене беретін еді. Ал, Ислам дінінің келуімен әйелге деген зорлық атаулы күшін жойып, әйелдер ерекше жоғары мәртебеге қол жеткізді. Исламның әйелге бұлай ерекше жоғары статус беруі, исламның прогрессивті маңызға ие дін екендігін айғақтайды. Ендеше исламның әйел заты үшін әкелген ізгіліктеріне тоқталып өтер болсақ.

Міне осылай адамгершілік атауы жойылған, нәпсіқұмарлық шегіне жетіп, зинақорлық, маскүнемдік жайлаған айуандықтың символы болған, күштінің айтқаны заң дәрменсіз дымын шығармайды дейтін надандық дәуірінде бүкіл әлемге өз нұрын шашқан Ислам діні, өзімен бірге қайталанбас ұлы жетістіктер ала келді. Соның бірі – әйел құқығы мен құндылығы. Мұның дәлелі мал құрлы бағасы болмаған, бүгін бар да ертең жоқ ешқандай сенімділігі жоқ әйелдерге:

- 1 Дауыс беру.
- 2 Куәгер болу.
- 3 Мұрагер болу.
- 4 Өзінің жеке меншігі болу.
- 5 Өз жеке меншігінің табыстарын өзі пайдалану құқығы берілді.
- 6 Әйелдердің білім алуға құқықтары

Құран Кәрімде «Ниса» (Әйелдер) сүресі бар, Еркектер сүресі жоқ. Ислам дінінде Алла Тағала ер адамға әйелін, баласы мен ата-анасын, қолына қараған жақын туыстарын асырап, бағып-қағуды жүктесе, әйелге ондай міндет жүктелмейді. Өйткені, әйел адам өмірге ұрпақ әкеліп, оны тәрбиелеу сияқты ешқандай жұмыспен салыстыруға келмейтін ұлағатты іспен айналысады [4, б. 22].

Әйел адам табиғатынан нәзік жанды болғандықтан Ислам әйелге ауыр жұмыстар жүктемейді. Ондай міндеттер сол істерге лайықты болып жаратылған ер адамның міндеттеріне кіреді. Пайғамбарымызға, оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын, бір кісі келіп: менің жақсылық жасауыма ең лайық адам кім деп сұрағанда, пайғамбарымыз: анад деп жауап береді. Одан соң ше? дегенде. Тағы да: анад, одан соң ше? дегенде «тағы да анад». Ал одан соң дегенде, «әкен» деп жауап берген екен. Әйел ана болғандықтан барлық әйелдерді ана ретінде құрметтеу қажет. Ислам әйелдерге заңды еңбек пен пәк әрі сау өмірді таңдау құқығын берді. Ислам діні әйелдің амалы мен еңбегін құрметтейді. Құранда әйелдер мен ерлердің өз амалдарына жауапты екендерін еске

салып, ешкім басқаның амалына жауапты емес деп ескертеді. Әйел де ер адам сынды өз еңбегімен жинаған байлығының иесі болады. Әйел қоғамдық және экономикалық жұмыстармен айналысып, өзінің тапқанын жинап, заңды түрде жұмсай алады. «Ниса» сүресінің 32-ші аятында: «Еркектердің еңбектерінің үлесі өзіне және әйелдердің еңбектерінің тиесісі өзіне тән)», - деп айтқан. Осы аят әйелдердің қаржылай тәуелсіздікке ие болу құқығы туралы көрсетеді. Сол себепті әйелдер де ерлер сынды кәсіп және саудамен айналасу құқығына ие. Сонымен қатар әйелдің әкесі, анасы, бауырлары мен апа-қарындасы және жұбайынан қалған байлықта үлесі бар.

Жер бетіндегі нәзік жаратылыс иелерінің өз құқығын қорғау бүгінгі таңда дүниежүзі бойынша ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Дүниеде зорлық-зомбылық көретіндердің басым бөлігі әйелдер екені белгілі. Әйел құқығы БҰҰ қабылдаған «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» құжатында да атап көрсетілген. Бұлар – ана денсаулығын сақтау, әйелдердің білім мен денсаулық мекемелеріне қолжетімділігі және гендерлік теңдіктің қоғамдық деңгейде қолдау табуы. Әйелдер адамзаттың жартысынан көбін құрайтын бөлімі. Қазіргі таңда әйелдер өте көп жетістіктерге жетуде. Мұсылмандық шығыс болсын, зайырлы батыс болсын, буддашыл Аспан Асты мемлекеті болсын, қызу қанды Латын Америка әйелдері болсын, әйтеуір бүкіл әлемде әйелдер ең ықпалды күшті құрайды. Барлық уақыттың ғұламалары әйелдер туралы айтып жатыр, айтып жатыр, болашақта айтады да. Олардың ер адамдармен теңдігі туралы сұрақ барлық әлемдегі ең өзекті мәселе болып саналады. Мұсылман елдеріндегі отбасылық-құқықтық жағдайдың өзіндік ерекшелігі бар. Мұсылман елдеріндегі неке мен ажырасу Ислам ықпалында тұрғандығы жөніндегі дәйек отбасы желісінің мызғымастығына, неке тоқтаған жағдайдағы әйел-ананы қамтамасыз етуде оң әсерін тигізеді.

Бүгінде 139 мемлекеттің Ата Заңында әйел мен ер теңдігі заңдық түрде бекітілген. Бірақ зерттеу нәтижелері көрсеткендей, экономикасы дамыған мемлекеттердің өзінде әйел құқығының аяққа тапталуы жиі орын алады. БҰҰ-ның «Әлем әйелдерінің өркендеуі» деп аталатын құжатында бейбіт кезде және соғыс жағдайында қыздар мен аналардың ар-ұжданын сақтап қалуына арналған мәселелер түйіні көрсетілген. Баяндамада жазылған мәселе бойынша құқықтық жүйені құрудың он кепілдемесі ұсынылған. Бұл орайда әйелдер ұйымдарының белсенділігі қажет екендігі белгілі. Әйелдер ұйымдарының гендерлік теңдік жөнінен біраз жетістікке қол жеткізгені айтылған. Мәселен, Эквадорда жергілікті ұлттың құқығына қатысты Кичва тайпасының

Әйелдері «Лайықты өмір сүру талаптары» деген бағдарлама жасап, Үкіметіне қабылдатқан. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою жөніндегі конвенция мен БҰҰ-ның бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде гендерлік теңдік мәселесінде біраз өрлеу бар. Әлемнің 173 мемлекетінде жүктілік кезінде демалыс ақысы төленеді, 139 мемлекеттің Ата Заңы ер мен әйел теңдігіне кепілдік береді, 125 елдің заңы отбасында ұрып-соғуға тыйым салады, 117 мемлекеттің заңында ер мен әйелге теңдей жалақы төлеу туралы жазылған. Оған қоса 115 елде әйелдерге ресми түрде мүлік құқы берілген. Мысалы, Непалда жерге салынатын салықты алып тастаған соң жекеменшік жылжымайтын мүлікке ие әйелдердің саны үш есеге көбейген. Бірақ заң жүзіндегі осындай артықшылықтармен қатар кемшіліктер де азаймай отыр. Мысалы, 127 елде отбасында зорлық көрген әйел заң жүзінде қорғалмайды екен. Алматыда өткен конференцияда осы мәселе төңірегінде қызу пікірталас болды. Дүниежүзінде әйелдердің 53 пайызы жұмыс орнында қорғалмағанымен қоса, еркектердің жалақысы әйелдерге қарағанда 10–30 пайызға көп. Бұл мәселені шешуге алдымен кіріскен елдің бірі – Швеция. Бұл мемлекетте бала күтіміне байланысты еркектерге де демалыс беріледі. Соның арқасында әйелдер мен еркектердің жалақысы арасындағы алшақтық азайған. Әйелдерге қатысты әлемді аландатып отырған тағы бір мәселе, қыз-келіншектерге жасалатын қылмыстардың жасырын күйінде қалуы. Сауалнамаға сүйенсек, 57 мемлекеттегі әйелдердің 10 пайызы сексуалды зорлықты бастан өткергенін растаған. Олардың ішінде тек 11 пайызы ғана құқық қорғау мекемелеріне шағым түсірген. Осы әйелдердің 8 пайызы ғана тонауға ұшырағанын айтқан. Оның ішінде тек 38 пайызы құқық қорғау мекемелеріне шағымданған. Әйел құқығын қорғау дүниежүзілік деңгейдегі өзекті мәселеге айналуда. Заң шығару мекемелерінде әйелдердің санын көбейтуге мүдделі елдер жоқ емес. Мысалы, Африканың орталығындағы Руандада мұрагерлік құқығына ерлер мен әйелдердің теңдей ие болуы жөніндегі заң 1999 жылы күшіне еніпті. 2003 жылғы Руанда Ата Заңы лауазым иелерінің ең аз дегенде 30 пайызы әйелдер болуы керек деп көрсеткен. Әйел құқығын қорғау және тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету омбудсмен қызметінің басымдық бағыттары болып табылады.

Әйел құқығын қорғау саласында негізгі осы заманғы мәселелердің бірі әйелдерді қоғам өмірінде екінші кезектегі орын алатын теңсіз құқықты субъекті ретінде бағалайтын қоғамдық сананың кертартпалығы болып табылады. Тіпті орталық мемлекеттік органдармен жұмыста да біз гендерлік қағиданы түсінбеушілік,

халықаралық құқық қорғау стандарттарын білмеушілікпен кездесеміз: әйелдер құқығын қамтамасыз ету саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің бәрі бірдей бүгінде өз қызметінде әйелдерге қатысты кемсідудің барлық нысандарын жою туралы Конвенция ережелерін басшылыққа алмайды, кейбірі Республиканың халықаралық құқыққорғау міндеттемелерінің басымдық сипатын сезінеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Васильев Л. С. Шығыс дінінің тарихы: Москва, 2006. - 54 б.
- 2 Грюнебаум Г. Э. Основные черты арабо-мусульманской культуры: Москва, 1981. - 123 б.
- 3 Глотов С. А. Права человека и защита в европейском суде: Москва, 2000. - 165 б.
- 4 Булгакова Д. А., Истаев А. Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы: Алматы, 1992. – 84 б.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ

ТЕМИРХАНОВА А. Б.  
мұғалім, мамандандырылған «Зерде»  
дарынды балаларға арналған мектебі, Екібастұз қ.  
ТЛЕКТЕСОВА Д. Н.  
10 сынып оқушысы, мамандандырылған «Зерде»  
дарынды балаларға арналған мектебі, Екібастұз қ.

Заманауи қоғамның терең әлеуметтік тамыры бар ең маңызды мәселелерінің бірі – кәмілетке толмағандардың еңбегін пайдалану. Қоғамның жас ұрпаққа ерекше көзқарастарын заңнамалық тұрғыда бекіту – әлемнің көптеген елдерін сипаттайтын үрдіс. Кәмілетке толмағандардың басқа да құқықтарының қатарында жұмыс істеу құқығы және оның қауіпсіз шарттары халықаралық және ұлттық заңнаманың құқықтық актілерінде заңды түрде бекітілген. Көптеген мемлекеттердің заң шығарушыларының кәмілетке толмағандардың еңбегін пайдалануды шектеуін қалайтынына қарамастан, бұл әрқашан қоғамның нақты жағдайымен келіспейді. Халықаралық Еңбек Бюросының мәліметіне сәйкес, жұмыс істейтін балалардың көпшілігі 75–80 % ауыл шаруашылығында жұмыс істейді, 10 өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істесе, ал қалғандары –

мейрамханалар, дүкендер, кафе және тұрмыстық қызмет көрсету және басқа да салаларды жұмыс істейді.

Еңбек ету құқығы азаматтардың негізгі құқықтарына жатады. Еңбек ету құқығы деп еңбекке қабілеті бар адамның өз еңбегімен өмір сүруге қажетті табыс табу мүмкіндігін айтады.

«Республика азаматының еңбек етуге құқығы бар, ол әрбір адамның дербес өндіруші ретінде немесе еңбек шарты бойынша өз қалауына, қабілетіне және арнайы даярлығына сәйкес еркін еңбек етуге мүмкіндік алу құқығын қамтиды...» (Конституция, 19-бап).

Демек, азаматтар еңбек етуге құқық еңбек шартын жасау және кәсіпкерлік қызметпен шұғылдану арқылы жүзеге асыра алады. Азаматтардың басым көпшілігі еңбек шарты арқылы еңбек етеді. Еңбек шартының белгілері:

- еңбекші нақтылы еңбек ұжымының құрамына енеді;
- еңбек шартында көрсетілген қызметті орындайды;
- еңбек ұжымында белгіленген еңбек тәртібіне бағынады;
- еңбектің саны мен сапасына байланысты еңбек ақыны алады;
- ұжымның әкімшілігі еңбекшіге жұмыс істеуге лайықты жағдай жасайды.

Еңбек шартының бір тарабы – жеке адам. Ол өзінің атынан еңбек шартын жасайды, өзінің еңбегімен қабылдаған міндетін орындайды. Еңбек ету қабілеті 16 жастан, ерекше жағдайда 15 жастан қалыптасады. Мектеп, техникум оқушыларын 14 жастан жұмысқа алуға болады. Ол үшін ата-аналарының біреуі келісімін беру керек. Оқушылар денсаулығына зиян келтірмейтін, жеңіл жұмысты сабақтан тыс уақытта атқара алады.

Еңбек шартының екінші тарабы – әкімшілік (мемлекеттік, кооперативтік ұйым, жеке кәсіпкер) [6].

Жасөспірімдердің жұмыс істеуі олардың денсаулығы мен дамуына, білім алуына кедергі келтірмейтін жағдайда ғана құпталады. Бұл баланың дамуына әсер ықпал етеді, балаға болашақта отбасы дағдыларын игеруге қоғамның толыққанды мүшесі болуға көмектеседі. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың елеулі психикалық-физиологиялық ерекшеліктерін белгілеу талап етіледі. Осыған байланысты кәмелетке толмағандардың еңбегін құқықтық регламенттеудің ерекше қасиеттері бар. Бұл жағдайда келесі сәттерді ескеру қажет: жас ерекшелігі; кәмелетке толмағандарға арналған қажетті құжаттар; еңбек шартын жасасу тәртібі, еңбек шартын бұзу.

Қазақстан Республикасы халқының саны 2017 жылғы 1 қаңтарға 16,4 млн адамды құрады, оның ішінде 8,5 млн. (52 пайызы) әйел және

7,9 млн. (48 пайызы) ер адамдар. 2018 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасында 0 жастан 18 жасқа дейінгі балалар саны 5 миллионнан астам адамды құрады, оның ішінде қыздар – 2,5 млн. адам (48 %), ұлдар – 2,6 млн. адам (52 %). 0 жастан 4 жасқа дейінгі балалардың саны 300 мыңнан астам өсті. Қазақстан Республикасында негізгі халық (53,6 %) қалалық жерде, ал 46 % – ауылдық жерлерде тұрады. Ауылдағы отбасылардың көп балалы болуы есебінен 5 жастан 19 жасқа дейінгі балалардың көбі ауылдық жерлерде тұрады (ауылда – 1 961,776, қалада – 1 843,372). 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары бойынша отбасының орташа мөлшері 3,5 адамды құрады. Неғұрлым кең таралған отбасы екі адамнан құралған – 30 %, үш – 27 %, төрт – 22 %, бес және одан көп – 21 %. 18 жасқа дейінгі балалардың 72 %-ы – ата-анасымен, 15 %-ы – тек анасымен, 6 %-ы – тек әкесімен, 6 %-ы – ата-анасыз тұрады [1].

ҚР Еңбек Кодексінің 88-бабына сәйкес, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлерді түнгі уақыттығы жұмысқа тартуға тыйым салынған. Ал еңбек кодексінің 181-бабында он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер үшін жұмыс уақыт ұзықтығы:

1) 14 жастан 16 жасқа дейінгі қызметкерлер үшін – аптасына 24 сағатта аспайтын;

2) 16 жастан 18 жасқа дейінгі қызметкерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын;

3) білім беру мекемелерінде оқитын және оқу жылы ішінде оқуды жұмыспен қатар алып жүретін 14 жастан 16 жасқа дейінгі оқушыларға – күніне 2,5 сағат, 16 жастан 18 жасқа дейінгі оқушыларға күніне 3,5 сағат жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді [2].

Еңбек Кодексінің 178-бабына сай жұмыскерлер, он сегіз жасқа толмаған адамдар, еңбек қатынастарындағы құқықтары кәмелетке толғандар құқықтарына теңестіріледі, ал еңбекті қорғау, жұмыс уақыты, демалыс уақыты және басқа да еңбек жағдайлары қосымша кепілдіктерді пайдаланады [3].

Оқу жылы ішінде 14-16 жас аралығындағы күндізгі 2,5 сағаттан 16-18 жас аралығындағы тәулігіне 3,5 сағат жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының студенттері үшін жұмыс уақыты белгіленген [4].

Балалар еңбегі туралы ратификацияланған халықаралық конвенциялардың елде жүзеге асырылуына заңнамалық негізді айқындайтын негізгі құқықтық регламенттер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 2007 жылғы 15 мамырдағы және 2002 жылғы 2 тамыздағы № 345-бабы. «Қазақстан Республикасындағы

баланың құқықтары туралы», сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті (ҚК) және Қылмыстық кодексті (ҚК) белгіледі, балалар еңбегіне қойылатын белгіленген талаптарды бұзғаны үшін тиісті әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті белгіледі. Еңбекке орналасу үшін ең төменгі жасы Еңбек кодексінде – 16 жыл. Алайда ата-аналарының біреуінің жазбаша келісімімен 14.3 қорғаншы, қамқоршы немесе асырап алушы ата-аналар жалпы орта білім беру ұйымдарында орта білім алған жағдайда 15 жасқа толған азаматтармен еңбек шарты жасалуы мүмкін. 14 жасқа толған студенттер бос уақытында жұмысқа орналасу үшін және 14 жасқа толмаған адамдар шығармашылық салада жұмыс істейтін (кинематография, театр, театр және концерттік ұйымдар, цирктер, денсаулықты және адамгершілікке нұқсан келтірмей жұмысты жасау мен (немесе) орындауға қатысуға) қатысады. Екі жағдайда да еңбек келісім-шартына ата-аналардың бірі, қамқоршы, қамқоршы немесе асырап алушы ата-аналар қол қояды, ал кәмелетке толмағандар орындаған жұмыс олардың денсаулығына зиян тигізбеуі және білім беру процесін бұзуы тиіс [3].

Сонымен бірге, Еңбек кодексінде кәмелетке толмағандардың жұмысын қорғауға бағытталған, әсіресе 18 жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін реттеу ерекшеліктері туралы арнайы тарауда 18 жасқа толмаған адамдарды жұмысқа орналастыру туралы мынадай жұмыс түрлеріне тыйым салу туралы бірқатар ережелер бар:

- ауыр жұмыстарға, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекітетін тізімге сәйкес зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларымен жұмыс істеуге;
- ауыр жұмыстарға, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекітетін тізімге сәйкес зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларымен жұмыс істеуге;
- алкоголь өнімдері, темекі өнімдері, есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар);
- Түнде 22.00-ден 6.00-ге дейін жұмыс істемеу.

Еңбекке ақы төлеу бойынша, бірінші кезекте, өмір сүру керек;

Еңбек кодексіне сәйкес 18 жасқа толмаған қызметкерлер үшін еңбек ақысын төлеу жұмыстың қысқартылған ұзақтығын есепке ала отырып жүргізіледі және олар үшін өндіріс нормалары қызметкерлерді өндірудің жалпы нормалары негізінде қысқартылған жұмыс уақытын белгілейді [4].

Қорытындылай келе, Кәмелетке толмағандар еңбектік жасқа толуына байланысты еңбек қатынасына кірісе алады. Еңбекке қабілетті деп төменгі және жоғарғы шегі еңбек заңында

анықталатын жас танылады. Адамды жұмысқа қабылдауға болатын ең төменгі жас он алты жас болып белгіленген.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://www.dereksiz.org/azastan-respublikasindafi-balalar-turali-jalpi-melimet.html?page=9>
- 2 <http://sanknizhka.kz/novosti/trud-nesovershennoletnih-v-kazahstane--trudovoj-kodeks-rk-o-prinjatii-na-rabotu--grafike-raboty-nesovershennoletnih/>
- 3 [bilim-all.kz/jospar/167-Bala-quqygy --- asyl-qazyna](http://bilim-all.kz/jospar/167-Bala-quqygy---asyl-qazyna)
- 4 [https://studopedia.ru/6\\_107145\\_zakonodatelstvo-rk-po-trudu-prodstkov.html](https://studopedia.ru/6_107145_zakonodatelstvo-rk-po-trudu-prodstkov.html)
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы 2007 ж. (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
- 6 Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 2003 ж. (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

#### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕРРОРИЗМ МӘСЕЛЕСІ

ТУЛУМТАЙ Б.

10 сынып оқушысы, № 37 ЖОББМ, Павлодар қ.

КАСЫМЖАНОВА А. Е.

ғылыми жетекші

Терроризм мәселесі соңғы уақытқа дейін елімізде ұлттық қауіпсіздікке нақты қауіп төндіретіндей дәрежеде емес, ал ықтимал қауіп-қатер ретінде ғана қарастырылып келді. Сондықтан да болар, еліміздің ұлттық қауіпсіздік жүйесі басқа қатерлерге қарсы, айталық этносаралық шиеленіс, есірткі тасымалының жолын кесу, заңсыз миграция сияқты қауіп-қатерлерге төтеп беруге бейімделген еді. Қазақстандық және шетелдік сарапшыларда терроризм проблемасы Қазақстанға төніп тұрған нақты қауіп емес, ал Орталық Азиядағы жалпы ахуал аясында қарастырып келді (әсіресе 1999 жылғы ақпандағы Ташкенттегі терактіден және 1999–2000 жылдары Қырғызстанның Оңтүстігіндегі Баткен оқиғасынан кейін). Қоғамдық пікірде де терроризм Қазақстанда негізінен сыртқы қауіп-қатер ретінде ретінде қабылданды. Дегенмен осы күні бұл мәселені біз ең өзектіге жатқызааламыз

Қазақстандағы діни экстремизм сын-қатері: қарсы тұруға дайын болу Қазақстандағы діни экстремизм сын-қатері: қарсы тұруға

дайын болу Алматы, Ақтөбе, Астана, Атырау, Тараздағы оқиғалар тізбегі Қазақстандағы экстремизм мен терроризм мәселесін тез арада өзекті қылып жіберді. Экстремистердің қоғамға жат қылықтары, кұқық қорғау органдарымен шынайы қарулы қақтығыстары еліміздегі бүлдіргіш күштердің қызметінің жаңа сатысын көрнекі түрде көрсетіп берді. Ол Қазақстан үшін манипуляциялаудың, таратудың, дендеп енудің әдеттен тыс формалары мен тетіктерін өзіне жинақтаған. Жұмыс жасаудың қазіргі заманғы технологиялары белсенді қолданылуда: қарым-қатынас әдістемесі, әлеуметтік желілер, медиа-аспаптар және т.б. Қазақстандағы экстремизм мен терроризм сөзсіз діни сипат алады деп кесіп айту – қате және әдепті емес. Бірақ, бұл жерде, тәжірибе көрсеткендей, қолайлы және тиімді болып табылатын жалған дінилік бүркемелену-«бетпердесін» пайдалану айғағы даусыз. Сонымен қатар, дінтану саласындағы көрнекті мамандар, әрбір адам, тіптен атеист пен агностик болсын, шындығында – homo religiosus, дінге немесе оның суррогатына аса мұқтаж екендігіне сенеді. Негізгі жалпы көріністе, экстремизм қоғамдағы өмір сүріп тұрған ережелер мен нормаларды радикалды түрде теріске шығаратын өрескел әрекеттер мен көзқарастар жолын ұстаушылар болып сипатталады. Қоғамның саяси саласында көрініс табатын экстремизм, саяси экстремизм деп аталады, діни салада орын алған экстремизм діни экстремизм деген атауға ие болған. Сонымен қатар, жуық арада «діни-саяси экстремизм» деген термин кең түрде халық арасына жайылды. Кез-келген діни конфессияда (тек исламда ғана емес), әлеуметтік қалыптар мен нормаларды жек көретін, сол діни бағытқа сәйкес келу мен оны түсінудің шеңберіне сыймайтын, осындай немесе басқаша формалар потенциалды түрде орнықтырылған. Жеке діни ұйымдар мен қозғалыстар үшін бұл өздігінен діни экстремизмге ауысады. Дін оларға барлық діндар еместерге қарсы шығу мен наразылық үшін негіздеме береді. Сондықтан адамзат тарихының әртүрлі дәуірінде, түрлі елдерде, «діни экстремизм» сан түрлі дін тұту аясында тұтанды. Қазіргі заманғы экстремизм (мысалға, уаххабизм формасындағы исламдық) байыпты таралуды бастан өткізді және мұсылмандық елдер арасындағы шекараны мойындаймайтын тұтас мемлекет

Осы тұрғыда Қазақстан ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы Терроризмге қарсы аймақтық құрылымы сияқты ұйымдардың мүшесі бола отырып, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес желісінде халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытты және дамытып келеді.

Бүгінгі таңда халықаралық терроризм және діни экстремизм асыл дініміз – исламға да залалын тигізуде. Террористер – Құранның негізгі қағидаларын да білмейтін діни сауатсыз адамдар. Зорлық-зомбылықтың барлық түрі Ислам нанымына қайшы келеді. Алла тағала адамдарға өзі белгілеген шектен шықпауды бұйырды және жерде зұлымдық жасауға, әділетсіздікке, зорлыққа, өлтіруге және қан төгуге тыйым салды. Бұған байланысты қасиетті Құранда «...Алла өзі қойған шектен шыққандарды ұнатпайды» деген аят бар.

Біз діни экстремизмнің алдын алу бағыттарының бірі ретінде Қазақстан қоғамында діни сауаттылықты арттыруға ерекше мән беруіміз керек. Қазақстандықтар діни көзқарасының әрқелкілігіне қарамастан, зайырлы елімізде имансыздық, діни ой-пікірлердің радикалдануы секілді шектен шығушылықтардың таралуына жол бермеу жолында бірігуі керек [7].

Республикадағы діни ахуал жалпы алғанда тұрақты екенін атап өткен жөн. Арине қуантарлық жайт, дейтұрғанмен асыл дінімізді бұқараға БАҚ арқылы насихаттау барысында көптеген нәтижелі мақалар жарияланып тұрса, дініміздің еңмаңызды құндылықтарын насихаттайтын видео роликтерді жариялауды молырақ іске асырса, діни тұрақтылықты қолға алу жұмысы оң нәтиже беретініне сенімім мол. Дін экстремизмнің және терроризмнің ешбір формасын қабылдамайды. бермеуі қажет. Адамдардың діни білімі тек халық игілігі мен қоршаған ортасының мүддесі үшін жұмсалуды керек.

Бүгінгі күні мектептегі дінтану негіздері пәнінің маңызы зор. Оқушылардың бойына діни санасы мен діни білімін қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Алайда, Кеңес дәуірінде елімізде дінтану ғылымының негізі қаланбаған болатын. Осының әсерінен алғашқыда біздің еліміз теолог - мамандарға аса зәру болды. Қазір де шынайы дінтанушылар тапшы десек, қателеспейміз. Ал пәнге арналып жазылған оқулыққа да көңіліміз тола қойған жоқ. Ғарифолла Есім жетекшілік еткен топтың жазып шыққан оқулығында жалпы дінтану жайлы көбірек айтылды. Яғни, бұл оқулық белгілі бір деңгейде жақсы жазылған еңбек болғанымен, қоғамның сұранысын толық қанағаттандыра алмайды. Оқулықтардағы әлсіз мәліметтердің діни экстремистік ақпараттарға антивирус қалыптастыра алмайтынын елімізде орын алған соңғы оқиғалар дәлелдеп берді. Бірақ биылғы оқу жылында жаңа форматтағы оқулық шықты авторлары: Д. Т. Кенжетәев, Ә. Ә. Сайлыбаев, О. Ә. Тұяқбаев. Бұл оқулықтардың негізгі айырмашылығы заннама мәселесі көбірек қосылған. Діни кітаптар шығарып жүрген бұрынғы Бас мүфти Шейх Әбсаттар қажы

Дербісәлі осы уақытқа дейін 10-ға жуық үлкенді кішілі кітаптар жазған екен. Негізгі тақырыбы исламның адамгершілік, ынтымақ пен бірлік діні екендігі, ислам ғылымы жайында жазылған еңбектері бар. Жан-жақтылық танытып осындай тура жолдағы діни әдеби оқулықтарды оқып жүруіміз шарт [8].

Тәуелсіз Қазақстан 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңын қабылдап, жылдар бойы діннен алшақ қалған халқымыздың дін еркіндігіне қауыштыру арқылы, ел тыныштығы сақтауды, рухани өмірін жетілдіруді көздеді. Өкінішке орай, Заңнамада қатаң нормалардың қарастырылмағандығы салдарынан жат діни ағымдардың ықпалы күшейе түсті. Әсіресе өтпелі кезеңнің қарсаңында әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған мыңдаған жастарды, радикалды бағыттағы дәстүрлі емес діни топтар өз мүдделерін жүзеге асыру үшін таптырмас қару ретінде қолданды. Бұл жағдай дәстүрлі діндердің халық арасындағы беделіне, оларға деген қоғамдық көзқарасқа кері әсерін тигізді.

Халықтар арасындағы ынтымақ пен татулыққа, бірлік пен бауырластыққа сызат түсірер діни фанатизмге, араға жік салуға жол бермеу мақсатында мемлекетіміз 2011 жылдың 11 қазанында Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында қабылдады.

Бұл дәстүрлі қазақ мұсылмандығын қалыптастырған сунниттік ханафи мазхабының әрі қарай дамуына ықпал етеді, әрі жат діни ағымдар қызметіне де белгілі бір дәрежеде шектеу салады.

Халқымыздың бейбіт әрекет ете білуі және ел тыныштығын бұзатын келеңсіз жағдайлардың орын алмауы үшін осы Заңның 3 бабы 10–15 тармақтарында: діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен іс-әрекеті мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне, Діни бірлестіктің қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын діни бірлестіктің, оның басшылары мен басқа да қатысушыларының (мүшелерінің) пайдасына өздеріне тиесілі мүлкін иеліктен шығаруға мәжбүрлеуге, дінді және діни көзқарастарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметіне қасақана іріткі салуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуінің бұзылуына, елдегі басқарушылық

деңгейін төмендетуге әкеп соғатын шешімдерді қабылдауға және іс-әрекеттер жасауға жол берілмейтіндігі атап көрсетілген.

Бұл заңнама мемлекеттің діни бірлестіктермен өзара қарым-қатынасында үйлесімдікті сақтауға, діни экстремизм мен лаңкестік әрекеттерге қарсы тұруға, миссионерлік әрекеттердің бақылаусыздығының алдын алуға мүмкіндік беріп, Қазақстан халқының тыныштығының, бейбіт өмір сүруінің негізгі кепілі боларына сенімдіміз.

Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы

1 Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына егізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық

2 Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

Әрбір азамат қоғам тыныштығы үшін діни экстремизмге табанды түрде қарсы тұруы тиіс. Қазақ халқы ертеден - ақ бірліктің, ынтымақтың маңызын жете түсінген. Бабаларымыздан өсиет болып бізге жеткен «Бақ қайда барасың ынтымағы мен бірлігі жарасқан елге барамын деген қанатты сөз бүгінгі күн ішінде өз көкейкестілігін жойған жоқ. Кемеңгер бабаларымыз «алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түгел болса төбедегі келер» деп елді бірлікке шақырып отырған. Елбасымыздың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында біз сөз еткен ұғымдардың ерекше аталып өтуі тегін емес. Сондықтан бәрімізге қастерлі тәуелсіздігіміздің нығаюы үшін, елімізде ұлтаралық және дінаралық татулықтың сақталуы үшін бір кісідей атсалысайық.

Қазіргі таңдағы ең маңызды мәселенің бірі – қоғамдағы діннің рөлі, еліміздегі діни ахуал, діни сенім қоғамдық сана мен мәдениетімізде үлкен орынға ие. Сонымен қатар, шын мәнінде діннің рухани қуаты, ғасырлармен шындалған адамгершілік қағидалары ел бірлігі мен адамдар татулығының, әсіресе жастардың рухани, моральдық тәрбиесінің қайнар көзі болып табылатындығын айта отырып, мемлекеттік деңгейдегі осы маңызды мәселелерге байланысты мемлекет, қоғамдық бірлестіктер және үкіметтік емес ұйымдар тарапынан жастардың тәрбиесіне кері әсер беретін жат діни ағымдардың мәнін түсіндіру және діни экстремизмнің алдын-алу шаралары туралы іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастыруда.

Әрине, ауыз толтырып айтар шаруа жеткілікті. Десе де, осы салада жетістіктерімізге қоса көлеңкелі жақтарымыз да жоқ емес. Оған себеп еліміздің төрінен орын алған түрлі ағымдардың бой көрсете бастауы. Олардың кейбірі сан ғасырлар бойы санамызға сіңген дәстүрлі дінімізден азғырып, даурығып, құлағымыз бен құлқынымызға жат пікірлерді тықпалап адастыруда. Оны әдетке де айналдырған сыңайлы, ал шындап келгенде, мұның барлығы ел ынтымағына, береке-бірлігімізге зиян екені белгілі.

Енді діни экстремизмнің қандай қауіпті жақтары бар деген мәселе төңірегінде ойлансақ. Соңғы жылдары әлемде қауіпсіздік деңгейінің төмендей түскендігі байқалуда. Осы аймақта орналасқан мемлекеттердің көпшілігінде экстремисттер билікке қол жеткізу үшін қарулы қақтығыстарға баруда. Оның салдары біздің елде де білініп отыр. Елімізде жергілікті керітартпа ислам топтары бой көрсетіп, дінге сенушілерді ресми рухани басқармаға қарсы қоюға тырысуда. Діни экстремизмді жете бағаламау, оның көріністеріне тиісті қарсы қимыл қолданбау өкінішті салдарға әкеліп соқтыратындығын әлемде болып жатқан экстремизмдік тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан, осы мәселені шешуде мемлекет пен қоғамдағы барлық мүмкіндіктер кешенін пайдалана отырып, әсіресе, жастар алдында рухани тәрбие беруді қолға алуымыз тиіс.

Қазіргі таңда жастарымыздың көбісі дінге бет бұрып жатыр. Бәрін жақсы деуге де болады, десек те басқа да жат діни ағымдарға бет бұрған жастар да кездеседі. Сол жат ағымға еру себептерінің бірі – ақпараттық кеңістіктегі діни бағытта жұмыс істейтін алуан түрлі тематикалық сайттар да бар. Бәрі де сол дәстүрлі бағытты үгіттегенімен арасында адастыратын сайттар да кездесіп жатады. Жастар, әсіресе осы діни тақырыптарға байланысты сұрақтар туындағанда қай сайттың ақ екенін немесе қара екенін ажырата бермейді. Осындай ара жікті ажырата алмау себептердің салдарынан дәстүрлі дінімізге көзқарастары өзгеріп түрлі жағдайларға барып жатады. Бұл жағдайда мемлекетіміздің қауіпсіздігі үшін бірден-бір дұрыс шешім сайттарға қатаң бақылау жүргізіп, ушықтырған жағдайда заң арқылы тыйым салынуы тиіс [9].

Сонымен қатар, теріс пиғылды діни ағымдардың белсенділігін төмендету және елімізде таралған дәстүрлі ханафи мазхабының құндылықтарымен қатар ислам білімін жастар арасында насихаттау мақсатында, Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының сайты-[www.muftuat.kz](http://www.muftuat.kz), «Нұр Астана» мешітінің сайты – [www.ummet.kz](http://www.ummet.kz), Алматы орталық мешітінің сайты – [www.meshit.kz](http://www.meshit.kz) сияқты дәстүрлі сайттардың мүмкіндіктерін күшейтуіміз қажет. Сондай-ақ, жалпы

халықтың, соның ішінде жастардың діни біліктілігін арттыру және кері ағымдардың салтымызға, дініміз бен ділімізге тигізетін теріс әсері туралы дін өкілдерінің қатысуымен республикалық және облыстық телеарналарда арнайы сұхбаттар жүргізу қажет. Теріс пиғылды ағымдар өкілдерінің өз көзқарасын ұстануда қателіктерге ұшырығандарын нақты мысалмен көрсету және халыққа жеткізу мақсатында «Адасқандар» сияқты деректі фильмдердің санын көбейте отырып телеарналардан көрсету. Ең бастысы – бұл мәселенің мемлекеттің бақылауында тұрғанын кез келген діни бірлестік түйсінуі керек. Осы сайттарды қолға алумен шектелмей, ұлттық құндылықтарымызды және жастар тәрбиесін қолға алу қажет.

